



АҚЖАН
МАШАНОВ

Әл - Фараби
және
Абай



АҚЖАН
МАШАНОВ

Әл - Фараби
және
Абай



АЛМАТЫ "КАЗАКСТАН" 1994

ББК 83.3 Каз
М 32

Жалпы редакциясын басқарған техника ғылымының кандидаты, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі
Ш. Әбдіраманов.

Машанов А.

М 32 Әл-Фараби және Абай — Алматы: Қазақстан,
1994.— 192 бет.

ISBN 5-615-01499-7

Қазақстан жерінде дүниге келген әл-Фараби өз заманында ғылым мен өнердің барлық саласынан зор мұра қалдырған шығыстың Аристотелі атанған, дүние жүзіне мәшһүр ғалым-хакім. Ал Абайды халқымыз ақын, ұлы ойшыл ретінде таниды. Бірақ ұлы ақынның ғылыми, жаратылыстану, философиялық мирастары күні бүгінге дейін жаратылыстанушы ғалымдардың назарынан тыс қалып келді. Абай даналығын әдебиет аясында ғана қараумен шектелуге болмайды. Автор Абайдың ғылыми мирастарын әл-Фараби іліміне байланыстырып қарастырады. Әл-Фараби мен Абай даналықтарының арасын жалғастыратын дәйектер тауып, ғылыми тұрғыдан ашып көрсетеді: әдебиет, музыка, табиғаттану, есеп, алхимия, астрономия, космология, логика, философия, дін, ынабаттылық мәселесіндегі сабақтастықтар сөз болады.

Көпшілік оқырманға арналған.
Ғылыми-көркем басылым.

М $\frac{4603020102 - 21}{401(05) - 94}$ 51 — 94.

ББК 83.3 Каз

ISBN 5-615-01499-7

© Машанов А., 1994.

Ақжан Машанов

ӘЛФАРАБИ И АБАЙ

АЛЬФАРАБИ И АБАЙ

(на казахском языке)

Редакторы М. Қазбеков

Суретшісі В. А. Бабенко

Көркемдеуші редакторы Г. М. Горелов

Техникалық редакторы А. Ткаченко

Корректоры Г. Бектемісова

ИБ 5275

Теруге берілген күні 20.10.93. Басуға қол қойылған күні 07.07.94. Форматы 84x106¹/32. Қағазы тип. Гарнитурa „Тип Таймс“. Шығыңқы баспа. Шартты баспа табағы 10,08. Шартты баспа бояу-өріп таңбасы 10,4. Еселке алынатын баспа табағы 10,88. Тарапмаы 23500. Тапсырыс 1811.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің Халықтар достығы орденді „Қазақстан“ баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің „Кітап“ полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.

“... Бұл кісіден бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде... дәл Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш ғылым саласына бірдей ұлы үлес қосқан... аса ірі жаңалық ашқан ғалымдарды табу қиын... Платон, Аристотель, Птоломей сияқты ғұламалар музыканы жөнді меңгере алмағанын өздері жазып кеткен...” Бұл жарты ғасырдай уақыт бойы үзбей әл-Фараби мұрасын зерттеумен шұғылданып келе жатқан ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Машановтың тұжырымы.

Осынау жолдарды оқи отырып: егер Ақаңның жазушылық таланты геологтік, маркшейдрлік мамандықтарымен ұштаспаған болса, егер ол замана ағымын күйттеп, ислам ғылымынан іргесін аулақ салған болса қаншама тер төккенімен баба мұрасын өзі көтерген деңгейге жеткізе зерттей алмаған болар еді-ау деген ойға келесің. Рас, әл-Фарабидің математикалық, әсіресе философиялық трактаттарына зер салушылар жоқ емес. Бірақ ұлы бабаның музыка теориясына арнаған еңбегін математикасымен өрнектеп, геометриясын аспан әлемімен астастыра қазақтың ежелгі аспантаным түсініктері тұрғысында тұжырымдап, бәрін-бәрін табиғат болмысымен байланыстыра әл-Фараби тұлғасын сомдап, ұрпағына зерделеп берген Машановтан басқа зерттеуші әзірге арамыздан шыға қойған жоқ.

Шындығында әл-Фараби тек ғалымдығымен ұлы емес, ол көп қырлы ғұлама, өнерпаз, ақын да. Ал біздің заманымызда оған жақын, рухани сабақтас адам бар ма десек, біз алдымен Абайды атар едік. Ұлы адамдар дүниеге мың жылда бір-ақ келеді дегендей қазақ топырағынан шыққан екі ойшыл данышпанның арасы да мың жыл шамасы.

Осы екі алып тұлғаны жеке-жеке тануда едәуір істер атқарылғанын айта тұра, олардың ортақ даналық сипаты

мен рухани сабақтастығын зерттеуді былай қойғанда, азаматтық болмысының өзін ұрпағымызға жеткізе алмай келеміз-ау деген күдік көңілді алаңдата береді. Ұлы дана Абайды халқымыз ақын ретінде тануы, әл-Фарабиді тек ғалым деуге бейім тұратындығы осыдан болса керек. Әріге бармай-ақ қоялық, тек Абай даналығын айтуды күні бүгінге шейін әдеби шеңбермен шектеліп келген сияқтымыз. Ал, ол кісінің ғылыми, табиғи, философиялық мирастары күні бүгінге шейін өз деңгейінде зерттелмей отыр.

Екі ұлы бабаларын дана дейді ұрпағы. Сонда олардың даналығы неде? Егер екі алыптың даралығын айта білсек, олардың рухани сабақтастығын неге зерттемеске! Екі ұлының арасын жақындастыру, үндестіру халқымыздың мың жылдық рухани, мәдени дүниесін тірілту деген сөз емес пе?! Демек, бұл бір ғана адамның емес, халқымыздың игі мақсаты болғандықтан бүтін қауым қолға алар қастерлі іс. Міне, оқушы қауымға ұсынып отырған — әл-Фараби мұрасын зерттеуге жарты ғасырлық ғұмырын бағыштаған, ұлы бабасын ұрпағымен қауыштырған ғұлама: жер ғылымы саласының белді маманы, алпыс жылдай кен мамандарын дайындауда ұлағатты ұстаздық еткен профессор; қазақ әдебиетіндегі балауса жанр — фантастиканың бастауында тұрған және ғылыми-көпшілік жанрды да жаңа деңгейге көтерген жазушы Ақжан Машанов қаламынан туған “Әл-Фараби және Абай” атты кітап осынау ұланғайыр істің соны бастауы, халқымыздың мың жылдық мәдени тарихының сабақтастығын зерттеген алғашқы еңбек десе де болғандай. Сонымен қатар мұнда оқушы қиялын қанаттандыратын батыл болжам мен ұшқыр ой бар, ұғынуға үмтылдыратын ғибраттық соны ұғымдар бар, ғалымдыққа баулитын ғылыми қиястар бар, тарихқа қайта үңілдіріп, ескілік деп ескерілмей келген, кертартпа деп мансұқ еткен рухани байлығымыздың бастауы бар. “Әл-Фараби музыкант, біз оны философ дейміз, Абай философ, оны ақын дейміз” деген Ақаң тұжырымына кітап парағын аударған сайын көз жеткендей болады.

Заманымыздың ойшылы М. Әуезов Абай нәр алған рухани үш қайнар көз бар деген-ді. Олар: біріншісі — қазақ халқының көнеден келе жатқан мәдениеті мен өнері, екіншісі — орыс мәдениеті сол арқылы келген Батыс мәдениеті, үшіншісі — Шығыс мәдениеті мен өнері. Осының біріншісі, әсірсе үшіншісінің Абайға да, әл-Фарабиге де ортақ екендігі талас тудыра қоймас.

Арабстанда баба ғұмыр кешуі, Абайдың орыс мәдениетінен хабардар болуы олардың кемелденіп есеюінің себебі ғана. Бірақ Абай болмысындағы даналық төркінін орыс мәдениетіне қарыздар ететіндей пікірдің үстемдік етуі, тіптен ұлы Мұқанның да мұны баса айтуы империялық сананың кіріптар етуінен екені белгілі. Ал шындыққа жүгінсек, Батыс мәдениетінің, әсіресе ғылымының бастауы орта ғасырлық араб елінде жатқан жоқ па. Бұл жерде араб елін айналып өте алмайсың. Сөйтіп араб мәдениетін екі данаға да ортақтастыра қарап, Абай дүниетанымына ықпал еткен орта ғасырдағы араб ғылымы десек, сол ортағасыр ғұламаларының көшін бастаушы әл-Фараби болғандығын ескерсек, мұны екі дана арасын жалғастырар нәзік жіптің желісі демеске неге болмайды. Және Ұлы бабаларымыздағы ұқсастықты олардың ата-тегінен іздестірудің де әбестігі жоқ сықылды.

Мың жыл бұрын әл-Фарабидің кіндік қаны Отырарда — Сыр топырағына тамса, Абай атамыздың шыққан жері де сол Сыр өңірі емес пе еді. Рас, жерге, елге ортақ тарихи жағдайлар жұрттың бәріне бірдей болғанымен олардың бәрі әл-Фараби, Абай бола алған жоқ қой. Сондықтанда олардың ата-тегін айтқанда даналардың бойына ана сүтімен дарыған табиғи дарын ұқсастығын тілге тиек еткен жөн сияқты.

Көп жылдар бойы ізденістің, бабаның ғылыми трактаттары мен тарихи оқиғаларды салыстыра зерттеу нәтижесінде кітапта автор әл-Фараби — Абай даналығын жалғастырар ұқсастықтарды логикалық жолмен түйіндеумен шектеліп қалмай, дәлелді дәйектер де ұсынады. Сондықтанда ұлы бабаның Абайдағы рухани жалғасын кітап авторының: әдебиет, поэзия саласынан, музыка саласынан, есеп саласынан, физика саласынан, алхимия саласынан, аспантаным саласынан, социология саласынан, логика (мантика) мен философия салаларынан, дін және инабат пен тәлім-тәрбие салаларынан іздеу салып, бәрін байланыстыра қарастыруын құптайсыз.

Егер Абайдың ғылыми мирастар деңгейін шырқау биікке көтерген әл-Фараби ілімінің нұр сәулесі десек, кестенің бізіндей өрнекті Абайдың көркем де нәрлі тілі арқылы ұлы бабаның терең қағидалары сап алтын күйінде қонымды да түсінікті түрде халқына жетті. Бұл халқымыздың рухани өміріндегі ұлан асуы деуге әбден тұрарлық мақтаныш. Сөйтіп ұлы бабамыздың ғылыми мирастарын туған ел топырағына оралтып, халық санасына

жеткізуші Абай болғандығына автор болжаммен шектелмей салықалы ой түйіндеуі оқушы қауымға ұсынылып отырған дүниенің құндылығын қомақтандыра түсері талассыз. Айтты айтпады ұлы Абайды халқымыздың ақын ретінде дана данышпан деп тану құпиясының бір тармағы баба ғылымын поэзияға айналдыруында жатпасын!

Ал, Абай қара сөздері ғылыми ойға, философиялық толғамға тұнып тұр ғой. Осыларды жете талдап көрер болсақ әл-Фараби ілімінің ізін Абай шығармаларының бәрінен кезіктірер едік. Алдымен ақын, сосын музыкант; ақырында дүние жүзіне философ ретінде танылған әл-Фарабидің аспаптаным, математика, медицина, сәулет, механика, физика, оптика салаларындағы құнды еңбектерімен көпшілігіміз таныс емеспіз. Сондай-ақ табиғат танудағы әл-Фарабидің басты еңбегі “Табиғат тағылымы” (“Табиғат матбуғат”) идеясы Абай шығармаларында кеңінен айтылатындығын Ақаң кітапта екі алыпты жалғастырар желі етіп тартуы тегін емес. Мәселен әл-Фараби “Ғалымның көркі оның иесін танудың жолы” екендігін ескертсе, Абай жер жүзін безендірген тәңірім шебер деп ғалам иесіне тәуба келтіреді. Немесе бабаның: “Әр адамның ғаламда орны бар” деген тұжырымын, Абай: “сенде бір кірпіш дүниеде” деп анықтай түседі. Сол сияқты әл-Фараби ғаламның тартылыс күшін магнитте, жер заты-темір деп бүгінде қапысыз дәлелденген ғылыми ойын, Абай: “Қара жер адамзатқа болған мекен, қазына іші толған әртүрлі кен. Ішінде жүз мың түрлі асылы бар. Солардың ең артығы қайсысы екен?” деп жұмбақтап баба ойын “сөз патшасы өлеңге” айналдырып алған соң, қалың оқушы зердесіне бірден жететіндей етіп “айналасын тептегіс жұмырлзған” соң шешуі — темір екенін өзі айтады.

Әлемнің құрылымын тану үшін, оны іздеп табу үшін саналы зат, ғақли парасат қажет. Ол үшін әр затқа есім беріп, есебін айыра білу керек. Сонда ғана сен санатты адам санындасың, ал дүниені айыра білмеу — надандыққа саяды дейді әл-Фараби: “Ғақли көзбен қарасаң, Дүние ғажап сен есім. Жаһли көзбен қарасаң, Дүние қоқыс сен — мешін”. Кәне осы идеяны Абай тұрғысында қалайша айтылады екен, көрейікші: “Әсемпаз болма әр неге, Өнерпаз болсаң арқалан. Сенде бір кірпіш дүниеге, Кетігін тапта бар қалан”.

Енді осыны салыстырар болсақ екі дана да дүние ғажап құбылыс екендігін, әр заттың, әр адамның өз орыны бо-

латындығын, соны тапқанда ғана өзінің қадірінің арта-
тындығын; ерліктің, адамгершіліктің содан туындайтын-
дығын; яғни әл-Фараби — Абай қағидасының “адам
табиғаттан үйренеді” дегенге саятындығын оқушыға
түсіндіру Ақжан Машановтан басқаның аузына түспеген
тұжырым екендігін айта кеткен жөн. Абайдың: ғаклия —
нахлия, ғылым — күдірет, жүрек таразысы — инсаф,
өмірдің өзі — шындық тәрізді әр қайсысы бір-бір томдық
шығармаға өзек болатындай қағидаларының әл-Фараби
мирасынан кезіктіру де тәңірдің тек Ақаңа берген еншісі
демекпіз.

Зерделілердің ертеде айтқан ой-түйіндерін бұл күнде
ғылым растап отыр: Адамзат өз мекенінде жарастықпен
тату-тәтті, үнемділік өлшемімен, келешегінің қамын жеген
инсафпен ғұмыр кешпесе өз мекенін өзі ойрандайды. Ке-
шегі Кеңес империясы кезінде қазақтың бастан өткерген
ащы шындығы емес пе бұл. Осыны көріп болжағандай
Абай дана: “Адаспайтын хакімдер болмаса дүние ойран
болар еді” деген сәуегейлік сөзі мың жыл бұрын
“Қайырымды қала адамдары” кітабында баба айтқан
оймен астасып жатуы кездейсоқ болмаса керек.

* * *

Әл-Фарабидің математикалық ілімінде сандар талдана-
ды, геометриялық тұрпаттар (фигура) қарастырылады.
Сөйтіп болмыстағы сиқырлы сегіз санының қасиеті
көрсетіледі. Ал, Абай болса дүниенің сегіз сипатын адам
бойынан тауып “Сегіз аяғын” жазды. Өстіп баба ашқан
табиғаттың сегіздік заңдылығын Абай дана парасаттылық
уағызына қолданғанын, Абайды жаттап өсіп, әл-Фараби
мұрасын игеруді өміріне өзек еткен Ақжан сынды ғалым
ғана байқауға тиіс сияқты.

Сиқырлы сандар санатын қарастыруға кітаптың соңғы
“Бабалар батасы” тарауы арналған. Бұл бөлімде айтылар
ойдың, көтерілген мәселенің сонылығы оқушысын әдепкіде
тосырқатуы да, тіптен кітап тақырыбынан тысқары кет-
кендей көрінуі де ықтимал. Себебі “Бабалар батасында”
автор айтар ойын АБЖД есебін қолданып, сандарды сөйле-
те отырып береді. Оқушысын бірден үйіріп әкетпегенімен
үркітпейді бірақ. Егер әр кітаптан оқушы өз қажетін ғана
алатындығын, оқылған кітаптарынан бейтаныс дүние есігін
ашатынын, үйрене жүріп ізденетінін ескерсек “Бабалар
батасының” өз оқырманына тың ой салып, ізденіс сапа-

рының жолазығына айналары анық. Екіншіден әл-Фараби — Абай аралығындағы ұлтымыздың мәдени мұрасын игерер болсақ АБЖД есебін айналып өту мүмкін де емес. Түрлі “измдермен” мәңгүрттенген бұрынғы Кеңес империясы елдері болмаса АБЖД есебі басқа халыққа тосын дүние емес.

Сөздердің, оны құраушы әріптердің сандық мәнін қолдануда АБЖД (абжад) есебі барлық есеп ғылымының, сол арқылы барлық табиғат ғылымының бастауы екендігі тек біздер үшін ғана беймәлім жай. Абжад есебінің бастауын Адам пайғамбардан алады. Тәңір тарапынан келген Жебірейл періште Адамға: “АБЖД есебін үйренбесең тағат — ғибараттарын қабыл болмайды” дейтіндігі және мұны әрі дамытқан Шиш, Ыдырыс пайғамбарлар делінеді ислам ғалымдары еңбектерінде.

Осыған байланысты ертедегі альфавиттің бәрінде де әріптердің таңбасымен қатар сандық мәні де берілетіндігі. 28 әріптік араб альфавиті АБЖД тәпсірі деп аталатын сегіздік топқа жіктеу арқылы сандық мәнге ие болады. Осының негізінде араб әріптерінің сандық мәндерін есептеу арқылы ғылымда ірі-ірі жаңалықтар да ашылған-ды. Мысалы, Мұхаммед әл-Хорезмидің алгебрасы сонан шыққан, әл-Фараби геометриясы мен тригонометриясы сонан шыққан. Және бабаның аспаптану, музыка ілімдерінде осы әдіс қолданылады. Химиялық тектерді белгілегенде де абжад есебі қолданылғаны белгілі. Әбу Райхан Берунидің тамаша еңбегі “Ал-Асар ал-Бахиясы” (“Өткен өмір ескерткіші”) да осы мәселеге арналған-ды.

Егер қазақтың зат есім, сан есім ұғымы төңірегінде толғанар болсақ, есімнің негізгі екі түрін көрер едік: оның бірі заттың атауы, екіншісі сандық санаты. Тәңірім адамға болмыс атауын үйреткенде осы екеуінің бірінсіз бірінің болмайтындай етіп байланыстырса керек. Автор бұған көптеген дәлелдер келтіреді: Пайғамбар саны, Мұхаммед саны, Нұқ саны, әл-Фараби саны, Абай саны, қазақ саны, Отырар саны... бәрі-бәрі Ақжан Машановтың абжад есебін қолданып, қазақ ұғымында зат атауы мен сандық санатын ашатын өзі есептеп шыққан жаңа тұжырымдары.

Кітаптан мысал келтірейік: “Құран Кәрімнің” 114 сүресінің дәл ортасындағы 57-сүре “Ал-хадид” (“темір”— арабша “хидид”) түр. Абжад есебі бойынша әріптердің сан мәні: х-8, д-4, и-10, д-4 — жиынтығы болады 26. Бұл 26-темірдің (электрондарының) саны. Екіншіден ол: 6 беті, 12 қабырғасы, 8 төбесі бар текше яғни Қағба (арабша —

текше) саны. Үшіншіден — ежелден белгілі заттарды топтастыру әдісіне жүгінсек темір — жертектес зат. Демек адамның топырақтан жаратылғандығын растайды да. Себебі адам қанының қызыл түйіршіктерінде гемоглобин — темір тотығы бар емес пе. Төртіншіден — қазіргі ғылым темір — жұлдыздардың затынан-плазмадан атом түзгендігін және ол ең ақырғы зат екендігін де дәлелдеді. Бесіншіден — дүниеде ең көп тараған әрі мықты металл-темір. Біздің заман темір ғасыры. Осыған қоса түркі елдерінің, соның қара шаңырағын ұстап қалған қазақтың жұлдыз ғаламы — Галактикамыздың айналыс орталық жұлдызын Темірқазық деп атауын басқаша қалай түсіндіруге болар еді. Дәл осындай пікірді Ақсақ Темір-Отырар арасындағы сандық байланыспен де жалғастыруға болады. Қожа Ахмет Иассаuidің ғимаратын салдыруды бастаған Ақсақ Темір екендігі, оның Отырарда дүние салғандығы тарихтан мәлім. Бірақ оның дүниеден қайтқан жылы (Хижра есебі бойынша) мен Отырар санымен бірдей екендігін бұрынғылар да айтқан. Соны Машанов есептеп анықтады. Осындай ой түйіндеу нәтижесінде Машанов “Бабалар батасында” қазақ топырағында ғылыми ислами бастауын жазып, темірдің жаңа тұрақтылығын да ашып отыр. Бір ерекшелігі аталмыш тарауда ғылыми жаңалық жария етілгенімен академиялық стильде емес, көпшілікке түсінікті тілде жазылуы. Бүгін болмағанымен болашақта қауым қолға алатын ислами ғылымын “кадр жоқ” сылтауымен тағы да елу-алпыс жыл сырып тастамай, Ақжан Машановтың екі ұлы бабалар аруағына сиына бастап беруі халқымызға тәңір силаған ырзығы дегің келеді. “Бір аллаға сиынған арам өлмес, құдайсыз қу қолынан іс те келмес” деген Шәкәрім атаның үні құлаққа келгендей болады.

Ұлы бабалардың арасындағы рухани сабақтастықты саралай отыра оқушы көкейіне Абай әл-Фараби еңбегінен тікелей тәлім алды деуге дәлел бар ма деген сауалдың оралуы да заңды. Бұл сауалға “иә” деп жауап бере тұра, оның жалтартпас жауабын Абай аузынан ести қою қиын. Оқып тағылым алған дүниесін атай отырып, ой қорыту Абай табиғатында кездесетін құбылыс. Абай оқып, ғибарат алған ғұламалар еңбегі Шәкәрім шығармаларында да ауызға алынып қалады. Дүдәмал болмас үшін көп жылдар Семейдегі Абай мұражәйінің директоры болған Ақат Шәкәрімұлы Құдайбердиев марқұмның кітап авторына жазған хатын еске түсіре кетелік: “Ақжан. Әл-Фарабиді

еңбек етіп, ол діншіл еді деп таласқан адамдардан оның ғалымдығы күшті деп ақтап шығып, түріктің, оның ішінде қазақтың әл-Фарабині тірілттің. Сол әл-Фарабиді оқыған, тағлым алған Абай мен Шәкәрім туралы үн қатпай өттің, бұл қалай? Ақат, 8. 06. 1976 жыл.”

Келесі келелі дәйек. Абай заманында исламның ғылыми бағытын ұстаған “Ғалия” медресесінде ғұлама Шахабуддин Маржанидан тәлім алған молдалар Қазақстанның көп жерінде бала оқытты. Абай да осылардан оқыды. Ондай имандар Семей мен Қарқаралыдағы Құнанбай салдырған мешіттерде дәріс берді де. Сол Маржани әл-Фараби еңбектерін жоғары бағалаған, медреседе арнайы пән жүргізген. “Ғалияда” оқыған Мағжанның: “Қазақтың кім білмейді музыкасын, Фараби тоғыз шәкті дәмбырасын”, — деп жырға қосуы осының дәлелі. Қысқасы, әл-Фараби мен Абай арасындағы жалғастықтың басты саласы Ш. Маржани болуы ғажап емес. Зерттеу керек. Абайдың: “Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез” деуі сірә өзі оқып, тәлім-тәрбие алған шығыс ғұламаларына арналды ма дейміз. Бәлкім “Білімділердің” басында әл-Фараби тұрмасына кім кепіл.

Бүкіл адамзаттың ұлы ұстазының Абай болмысынан рухани сабақтастығын іздеп, соныдан сокпақ бастап, із кескен кезінде сексенді еңсеріп қалсада тегуірінді жігіттей қалам сілтеткен Ақаңдағы құдыретті күштің көзі неде? Ұлы баба мұрасының қыры мен сырын ашуға шындық шырағын ғана жағып, жарты ғасырлық тайғақты жолдың мехнатын көре-біле тандап алған жанның Абай тақырыбына баруының сыры қандай? Бұл сұрақтардың жауабын Ақаңның өзінен тындап көрелік: “...Абайды оқып, тағылым-тәрбие алмаған болсақ әл-Фарабиді сөз етер ме едік... Өзім шындық жолды іздеуге бағыт берген Абай шығармалары деп білемін” (Әл-Фараби және Абай. Өркен, 17. 06. 1989 ж.)

Рас Ақжанның бала кезінен Абай — Шәкәрім өлеңдеріне сусындап өсуіне тағдырдың өзі себепкер болған сияқты. Ақжанның атасы Машан Қарқаралы дуанның аға сұлтандары Құнанбай мен Жамантай төренің белді биі болса керек. Машан дүние салғанда Жамантайдың: “Машан. Машандай ұл туғанша қашан” деп күңіренуі осыған дәлел. Ал, Құнанбай мен Машан құдандалы, силасымы жарасқан замандас болыпты. Бұл қатынас Абай — Шәкәрім заманына дейін сақталған. Оған “Ақтерек” мектеп-интернатында Ә. Бөкейхановпен бірге оқыған Ақжан

өкесі Жақсыбектің немере ағасы Нөгербек пен Шәкәрімнің дос-жарандас сипастығы себепкер болады. Міне, Ақжанның жастайынан Абай — Шәкәрім өлеңдерін жаттап өсуі осыдан еді.

Табиғатында жазушылық дарыны бар жан техника саласын қуып кетсе де жазушылық қаламын үштауда болды, Абайдан үйренуді үзбеді. Абай туралы диссертация жазбады демесек Ақжан 1943 жылы ұлы дананың 100 жылдық мерей тойында Қ. Сәтбаевтың тікелей тапсырмасы бойынша Абай шығармаларындағы табиғат ғылымының көріністері тақырыбынан баяндама жасайды. Мұхтардай алып бастаған Абайтанушы ғалымдар, жазушылар және қалың қауым алдында данышпан ақын қақында техника саласы ғылымының айтар ойы қаншама мағыналы да терең болуын тілер еді. Ақаң артқан үмітті ақтады да.

Ел алдындағы борышы санап Ақаң, тоқсанға аяқ басқан шағында Абай тақырыбына қайта оралып, екі алып баба арасындағы рухани, ғылыми байланыс арқауын іздеген зерттеу нәтижесін “Әл-Фараби және Абай” шығармасында түйіндеп отыр. Екі дананың қағидаларының тарқатыла таратылып, оқушысының жасы мен жасамысының кәусәрін қандыраарлықтай ғылым мен қиялына астасар ұрпаққа қажет ұғымдарды жаңғырта, жаңадан мағынасын ашып, өніп-өсуге мезгейтін дүние бұл. Ұлы Абайдың 150 жылдық тойына татымды да тартымды сыбаға бұл.

Ақжан Машановтың әл-Фараби әлеміне келуі де ерекше, Абайды тануы да ерекше. Ақаң халық үшін қандай соны істі қолға алмасын, тыңнан соқпақ салып, ғылымның жаңа бетін ашпасын сүйенер құдыреті қазақтың қасиетті тілі, ғылыми ислами жолы және бүгінгі табиғат ғылымның жетістіктері. Бұған оқушы қолындағы “Әл-Фараби және Абай” шығармасы айғақ. Ұлылықты айта білу ұлағаттының сыбағасы, даналықты ашуға дарын қажет — осы қасиеттің бәрі Ақжан Машановтың ойынан табылады.

ШАМШИДИН ӘБДІРАМАНОВ

I бөлім

ӘЛ-ФАРАБИ ІЗІМЕН

“Су түбінен асыл тас су толқыса шығады, ой түбінен асыл сөз ой толқыса шығады,” — дейді халықтың даналық мақалы. Сол шындық әл-Фарабидің ізіне түсуге себеп болды. Ел басына күн туған кезде өткен заманның ерлері еріксіз еске түседі екен.

Ұлы Отан соғысының қызған кезі болатын. Соғыс жабдығын жасайтын Алтайдағы өндіріс орындарының бірінде болып қайтқан кезім еді... Батыс елдерінен соғыстан ығысып келген ғалымдар Алматыда о жылдары көп болатын. Әсіресе олар Ғылым академиясының қазақстандық филиалы маңында шоғырланды.

Сол кезде филиалдың бастығы болып Қаныш Имантайұлы Сәтбаев келген-ді. Батыс жақтан келуші ғалымдардың бәрі де сол Қанышпен байланысты жұмыстар атқаратын.

Чехословакиядан келген Э. Я. Кольман деген математика ғылымының тарихын жақсы білетін ірі ғалым, профессор филиалда біздерге баяндама жасады. Сол баяндама маған зор әсер етті. Ол 1943 жылдың басы болатын. Баяндаманың негізгі мазмұны Орта Азия мен Қазақстан ғалымдарының орта ғасырлардағы ғылымға қосқан үлесі туралы еді.

Ол кісі сонау алғашқы құрылған араб халифаттарынан бастады. “Мың бір түннің” атақты қаһарманы Арон Рашид, әл-Мумин кездерінен бастап ғылымға қандай жақсы жағдай туғанына тоқталды, оның мыңдаған жыл бойы дүние жүзіне үлгі болғаны айтылды. Осы араб ғылымын жасауда Орта Азия мен Қазақстан жерінен шыққан ғалымдардың қосқан үлесін ол кісі барынша талдап көрсетті. Әл-Хорезми, әл-Фараби, әл-Жаухари, әл-Беруни, Ибн-Сина, Абул-Вафи, әл-Фергани, Омар Хайям, ат-Туси, Ұлықбек, әл-Хазин тағы бірсыпыра адамдарды атап

өтті. Европа елдерінің орта ғасырдағы ғылыми өрлеуіне ерекше зор әсер еткен осы адамдар екені айтылды. Баяндамасының қорытындысында Кольман “Адам баласының ғылымға көзін ашқан осы сияқты шамшырақтарды неміс фашистері жоққа шығарғысы келеді. Олардың елін кембағыл ел деп қорлауда... Мұның өзі адам баласының саналы тарихына істеген хайуандық, қиянат” деп қатты тебіреніп барып, тамамдаған-ды...

Осы бір кездесу ұмытылмастай есте сақталды және мұның көп жерлерде пайдасы тиді. Десек те баяндама қанша мазмұнды бола тұрса да оның қойған мәселесін, яғни ғылым тарихын қарастыруға уақыт болған жоқ, өйткені ол аса қысылшаң кез еді және филиалда көтерілген екінші бір мәселе Қазақстан жерінде кен қазу тарихы туралы еді. Көптеген жерлерде кен қазған орындар кездеседі. Жезқазған, Алтай, Алатау, Қаратау, Жонғар, Маңғыстау т. б. өңірлері. Қазылған кендерді қорытқан орындар да бар. Бұл кен қазу металл қорыту өнерлерінің кең етек алғаны ерте замандағы халықтардың мәдениеті едәуір жоғары болғанын көрсетеді. Сол халық қай нәсілдегі халық болған?

Міне, тағы бір сұрақ, тағы бір талас осыдан шығады.

Революциядан бұрынғы тарихшылар сол кен қазу, металл қорыту өнерлерін де біздің жергілікті халқымызға қимайтындай. Ескіден қалыптасып қалған әдет кейінгі кезге дейін қалмай келді. Мысалы соғыстан бұрынғы тарихи кітаптарда ертеде кен қазған, металл қорытқан қырғыз-қазақ емес басқа бір келімсек, мәдениетті адамдар болу керек деген жалған түсінік болған. Кезінде біздің дәлелдеу үшін күрескен мәселеміздің бірі осы болды.

Сонымен кен тарихи, ел тарихы, ғылым тарихы — бәрі де біздің Қазақ ғылым академиясын алғашқы құрушылардың алдында тұрды. Осы мәселелер жөнінде біз алғашқы күндерден бастап еңбек еттік, зерттеулер жүргіздік, мақалалар, кітаптар жаздық.

Біздің ұлттық, халықтық бір мықты тірегіміз тіл мәселесі екені белгілі. Қазақтың тілін зерттеуші мамандар бар екені мәлім. Ал біздің мақсат өз саламыздағы ғылымда тиісті сөздік жасау, оқу кітаптарын жазу болды. Жер ғылымдары жөнінде жүктелген міндетті атқардық та. Осы жолда жоғарыда аты аталған ірі ғалымдарға ұшырастық.

Жер бетін өлшеу, оның картасын жасау, кен қазу, металл қорыту — осылардың барлығына негіз салған тағы сол жоғарыда айтылған әл-Хорезми, әл-Фараби, әл-Беруни

тағы басқалар. Әр ғылымды жақсы түсіну үшін аядымен оның тарихын жете білу керек.

Ол үшін алдымен өзімізден шыққан ірі ғалымдарды білу міндет.

Осы мақсатпен аталған ірі адамдардың мирастарын қарастырғанда бір көзге түскен нәрсе — әл-Фараби мұрасы біздің қолымызда атымен жоқ болып шықты. Басқаларының аты да, заты да, еңбектері де бар, ал әл-Фарабидің аты бар да заты жоқ. Оның ешқандай еңбегі Қазақстанда болмай шықты. Мысалы Абу Али Ибн Сина, Абу Райхан Беруни сияқты ірі ғалымдар әл-Фарабиден бір ғасыр кейін шыққан адамдар және олар әл-Фарабиді өзіне ұстаз тұтқан. Ал олардың еңбектері көп томды болып шыққан. Әл-Фарабиден ешнәрсе жоқ. Бұл қалай? Оның үстіне әл-Фарабидің туған жері Қазақ жері сыр бойы (Отырар — Фараб). Олай болғанда басқа елдің ғалымдары білген әл-Фарабиді оның туған елінде отырған біз неге білмейміз? Соғыс кезіндегі Э. Кольман баяндамасынан естіген жайлар он жыл өткен соң қайтадан еске түсті. Тағы бір сұрақ туды: Бізден бұрын да көп ғалымдар болды, солар неге әл-Фарабиді білмеген? Білмеуі мүмкін емес, өйткені ол туралы мәлімет барлық мәдениетті елдердің энциклопедиясында бар. Білді, біле тұра неге оны қолға алмаған?

Екінші ұстаз, Шығыстың Аристотелі атанған әл-Фарабиді туған елінің білмеуі қалай, зерттемеуі қалай? Расында біз кембағыл болғанымыз ба? Осы ой, халық намысы маған маза бермеді. Осындайда менің жан дүниемде бір адам отырған сияқты... Ол маған:

— “Несіне босқа намыстанасың, несіне ашуланасың, несіне өткендерге, басқаларға кінә қоясың. Өзің отырсың емес пе? Сен бастамасаң сенен кейінгілерде сен сияқты өте береді.

Баста. Адамдық міндет сонда.— Бірақ ойында болсын,— әл-Фараби барлық өмірін шындық жолына, хақтың ісіне жұмсаған, ол әулие. Онымен айналысам деген адам соның өзіне ұқсап бағу керек. Олай болмаған күнде ісіңнің ешбір қайыры болмайды.

Осыны қабыл аласың ба?”— дейді.

— Аламын.

Әл-Фарабидің өмір жолын мен осылай зерттеуге кірістім.

Түркістан — Отырар төбелері — Арыстанбап

Осы үшеуі бірімен бірі ежелден кіндіктес мекендер. Арыстанбап ертедегі аңыз бойынша Қожа Ахмед Иассауидің ұстазы болса керек. Ол кісінің мүрдесі Түркістанда. Отырар (Фараб)-әл-Фарабидің туған жері. Арыстанбап екеуі қатар жақын, жалғас жатыр деуге болады.

Алдымен адамның дүниеге келген мекенінен бастауды дұрыс көрдім.

1958 жылдың жазында Түркістанға келіп, сол жерді жақсы білетін Хамит деген бір ақсақалды ертіп алып, осы мекендерді араладым.

Дүние жүзіне аты шаққан Қожа Ахмед мавзолейі жан ашырлық қалыпта екен: іші де, сырты да бұрқырап жатқан топырақ, ішіндегі заттардың көбісі бұрыш-бұрышқа үйіліп қойылған. Әсіресе қазақ халқының ардақты адамдарының басына қойылған сым тастар қалай болса солай, диірмен тасы сияқты аяқ астында домалап жатыр. Оған мән берген, оны танитын ешбір жан жоқ. Атақты тайқазанды Ленинград эрмитажына алып кеткен. Монша, хилуатхана сияқты қосымша құрылыстар құлаған, жабылған, жүретін жол да жоқ, бастап апаратын жан да жоқ.

Отырарға тарттық, ол екеуінің арасы 50 шықырым шамасында. Жол жоқ. Ертедегі арбалы көш жолы бітіп қалған. Жеңіл машина алып Хамит ақсақал, мен және Темірбек деген Ақмолалық бір жігіт үшеуміз Отырар төбелерін араладық, суретке түсірдік. Арыстанбап әулиенің басына Хамит ақсақал дұға оқыды.

“Отырарда отыз бап, баптардың бабы Арыстанбап” — деген осы.

Арыстанбап мавзолейін суретке түсіріп алғашқы рет жариялағанымда Хамит ақсақал көзіне жас алды. “Керемет ескерткіш, халқымыздың көне көзі ғой... Иесіз аяқ асты болып барады. Көрмегелі көп жыл болды...” Сол арада ол кісі бізге көп жағдайлардан хабар берді...

Біз Отырар төбенің басына шықтық. Көз жетер жерде ешбір ел көрінбейді, қала да жоқ. Жып-жылмағай құлазыған қиян дала... Бір кезде дүние жүзіне аты шыққан әйгілі қала қайда? Әл-Фараби оқыған медіресе қайда? Атақты кітапхана қайда? Дуылдаған базар қайда? Қайнаған өмір қайда?

Отырардың Шыңғыс шабуылына ұшырағаны рас. Бірақ сонан кейін жоғалып кеткен жоқ, көп замандардан соң атақты Әмір Темір Қытайға жорыққа аттанғанда осы Оты-

рарда болды емес пе? Және сол сапарда ол 1405 жылы осы Отырарда қайтыс болған-ды. Мұсылманша бұл хижра есебі бойынша 807 жылы. Осы оқиғаға байланысты сол кездегі ғалымдардың топшылаған бір жұмбақ бұл. Оның мәнісі мынау. Отырар деген сөзді құраған қарыптардың сандық мағынасын (абжад) есебі бойынша қосқан $0 = 6$, $t = 400$, $p = 200$, $a = 1$, $p = 200$, жиыны болады: $6 + 400 + 200 + 1 + 200 = 807$. Демек Ақсақ Темір қайтыс болған хижра жылы мен оның қайтыс болған қаласының саны бірдей болған. Бұл қалай? Темір тегін адам емес. Мұнда бір сыр бар деп санаған, соны олар кезінде іздеген. Бұл жұмбақ жөніндегі пікір кейін айтылады. Отырар бір заманда Сырдың жағасында, Арыстың құйған жерінде болған. Қазір ол өзендер бірнеше шақырым қашықтап кеткен. Ол — тегінде Жердің айналасына байланысты. Өзен арнасының Батыстан Шығысқа қарай жылжу заңынан болса керек. Бәлкі Отырарды елдің тастап кету себебі осыдан болар?

Осы сияқтанған түрлі жорамалдарға ой жіберіп, ел тағдырын шал еске алып тұрған кезде батар күннің сағымға араласқан шапағынан Сырдың суы алыстан айқындалып жалтырады. Оның арғы жағында іңір қараңғысы көрінді.

— Отырарға әлі талай ораларсындар. Бұл киелі жер. Мұның астында ғажайып сырлар жатыр,— дейді бізге Хамит қарт.

Ол рас, ораламыз, сонда әл-Фарабиді туған еліне ерте келетін болармыз. Ол үшін тынбай, талмай аянбай еңбек ету керек... Сонымен, Отырардан оралған соң әл-Фарабидің ғылыми мирастарын іздеуге кірістік.

Іздену сапарлары

“Ғылыми мирас қалдырмаған ғалым нажағай ойнатып күрілдеп жаумай өткен бұлтпен тең”,— деген араб халқының мақалы бар. Жерге жаумай өткен бұлт болса оның жердегі ізі де жоқ қой.

Әл-Фараби ондай бос думанның адамы емес. Ол кісі ғылым мен өнердің барлық саласында өшпес із қалдырған. Әл-Фарабидің қайырлы жаңбырынан нәр алмаған бау-бақша жоқ. Қалың орман да, кең дала да, тау-тас та, аспандағы жұлдыз да, жердегі күндіз да нәр алған. Солардың бәрі әл-Фараби музыкасына қосылып ғаламның гармония мақамын жырлайды.

Осынша кең тараған, бай мұрадан әл-Фарабидің туған елінде ешбір нұсқа жоқ десе болғандай. Қазақстанды шарлап бір жыл бойы қарастырғанда мен осындай қорытындыға келдім. Бізден бұрынғылардың әл-Фарабиді білмеуінің бір бас себебі осында болса керек, өйткені қол астында жоқ нәрсені іздеуге мүмкіндік бола бермейді. Бұл бірінші мәселе. Екінші жағынан әл-Фараби ғылым іздеп араб халифатына кеткен, ол сол жақта өмір өткізген, ғылым жасаған, сонда қайтыс болған. Бұл екінші жағдай. Егерде оның қабыры туған елінде болса, оны халық ұмытпас еді; бәлки Қожа Ахмед сияктандырып оған мавзолей салынар еді. Үшінші жағынан әл-Фарабидің жазған барлық ғылыми еңбектері араб тілінде болған. Осы себепті оның мирасын зерттеу қолға алынбаған. Көпшілік қауым оны араб ғалымы деп түсінген. Оның Отырарлық (Түркістандық) адам екенін, оның нәсілі түркі тайпаларынан екенін тек бірлі-жарым ғылым тарихын зерттеушілер ғана білген. Бірақ...

Түсініксіз бір жағдай, сол кезде шет елдерде болған, еңбектерін араб тілінде жазған жалғыз әл-Фараби емес қой. Сол кездегі ғалымдардың көбісіне ортақ жәй бұл. Бірақ олардан еңбек бар, дерек бар, іздеушісі бар. Әл-Фарабидің жазығы біздің Қазақстан жерінде туғандығында ма? Онда бар себеп біздің надандығымыз ғой?!

Надандардың азғындықтан қорықпай, адамдықтан қашатын заманын басымыздан кешірдік емес пе. “Итке темір не керек” дегендей, надан белсенділер заманында әл-Фарабидің кімге керегі бар.

Қазақстан жерінен әл-Фарабидің ешбір ізін таба алмаған соң біз басқа қалалардан, онан кейін шет елдерден оның еңбектерін іздеуге кірістік.

Москва мен Ленинградтың кітапханаларының шығыс бөлімдерінен аздаған еңбектер табылды. Сонымен қатар сол кітапханадағы библиографияны пайдаландық. Әл-Фараби сияқты белгілі ірі ғалымдарға арналған библиографиялық көрсеткіштер болды.

Әл-Фарабидің библиографиясының төрт түрін таптық, екеуі неміс тілінде, біреуі ағылшын тілінде, біреуі түрік тілінде. Соларды пайдалана отырып, бірнеше шет ел кітапханаларынан әл-Фараби еңбектерінің көшірмесін алдырдық. Сонымен екі жыл ішінде біздің қолымызға әл-Фарабидің оншақты шығармасын және оның еңбегін зерттеген адамдардың дүниелері түсті. Енді соларды аудару қажет болды және онан әрі қарай іздену керек. Ол үшін

082657

академия тарапынан көмек керек. Осы жөнінде президент Қаныш Имантайұлының атына анықтама-өтініш жаздык. Оған мен және академия кітапханасының директоры Нұрхан Ахметова екеуміз қол қойдық. Ол 1960 жылғы 15 ноябрь еді. Қаныш біздің арызымызға “Орындалсын” деп қол қойды. Академияда алғаш рет әл-Фараби есімі соғыс кезінде бір аталса, енді оның мирасы зерттелсін деген пікір айтылды. Осы жөнінде академияның “Хабаршы” журналында мақала жарияланды 1961 жылы. Айтылғанымен, оны орындау оңайға түскен жоқ. Оның бас себебі: Қаныштың сонан кейін ұзамай қайтыс болуы еді. Ауыр қазадан академия көпке дейін бас көтере алмай қалды. Жаңадан болған президент Шапық Шоқыұлы алғанқы кезде Қаныш тапсырмасын орындауға, әл-Фараби жайында зерттеулерді академия жоспарына енгізуге ниет білдірді. Бірақ көптеген шым-шытырық істерден, ол ниет орындалмай қалды.

Екінші қиындық, араб тілін білетін адамдардың жоқтығы көп кедергі жасады.

Әл-Фараби мирасын мен іздей бастаған 1958—1960 жылдары Қазақстанда араб тілін үйрететін, үйренетін, зерттейтін ешбір орын болған жоқ. Демек, араб тілін білетін жан жоқ десе болғандай. Араб тілінен саңылауы бар егде адамдарды тек мешіт маңынан ғана кездестіруге болатын кез еді.

Алматыда имам қазы болып істейтін қажы Садуақас Ғылманұлы марқұм сауатты, білгір адам еді, ақындығы да бар. Ол кісі арабша-қазақша үлкен сөздік жасап, қазақ ғылым академиясына тапсырған. Сергек, қалжыңқой, ашық адам еді. Мен сол кісімен бірге академия президенті Шахмардан Есенұлына кірдім. Қасымызда қажының шәкірті Махмуд Геккеев деген жігіт бар. Сол қабылдауда менің есімде қалған сөздердің мазмұны мынадай.

Есіктен кірген бетте академик Шахмардан орнынан ұшып тұра келіп, сәлем беріп, қол алып амандасып, қартқа құрмет көрсетіп, кішілік етті. Қажы сол ықыласына разы болып:

— Бұл күндегі көпшілік қауым сайтаннан қорықпайды, сәлдеден қашады. Сіз менің сәлдемнен шошынбағаныңызға рахмет,— деді.

— Ол не дегеніңіз? Неге қашамыз. Мәселе сәлдеде емес, адамда, ғалымда, шындықта емес пе. “Құранды молда теріс оқыр, Дағарадай болып сәлдесі”,— деді ғой Абай.

— Ол рас. Исламның ғылыми шындығын алмай, бұрмалап, малға сатушылар көп болған. “Дүмше молда дін бұзар” сонан шыққан...

Қажы мен академиктің осындай ғылыми, поэтикалық астары бар, әңгімесін біз қызыға тыңдап, желпініп, күлісіп қалдық. Сонан кейін қажы өзінің көп томды қол жазбаларын көрсетіп, жиырма жыл бойындағы еңбегі екенін, оны халыққа арнағанын айтты. Және бұл еңбегіне ешбір ақы керек етпейтінін мәлімдеді.

— Егер бұған қалам ақы тиісті болса, оны жетімдердің пайдасына берерсіз,— деді. Ол өзі зор еңбек болатын: үлкен журналдық формат қағазға жазылған қолжазба 5 том болса керек. Соның бәрін президент қабылдап алды, тіл институтына тапсыратынын айтты. Сол әңгіменің арасында арабшадан қазақша аударуға қажының көмегін сұрадық. Ол кісі ризалық етті.

Осыдан кейін Садуақас қажы арқылы тағы да бірталай арабша білетін адамдарды тауып алдық.

Біздің осы істеріміз сәлделілерден қорқатын надандарға ерсі болып көрінсе керек! “Басында сәлдесі бар біреуді ғалым деп басқа көтеріп жүр. Онысы діншіл молда болу керек. Оны мешіт молдалары қостап жүр... Бұл өзі қауіпті нәрсе. Мұны тез тоқтатпаса Машановты жауапқа тарту керек?”

Осындай “домалақ қағаздар” түсті деп бір күндері маған хабар жетті.

Не айтасың? Кімге айтасың? Кіммен таласып-тартысасың. Ол бір көлеңке сияқты нәрсе. Шырмайды да қармайды. Басқа ұрған балықтай боласың да жүресің.

Сол кезде арабтың бір мақалы есіме түсті: “Алыс жолға аттанған адам жолдағы әр қорадағы шабаланған итке алаңдай берсе, ешуақытта мақсатына жете алмайды” деген. Әл-Фараби осы сөзді өзі еске алған екен. Мен де соны дұрыс көрдім. Ешбір өсекке, ешбір бөгетке карамастан тәуекелге бел байладым. Алдымен арабша тілді өзім үйренуге кірістім.

Жас кезде ауылда арабша әріп үйреніп, күранды оқи бастаған ғана сауат болған еді. Сонан кейін қырық жыл шамасы арабшадан қол үзіп қалдық. Енді жас елуге келгенде арабша тілді үйренуге кірістім. Расында әл-Фараби оқыған кітапты оқымай, оның жазғанын танымай оның мирасын қолға алуға бола ма? Ғылымнан шындық іздеген адамға олай істеуге болмайды. Ғылым атын жамылып,

жалған жолмен, жауырды жаба тоқыған қулардың әл-Фарабидің шындығында шаруасы не?

Екі жылдың ішінде арабша тілді едәуір менгеріп, сөздікпен пайдалануға қол жетті. Сол арқылы керек мәселені аудара алатын болдым, аударғанды тексере алатын болдым. Аздап сөйлесуге жарап қалдық. Әрине, арабша еркін сөйлеп кету дәрежесіне жете алмадым.

Садуақас қажымен бірге ақылдаса отырып, арабшадан қазақшаға мақала аударуға қол жетті. Сонымен бірге әл-Фараби мирасын зерттеуге есік ашылды деуге болады. Бізге тағы да арабша жақсы білетін үш қарт қосылды: Ғаббас Елеусізов, Рахым Сәрсенов, Қажыбай Манбаев. Оларға әл-Фарабидің қолға түскен шағын еңбектерін аударттық.

Сол мақалалар ішінен әл-Фарабидің: “Философияны үйрену үшін оның алдында не білу керек” деген мақаласын біз “Білім және еңбек” журналына жарияладық (№ 1, 1962). Мұның өзі әл-Фараби еңбегінің өзінің туған елінде — Қазақстанда қазақ тілінде ең алғаш рет жарық көруі еді. Мақалаға бет ашар түсіндірмені журналдың бас редакторы Қамал Смайылов жазды.

Туғанына 1100 өткен осындай ірі ғалымның, Шығыс Аристотелінің Қазақстаннан шыққан екеніне құлақтанған халық “дүр” етіп бір сілкінгендей болды. Журнал редакциясына және біздерге хат дегеніңіз әр жерлерден келіп жатты. Олар зор рахметін, өздерінің қуанғандарын айтып, әрі қарай дамытуды сұрап жатты. Қазақстан шегінен сырт тұратын адамдардан да, шет елдерде тұратын қазақтардан, ұйғырлардан хаттар көп келді.

Мен кейіннен естідім, кейбір аудандарда журналдың айтылған мақаласын қолдан қолға алып, немесе жиналып алып дауыстап оқытып тындаса керек. Солардың арасында: “Мынау бір жақсылық ырымның басы екен” деп қуанғаннан көздеріне жас алысса керек.

Халқымыздың осыншама әл-Фарабиді құшағын жая қарсы алуы біздерді жігерлендірді. Осының арқасында біз сәлделіден қашатын дүмшелерден ешбір сескенбей ашық қимылға кірістік.

Шығыс халқының бір мақалы бар: “Надан адамды әкімшілік басына қою жас баланың қолына ұстара беру сияқты: ол сол ұстарамен өзін де, өзгені де қансыратады”. Бір кезде біз осындай жағдайда болдық. Сондықтан қауіп жоқ емес, бар. Бірақ, “Шегірткеден қорыққан егін екпес” дегендей, әл-Фарабидей дананың шындық жолына басты бәйгеге тігудің өзі бір бақыт емес пе?

Осы жолға бел байлағанымды Ахат ақсақалдың сөзімен айтқанда: “Әл-Фараби діншіл дегендермен таласып, оның ғалымдығы күшті деп, дәлелдеп, қазақтың әл-Фарабині тірілттің”.

Жоғарыдағы айтылған дос қарттарым маған енді Ташкент, Уфа, Қазан сияқты ертедегі ірі медреселері болған орындарды аралауды ұсынды. Сол медреселерде арабша кітаптар көп, солардың арасында әл-Фараби еңбектері де болуы мүмкін деген пікірлер айтты. Сол бойынша мен енді Ташкентке бардым. Онда әл-Беруни атындағы Шығыстану институты бар. Ол институттың сол кездері директорының орынбасары Мұзафар Хайруллаев деген жас жігітпен таныстым. Әл-Фараби жөніндегі мәліметтерімді көрсеттім. Ол кісі — әл-Фараби туралы менен бірінші рет естіп, ол жөнінде едәуір материалдар алды, қалай, қайдан іздеуге кеңес бердім. Кейінде ол жігіт әл-Фарабидің философиясы жөнінде докторлық қорғап атақ алды.

Бірақ Ташкенттен мен әл-Фараби жөнінде ешнәрсе таба алғаным жоқ. Сонан кейін Ташкенттің діни орындарын басқаратын муфтий Зиалидин Бабахан деген кісіге кездестім. Ол кісі араб елдерінде болған, арабша жақсы білетін, жоғары мәдениетті адам еді.

Әл-Фараби жөнінде маған едәуір кеңес айтып, кітаптар тауып берді. Ташкентте істейтін тағы бірнеше арабша жақсы білетін қарттармен таныстым, көп мағлұматтар алдым. Оның бәрін бұл арада айтып жатуға орын тар. Келесі сапар Уфа.

Уфада бұрынғы одақтың ғылым академиясының филиалы бар. Онда Шығыстану материалдары аз екен. Революциядан бұрын ашылған үлкен медресе Ғалияда қазақтың да көп зиялылары оқыған, 1920—30 жылдарында солардан біз де оқығамыз. Сол медресенің кітапханасы сол қалпында сақтаулы, Уфа мешітінің карамағында екен. Мешіттің бас имам-қазисы Камал Башири деген кісінің рұқсаты бойынша мен үш күндей ескі кітапхананы араладым. Онан әл-Фарабидің үш кітабын таптым. Оның біреуі неміс мамандарының аудармасы, өзіміздің қолымызда бұрын бар-ды. Ал басқа екі дана кітап Араб тілінде 1907 жылы Каирде шыққан жинақ. Онда әл-Фарабидің он екі түрлі еңбегі басылған. Оның өмірбаяны да айтылған. Соның ішінде Аристотель, Платон пікірлерінің негізі бір екенін дәлелдеген әл-Фарабидің еңбегін басып шығарған. Онан кейін “Қайырлы қала тұрғындарының көз қарасы” атты тамаша еңбегі де басылыпты.

Башири қариядан осы екі дана кітаптың бірін қаладым. Ол кісі маған әл-Фараби жөнінде мынаны айтты.

— Біздің Қазанда және басқа жерлерде татарша мадрасаларда әл-Фараби жөнінде ерекше дәрістер (лекциялар) оқылатын. Біз оның мантық (логика) ілімін және музыкасымен таныспыз. Ол сізге жаңалық болғанмен бізге мәшһүр-мағлұм ғалым,— деді.— Бірақ біз оны араб ғалымы деуші едік. Сіз оны Қазақстандық деп отырсыз. Бізге жаңалық бұл!

Башири қариядан бірталай мағлұмат алып қайттым. Ол кісі менің істеп жүрген ісіме разы болып: әл-Фарабидің 1100 жылдық тойына дайындалып жатқан мерекеге жәрдем — сыйлық ретінде айтылған кітапты әдейі арнаиы “һадиа” (сыйлық) деп жазып берді.

Қазан қаласында әл-Фараби еңбектерінің аздаған нұсқалары екі кітапханадан кездесті. Оның бірі Ибрагимов атындағы академия институтында, екіншісі университет кітапханасында. Солармен қатар Қазанда атақты ғалым Шахабуддин Маржанидің мешіт-медресесі бар. Оның кітапханасында Маржанидің өз еңбектері бар. Маржани еңбегінде Шоқан Уәлихановпен таныс екенін жазды, әл-Фараби еңбектерін зерттеген, оған басқалардың қойған кінәсін бекерге шығарған, қорғаған. Осы мәселені көргенде мен жоғарыда Уфадағы Камал Баширидің: “Қазан медреселерінде әл-Фараби туралы дәріс оқылған” дегенін есіме алдым. Осы Маржанидің шәкіртінен Семейде Абай оқыса керек. Сонымен айналып келгенде Ахаттың: “Абай мен Шәкәрім әл-Фарабиді оқыған, сонан тағлым алған” дегені түсінікті болды. Тағы бір тамашасы сол Маржани медресесінде маған бір кісі кездесті. Ол көп жылдар бойы Қазақстанда мұғалім болып істеген екен. Сол кездерде Маржани медресесі Қазақстанда әйгілі болғанын айтты... Осы сияқты үздіксіз іздену арқасында әл-Фарабидің бірсыпыра еңбектері қолға түсті және ол туралы жазған ғалымдардың еңбектері де жиналды.

Дегенмен әл-Фарабидің аса ірі атышулы музыка, астрономия, математика, оптика саласындағы күрделі еңбектері бұрынғы Совет Одағының шеңберінде жоқ болып шықты. Оларды енді шет елдерден қарастыру қажет болды. Шет елден кітап алдырудың бірнеше жолы бар. Біз соның бәрін де пайдаландық деп, білемін.

Халықаралық ірі кітапханалардың арасында кітап ауыстыру шарты болады. Біздің Ғылым академиясының орталық кітапханасында сол құқық бар. Сонымен пайда-

ланып біз шет елдегі кітапханалардан әл-Фараби кітаптарын сұраттық. Ол үшін қай елде, қай нөмірде қандай атпен жатқан кітап немесе қолжазба бар. Соны дәл білу керек. Ол бір. Екіншіден сізге кітаптың өзін ешкім ешуақытта жібермейді. Оның көшірмесін — фотосын немесе микрофильмін сұратасыз. Олар кітапты киноның лентасы сияқты суретке түсіреді де жібереді. Оны біз фотоға үлкейтіп бастырып, кітап түріне келтіреміз.

Сол микрофильмді қолға түсіру оңай емес. Алдымен кітапханаларға өз тілінде сыпайы хат жазу керек. Екінші, сұратып отырған кітаптардың неге керек екенін айту керек, үшіншіден, сен үшін кім текке қызмет етеді, кітапханаға тиісті, құнды сыйлық жіберу керек. Сонымен араб, парсы, түрік, неміс, ағылшын, француз, итальян, испан, швед тағы басқа тілдерде хат жазу керек еді. Соларға сыйлықтар жіберу керек... Осы жұмыста маған академияның кітапханасы, оның қызметкерлері зор көмек көрсетті.

Кітап алдырудың екінші әдісі: шет елдерге барғандарға тапсырма беру.

Тағы бір әдіс: әл-Фараби еңбегі бар деген елдерге өзін саяхат жасау. Осы әдістерді де қолдандық. Бір-екі мысал.

Академик дәрігер Сайын Балмұханов Түркияға барғанда Стамбулда түрік тілінде шыққан әл-Фараби еңбектерін алып келді. Соның ішінде әсіресе бізге зор көмек бергені профессор Ахмад Аташтың “Әл-Фараби кітаптарының тізімі” (Стамбул, 1950) Бұл тізімде әл-Фараби еңбегінің ең көп саны бар еді. (160 кітап). Сол кітаптардың қай елде, қай жерде, қандай түрде, қандай нөмірмен тіркелгені — бәрі көрсетілген. Кейінде осы тізім бізге әл-Фараби еңбегін іздеп табуда зор қызмет атқарды. Сол тізім ішінде, бұрын белгісіз болып келген еңбектер де бар еді. Біз соларды аштық.

Әл-Фарабидің кейінде шыққан құнды еңбегін шет елдерден сатып әкеліп берушілер болды. Мысалы, соның бірі академик Шахмардан Есенов. Ол кісі Канадаға барған бір сапарында әл-Фарабидің Бейрутта араб тілінде шыққан кітабын әкеліп берді.

Ал енді біздердің шет елдерге жазған хаттарымызға келген жауаптар туралы. Жазылған хаттардың көбінесе жауап келді. Ал кітап көшірмесі бәрінен келе қойған жоқ. Бірнеше кітаптың аудармаларын алдық. Соның бірі әл-Фарабидің “Музыканың үлкен кітабы” (“Китаб ал-мусихи ал-Кабир”) деген еңбегі еді. Бұл үлкен том — кітап 1930 жылдары француз тіліне аударылып Парижде басылған.

Көшірмесі біздің қолымызда болғанымен арабша нұсқасы жоқ еді. Соны іздеп біз бірнеше жерге хат жазған едік. Сонан келген жауаптар мынадай:

“СССР — Қазақстан, Алматы.
Профессор Машанов А. Ж. 14 ноябрь,
1962 ж.

Мырза (Мсье)!

Сіздің хат жазып сұраған музыка кітабының микрофильмін жібердім, сол үшін өзімді бақытты санаймын. Ол еңбек біздің Шығыс қолжазбалар жинағының ішінен 1423 нөмірден табылды. Сіз хатыңызда ол еңбек 1427 нөмірде деген екенсіз. (II/X-62 жазылған хат). Онда басқа шығарма жатыр.

Өзі тарапымнан сіздің назарыңызды біздің Лейден университет кітапханасындағы “Араб қол жазбаларына” және барлық Нидерландағы сол сияқты қол жазбаларға да аударсам деген ниетім бар, өйткені солардың ішінен де сізге жарарлық нәрселер табылуы мүмкін.

Қазақ халқының әдебиеті мен өнеріне арналған бізге сыйлыққа жіберген үш кітабыңызды мен зор ризашылықпен қабыл алдым. Сіздің өзіңіз жазған “Механика массива” деген кітап бәлки, кейін келетін шығар.

Біз жіберіп отырған микрофильм сізге пайдалы болар деп сенемін, және сіздің әл-Фараби жөніндегі табыстарыңыздың тез жарық көруін күтемін.

Менің сізге ең жақсы таза сезіммен тілектес екеніме сеніңіз, Мырза (Мсье).

Лейден Университетінің директоры
Шығыс қорының сактаушысы

Т. Г. Пигеауд.

Голландия, г. Лейден, Рапенбург, 70—
74

14. XI. 1972.

телефон (01710) 21465 немесе 20741

Осы сияқты олжалы хаттармен қатар, “Сіздің сұраған кітабыңыз бізде жоқ болды, немесе бұрын болған еді қазір жоқ”, деп келген хаттар да баршылық болатын. Мысалы, Миланнан, Бейруттан сондай хаттар алдық. Олар біздің жіберген сыйлығымызды қабылдап алып, оған рахмет айтқан, бірақ сұрағанымызды жоқ деп жауап берген. Сіздің бізден сұраған кітабыңыз басқа жерде бар деп хабарлағандары да кездесті.

Мәдениетті адамдардың ықыласына рахмет айтамыз.

Ендігі біздің алдымызда тұрған бір мақсат әл-Фараби мирасын зерттеу мәселесін бұрынғы Совет Одағы көлемінде өзіміздің Қазақстанның үлесіне алу. Ол үшін Москвадағы Одақтық Шығыстану институтының шешімі керек еді. Осы мәселе жөнінде мен Институт директоры академик Бабажан Гафуровқа кірдім. Ол кісі мені жақсы қарсы алып, көмектесуге уәде берді.

Осыдан кейін мен “Юный техник” журналына: “Аристотель Востока” деген әл-Фарабиға арнаған мақала жарияладым (№ 8, 1963, Москва). Әл-Фараби жөніндегі біздің қазақстандықтардың орыс тілінде алғашқы шыққан мақаласы осы болды.

Мұнан кейін қазақша-орысша екі тілде: “Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары” деген жинақта, әл-Фараби туралы көлемді мақала жарияланды (1964—1965 жылдары. Алматы).

Ендігі мақсат әл-Фарабиді халықаралық ғылыми-тарихи конференцияларда көрсету. Осы мақсатқа сәйкес 1966 жылы Москвада математиктердің халықаралық конференциясы өтті. Біз шұғыл дайындалып, сол конференцияда: “Әл-Фараби және математика” деген тақырыпқа баяндама жасадық (Машанов А. Ж., Көбесов А. К.).

Біздің бұл баяндаманың негізі қолда бар математикалық еңбектер бойынша емес, көбіне жорамал (гипотеза) түрінде қойылды. Оның мәнісі мынау:

Әл-Фараби дүние жүзіне әйгілі философ екені мәлім. Ал ол кісінің өзінің негізгі қағидасы және сол кездегі жалпы ереже бойынша философ деген атақ барлық ғылымдар негізін білген және соған үлес қосқан адам, соған сүйеніп философ болмақ. Әл-Фарабидің жоғарыда айтылған, қазақша ең алғаш рет жарияланған мақаласында философ болу үшін басқасынан бұрын тәрбиелік ғылымның төрт тарауын бірдей жақсы білу керек. Ол төрт ғылым мынау: астрономия, арифметика, геометрия, музыка.

Бұл төртеуін әл-Фараби бірдей меңгергеніне дау жоқ. Бірақ солардың ішінде біздің қолымызда біреуі ғана бар еді. Ол музыка. Бұл кітаптың Лейденнен келген қол жазбасын қарағанда онда әл-Фарабидің математика (арифметика мен геометрияны бірдей) толық қолданғаны көрініп тұр. Мысалы ол музыкалық ноталар арасын арифметикамен есептейді де, олардың өрнегін геометриялық сызықтармен белгілейді. Әл-Фарабидің астрономиялық еңбегі, Лондон кітапханасында деген мәлімет бар еді. Оны

алдыруға шара қолданып жаттық. Осы мәліметтерге сүйеніп айтылған баяндаманы жасап шықтық. Ондағы біздің көтерген бір негізгі мәселеміз: әл-Фараби математика ғылымын табиғаттану ғылымына қолданған, өйткені астрономия (оптика), музыка (дыбыс) табиғат ғылымдары, деген қағиданы көтердік.

Осы мәжілісте Сириядан келген математик Ибн Ахмад Кефтеро деген кісімен таныстық.

Біздің осы конференцияда қойған мәселеміз барлық жағынан дұрыс болып шықты. Мұнан кейін әл-Фарабидің математика саласындағы еңбектері де қолға түсті. Соның қалай табылғаны жөнінде бір ауыз сөз.

Жоғарыда аталған Стамбул университетінің профессоры Ахмед Аташтың тізімінде әл-Фарабидің математикалық еңбегі Упсала университетінің кітапханасында сақтаулы деген мәлімет бар болатын. Түркі тілдегі осы мәлімет басқа батыс ғалымдарына белгісіз болуы мүмкін. Біз дереу Упсалаға хат жазып, сыйлық жіберіп, өзіміздің қолданып келген әдісімізді істедік. Бірнеше айдан соң микрофильм келіп те қалды, ол тезінен кітап та болып шықты.

Математика ғылымының тарихында бұл бір үлкен жаңалық болды. Бұрын басқа адамдардікі деп жүрген көп теоремалар, қағидалар әл-Фарабидікі болып шықты. Бұған кейін ораламыз.

Әл-Фарабидің еңбектері жайлы көтерген екінші конференция Тәжікстанда Душанбе қаласында 1967 жылы болды. Онда Абу Али Ибн Синаға (Авиценнаға) арналған конференцияда мен “Әл-Фараби және Авиценна” деген баяндама жасадым. Бұл екеуін бірінен бірін айыруға болмайтынын түсіндірдік, бұл күнде араб ғалымдары “Екі Фараби” (“Фарабиан”) деп жүргізеді, оның біреуі әл-Фарабидің өзі, екіншісі Авиценна дегенді баяндадық. Бұл конференцияның мағынасы зор болды, өйткені Ибн Сина бүкіл шығыстану ғалымдарына әйгілі. Сол арқылы әл-Фараби тану болды. Енді әл-Фараби ізімен шет елге саяхатқа шықтық.

Таяу Шығыс саяхаты

Әл-Фарабидің ғылыми өмірі араб елдерінде Бағдат-Мысыр-Шамда өткені белгілі. Ұлы ғалым, Дамаскіде жерленген. Демек, оның бірінші отаны, туған жері Отырар — Түркістан болса, екінші отаны — Араб елі, Таяу Шығыс. Сондықтан да ұлы ұстаздың жүрген жер-

лерінде болып, көзбен көру отандастары үшін зор ғанибет. Сонымен қатар оның қойылған зиратын тауып, оған белгі қойсақ, тіпті керемет. Онда біз әл-Фарабидің нағыз мұрагері болар едік-ау! Сонымен қатар Араб мәдениетінің бастауы, көне көзі Мекке мен Мединеде болсақ тіпті нұр үстіне нұр. Осы ойларымды белгілі адамдарға айтқанымда олар мынадай ақыл берді:

— Меке, мен Мединеге ең оңай барар жол — құрбан айты кезінде біздің елден онда қажылар барады. Соларға ілесер ең дұрыс жол,— десті. Бірақ қажылар қатарында болған адам, қажылықтан басқа жаққа мойын бұра алмайды. -Онан гөрі сол араб елдерінің біреуіндегі өзіміздің елшілікке бір-екі айға ғылыми кеңесші ретінде командировкамен бару ең оңтайлы нәрсе десті екіншілері. Сонда көңілдегі жердің бәрін де аралап келуге болады. Осы мәселемен шұғылданып жүрген кезімде Сирия мен Ливанға туристік сапармен барып қайтуға мүмкіндік туа қалды. Мен алдымен соны бір пайдаланып қалуды жөн көрдім.

Әл-Фараби өзінің өмірінің ең ақырғы күндерін Сирияда өткізгені белгілі. Ұлы ұстаз Сирияның астанасы Дамаскіде жерленген. Кезінде ұлы ғұламаны Сирия әмірі Сайф-ад-Даула өз қолымен Баб-ас-Сағир зиратына қойғаны мәлім. Сол зиратты тауып, әл-Фараби қабірін көріп қайтсам бір жолға сол да аз емес деген ой келеді. Бірақ туристік сапарда шет елде белгісіз қабыр іздеуге мүмкіндік бола ма? Әсіресе осыдан 1100 жыл бұрын өткен адамның зиратын?

Ал егерде сол елдегі біздің елшілік қызметкерлері көмектессе, ондай мүмкіндік болуы мүмкін ғой. Сонымен академия тарапынан Сириядағы Совет елшілігіне хат алып бару керек деген қорытындыға келдік. Ол үшін Қазақстан академиясы үлкен Академияға хат жазуы керек. Шет елге соның хатымен ғана өтуге болады.

Ол кезде Сириядағы біздің елшіміз Н. А. Мұхитдинов еді. Сол кісінің атына хат жаздырып алдым. Оның қысқаша мазмұны мынадай:

“Құрметті, Нуритдин Акрамович, сентябрьдің 19 күні (1968 ж.) Сирия Араб республикасына туристермен бірге Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А. Ж. Машанов бара жатыр. Ол кісінің негізгі мақсаты — ұлы ғалым әл-Фарабидің есімімен байланысты жерлерде болу, ол кісінің жақындап келе жатқан 1100 жылдық мерекесіне материал жинау. Мүмкіндігіне қарай осы кісіге жәрдем көрсетуді сұраймыз”.

СССР Ғылым академиясының шет елдік бөлім бастығы С. Г. Корпеев".

Сирияға ұшардан бір күн бұрын академик Б. Ғафуровқа кірдім. Ол кісі менің бара жатқан сапарымды дұрыс көрді және өзінің елшіліктегі адамына сәлем жолдады.

Сонымен айтылған күні Москвадан Сирияға ұшып шықтық. Кавказ — Қырым тауларының жотасы айқын байқалады. Қара теңіздің үстінде ұшып келеміз. Менің жүрегім лүпілдеп, әл-Фараби алдымнан қарсы шығатындай сезінемін. Бір мезгілде Дамаск аэропортына келіп қондық. Жерге түскендегі алғашқы сезгеніміз күннің ыстығы болды. Москваның салқынында ұшқан біз төрт сағаттан соң тал түсте Дамаскінің қырық градус ыстығында тұншығып кете жаздадық. Аз да болса арабша сөз білген жақсы екен. Мен бір кесе су сұрап іштім. Қасымдағы қазақстандық жолдастар менің бұл әрекетімді нағыз бір кереметтей қабылдады.

Палас атты қонақ үйіне орналастық. Дәл сол кезде Дамаскіде халықаралық жәрмеңке болып жатыр екен. Біздерді сонда апарып қайтты.

Кешкілік мен кезекші-тілмаш арқылы елшілікке телефон шалдым. Кім екенімді хабарлап елшіге хатым бар екенін және Б. Ғафуровтың сәлемдемесін әкелгенімді айттым.

Кешікпей екі жігіт келді. Оның бірі елшінің көмекшісі Ғабдысадық Ирисов, екіншісі Б. Ғафуровтың сәлемдеме жіберген жігіті Малюковский Магариф Вагирулы еді.

Ирисов мені тани кетті, өйткені ол осыдан бірнеше жыл бұрын Ташкентте Шығыстану институтында аспирант болатын, арабша оқыған пысық жігіт.

Олар маған Сирияның жағдайын айтып жатыр, мен оларға өз жағдайымды баяндадым.

Г. Ирисов мені машинасына мінгізіп Дамаскіні аралатты. Біз атақты Каснун (Касьюн) тауына көтерілдік. Биіктігі: теңіз бетінен 1200 метр жоғары, төбесі жатық, жалпақ, Алматының Көктөбесі сияқты, Дамаск қаласының көлемі де Алматымен шамалас. Көз ұшында Алатау сияқты басын қар шалған Ливан таулары көрінеді. Дамаскіде де алманың жақсы түрлері өседі екен.

Каснун тауының басында, бірнеше жерде ерте заманның ескерткіші бар. Анау тұрған ақ күмбез ертедегі аңыз бойынша адам баласы Әбілдікі болса керек. Адам — Ата

мен Хауа ана алғашқы рет жер бетіне осы аймаққа түскен. Бұл қасиетті әулие жер. Алғашқы өнер де, ғылым да осы жерден басталған. Соған дәлел бірінші алфавит осында пайда болыпты. Ертедегі обсерватор орны да осында деседі...

Менің есіме Шам Шаһарының маңында болған атакты обсерватория түсті. Онда әл-Фараби көп уақыт қызмет істеген. Міне, бірден-ақ, алғашқы күннің өзінде әл-Фараби есіміне байланысты бір ескерткішті көрдік.

Ертеңіне қаламен танысуды Мағауиа мешітінен бастадық.

Омиядтар мешіті

Ертедегі Шам шаһарының ежелден белгілі, ең ірі ескерткішін бұл күнде Омиядтар мешіті деп атайды. Оның мәнісін айта кету керек, өйткені бұл мәселе барлық араб мәдениетіне байланысты.

Ерте замандарда Меккені билеген Қурайыш атты араб руы негізінде екі атадан тараған: Хашим және Омия деген, Мұхамед пайғамбар хашим руынан. Ол кісі дүниеден қайтқан соң Мединеде оның орынбасарлары, яғни халифалары өкімет басына отырған. Олар мыналар: Абу Бакр, Ғомар, Ғосман, Ғали. Мединелік бұл төрт халифа араб елін тұтас ұстауға тырысқан, әділетті басшылар болған. Бірақ ежелден руға бөлініп келген, баққұмарлық әдет қала қойсын ба, мединелік ақырғы халифа Ғалидың кезінен-ақ ежелгі екі ру жіктеле бастайды. Сол кезде Сирияға әмір болып отырған Мағауиа Омия руынан еді. Мединедегі Ғалидың халифалығына мойын ұсынбай, қарсы шықты. Ғали дүниеден кеткен соң Мағауиа араб елдерінің барлық халифалық билігін өз қолына алған, Орталықты Мединеден Шамға (Дамаскіге) көшірген. Осыдан яғни 661 жылдан бастап Дамаскіде Омия нәсілді халифалар династиясы басталды. Олар 750 жылға дейін әкімдік етті. Сонан кейін олардың орнына халифалық Ғаббас династиясына ауысты. Ғаббас Мұхаммед пайғамбардың әкесімен аталас Хашим руынан. Ғаббасидтер өзіне жаңа астана етіп Бағдад қаласын салдырды. Сонымен сириялық-омиядтық халифаттан кейін Бағдаттық — Ғаббасидтық халифат дүниеге келді. Ол Омиялық халифаттың нәсілдері өзінің қасына ерген нөкерлерімен көше қашып солтүстік Африкаға — Мағрибаға өткен. Олар Ливия, Тунис, Алжир, Марокко жерлерінде болып, күш жинаған. Сонан кейін Гибралдар

шығанағына қалқыма көпір (Жасиф ғаим) салып, сол арқылы Европаға (Испания жеріне) өткен. Олар 756 жылдан бастап Кордова Омиядтардың европалық халифатын құрған. Ол халифат сол арада 1031 жылға дейін тұрған. Сонымен әл-Фараби заманында екі халифат болған: Бағдадты — Ғаббасидтер, Кордовада — Омиядтар. Ғаббасид халифатын 1258 жылы Шыңғыс хан ұрпақтары құлатты.

Омиядтар Мешіті дүние жүзіндегі ең ірі құрылыстың бірі болып табылады. Оның ауданы, ауласымен қосқанда созылып, қаланың екі көшесін алып жатыр деуге болады. Оның қазіргі түрі негізінде Мағауиа Халифа болып тұрған кезде салынған. Ол хижраның 41—60 жылдары арасында, қазіргі жыл санау бойынша 661—680 жылдарда.

Осы арада мұсылмандардың хижралық (нижралық) жыл есебін еске сала кетелік. Мұхаммед пайғамбар 570 жылы туған болып есептеледі. Ал мұсылмандардың жыл санау есебі 622 жылдан басталады. Демек ол кісінің 52 жасынан басталады (622—570—52) Оның себебі ол кісі 52 жасында Меккеден Мединеге көшкен (622 жылы, 16 июль айында). Исламның жыл есептеу басы осыдан басталады. Олай болғанда Мағауианың халифа болғаны 41 жылда болса, соған 622 жыл қоссақ $622 + 41 = 663$ жыл, біз оны 661 жыл деп отырмыз. Ол неге? Екі жыл айырма қате ме? Жоқ, қате емес. Оның мәнісі, қазіргі жыл санау жұлдыз (Күн) есебі бойынша, ал исламның жыл санауы Ай есебі бойынша. Күн есебі бойынша бір жылда 365,24 тәулік, Ай есебі бойынша бір жылда 354,36 тәулік. Демек, жыл сайын $365,24 - 354,36 = 10,88$ тәулік айырма шығып отырады. Сол бойынша орта есеппен әрбір 31 жылда бір жыл айырма болады. Айтылған екі жылдық айырма осыдан шығып отыр. Енді Мешіттің кең қорасына қайта оралайық. Онда ерте замандардағы құрылыстардың қалдықтары көп. Есте жоқ ескі бір замандарда өткен финикия халқының құрбан шалатын тас науасы түр. Онан кейінгі гректердің, римдіктердің қылуатханасы — храмдарының құлаған ірге тасы жатыр.

Ерте заманда көп халықтар аспан әулиесін Юпитер деп білген ғой. Оның грекше аты Зевс, шумерше Мардук, казакша Шонай, арабша аты Муштари.— Мынау сол әулиеге арналған храмның ірге тасы деп көрсетеді бізге. Оны кейін христиандықтар — шіркеуге, ал мұсылмандар мешітке айналдырған.

Ауланың екінші жағында тағы бір үлкен құлаған сарайдың орыны тұр. Онда әдемі алты қырлы, алты жақты құрылыстың іргесі аман сақталған. Бізді бастап ертіп жүрген Жағыпар атты араб жігітінің айтуы бойынша, бұл Омияд халифатының сарайының тұрған жері, ал анау алты қырлы қорған тас солардың асыл қазыналарын сақтайтын орны екен. Оның айналасын қоршаған халифаның құрылыс жайлары, қабылдау сарайлары болса керек. Бәрі қираған қазір жөнделіп жатыр. Аман қалған жалғыз ғана Мешіт. Оны Ғаббасид халифалар да қадірлеген.

Ауланы аралап болып сол атақты мешіттің өзіне қарай бет алғанымызда елшінің бізге машина жібергенін естідік. Мешітті аралап болғаннан кейін баратынымды хабарладым ол кісіге. Мешітке он мың адам сияды. Мешіттің ауыз жағында шарбақпен қоршалған сұпы. Оның айналасында әртүрлі діндердің адамдары отыр. Бір жағында сәлделі қарт-мұсылман, екінші жағында христиан дінінің уәкілі — мойнында кресі бар, үшінші жағында еврей дінінің өкілі.

Сұрап қарасақ, бұл сұпыда Жақия пайғамбардың басы көміліпті. Ол Жақия (арабша Иахия), христианша Иоанн Креститель, ол Зикрия — ұлы осы арада екеуін де зұлымдар өлтірген. Ол Ғайса пайғамбардың көмекші серігі. Сол себепті барлық дінге ортақ жазықсыз өлтірілген адамды бәрі есіне алып дұға оқып отыр.

Шам шаһары дүние жүзіндегі ең көне қала. Осы арадан барлық діннің басы тараған деседі. Сириялық достар.

Олар бізге: “Бұл қалада сіздердің Ақсақ Темірлеріңіз де болған. Ол өзінің елінде: Самарқандта, Бұхарада, Түркістанда тамаша құрылыс, ғимарат салу үлгісін осыдан алған дейді. Оны да бекер деуге болмайды. Сонымен байланысты, осы екі мәдениеттің арасын жалғастырушылардың бірі әл-Фараби ғой. Оны да ұмытпаңдар дедім мен Жағыфарға. Ол маған: “Мұғаллим”

“Мұғаллим ауал Афлатун,
Мұғаллим сани аль-Фараби”

деді.

Жағыфардың мына сөзіне мен құлағымды тіге қалдым. Қайталауды сұрадым. Ол қайталады. Мен осы сөзді қойын дәптеріме жаздырып алдым. Оның себебі біздің елде бірінші ұстаз Аристотель десек, Жағыфар бірінші ұстаз Платон деп отыр. Осы мәселені мен онан кейін тағы бір кездескенде сұрадым.

Бір ауыз сөз. Оны мен әл-Фарабиді білетін, оны құрметтейтін елдің адамының аузынан естіп отырмын. Ол өте құнды, зор мағыналы нәрсе. Дәл осы ғана сөздің өзін мен елге алып қайтсам, алтын алып қайтқаннан құнды. Менің барлық еңбегім осымен ақталғандай болды. Оның түсінігіне кейін ораламыз. Қазір Шам шаһарының қызығын аралаудан қол тимей жатыр.

Мешіт ішін әрі қарай аралап келеміз. Әдемі өрнектер, арқалар, құжыралар. Тасқа шапқан бес — он тармақты, төрт-сегіз тармақты оюлар бар. Бұлар әл-Фараби өрнегіне ұқсайды.

Көптеген құжыра бөлмелер ішінде кітап, құран оқып отырған адамдар. Басында ақ сәлдесі бар, ашаң жүзді бір қарт қарсы алдымда отыр екен. Ол кісі менің көзіме дәл әл-Фарабидің өзі сияқты болып көрінді. Бір кезде әл-Фараби де осында болып, кітап қарап, дәріс оқыған ғой. Тегінде бұл сияқты үлкен мешіттер тек қана намаз оқитын орын болмаған. Өйткені барлық бес намаз көп болса 2—3 сағаттан аспайды. Қалған уақытта мынау кең сарай, мынау көп құжыралар оқудың, үйренудің, үйретудің, пікірлесудің, ізденудің орны ғой. Өзін бір университет деуге болады. Әне, ана құжырада екі адам сөйлесіп отыр, мынада біреулер жазу жазып, сурет салып жатыр.

Арабша жазулардың не түрлі әдемі өрнектерімен келген түрлері көзінді қызықтырады. Әл-Фарабидің каллиграфия өнеріне ерекше мағына бергенін осыдан түсінуге болады.

Мешіттің қалаға қарай шығатын есігіне беттеп келе жатырмыз. Жағифар бізге қаланың басқа ескерткіштері жайлы түсіндіріп келеді. Олар республика музейі, Азім сарайы, Салахидин мавзолейі, “Шаһризада базары”...

Осы кейінгі сөзді естігенде біздердің құлағымыз тағы елең ете қалды. Оның себебі атақты “Мың бір түннің” Шаһризадасының есімін алған ол қандай базар болды екен? Онда не бар екен?..

Әр қайсымыз өзімізге керекті болған заттарды сонан табатын шығармыз деп ойладық. Ақылдаса келіп базар аралауды кейінге қалдырып, басқа ескерткіштерді аралауға ұйғардық.

Музей, кесене, сарай...

Музейде адам баласының алғашқы тас қару қолданған дәуірінен бастаған барлық тарихи сатыларынан белгі бар.

Біздің назарымызды өзіне ерекше аударған ертедегі патшалардың тастан жасалған табыт — саркофагтары. Ақ мрамордан ойып, қақпақтарына әртүрлі жазу, таңба, сурет оюлар салынған саркофагтар бір бөлмеде лық толы. Тағы бір бөлмеде үлкен саркофаг жеке қойылған, оның қақпағында латынша алфавит бейнеленген.

Сириялықтардың мақтаны, өздерінің жерінен табылған, алфавиті осы. Адам баласының қолданып жүрген алфавитының ең алғашқы табылған түрі бұл.

Сұлтан Иусуф Салахиден мавзолейі. 1130 жылы туып, 1198 жылы қайтыс болған қолбасшы — батыр, әрі ғалым болған екен. Ұлты — курд. Араб елдерінің, мұсылман жерлерінің біразын Батыстың кресшілері басып алған заманда соларға қарсы халықты ұйымдастырып, кресшілердің бетін қайтарып, оларды ең басты тірегі Иерусалимнен қуып шыққан осы кісі. Өз елінің тарихын жазған ғалым. Дүние жинамай, сопылық жолымен өмір сүрген адам. Осы қасиеттеріне халық разы болып, оны әулие тұтқан, басына мавзолей салып, қызыл ағаштан әдемі сұпы жасаған... Мавзолейде екі қабыр: бірі Салахидин, екіншісі оның қолбасшы серігі — уәзірі болса керек.

Қазіргі кезде Салахиден қабырының үстіне ақ мрамордан әдемі сұпы орнатылған. Оны жасатқан немістің (Германияның) императоры Вильгельм II.

1898 жылы ол кісі өзінің жұбайы Августа Викториямен Таяу Шығысты аралаған сапарында Иерусалимге тоқтаған, Сол жолы Салахидиннің ерлігін сыйлағандықтың ишараты ретінде осы мрамор қабырды жасаттырса керек.

Әзім паша сарайы. Өткен ғасырларда бірсыпыра уақытта Таяу Шығыс соның ішінде Сирия, Түріктердің қол астында болғаны белгілі. Сол заманның кейінгі бір кезінде, елді билеген Әзім паша Үлкен сарай салдырған көрінеді (1749—1750 жылдарда) Сол сарай осы күнге дейін жақсы сақтаулы және Әзімнің үй-тұрмыс жабдықтары, құралдары сақтаулы.

Жұпыны киінген Әзім әйелімен, балаларымен отырған қалпында бейнеленген.

Оның қолданған құрал-саймандары сақтаулы: күрек, шот, балға, балта, шалғы, орақ сияқты. Демек ол кісі өз қолымен жұмыс істеп, сол сарайды көбінесе өзі салса

керек. Халықтың пашаны құрметтеуі осыған байланысты. Дамаскіні аралауды әзірше осымен тоқтаттық. Ертенгі салқынмен Сирияның басқа қалаларына, басқа ескерткіштерін көруді ұйғардық.

Ал менің негізгі мақсатым әл-Фараби зиратын әлі іздегенім жоқ. Не істесем екен? Әлде жолдастарымнан қалып қойып, соны іздейін бе? Осы мәселемен ақылдаса елшілікке телефон шалдым. Олардың айтуына қарағанда Н. Мухитдинов Халеб қаласына кетіпті. Бұл жерде жалғыз қалып, ешнәрсе істей алмайсыз. Неде болса барып қайтыңыз. Келісімен сіздің ісіңізге бірігіп кірісерміз деп уағда берді. Сонымен мен басқа туристермен жүріп кеттім.

Пальмира саяхаты

Сирияның географиялық орталығы Пальмира қаласы деуге болады. Дамаскіден оған тура жол жоқ, бұрыс екен. Соларды есептегенде жолдың қашықтығы 300 километрдей. Күн ыстық. Бір жақсы жері автобус ішінде тоңазытқыш бар, онда мұздай су бар. Анда-санда содан аздап ауыз шайып, бет сипап отыруға болады.

Қаладан шыға бере жолда тоқтаған жеріміз Малула деген кішкене қалашық. Ол өзі бір адырдың қолтығына салынған.

Адырдың дәл ортасында жердің үлкен жарығы бар. Сол жарықтың арғы жағы адырдың астына қарай кеткен үлкен үңгір, ұзындығы 1500 метр деседі. Онда ертеде салынған храм бар. Ертедегі аңыз бойынша мұнда әулиелер паналаған. Онда көп бөгелмей әрі өттік.

Онан әрі тіке солтүстікке қарай тартып орта жолдағы ірі қала Хамсқа тоқтадық. Бір бақша ішіндегі кафеден түстендік. Сол арада есімде қалған бір сөз. Бізбен қатар отырған бір-екі адам маған қарап: “түрікше білесің бе?” дегені. Мен айттым: Білем! Олар:— Дұрыс. Түрікше білмеген Алладан қорықпаған”, дегені.

Кейін сұрастыра келсем бұл сөздің төркіні арыда екен. Араб елдерінің барлығы Батыс Европаның отарына айналған кезде соларға қарсы тұратын тек түрік әскері болса керек. Араб жігіттері исламды қорғаушы мұсылман әскері деп түрік әскеріне алынады. Бірақ олар түрік тілін білмейді, команданы орындай алмайды. Оларға жедел түрде түрікше үйрену қажет болыпты. Сондықтан: “Түрікше білмеген Алладан қорықпаған” деген ұран барлық Таяу Шығысқа кең тараған екен. Енді мен

бұл сөзді Хомс бағында естіп отырмын. Хомс өте көне қалалардың бірі көрінеді. Ерте замандарда мұнда көп пайғамбарлар болған деседі. Бірақ біз бұл қаланы да аралай алғанымыз жоқ.

Бейбарыс қамалы. Крак де Шевалье

Жазық далада қазықтай қадалған биік бір шоқы көрінеді. Оның басында ертеде салынған қамал. Алдымен таудың бетін тіктеп қазып, адам көтеріле алмастай түрге айналдырған. Тек кейбір жерлерінен өздеріне арнап саты жасап қойған. Таудың төбесі жалпақ. Сол жалпақ төбені айналдыра үлкен де, енді терең арық қазылған, соған су толтырылған. Арықтың іш жағынан ірі жартастан биік қабырға қалаған. Мұның бәрі қорғанның сыртқы қабаттары. Солардың ішінде, тағыда ірі жартастан қаланған қорғанның өзі түр. Қорған іші бірнеше бөлімге бөлінген. Онда әскер бөлмелері, басшының орыны, қарауыл орыны, тамақтанатын жер, атқора, құдықхана, мал қамайтын жер, азық сақтайтын орындар.

Осы қамалды христиан елінің кресшілері басып алып, өздерінің бекінісіне айналдырған. Бұл жерден шабуыл жасап, сириялықтарға маза бермеген. Француз кресшілері оның атын де Шевалье ұлығының атына аударып, Крак де Шевалье, яғни Шевалье қорғаны атаған. Жоғарыдағы айтылған атақты сұлтан Салахидин бұл қорғанды әскерімен қамап, бірнеше ай ала алмаған көрінеді. Шамасы алпыс жыл өткен соң қамалды сол елдің екінші сұлтаны Бейбарыс аз-Захир босатқан (1260—1277).

Осыған байланысты оны жергілікті халық Бейбарыс қамалы деп атайды. Бейбарыс есімі қамалдың тас қақпасында жазулы. Бейбарыс сол қамалды алумен бірге барлық Сирия жерін кресшілерден тазартады. Ол ғана емес Бағдатты жаулап алған монғолдар Шыңғыстың немересі Хулағудың басшылығымен Сирия жеріне шабуыл жасайды. Бейбарыс өз әскерімен соған қарсы шығып, Айн-Жалут деген жерде монғолдарға өлтіре сокқы беріп, тас талқанын шығарып, Евфрат өзенінен әрі асырады. Шыңғыс әскерінің алғашқы беті қайтқаны осы болды. Бұл оқиғадан кейін Бейбарыс Алтын Орда хандығымен мықты байланыс жасайды. Сонымен монғол шабуылына барлық жерде тойтарыс беріледі. Өмірінің кейінгі кезін Бейбарыс, алдындағы Салахитдин сияқты ғылымға, ғибадатқа арнайды. Бұл кісі Египет жерінде қайтыс болып, жерленген.

Бір тамашасы жоғарыда айтылған қорғанда Бейбарыстың ұрпағымен кездестім.

Қорғанның ішінде бірсыпыра адамдар мекендейді екен. Кейінгі кезде сол адамдарды қасындағы қыстаққа шығарып, қорғанды мүзейге айналдырған. Мүзейге адамдар келсе қышлақ адамдары келіп әңгімелесіп қалады екен. Кейде айырбастайтын заттары болады.

Солардың ішінде екі қара мүртты жігіт өздерін Бейбарыс нәсілінен боламыз деп таныстырды. Тілдері арабша. Бірақ арғы ата тектерінің Түркістандық екенін біледі екен.

Бейбарыс бір кезде Қазақстан жерінен, жалпы алғанда қыпшақ елінен әскери қызметпен Египетке өткен. Шайқастарда асқан ерлік көрсетуіне байланысты, ол әскер басылыққа көтерілген. Кейін Египет пен Сирияның әскери күші қосылып кресшілерге қарсы соғысқан кезде сұлтандық дәрежеге ие болған. Өзінің қол астындағы елдің жерін кресшілерден, монғолдардан толық тазартып, көршілес Бағдат Алтын Орда елдеріне жәрдемін тигізген.

Бейбарыстың есімі Таяу Шығыста аңызға айналған. Соған арналған араб тілінде шыққан кітап бар. Ол кітап орысшаға аударылған. Соны қазақшаға аудару қажет. Өйткені әл-Фараби мен Бейбарыс екеуі де қазақ елінен шыққан адамдар және екеуі де екі салада үлгілі өнер көрсеткендер.

Пальмира — Тадмор — Зенубия

Ерте заманда Сирияның билеуші әкімдері тұратын бір әдемі, шапаты жайлы қоныс болған. Сол жерде шөлейт далада, аласа адырдың бауырында қолмен қойғандай екі бұлақ көзі бар. Оның бірі жай салқын тұщы су, екіншісі — жер астынан шыққан минералды арасан көз. Осы арасан көздің суын құбырмен бұрып сарай ішіне кіргізген. Соған шомылатын тас астау жасап, емделетін шипалы монша тұрғызған.

Айтылған адырдың ірі кесекті жартысынан қалап әдемі сарайлар салдырған, театр жасаған, базар құрған, қала салған...

Қаланы ең алғашқы салушылар Аремей заманынан деп есептеледі. Ол осыдан төрт мың жыл шамасы бұрын өмір сүрсе керек. Онан кейінгі заманда бұл қала гректер — римдіктердің қол астына кірген. Қаланың ертедегі аты Тадмор римдіктер оны Пальмира атаған, яғни ол пальма-

лы (күрма ағашты) деген мағынада, өйткені онда күрма көп өседі. Римдіктерге қарсы ерлік көрсеткен әйел патша Зенубия. Халық кейінгі кезде қаланы Зенубия қаласы атаған. Қаланың ескі сарайлары ерте замандағы соғыстарда қиратылған. Оның қалдық қабырға арқалары, моншасы тағы басқалары музейге айналған. Сонда салынған қонақ үй, театр Зенубия деп аталады. Ал сол ескі Пальмирадан үш километр жерден жаңа қала қосылған, оның аты Тадмир.

Пальмираның ең басты құрылысы — ғибадатханасы Юпитерге (Шоңайға) арналған. Онан басқа тағы бес ғибадатхана бар. Олардың аттары да аспан шырақтарын: Ай, Күн, Шолпан, Су жұлдызы (Меркурий болу керек), Өсімдік жұлдызы (Сатурн болса керек). Солардың ортасында құрбан шалатын тастан жасалған орын бар.

Айтылған сарайлардың ішіндегі, кемеріндегі, тіреулеріндегі өрнек орнаменттері тасқа шауып жасалған, жақсы сақталған. Ішінде біздің көзімізге оттай басылғаны мыналар: қошқар мүйіз, найза немесе садақ оғының ұшы дөңгелек — жұмыр жұмыртқа бейнелес форма, бес бұрышты — бес тармақты жапырақша гүл. Олар кезектесіп аралас келіп отырады.

Арасан көздің суына жасалған құбыры шебер орындалған: су жүретін құбыр күйген қыш құмыра (керамика). Оның сыртынан, берік болу үшін гранит тастан тескен сауыт қаптаған. Минерал суын татып көрдік: сәл керім, күкірт исі байқалады.

Гранит тастан жасалған тіреулер — колонналар көп; ескі қаланың бір көшесі бастан-аяқ тіреулермен безендірілген. Олардың құлағандары бар, сол қалпында тұрғандары бар.

Кешкісін Зенубия атындағы қонақ үйге орналастық. Оның иесі атақты мәдениетті қажы екен. Бізді жақсы қарсы алды. Ол кісі бізге арабтың ұлттық тағамы деп палау бергізді. Біз оны өзбек палауы десек, арабтар оны өздерінікі дейді. Айырмасы — арабтар оған күрма қосса, өзбекте оған жүзім салады...

Ертеңіне Дамаскіге қарай қайта бет алдық. Мыйдай жазық далада келе жатырмыз. Бұл атақты жер өлшеу даласы. Шығыс жағымызда Евфрат өзені, оның қабағында Бағдат қаласы.

Аль-Мумин халифаттың заманында Бағдат пен Шамның ғалымдарын екі партия болып Жердің көлемін өлшеген. Оның мәнісі мынау: Жерде доп-шар пішімді деп

алған. Сол шардың бетінде бір тегіс жерде бір градус бұрыштың шеңбер доғасын өлшесе болғаны.

Доғасы белгілі бұрыштың қабырғасын табу оңай. Ол қабырға жердің радиусы болмақ. Радиусы белгілі болса шардың (жердің) бет ауданын және көлемін айыру оңай.

Демек радиус мәні табылса болғаны ғой. Оны табу үшін алдымен жердегі өлшенетін нокаттардың географиялық координатын табу қажет. Ол үшін күн сағатын, ойыс айна жасап, астрономия аспабы қолданады. Осы әдістермен жер бетінде бір меридианда жатқан екі нокаттың ендік айырмасын бір градус етіп, осы екі нокаттың арасын дәлдеп өлшеу керек. Сонда жердің бір градус доғасын арабша $56\frac{2}{3}$ миля (араб милясының ұзындығы 1973 м шамасында), яғни 111,8 км. 1160 жылдай бұрын орындалған осы өлшеу қазіргі ғылымның өлшеуіне дәл келеді. Бұл істерге әл-Фарабидің тікелей қатысы бар.

Бабаның мәңгі мекені — Баб ас-Сағир зираты

Аль-Хорезми заманындағы (Аль-Мумин халифаның кезіндегі), онан кейін әл-Фараби заманындағы тамаша өлшеулердің дәлдігі бұл күнде ғалымдарды таңдаңдырады... Ғылым тарихында бұл ерен жетістік. Сол ғылымның арқасында европалықтар кейін Американы ашты емес пе?

Ертеңгі күн уағда бойынша базар күні болмақ. Туристер күні бойы “Шаһризада” базарын аралауы керек. Оның ертеңінде біздер Сирияны тастап Ливан өтуіміз керек. Мен келісімен елшіге телефон соқтым. Елші тағы да бір жерге жүріп кетіпті. Бірақ та ол кісі маған көмек көрсетуді қатты тапсырып кетсе керек. Елшіліктен ертеңгісін сағат он екі кезінде машинамен келмек болды. Баб-ас-Сағир Зиратын білетін кісіні алып барамыз деп уағда қылды.

Таңертең менің турист достарым тегіс базарға кетті. Мен жалғыз өзім ғана қонақ үйде қалдым. Тек жақын жердегі кітап дүкеніне барып, арабша екі кітап алдым. Машина айтқан уақытта келе қойған жоқ. Уақыт өткен сайын менің мазам кетуде. Ақырында машина күн батуға жақындап қалғанда келді.

Машинаның айдаушысы малатиялық күрд Салахиддин Ибн Ибраһим, түркіше біледі, іздеген зиратты да біледі екен. Машинада тағы үш адам бар. Оның бірі Коробов Н. В. деген “Известия” газетінің тілшісі, “Достық

коғамы” мүшесі. Менің іздегенім оған да керек мәлімет. Басқалары елшіліктің адамдары.

Қаланың Солтүстік — Шығыс жақ бетіндегі бір биік қақпаның алдына келіп тоқтадық. Іздеген Баб ас-Сағир — Кіші қақпа осы. Алдында кішірек әдемі мешіт, оның бір жағында мрамор тастан жасалынған жуынатын орындар. Мешіт ішінде кітапхана сияқты қаланған папкалар, кітаптар... Күзетшісі бізге әл-Фараби қабырын көрсетті. Айналасы сәл ашықтау жерде жатқан жұпыны сұпы, сыртың цементпен сылаған. Басқа ешнәрсе жоқ.

— Мұның әл-Фарабидікі екенін сіз қайдан білесіз? Ешбір белгі жазу жоқ қой?— деп сұрадым.

Күзетшінің айтуынша белгі оның басында бұрын болған. Жер сілкінген кезде құлап қалыпты. Онан кейін оны түзеткен кісі жоқ. Айналасында тұрған мынау қабырлардың бәрінің де белгілері құлаған. Бірақ сіз мұның әл-Фарабидікі екеніне ешбір шүбә келтірмеңіз, өйткені бұл зиратта жатқан адамдардың бәрі дәптерде тіркеулі, кімнің қай жерде жатқаны белгілі дейді.

Баб ас-Сағир зираты белгілі адамдарға арналған династиялық жай көрінеді. Онда тек патшалар, пайғамбар нәсілдері, халифа нәсілдері, әмірлер немесе солардың ұстазы болған үлкен ғұламалар ғана қойылады екен. Сирия әмірі Сайф ад-Даула әл-Фарабиді өзіне ұстаз тұтқан. Сол себепті ол кісі оны өз қолымен осы жерге қойдырған. Олай болмаған күнде мың жылдан бұрынғы жалпы зираттар жермен жексен болып кеткен, онан табу мүмкін де емес. Баб-ас-Сағир бір кезде қаланың шетінде қоршау қақпада болған. Кейін қала өскен соң ол ортада қалып қойыпты. Сонан кейін оның айналасын темір шарбақпен қоршап бұрынғы қалпында сақтаған.

Әл-Фараби қабірін, зиратты дереу суретке түсірдік, өйткені сол кезде күн батуға жақын еді.

Барада өзенінің суы анадайдан батар күннің шұғыласына шағылысып, жарқырап көрінеді. Осыдан дәл жыл бұрын Отырарда әл-Фарабидің туған жерінде, осындай кеште Сырдың суы дәл осылай көрінгені есіме түсті.

Біріншіден ұлы адамның дүниеге келген жерін және одан кеткен жерін іздеп тауып, суретке түсіріп алу бір жақсы нышанды іс сияқты. Екіншіден, жүректе бір қылдай сезім сыздайды: адамдар неге ұмытшақ, неге ғапыл, осындай өлмес, өшпес мұра қалдырған дананы неліктен ұмытады. Отырарда қандай белгісіз болса, мұнда да сондай, жоқтаусыз, жетім бала сияқты...

Көңілім біртүрлі бұзылып, назымды қойып дәптеріме түсірдім:

Түркістан мен Шам арасын жақындатқан бабамыз,
Басыңа келді ұрпағың, ақылды дария данамыз.
Араб, парсы, түрікте сізді білмес жан бар ма,
Басқалар да таниды, тарихқа көзін салғанла.

Зират айлап басында,
Елден іздел келген ем.
Тәбәрік етіп бір уыс,
Топырақ алдым мен сенен.

Мағауиа мешіті,
Сан ғасыр бастан кешірген.
Қасыңда әлі тұр екен.
Дар ас-Салам ол мекен.
Торқалы мекен тоғысқан,
Токсан тарау жол екен...
Сізге де мекен болыпты
Ел басын қосқан сол мекен...

23 қыркүйек, 1968 ж. Дамаск.

Мойнымдағы фотоаппаратты сипап ұстап қоямын, өйткені оның ішінде әл-Фараби зират бейнесі түсірілген пленка бар. Ұлы бабамыз туған еліне қайта оралып келе жатыр...

Қоштасу кеші

Дамаск қаласының бір құрметті адамы “Шығыс қонақ үйінде” біздерге қоштасу қонақ асын берді. Біздерді құттықтап, достық сөздерін айтып жатты. Біздің туристердің басшысы маған сөз берді.

Мен: “Сирия мен қазақ елі ежелден араласы бар достас ел. Біз ескі достық ізімен жаңа достық көңілмен келіп отырмыз. Сол ғасырлар бойы үзілмей жалғасқан достықтың талай тамаша айғақтарын көрдік, еске түсірдік. Бейбарыс сұлтан біздің елден шыққан адам. Сол кісі өзінің жанын шүберекке түйіп ел басына күн туғанда Сирия елін қорғады.

Оның алдында осы елде болып ұстаздық еткен “Екінші Ұстаз” аталған әл-Фараби осы қалада жерленген. Мен бүгін сол кісінің қабірін тауып алып суретке түсіріп қайттым. Сонда менің көңіліме келген нәрсе сіздерге азырақ өкпем бар...

Дүние жүзіне белгілі дананың қабірінде ешбір белгі жоқ. Онан кейінгі жерде Ақсақ Темір заманында, онан бері Сирия мен Түркістан арасында талай тамаша ғылыми,

мәдени байланыстар болды. Екі елге бірдей ортақ Ибн Халдун есімін атасақ, соның өзі де жеткілікті болар... дегендерді айттым.

Ең ақырында екі елге ортақ ұлы данышпан әл-Фарабидің 1100 жылдық мерекесі келе жатыр, соған қарсы сіздер де осы жұмысқа ат салысар деген үміттеміз..." деп аяқтадым.

Арабтар жағынан Дадуш есімді бір адам өзінің сөзінде менің айтқандарымды мақұлдады. Сонымен қатар ол кісі Сирияның басынан ауыр күндер өткенін айтты. Мың жыл ішінде жүздеген жер сілкіну, басқыншылық апаттар болыпты. Кейінгі кезде ғана ес жия бастапты. Кейін бір айналып келгеніңізде әл-Фарабидің басында ескерткіш болады деп уағда берді.

Айта кетелік: сол уағдасын олар орындапты. Демек, ендігі баратындар мен сияқты әл-Фараби зиратын іздеп шатыспай, бірден таба алады.

Ливан жерінде

Ливандықтар өз елін Ливанун деп атайды. Оның мәнісі Қос Ливан деген сөз екен. Себебі, Ливан қатар жарысқан екі биік тау, біздің Күнгеі Алатау мен Теріскей Алатау сияқты. Ливан — Анти-Ливан болып келеді. Сол таулардың ортасы кең жазық, құнарлы өлке, Ливан атты өзен Жерорта теңізіне құяды. Сол өзеннің бас жағында Бағалбек атты ескі мекен бар. Біз соған қарай бет алып келеміз.

Автобустағы менің достарым біріне бірі көргендерін айтып, алған заттарын көрсетіп келе жатыр. Менің олармен бірге жүрмегенім көбіне түсініксіз. Олар мені бір қияли диуана адам деп санайтын сияқты.

“Осынша көп қаражат жұмсап, уақыт кетіріп, ел ара-лағанда үйіңізге ешнәрсе алмағаныңыз қалай, деп қояды біреулері. Біреулері қалжыңға көшті. ”Бұл кісінің нақ сүйері осы Дамаскіде болу керек. Бұл кісі бізбен бірге жүрмей, түнделетіп ылғи оңаша қалады деп қояды. Кеше күні бойы қонақ үйде жалғыз қалды... соның бәрі тегін емес деп қояды біреулері. Кейбіреулері Дамаскіде әл-Фараби қалып барады. Бұл кісінің тұнжырап, ренжіп отырғаны сол деді...”

Осы сияқты әңгімемен Бағалбекке келіп тоқтадық.

Жалпы қарағанда жоғарыда айтылған, Сирияда көрген,

Пальмираға ұқсайды. Айырмашылығы: мұндағы сарайлардың көбісі бүтін сақталған және сондығынан болар, көріктілеу. Бұл керемет ғажап құрылысқа тас алынған беті ашық шахта.— Карьер өте үлкен — ұзындығы бір километр болып қалар. Сол карьердің ішінде бір зор кесек тас жатыр. Ұзындығы 30 метр, ені 3,5 метр, биіктігі 4 метр, салмағы 1100 тонна болса керек. Соны карьерден алып шықпақшы болғанмен шама келмеген деседі. Ол заман түгіл, осы замандағы техниканың да оны жылжытуға әлі келмейді. Адам қолымен босатқан кесек тастардың дүниедегі ең ірісі осы деседі.

Тас сарайларға қаланған тас кесектері одан әлдеқайда кіші. Бұларды қалай алып шығып қалады екен деп таңданасың. Биік сарайларға қаланған тас кесектерінің ұзыны бірнеше метр келетіні бар. Соның өзін қазып алып өңден, көтеріп шығарып қалау оңай емес.

Бағалбектің тас құрылыстарының жалпы архитектура-лық бейнесі аспан шырақтарының қалпына сай келетін сияқты. Он екі жерде үлкен қара мұнара, Күн сарайы алдымен көзге түседі. Соған сәйкес болар, гректер бұл қаланы бір кезде Гелиополис, яғни Күн қаласы атаған. Онан кейін орталық жерде белгілі Юпитер-Муштари (Шоңай) храмы. Оның соң Шолпан храмы...

Осылардың көбінде тастан қашалған адамның, жануарлардың мүсіндері бар. Олар тегінде ертедегі адамдардың шоқынатын бұттары болу керек. Сарайлардағы тіреулердің сандары да бір заңдылыққа бағынған болу керек. 12, 42, 54, 128 сияқты.

Кейінгі кезде Бағалбек сарайларын әртүрлі ойын қоюға, сауық кештерін өткізуге театр ретінде пайдаланатын болған. Мысалы ертедегі Троян соғысының бейнесін көрсеткен ойын осында қойылса керек. Сарайлардың құрылысы сол өзінің қалпында ертедегі соғыстың нақты сахнасы бола кеткен. Екінші бір тамаша кеш араб елінің атақты әншісі Умгүлсім концерті болса керек. Оған жиналған халық Бағалбектің ауданына сыймай кетті деседі. Айтушылардың сөзіне қарағанда әншінің тамаша дауысынан Бағалбектің тас сарайлары қоса күңіреніпті.

Ливанның орталық қаласы Бейрутқа келіп қонақ үйге орналастық. Жер Орта теңізінің жағасына салынған әдемі қала, жаңа қала. Оның қасында ескі қаланың құлаған орны бар. Ашық музейге айналдырған. Ливанның біз көрген барлық қалалары осы сияқты жаңасы мен ескісі қатар. Мысалы, сол түстігінде Библос, Триполи,

оңтүстігінде — Сайда (Сидон), Сауыр — (Түр) — бәрі де солай.

Теңіз жолдары, ауа жолдары, құрылық жолдары бәрі бірдей осы Бейруттен тарап, тоғысатын секілді. Мұнда халықаралық мекемелер көп; төрт университет (Американдық, Француздық, Ливандық, Кувейттік). Университеттердің алдында Күн сағаттар қойылған. Жиырма бір елдің сауда банкілері бар.

Бейрут музейінің кейбір өзгешелігін айта кетейін. Мұның есігі алдында ірі тас мүсіндер көп. Кірген бетте ішінде адам бейнесі: Оның жоғары көтерген екі қолында төбесіне тірелген үлкен дөңгелек табақша. Ол табақшаның бетінде өрнектеп салған ескі алфавиттер. Барлық кітаптардың шыққан жері біздің Библос дегенді ишарат ететін көрінді. Сол қаладан табылған таңбалар, папирус қолжазбалары бар. Ескі алфавиттің әріп саны 23, көбінесе дауыссыз дыбыстар.

Ертегілердің табынатын тағы екі заты әдемі түрде жасалып, сақталған. Оның бірі қара қоңыз — скарабей, екіншісі — бестармақ жапырақты өсімдік — лотос.

Тағы бір үлкен тас мүсін — екі басты өгіз. Ол ертедегі Ассирия, Иран шахтарының көзінен қалса керек.

Бейруттың солтүстік жақ шетінде үлкен шатқал бар екен. Біздің Алматының Медеу сайы сияқты. Ондағы кішкене өзенді Ит өзені (Наһра ал-Калби) деп атайды. Ливанның, Кала берді бүкіл таяу Шығыстың тарихын бейнелейтін сол шатқалда қара жартас бар. Онда кілең тасқа қашалып есімдер жазылған. Вавилония — Ассирия патшасы, Набуходонаср, Мысыр (Египет) фараоны Рамзес, гректің — визиянтияның патшасы Константин, Мамлюк сұлтандары, түрік патшалары — ақырында Франция императоры Наполеон Ш...

Самырсын орманы — Ливанның ерекше табиғи қазынасы. Бұл тарамаш майы шылқыған балқарағай — самырсын өте ұзақ өмір сүреді. Кейбір ағаштардың жасы 6000 жыл. Өзі берік, өзі мықты, тығыз, шойындай ауыр ағаш. Ол Ливан тауында ғана өседі. Ерте замандарда ең қасиетті деген құрылыстарды, заттарды осы самырсыннан жасаған. Мұны әулие орманы деп қатты күзетеді, қорғайды, күтеді. Біз бір күнімізді сол орманда өткіздік. Онда монастр, шіркеу, мешіт бар екен. Ливан елінің көпшілігі мұсылман, сонымен қатар онда христиан дінін тұтынатындар да көп. Бәрі бір ұлт, арабтар. Бірақ олардың христиандары мен европадағы біз білетін христиандар ара-

сында үлкен айырмашылық бар. Ливан христиандары Ғайсаны пайғамбар деп таниды. Европа елдері Ғайсаны құдайдың баласы деп біледі. Ғайсаны пайғамбар деп танитын христиан дініндегі ағымды алғашқы кезде бастаған атақты Нестор болған. Кейін оны жақтаушыларды несторианшылар деп атаған. Ливан христиандары сол ағымға қосылады.

Ғайсаны құранда да пайғамбар деген. Сондықтан Ливанның мұсылмандары мен христиандарының арасы ежелден жақын болған.

Кедр орманынан басталатын өзенді әулие өзен деп санайды. Оның аты Абу Ғали. Ол Триполи қаласы қасынан барып теңізге құяды.

“Китаб ал-муסיқи ал-Кабир”

Қолға түскен бір хабарлар бойынша осы Ливанда — Бейрутта Табан деген бір атақты “кітабилер” болса керек. Олар ерте замандардан қалған кітаптарды жинап, жамап-жасқап сатып, немесе айырбастап немесе көбейтіп сатып кәсіп етеді екен. Менің іздеп жүргенім сондай адам. Бірақ, бейтаныс елде оны қалай табасың?

Бізге тілмаш болып, еріп жүрген Ольга Вячеславна Галуани деген егде жастағы әйел бар еді. Ол кісі жас кезінде әкесімен еріп шет елге өткен. Шет тілде (ағылшынша) институт бітірген, араб жігітіне тұрмысқа шыққан. Ол кісі төрт тіл біледі: орысша, арабша, ағылшынша, французша. Мен өзімнің жұмысымды сол кісіге айттым. Ол кісі мені жақын тартып, жерлесім деп қарады (Өзі Алтайда туған көрінеді). Екінші жағынан менің арабша жазылған тарихи кітаптарды іздеуім ол кісіге ұнады. Тегінде өзі адамгершілігі зор адам екен. Ол кісі маған араб тілінде “Медицина ғылымының тарихы” деген бір кітап сыйлады. Өзіңізге керек кітаптың атын арабша анықтап жазып беріңіз. Мен оны табатын адамға тапсырамын,— деді.

Сол жолы мен қолма қол:

“Әл-Фараби, Китаб ал-муסיқи ал-Кабир” деп жазып бердім, яғни әл-Фарабидің “Үлкен музыка кітабі” деген сөз ғой бұл. Ертеңіне Ольга Галуани маған келіп: “Бұл жолы қиындау боп түр”. Мен кітапшаны тапсырдым. Ол табамын деп уәде берді”,— деді. Мен ол кісіге адресімді беріп, қош айтыстым.

Бейрутта, аэропорт басында таможня шамадан, заттарымызды тексере бастады. Олар барлық заттарды басқа

бөлмеге апартып қойғызды да, туристерді басқа бөлмеге шығарды. Сонда да біреулер отырып: шамаданда суретке түсірген пленка болса, оны ашып ағартып — өшіріп жібереді екен, деді. Естігенде менің жүрегім мұздап сала берді. Өйткені мен Сирияда түсірген суреттерімді Ливанға келгенде шамаданға салған едім. “Олай болса менің еңбегім далаға кетеді. Әсіресе әл-Фараби зиратын жоғалтсам... зор өкініш. Біреулер жұбатып жатыр. Олар бәрін бірдей тексермейді. Бірлі-жарымын қарайды да қояды деп... Сол күдікпен Мәскеуге де келіп жеттік.

Сапардың жалғасы

Мәскеуге келісімен ең алғашқы әрекетім — Сириядағы түсірген суреттерімді фотографияға апарып көрсету еді...

Кейбір кездерде адамға әрбір минут сағаттан ұзақ болып көрінді. Фотограф менің кассетімді алып өзінің қараңғы бөлмесіне кірді, мен ауызда отырмын...

Бір мезгілде фотограф:

— Жасауға болады... дегені...

Қуанғанымнан фотографтың ақысын артығымен төледім.

Шыға сала, ел хабарын білейін деп газетке жүгірдім. “Известия” 24/Х—1968 ж. онда көзіме оттай басылған “Сирияның діни қайраткерлері келді” деген жарнама еді. Сириялықтар менің соңымнан арнайы қуалай келген сияқты болды. Сирияның ең жоғарғы дәрежелі бас муфтиі Ахмад Кефтаро мешітте сөз сөйлейтін көрінеді. Бұл кісінің үлкен ұлы белгілі математик, мен онымен бұрыннан таныспын. Қартты тыңдауға бардым.

Мәскеу мешіті лық толы адам. Татар муфтиі Шәкірқари Ахмад Кефтаромен көпшілікті таныстырып, ол кісіге сөз берді. Ол кісінің сөзін екінші муфти — ташкендік Зналидин Бабахан арабшадан түркішеге аударды.

Ахмад муфтидің сөзі исламның ғылымға ашқан жолы туралы болды. Демек ол әл-Фараби, Ибн Сина сияқты нағыз ғалымдардың ісін жоғары бағалады. Дін қайраткерінің айтқаны-ғылым шындық жолынан тайса адам баласын апатқа ұшыратады. Осыған сақ болу керек деген сөзі. Айтқанына байланысты көптеген тарихи ғылыми дәлелдер келтірді. Аударып тұрған Бабахан хазрет: “Бұл кісінің білімі үлкен бір дария болса, менің

аударғаным соның бір тамшысындай”. Осы ойларыңызда болсын,— деді.

Ахмад қарттың сөзінен кейін менің есіме әл-Фарабидің “Қайырлы қала тұрғындарының көз қарасы” атты еңбегі түсті. Сонымен байланысты Абайдың: “ғадалатты хақимдар болмаса дүние ойран болар еді” деген қағидасы еске түсті.

Адам баласы өз қолдан жасаған нәрсеге құл бола ма! Немесе әл-Фараби — Абай сияқты даналардың ақылына тоқталып, шындыққа жол таба ма?

Осымен біздің шет елдік сапар аяқталды. Көп нәрселерді көріп, естіп, мирасқа едәуір байып қайтқандай болдым.

Алматыға келген соң бірнеше адамдардан хат-хабар, кітаптар келді.

Н. Мұхитдиновтан хат келді, кітап келді, сурет келді. Ол кісі Сирияда екеуіміздің кездесе алмағанымызға өкініпті. Сонымен қатар әл-Фарабидің жақында арабша шыққан бір том кітабын сыйлық етіп жіберген көрінеді. Әл-Фараби жатқан Баб ас-Сағир зиратының суретін, оның қабірінің суретін жіберіпті. Ол кісінің жіберген суреті мен менің өзім түсіріп қайтқан сурет екеуі бірдей болып шықты. Бұл өзі шындықты нығайта түсті.

Екінші хат Бабажан Ғафуровтан келді. Ол кісі менің Таяу Шығыста істеген істеріме өте разы болған. Сонымен қатар өзі басқарып отырған Одақтық Шығыстану институты әл-Фараби мирасын зерттеу ісін өте керекті ірі істердің бірі деп санайтынын білдірген. Сол себепті осы жөнінде маған әрдайым өз көмегін аямайтынын айтқан, әл-Фарабидің 1100 жылдық мерекесіне жан-жақты дайындалуды ұсынған.

Үшінші хат — Ольга Галуаниден. Ол кісі мен Бейруттан кеткен соң шамасы бір айдан кейін әл-Фарабидің “Китаб алмусақи ал — Кабир” еңбегін қолға түсіріпті. Ол кітап өткен 1967 жылы Каирда басылып шыққан екен. Өте тез тарап кеткен аз тиражды кітап, көлемі 1200 бет. Ольга оны бір адамнан он доллар беріп сатып алған. Жай почтамен жіберу хауіпті, жоғалып кетуі мүмкін. Соны қалай жіберуді сұрайды.

Мен Галуаниға академиядан шыққан екі кітап жібердім. “Қазақ музыкасы”, “Қазақ эпосы” жайында. Сонымен қатар кітаптың құнын өтеу үшін сыйлық ретінде алтын сырға жібердім. Бұл сыйлықтарды сенімді болу үшін шет елмен байланысатын орын арқылы, Ливандағы елшілік арқылы жібердік.

Кешікпей елшіден хат келді: “жіберген сыйлықтарыңыз Ольга Галуаниға тапсырылды және ол кісінің берген кітабы (“Китаб ал-мусики ал-Кабир”) сізге жіберіліп отыр деп.

Осы хабарды ала салысымен мен почтаға барып, кітапты алып қайтсам, Ольганың екінші хаты да келген екен.

Ол хатында біздің сыйлықты алғанын жазыпты, зор рахмет айтып, ризалық білдірген. Сол хатында ол кісі Құранның орысша аудармасы болса жіберіңіз деп жазған. “Құранның ағылшынша, французша аудармаларын оқыдым. Өте терең мағыналы, ғибраты мол нәрсе екен. Соны орысша бір оқысам деп едім”,— дейді. Ол кісінің осындай шындық іздеуінің өзі үлкен парасаттылықтың белгісі.

Осы кезде әл-Фараби мәселесі халық арасына кеңінен тарап, бізге бұрынғыдан да көптеген хаттар түсіп жатты. Қазақ мәдениетіне жаны ашитын талапты азаматтар бұл жұмысқа жан-жақты ат салысып маған көмек көрсете бастады. Сол кезде Қазақ энциклопедиясын шығаруға дайындық жүре бастаған еді. Көп томдық энциклопедияның ең алғашқы бірінші томына “әл-Фараби” кіру керек деп таптық. Сонымен байланысты оның өмірбаянын жазуға кірістік. Мақала шықты, бірақ толық емес.

Ғалымның өмірбаяны алдымен оның қалдырған мирасының баяны. Осы тұрғыдан қарағанда әл-Фарабидің ғылыми өмірбаяны әлі жазылған жоқ.

Біз қазір әл-Фарабидің көпшілікке арналған өмірбаянын жаңғыртып, дәлдеп, толық деректі түрде қысқаша келтіреміз.

Жаңа бастау

Әл-Фарабидің өмірбаяны барлық мәдениетті елдердің энциклопедиясында бар. Ол қазақша энциклопедияға да енді. Біз сол өмірбаяндарды қаз қалпында көшіруді пайдасыз көрдік. Сонымен қатар ол кісінің кейінгі кезде мирастары зерттелумен қатар бұрынғы түсініктердің ескіргені бар, көп жаңалықтар бар, көп түзетулер қажет. “Сол жаңалықтар қайдан шықты? Оған нендей дәлелдер бар?”— деген сұрақ туады. Көп замандар бойы қалыптасып қалған нәрсені түзету, өзгерту оңай емес. Сондықтан да әл-Фараби өмірбаянын жазу үш кезенді қамтуы, ұлы ұстаздың мирасын іздеу, екінші оны қалай

жұртқа таныту. Үшіншіден әл-Фарабидің мұрагері боларлықтай қазақ халқынан шыққан ғалым болса да соны айту. Сол арқылы әл-Фарабиді рухани тірілту керек, ғұламаның үлгілі даналық ісін қазіргі халқымыздың бойына сіңіру керек. Міне сонда ғана ғалымның өмірбаяны нақтылы болмақ. Сол себепті әл-Фарабидің жалпы өмірбаянына жалғасатын нәрселер: ол қай жолмен өзінің туған еліне қайта оралды. Қазақ халқында оның жолын қуған, тағлым алған кім? Кәзір одан ұрпақ тағлым ала ма? Сонда бұл біртұтас өмір, халық данасының өмірбаяны болмақ.

Бұл арада біз жоғарыда айтылғандарды қайталамай қосымша мәліметтер кіргіземіз және сол айтылғандарды нығайтатын, дәлелдейтін мәселелерді сөз етеміз. Сонда ғана туған еліне оралған әл-Фарабидің өмірбаяны өміршең болады. Расында шет елдік кітабында жүрген, өзі еліне белгісіз, ұмытылған адамның өмірбаяны кімге керек.

Абу Наср әл-Фарабидің ұлы ойшыл, жан-жақты ғалым екені, ғұлама хакім екені көп ғасырлар бойы мәдениетті қауым арасында мәлім болған. Алдымен ол араб елдерінде әйгілі, өйткені оның ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі араб тілінде. Онан кейін әл-Фараби ислам діні тараған елдерде белгілі. Сонымен қатар және соған байланысты әл-Фараби есімі Батыс Европа елдеріне кең тараған. Өйткені әл-Фараби заманында (IX—X ғасырларда) араб тіліндегі мәдениет дүние жүзіндегі ең ірі мәдениет дәрежесіне көтеріліп Азия: Африка, Европа елдеріне қатар қанатын жайған. Соның ішінде Испанияда (Кордовада) араб мәдениетінің европалық орталығы Омиад халифалығы құрылған (756—1031). Сол халифалықта әл-Фараби ілімін дамытқан ірі ғалымдар болғаны мәлім. Екі-үшеуін атасақ та жетіп жатыр. Ибн Рушд, оны европалықтар латыншылап Аверроэс атаған. Ибн-Туфейль (Абубацер), Ибн Хайтам.

Немістің белгілі тарихшы ғалымы Ф. Даннемен өзінің “Табиғаттану тарихы” атты еңбегінде араб ғалымдарының барлық ғылыми салада европа елдеріне тікелей әсер еткенін жазады. Дәлел ретінде Ибн Хайтамның оптика мен механика негізін қалағаны жайлы айтылған. Ал Европаға кең тараған астрономия — астрология ғылымы, алхимия салалары тікелей әл-Фарабиден алынғаны жайлы жазған (Орысша аудармасы, 1932 жылы, I том), музыка тарихын зерттеуші Америка ғалымы Фармер Г. өзінің “Араб музыкасының тарихы” деген еңбегінде (Лондон, 1929—30)

әл-Фараби музыкасының Европа еліне кең тарағанын жазған. Әл-Фарабидің: “Музыканың үлкен кітабын” де Ерланже 1930 жылы француз тілінде шығарды.

Әл-Фарабидің математикадағы, архитектурадағы еңбектері де сол сияқты ертеден белгілі болған. Ежелгі грек ғалымдарының еңбектерін араб тіліне аударуда, оларды талдауда, әрі қарай дамытуда әл-Фараби теңдесі жоқ асқан ұстаз болған. Платон, Аристотель, Пифагор, Евклид, Птолемей еңбектерін түгелдей меңгеріп, дамытқан адам. Сол себептенде алғашқыларды бірінші ұстаз десек, әл-Фараби — Екінші ұстаз (Әл-Муғалим әл-Сани) деп ныспы атақ берілген.

1950 жылдары әл-Фарабидің біраз еңбектері Түркияда (Стамбулда) шықты. Соның ішінде Ахмад Аташ әл-Фараби еңбектерінің қайда жатқанын көрсеткен тізімін жасады. Сол тізім бізге көп көмек берді (онда әл-Фарабидің еңбек саны 160).

Әл-Фараби туралы қысқаша мағлұмат көптеген елдердің энциклопедиясында бар дедік. Солардың бәрінде әл-Фарабидің туған жері Отырар (Фараб) екені, шыққан тегі түркі нәсілдес тайпадан екені айтылады.

Біздің әл-Фараби мирасын зерттеу ісіне кірісер алдындағы белгілі мәлімет осы дәрежеде болатын. Осы мәлімет бойынша өзінен өзі сұрақ туды: “әл-Фарабидің туған елінде ол туралы не бар?” деген.

Жауап: Қазақстан жерінде әл-Фарабидің аты да, заты да жоқ. Бұл қалай?

Осыдан шамасы отыз жыл бұрын жағдай осылай болды. Сонан кейін біз оның 1100 жылдық мерекесін халықаралық дәрежеде 1975 жылы өткіздік. Онан бергі жерде әл-Фарабидің түрлі саладағы ғылыми мирастарын жинаудамыз, зерттеудеміз. Солардың қазіргі ғылымға қабысатын тамаша ойларын кеңейтудеміз, дамытудамыз. Ұлы дана бабамыздан тағлым алып үйренудеміз. Бір кезде ешкім білмеген, ұмыт болған әл-Фараби есімі бұл күнде елімізге әйгілі болды. Бұл рухани өміріміздегі зор оқиға. Осының өзі жас ұрпақтарымызға зор үлгі боларлық оқиға. Сол себептен біз осы мәселе жөнінде шындықты одан әрі көрсеткіміз келеді.

Қазақта мақал бар: “Келіннің өзі келгендей, ұлдың өзі туғандай” деген. Бұл күнде “Фарабистер” көбейді. Бір күндерде жаныма еретін адам таба алмаған маған ғалымдардың бұл күнде көбеюі қуанышты. Солардың ішінде әл-Фарабиді ел намысы үшін, өзі тағлым алу

үшін, сол арқылы халыққа жақсы адамдық, адалдық тәрбие беру үшін зерттейтіндері де бар... Мені қуантатын солар. Сонымен қатар, әл-Фарабиді кәсіп етіп, оның атын сатып, оған жалған жала жауып, сонымен нан, атак, мансап табушылар да бар. Олардың түсінігінше 1100 жыл өткенде әл-Фараби өзі іздеп келген сияқты. Ал бір кезде сол адамдар: “Сіздің осы әл-Фарабиіңіз кім? Басында сәлдесі бар екен... Өзі молда болар... Оны қайдан шығарып жүрсіз” деп мені тәлкек етіп келемеждегендер. Ондайларды көргенде ішің ашиды. Жас ұрпаққа тағлым болсын, әл-Фарабиді қалай іздегенім туралы, оны қалай халыққа танытқаным туралы, қазір ол жөнінде не істеп жатқаным туралы қысқаша шындықты жазуымның бір себебі осы.

Дүние жүзіне мәшһүр болған ұлы ғалымның туған жері Қазақстан жері, Сырдың бойы, қазіргі Отырар ауданы болса, нәсілі түркі тайпадан болса, оның қазақ болғаны ғой. Ондай жағдайда бұл адам өзінің туған елінде мағлұм болса керек қой. Оның өз елінде белгісіз болуы қалай? Оны бізден, бұрынғы көзі ашық ірі адамдар қалай білмеген? Білсе неге сөз қылмаған? Әл-Фарабидің жолын қуған көп ғалымдар дүние жүзіне белгілі, мысалы: Әбу Али Ибн Сина, Әбу Райхан Беруни сияқты адамдарды бүкіл халық біледі. Ал олар әл-Фарабиді өздеріне ұстаз тұтқандар... Осы сияқты ойлар мені бірталай уақыт толғандырып жүрді, іздестіріп көрдім. Жоқ Бірлі жарым адамдар оның атын кейде атайды. Бірақ онан әрі ешбір қадам баспайды.

“Ұлы бабаның мирастарын зерттеу бізге міндет қой. Бұрынғылар оны неге істемеген?” деп біз өткендерді кінәлаймыз. Ал кейінгілер дәл сол сияқты кінәлайтын болады.

Жоғарыда айтылған жетістіктер арқасында Шахмардан Есенов әл-Фарабиді зерттеу мәселесі академияның жоспарына кірсін деген қаулы ұсынды.

1968 жыл. Осы жылды біз әл-Фараби тақырыбының академия жоспарына кірген жылы деп санаймыз.

Осы оқиғалардан кейін менің “Әл-Фараби” атты еңбегім ұлы ұстаздың 1100 жылдық мерекесіне арналып шықты (1970). Сол мерекеге дайындалу қарсаңында соған байланысты көптеген мақалалар, баяндамалар, мәжілістер болып жатты.

Солардың ішінде халықаралық жиындарға тоқтадық. 1970 жылы Самарқанның 2500 жылдық мерекесі болды, 1973 ж. Берунидің 1000 жылдығы, Н. Коперниктің 500

жылдығы, И. Кеплердің 400 жылдығы... Біз осылардың бәріне де толық қатысып, әл-Фараби еңбектері жөнінде баяндамалар жасап отырдық.

1971 жылы ғылымдар тарихына арналған халықаралық конгрестің 13 мәжілісі Мәскеуде өтті. Сол конгресте біз әл-Фараби мирасына арналған симпозиум өткіздік. Әл-Фарабидің ЮНЕСКО тарапынан алғаш рет тізімге кіргені осы мәжілісте болды. Біздің қазақстандықтардан осы мәжілісте оншақты адам сөйледі. Талас та болды. Соған дейінгі біздердің 13 жыл бойындағы істеген істеріміз басқа елдердің бәрінен де артық болып шықты. Сонымен қатар әл-Фарабидің туған жері Отырар-Фараб — Қазақстанда... Ақырында қаулы алынды: “әл-Фараби ұлы ғалымдар қатарында халықаралық тізімге кірсін. Оның 1100 жылдық мерекесі ССРСР-де Қазақстанда тойлансын. Әл-Фарабидің еңбектерін зерттеуде көп еңбек сіңірген Қазақстан ғалымдарына ЮНЕСКО атынан алғыс айтылсын”.

Әл-Фараби мирастарын зерттеудегі халықаралық ресми бір кезеңі осы... Сол қаулы бойынша 1975 жылы қыркүйектің 8—13-де Москва мен Алматыда әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференция өтті.

Қазір әл-Фараби мирастары бізде де, басқа елдерде де кеңінен зерттелуде. Әл-Фарабидің туған жерінде, Отырарда музейі ашылды.

Кейінгі кезде біз “Әл-Фараби және қазіргі ғылым” тақырыбында жұмыс жүргізіп жатырмыз. 1984 Кувейтте араб тілінде шығатын “Әл-Фараби” журналында әл-Фараби мирасын қалай, қай бағытта зерттеп жатқанымыз туралы мақалам шықты (шілде айында, № 308).

Ұлы ұстаздың өмірбаяны

Әл-Фарабидің туған жылы 870 жыл, өлген жылы 950 жыл деген мәлімет ресми түрде халықтар арасында, баспа жүзінде тараған. Шын мағынасында бірер жылдық артық кемі болуы мүмкін, оны біз бұл арада талдамаймыз. Ұлы ғалымның туған жері Отырар (Фараб), өлген жері Дамаск (Сирия). Осы жөнінде білмейтін адамдардың арасында кейде жаңсақ пікірлер болады. Соны жою үшін бір-екі нақты мәлімет келтіреміз. Алдымен ескеретін нәрсе Фараб атты мекен, бір ғана жер емес, бірнеше жерде бар. Соның бірі Амудария бойында, тәжік жерінде. Сол бойынша әл-Фараби ирандық нәсілден деген жалған пікір қалыптасқан.

Оны қазір ешкім қолдамайды. Ал әл-Фарабидің туған жері Сырдария бойындағы Фараб (Отырар) екенін дәлдеп жазып, картаға түсірген атақты ғалым-географ ибн-Хаукал. Ол өзінің “Китаб Масалик уа мамалик” аталатын географиялық еңбегінде Түркістан аймағының сипатын берген, қалаларын картаға түсірген. Ол Отырарды жазғанда, картаға түсіргенде әдейі арнайы тоқтап: “Бұл жер атақты ғұлама, асқан философ әл-Фарабидің туған жері”, — деп жазған. Ибн-Хаукал әл-Фарабидің шамалы кіші замандасы, және екеуі бірін-бірі жақсы білген, екеуі де Сирияның сол кездегі атақты әмірі Сайф-ад-Даула сарайында қызмет еткен адамдар. Ибн-Хаукалдың сол кездегі жасаған картасы біздің қолымызда. Оны қазіргі картамен салыстырғанда, ғажайып дәлдікті көреміз. Демек, әл-Фарабидің туған жері туралы ешбір күмән болмаса керек. Мұны дәлелдеп, анықтап көрсету себебіміз: кейбір адамдар әл-Фарабидің туған жерін бұлдыратып, оны Қазақстаннан алыстату қаракетін жасап, шатысатындары бар.

Екінші мәселе әл-Фарабидің жерленген жері және ұлттық нәсілі жөнінде. Әл-Фараби қайтыс болғанда Әмір оны өзі қолымен Баб ас-Сағир зиратына жерлеген 339 һижра жылы, режеб айында деген сол кездегі жазылған тарихи мәлімет бар. Осы бір ауыз сөздің бізге зор көмегі тиді деуге болады. Әсіресе Әмірдің оны “Баб ас-Сағир” (Кіші қақпа) атты зиратқа қойғаны үлкен көмек берді, өйткені ол атақты адамдар ғана қойылатын құрметті зират еді.

Ибн Халликан еңбегінен де, басқалардан табуға болады. Ибн Халликан XIII ғасырдың адамы; ол өзінің атақты еңбегінде мұсылман елдерінің барлық атақты ғалымдарының өмірбаяны мен еңбектеріне шолу жасаған. Кітабының аты: “Уфиат аль-аиан фи ал-Заман” (“Ғалымдар өмірінен ескерткіш”). Бұл кітапта жүздеген ғалымдар жайлы жазылған; соның арасында әл-Фарабиге үлкен орын берген. Осы кітап араб, европа тілдерінде талай рет басылып шықты. Онан кейін XVI—XVII ғасырда өмір сүрген түріктің атақты ғалымы Хажы Халифа Мустафа Челеби өзінің “Кашаф ал-Зунун”, “Куман айру” атты еңбегінде әл-Фарабиге көп орын берген. Осылардың бәрінде де әл-Фараби түркі нәсілді, Түркістандық екені айтылады. Сонымен қатар оның арғы аталарының аттары Дархан, Ұзлақ деген таза түркі нәсілінің ежелгі, исламға кірмей тұрғандағы атаулары екені айтылады...

Әл-Фараби заманында Түркістан елі исламды қабылдап, ғылыми, мәдени салада араб тілін меңгере бастаған. Сондықтан әл-Фарабидің араб елдерінде болып, ғылымды сол тілде жазуы түсінікті. Ол кезде араб тілі дүние жүзінде ең жоғары ғылыми дәрежеге көтерілген тіл болатын. Әл-Фарабидің араб ғалымдары қатарында саналуы да осыдан. Оны араб тілді ғалым деу дұрыс.

Әл-Фарабидің өзінің туған елінде мәдениет дәрежесі қандай болған, оның балалық шағы қалай өткен?

Ислам діні тарамай тұрған кезде Отырар елдерінің, жалпы алғанда Туранның, Сарматтың көне мәдениеті едәуір жоғары дәрежеде болған. Ертедегі мәліметтерде Отырар жоғары мәдениетті қала, оның кітапханасы дүние жүзіндегі кітапқа бай орын болып табылады: осы жағынан ол Александриядан кейінгі екінші орынды алады, деп жазған Александрия ғалымы Птолемей (бірінші ғасыр). Отырар сол Птолемей картасында бар.

Әл-Фарабидің бала кезінде Отырар сол кездегі, сол төңіректегі ірі қаланың бірі еді. Оның әкесі сол жердің атақты ауқатты, қолында билігі бар адамдарынан. Әл-Фараби бала шағында алғашқы сауатын осы өзінің елінде, өз тілінде ашқан. Ол 16 жасында (кейбір мәлімет бойынша 12 жасында) керуенге ілесіп Бағдадқа оқуға келген. Ол кезде Ғаббастық нәсілдің Бағдад Халифасының сенімді сарбаздары көбінесе түркістандық әл-Фараби елінен болған. Сол себепті әл-Фарабидің бұл жерден ғылым үйренуіне толық жағдай болды деп білеміз. Оның үстіне Бағдад халифаттары ежелден Арун Рашид кезінен бастап ғылым жолына, өнерге бет алған адамдарға қақпасын кең ашқан. Онда ғалымдар үйі (Байт алхакма) ерекше құрметте болған. Алғашқы кезде әл-Фараби өзін өзі ақын-әнші-күйші музыкант ретінде танытқан. Онан кейін ол ірі ғалымдардан дәріс алуға, сабақ үйренуге кіріскен. Онын алғашқы ұстаздары ертедегі Александриядан, Византиядан ығысып келген ғалымдар болған. Грек тілінен арабшаға ғылыми кітаптарды аударуда оның ұстазы Абу Матта деген адам болды. Грекше, араб тілдеріне жетіліп алған соң, ол басқа шаһарларда тұратын ғалымдардан дәріс алды. Мысалы, ол атақты ғалым ибн Хайланнан Аристотельдің логика ғылымын үйренген. Осы арада бір керекті мәліметті еске сала кетелік. Жоғарыда біз Ливанда тұратын христиандар — несториандар, олар Ғайсаны пайғамбар деп танитындар деген едік. Міне әл-Фарабидің алғашқы ұстазы болған Абу-Матта, ибн Хайлан сияқты

адамдар сол несториандық ғалымдар. Олардың аталары Византиядан қудаланған соң, осы елге, Таяу Шығыс пен Орта Азияға паналаған. Грек ғылымы мен араб ғылымының арасын жалғастырған осылар. Араб елі бұларға зор құрмет көрсетіп, ғылым жасауға пайдаланған. Бертін келе араб елінің өзінен және араб тілінде жазатын ғалымдардан ғылымды жоғары дамытатын адамдар шықты. Сөйтіп, грек ғалымдары Платон, Аристотельдер бірінші ұстаз болса, әл-Фараби екінші ұстаз болып шықты.

Бағдадта оның достары, шәкірттері көп болады. Оның музыкалық мектебі бүкіл араб еліне әйгілі болды. Бағдадта атақты ғалым-астроном әл-Баттаниға еріп астрономия обсерваториясында көп істеген. Сол астрономия ғылымына байланысты және соны қолдану үшін әл-Фараби тағы бірнеше ғылымдар саласына ат салысады.

Алдымен ол астрономиялық аспаптар жасауға кіріседі: астролябияны қайта жасайды. Екінші жағынан ол оптикалық аспаптар жасайды, — ойыс — парабола айна жасайды. Көптеген бақылаулар жүргізеді; уақыт өлшеу үшін күн сағатын жасайды. Осылардың теориясын беру үшін ол математикалық әдіске көшіп, сфералық-тригонометрия негізін жазды.

Оптика заңдарын геометриялық әдіспен дәлелдеудің шебер әдістерін ойлап шығарады, яғни геометриялық оптика негізін береді. Сонымен байланысты архитектуралық құрылыстарға негіз салады. Астрономия — архитектура — музыка — осы үш саланы бірдей, бір әдіспен зерттеу негізін қалайды...

Осылармен қатар ол табиғат тану саласында көп еңбек етеді. Соның ішінде алхимия, физика, медицина салаларында зерттеулер жүргізеді. Оны Бағдад дәрігерлері өздерінің басшы адамы деп санайды.

Осыдан кейін ірі ғылыми дәрежеге көтерілген кезінде ол өзінің туған еліне қайта бір оралады. Ол кезде Орта Азия мен Қазақстанда Самани нәсілдері билеген. Бұхара әмірі Нұх Самани әл-Фарабиді шақыртып алып жалпы ғылымдардың негіздері жөнінде кітап жазып бер деп өтінеді. Оның себебі сол кезде шын ғылым мен жалған ғылымдар арасын айыру қиын болып, елді алдаушы, азғырушылар, жалған әулие сәуегейлер, өтірік балгер, жұлдызшылар, алхимиктер көбейіп кеткен-ді. Әл-Фараби сонда “Екінші оқулық” (“Тағлым әл-Сани”) атты еңбек жазып, Нұхқа сыйлайды. Сол кітап кейінде талай ғалымдардың көзін ашса керек. Атақты ғалым ибн Сина

содан тағлым алған. Осы кітап біздің қолымызға әлі түскен жоқ. Оның дүниеде бар-жоғы да белгісіз.

Осы сапарынан кейін әл-Фараби араб еліне қайта оралады. Египет еліне барып бірталай уақыт жүріп қайтады. Сол сапардан кейін оның тағы бір-екі салада еңбектері жарық көреді. Оның бірі “Қайырлы қала тұрғындарының көзқарасы” (“Китаб ара аһли аль-мадината аль-фасилата”), екіншісі “Аристотель мен Платон көзқарастарының бірлік негіздері” (оның қысқаша аты: “Китаб аль-жамиг бин раи-аль-Хақимин”— “Екі Хакем арасының бірлігі”).

Бұл екеуі де терең философиялық тамаша шығармалар.

Өмірінің кейінгі кездерінде ол Сирия еліне ауысып, өзінің ең ірі еңбектерін сонда аяқтайды. Солардың ішінде ең терең мағыналысы, бүкіл табиғат дүниесінің, ғаламның қалай жаралғаны, қалай өркендегені туралы. Оның атын ол кісі “Китаб мақалат аль-рафигат фи асул ғылым аль-табиғат” (Жоғарғы табиғат тану негізі) деген. Біз оны қысқаша “Космология” дедік.

Сайф ад-Даула сарайында ол кісінің орындаған тағы бір тамаша еңбегі: “Китаб аль-музики аль-Кабир” (“Музыканың үлкен кітабы”). Бұл өзі он екі тараудан тұратын аса күрделі ірі еңбек. Бұл еңбегін ол кісі Сайф ад-Даула әмірдің тапсырмасы бойынша жазғаны айтылады. Оның қысқаша мазмұны мынадай. Әмір сарайында сауық кештердің бірінде әл-Фараби өзінің музыка өнерінде асқан шебер, талант екенін көрсетеді. Сонан кейін Сайф ад-Даула оған музыка өнері туралы кітап жазуға тапсырады. Сол тапсырма бойынша әл-Фараби аталған: “Музыканың үлкен кітабын” жазып әкеліп тартады.

Сол еңбектің он екі тарауында музыка саласы түгел камтылады. Алдымен онда музыканың тарихы айтылады. Онан кейін табиғи заңдылықтары сипатталады. Сол заңдарды екі-үш салаға таратады. Оның бірі — жалпы дыбыстың қасиеті, табиғаты, тарау заңы; екінші, оның адамға әсер ететін үндестік — мелодия заңы; үшінші, ол мелодияны шығару, реттеу заңы. Онан әрі қарай жеке дауыстардың үндестік көп дауыстық құрылысы.

Композиция заңдары. Келесі талданатыны дыбыстың ноталарға бөліну заңы. Ол ноталардың үндестік заңдары. Ғалымның назарынан музыкалық аспаптар — оларды талдау, жасау, зерттеу ережелері де тыс қалмаған. Орындаушылық шеберлік жайында да өте жақсы жазылған. Кітаптың келесі тарауында музыкалық мелодия мен өлең

ырғағының қосылып айтылу мақамдары. Сонан кейін әрбір елдердің өзіндік ерекше мақамдары туралы, басқаша айтқанда музыкалық география жайында айтылады.

Осы мәселелердің әрқайсысын талдап, асқан шеберлікпен, ірі талантты білім тұрғысынан жазғанда бұл еңбек тамаша бір өзіндік энциклопедия болып шыққан. Тағы бір ескерте кететін нәрсе, ол кісі дыбыс заңы мен жарық сәуле заңын біріне бірін ұқсас деп қарайды да, оны апарып, оптикаға жалғастырады. Ол барып астрономияға жалғасады. Ал оптика зерттеуде басты әдіс — геометрия. Геометрия көркем құрылыс жасаудың негізіне соғады... Сонымен Астрономия — музыка — геометрия — архитектура.

Мұның бәрі адамды азаматтыққа тәрбиелейтін, үлкен ойға апаратын: ой өрісін кеңейтетін педагогикалық-математикалық ғылымдар тарауы деп қорытады. Әл-Фараби қағидасы бойынша көзге көрікті зат құлаққа да жағымды дыбыс береді. Табиғат дүниесіндегі көріктің ғажабы аспан шырақтарында, жердегі заттың дыбыс көркі музыкада. Ол өнер адамның жан жүйесіне жалғасады. Музыка мақамы ғаламның ғажайып үндестік гармониясын түсіндіреді. Осындай дәрежеге көтерілген адамдар ғана философиямен айналысу керек дейді баба.

Өзінің ұлы еңбегін Сайф ад-Даулаға бергенде алғы сөзінде былай деп жазады:

“Сен маған музыка жөнінде қолдануға жарарлық бір кітап құрастыруды тапсырған едің. Мен оны тез-ақ орындармын деп ойлағанмын. Ондағы ойым музыка жөніндегі бұрынғылардың жазғандары бар ғой, соларды жөндеп, құрастырып, сол жазғандардың атын сақтап, сонымен орындармын деген едім, ол ойым болмай шықты, өйткені музыка жөніндегі жазылған арабша еңбектердің дәрежесі өте төмен болды. Ерте замандарда, әлбетте, музыка жөнінде ірі еңбектер болған ғой. Бірақ арабша аудармалар нашар ма, немесе ертедегі еңбектер бізге жетпей жоғалған ба, әйтеуір, сенің тапсырмаңа жарарлық ешнәрсе таба алмадым. Сол себептен бұл мәселені тыңнан жазуға тура келді. Сенің тапсырмаңды көп кешіктіріп орындаған себебім осы”.

Расында да музыка саласында әл-Фарабиға теңдес адам бұрын да, онан кейін де болмаса керек. Осы ой айтылған музыка кітабын арабшадан французшаға аудартып бастырған атакты Барон де Ерланже жазады. Ал араб музыкасының жалпы тарихын жазған белгілі ғалым Г. Фармер

былай дейді: “Барлық ғылымдар саласында әл-Фараби “Екінші ұстаз”. Ал музыка саласын алатын болсақ, ол әл-Фараби бір өзі ғана бас король болып табылады. Баскаша айтқанда музыка саласында әл-Фарабиге үлгі боларлық бірінші ұстаз боларлық адам болмаған. Мысал үшін Аристотельді алайық. Көп жерлерде әл-Фарабиді Екінші Аристотель дейді. Ал сол Аристотель өзінің еңбегінде былай деген: “Музыка мәселесі ғылымда, өнерде зор орын алатынын білемін. Бірақ оны талдау үшін адамда музыкалық талант, дыбысты түсіну қабілеті болу керек. Ал ондай қабылет менде жоқ”.

Әл-Фарабидің сол еңбегінің басқы 3—4 бөлімі жоғалса керек. Қазір оның кейінгі шыққан түп нұсқалары біздің қолымызда. Жаңадан басылған түрі де бар. Олардың қалай қолға түскені жоғарыда айтылды.

Әл-Фараби өзінің жеке өмірінде дүние жинамаған, семья құрмаған адам деп саналады. Оның жас жігіт кезінде өзінің Отырар елінде сүйгені болуы да мүмкін. Бәлкі оның баласы да болған шығар деген ой келеді. Өйткені оның есімі Абу Наср. Арабшадан аударғанда ол Насрдың әкесі деген сөз. Демек оның Наср атты баласы болған шығар деген жорамал ойға оралады. Бұл зерттеуді қажет етеді. Ал әл-Фараби араб елдеріне барып, ғалымдар қатарына кіргенде ол кісінің жамағаты болмаған. Ұлы ұстаз қол еңбегімен де шұғылданған ғой: кетпен шауып, арық аршып, бақша күзетіп, күнделік характерін жасаған. Бос уақытының барлығын ғылым жолына жұмсаған. Ол өмірдің шындығын іздеген. Адамды шындыққа жеткізетін жол ғылым жолы деп білген де, барлық өмірін сол жолға жұмсаған. Сол себепті халық оны әулие санаған.

Әл-Фарабидің еңбек сүйгіштігі, кішіпейілдігі, адамдық адалдығы, шыншылдығы, көп салалы ғалымдығы, өнерпаз шеберлігі замандастарын да, бізді де тандандыруда. Бір мысал.

Жоғарыда айтылған “Музыканың үлкен кітабын” әл-Фараби Сайф ад-Даулаға апарып тапсырғанда Әмірдің қуанғаны, разы болғаны сонша, ол әл-Фарабиге “не сұрасаңда алыңыз!”— дейді. Сонда әл-Фараби: “Маған ешнәрсенің қажеті жоқ тек күнделік қорекке жарарлық төрт дирхем берсең болар”,— дейді... Дирхем — он тиындық ақша, демек ол күнделік қорегіне жарарлық қырық тиынды қанағат еткен.

Әл-Фарабиді Сайф ад-Даула қолынан жерлегені жоғарыда айтылды. Ол нижраның 339 жылы режеб айында

болды деп жазған. Оны біз қазіргі жыл санау есебіне айналдырғанда 950 жылдың желтоқсан айында дейміз.

Әл-Фараби қайтыс болғанда сексен жаста болса керек. Сол бойынша оның туған жылы 870 жыл болып саналады.

ЕСКЕРТУ: Қазіргі жыл санау мен һижра есебінің бірінен біріне ауысудың арнайы кестесі бар.

Әл-Фараби дананың өз заманындағы ғылымдар саласы мен өнерден із қалдырмаған жері жоқ деуге болады. Біз бұл арада солардың ішінен бастыларына және қазіргі күнге дейін мағынасын жоғалтпағандарына тоқтап өттік. Әл-Фарабидің нағыз ірі данышпан екендігін көрсететін нәрсенің өзі осында. Оның біздерге, кейінгі ұрпақтарға керекті жерінің өзі де осы жағында. Сол себепті әл-Фараби мен қазіргі өмірдің ұштасқан жеріне көз жібереміз. Оның аты әл-Фараби үлгілері.

Әл-Фарабидің өмір мәліметін қысқаша қайыра отырып дана адамды тар жерге қамауға болмайтынын ескерте кетпекпіз. Халықтың: “Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ” дегендегі жақсылары осылар.

Осы жөнінде құрдасыммен екеуіміздің арамыздағы қалжыңды еске түсіреді. Әл-Фарабидің 1100 жылдық тойына қызу дайындалып жүрген кезде ол маған қалжындап; менің сол Отырар маңында туғанымды білесің, өзін жолдассың. Осы мені әл-Фарабидің ұрпағы екен деп бір жерге жазып жібермейсің бе. Мені той сонан кейін ел құрметтеп, суретімді музейлерге қоятың болады. Сонымен мен бір тарихи адам болып шыға келемін. Ал сен жазсаң, оны бекер деп ешкім айта алмайды,— деді.

Оған менің қалжыңым: “Мейлі, болса болсын... Бірақ сен әл-Фарабиге мұрагер болуға лайықтанып, соған ұқсап бақ. Айтайық, арабша оқитын бол, іш пікірінді түзет, сыртыңды да соған бейімдеп өзгерт. Мен сонда әл-Фарабидің аруағы алдында да, халық алдында да ұялмай сені ұлы адамның мұрагерлігіне ұсынайын. Ал енді мынау қалпында сенің ішкенің арақ, тартқаның шылым, айтқаның өтірік, істегенің ұрлық... Қалай болмақ? Егерде әл-Фарабидің аруағы ортамызға келе қалса, мен сені “мұрагерің” деп алып барсам, ол “Астапыраллаһ, мынау пәтшаһар қалай мұнша азып кеткен”.— дер еді. Бұндай сөз саған да, маған да абырой болмас”...

Тағы бір бас қатыратын мәселе әл-Фарабидің ұлты, руы туралы. Бұл мәселеде екі түрлі сыңаржақтық кездеседі. Оның бірі: “Әл-Фараби қалай казак болады, өйткені

казак ұлты әл-Фарабиден көп ғасыр кейін шыққан дейді. Екінші сынаржақтық: әл-Фараби менің ауылым, руым, пәлен деген өтірік талдау да бар.

Бұл екеуі де білместік. Біріншіден, казак деген ат өте көне замандардан келе жатыр, осыдан 3000—4000 жыл бұрынғы тарихта бар ат. Оның біз тек кейінгі, Шыңғыс ханның айналасынан бері бастаған шолақ шежірелік түріне, екінші айтылуына жабысамыз. Тіпті олай болмаған күннің өзінде, біздің туысқан көршілеріміз ондай мәселені қоймай, өздерінің қазіргі жерінде туған адамды, халқының қазіргі ұлттық атымен атап отыр емес пе. Мысалы Беруниды өзбектер өзбек ғалымы деп отыр ғой. Ал өзбек аты оларға бертінде, Өзбекхан тұсында ғана қойылғаны белгілі.

Ал енді ру жағына келгенде әл-Фарабидей ұлы адамды халық адамы деп тану керек. Оның кезіндегі рулар басқаша болған. Сондықтан оны ұсақ руға байланыстыру шатастыру болады. Шындығында әл-Фараби түркі нәсілдес тайпадан шыққан, туған жері Сыр бойы, Отырар десе болғаны. Сонда ол өзінен өзі казак болып жатыр. Кейде оның жалпы руын қыпшақ деп кетеді. Бірақ әл-Фараби заманындағы қыпшақ сол кездегі, онан да бұрынғы түркі нәсілді халықтардың бәріне ортақ мемлекеттік, хандық ат, аңыздағы Өгіз ханның Қыпшағы деп білу керек. Кейбір басылған мақалаларда әл-Фараби руын онан да бергі ұсақ руға шатастырғандары бар. Бірақ кінә менен емес, ептілер ісі болса керек. Бұл да есте болсын. Оларға мен құрдасыма айтқанымды қайталар едім.

Әл-Фарабиден үлгі

Адамдық өмірдің негізгі мақсаты шындық іздеу, шындық табу. Әл-Фараби барлық өмірін соған арнаған адам екені айтылды. Шындық жолдан адамды адастыратын нәрселер бар, олар тән тілегі, нәпсі. Әл-Фараби ол жағына да шегіне жеткізе тыйым салған адам. Демек ол шындық жолына ғылыми жолмен ғана іздену емес, өзінің барлық тірлік болмысы мен түскен адам. Бірақ софы емес ол. Себебі олар дүниеден безумен бірге сол дүниені зерттейтін ғылымнан да ажырап қалған. Осылайша барып шатасқан. Екінші жағынан ғылым қуған талаптылар да болған. Бірақ олар өзінің табиғатын шындыққа бағындыра алмаған, адасқан.

Әл-Фарабидің шындық іздеу жолы ғалами табиғат пен адамдық табиғатты тең ұстаған жол. Бұл тегінде өте сирек адамдардың ғана қолынан келетін нәрсе. Ол өзінің космология еңбегінде Табиғат матбуғат деген қағиданы дәлелдейді. Ол не? Табиғат — бүкіл жаратылыс дүниесі. Матбуғат сонымен мағыналас және де мағынасы баспа орны, кітап басып шығаратын орын. Оның мағынасы адам баласының білім алатын көзі — табиғат. Сол табиғатты бақылау, зерттеу, оны қорыту, оны тексеру, оның заңын табу, сырын шешу... Сол арқылы барып сол ғаламның жаратылысын тану, жаратушысын тану... Міне әл-Фарабидің ұлы табиғат жолы. Ғаламның ғажайып көркі де сонда, сыры да сонда, мақамы да сонда... ғылымы да сонда, діні де сонда, адамдардың өмірі де сонда, таласы да сонда, адастыратын да сол, тура жолға апаратын да сол...

Бүкіл дүние ғаламы басында біршапаты ауданда болған нүрсәуледен — жарық сәуледен кенеюден жаралған дейді әл-Фараби. Бұл қағида ертеден келе жатқан тарихи-табиғи, діни кітаптарда болған. Соларды талдай келіп, қазіргі дүниені бақылай келіп әл-Фараби осы қағиданы дұрыс деп қабылдаған. Дүниенің сол бас құрылысындағы болған жалғасы ешуақытта бірінен бірі бөлініп, байланыссыз ажырап кетпейді.

Дүниені құраушы сәуле шоғырлары, зат бөлшектерінің аралары кейде жақындап, кейде алыстап отырған. Бірақ араларын жалғастырған сәуле көпірі — сад ешқашан жоғалмаған.

Сад — деген сөздің арабша мағынасы көп. Оны әл-Фарабидің түсінуі — қолдануы жалғастырушы, тіркеуші жіп, жабушы, толтырушы, шектеуші, қорғаушы мағынасында. Басқаша айтқанда дүниеде бос орын жоқ. Қатынассыз нәрсе жоқ, дүние шекті нәрсе, оның әрбір мүшесі өзінің көрікті заңды орынын алған, біртұтас құрылыс — космос.

Дүние затының бөлшектері дүркін-дүркін араласудан және ажырасудан ғаламның бірнеше дүркін бөлімдері пайда болған. Мысалы бір араластан соңғы ажырасуда жұлдыздар пайда болса, екінші сол ген сияқты дүркінде жеті хат көк пайда болған, сол сияқты тағы бір дүркінде Жер пайда болған, оның бетінде тіршілік пайда болған, адам өмірге келген... Бірақ мұндағы ажырасу денегеде мүлде бөлініп кету емес, сиреу арасындағы сад көпір ешқашан жоғалмаған.

Осы қағида, көп мындаған жылдар өткен соң, біздің заманымызда қайта қаралып, қазіргі дәл өлшеулер

аркасында анықталып отыр. Міне даналықтың көпірі осылайша, үздіксіз жалғасуда.

Біздің заманның бір тамаша жетістігі ертедегі даналықтың тапқан шындығын жаңа жолмен дәлелдеу. Мысалы, айтайық әл-Фарабидің дәл осы қағидасын, яғни аспан мен жердің үздіксіз жалғас екенін осыдан 20 жыл бұрын айтқан болсақ, оған ешкім сенбес еді, және сонымен қатар сені де жалғаншы астролог деп, балнамашы деп ғылыми қатардан шығарып тастаған болар еді. Осы жағынан қарағанда әл-Фараби сияқты данышпан өзін түсінетін заманда еліне қайта оралып отыр деп білеміз. Бұл зор қуаныш, зор үміт.

Адамның бас дұшпаны надандық қой. Әл-Фарабидің бір ғана осы қағидасының шындығынан шығатын ғылымдардың саласын атай кетелік. Дүниеде түрлі күштер бар: тартылыс күші, электромагнит күші, атомның ядролық күші, заттың ыдырау күші... Осылардың әрқайсысын жеке түсіндіретін заңдар бар. Олардың кейбіреулерінің арасында байланыс бар екені де ашыла бастады. Бұл қазіргі ғылымның ең жоғарғы жеткен шегі. Ал енді аспан мен жердің үздіксіз байланысы ту бастан келе жатыр деген қағиданы есепке алатын болса, айтылған күштердің барлығының шыққан тегі бір екені өзінен өзі айқындалмақ. Міне сізге әл-Фараби көпірінің ғажабы.

Әл-Фарабидің кейбір жеке ғылым саласындағы табыстарының қазіргі ғылымда алған орындарына тоқталайық.

Ойыс айналы, оптикалық әдістер алысты жақындатып, кішкене үлкейтіп көрсететіні мәлім. Бұл өнердің көптеген ғылым тарауында қолданылатыны мәлім. Соның физикалық-математикалық теориясын жазып және соны қолынан жасап пайдаланған алғашқы адам әл-Фараби деп білеміз. Оның мәнісі мынау. Ертедегі гректерде және Еуропа елдерінде сәуленің жиналу орны — жанатын орны деген түсінік болмаған. Ол түсінікті европалықтар — Испаниядағы араб ғалымы ибн Хайтамның оптикалық еңбегінен алған оның “мухарак” деген сөзін “фокус” деп аударған. Осы аудару И. Кеплерден басталған екенін ғалымдар дәлелдеп отыр. Ал бұл өнер, бұл түсінік бәрі әл-Фараби еңбегінде бар. Ибн Хайтам әл-Фарабиден бір ғасыр кейінгі адам, ол әл-Фарабидің ізін қуған шәкірті. Парабола бейнелес ойыс айна жасап, әл-Фараби аспан шырақтарын бақылауға қолданған. Соның нәтижесінде ол күндіз Күн бетінен өтіп бара жатқан Шолпан жұлдызын

(планетаны) көрген. Бұл өте сирек болатын оқиғаны әл-Фараби жазады: “Мен Күн бетінен өтіп бара жатқан, адам бетіндегі қал сияқты Шолпанды көрдім”.

Аспан шырақтарын және жер бетін, өлшеу аспаптарын әл-Фараби жетілдірген және тыңнан жасаған. Оның күн сағатын жасаған әдісі осы күнге дейін қолданылады. Көлеңке өлшеу, күн сағатын жасау, сол арқылы жердің меридианын табу әл-Фараби әдістері деп білеміз. Бұл жер бетінің қартасын жасауға негіз болғаны мәлім. Екінші жағынан сол көлеңке әдісі арқылы тригонометриялық әдістерді көп қолданған, сфералық тригонометрияға негіз салған.

Оптика (сәуле) әдістерін дыбысқа қолдану, сол арқылы музыка саласында жаңа жол ашуы бір тамаша даналық. Ерекше бір айта кетерлік нәрсе сәуле мен дыбыстың адамға әсер етерін, көрінетін — естілетін түрлері бар да және онан сырт көрінбейтін, естілметін нәзік және ірі түрлері бар дегенді айтады. Демек ол кісі бұл күндегі инфра, ультра деп келетін сәуле мен дыбыс толқындарының барлығын білген.

Музыка саласындағы әл-Фараби еңбегі аса зор екені айтылды. Солардың ішінде бір ғана жаңалығына тоқтала кетелік: оның аты ноталар арасының таза санаттар қатынасы, ноталарға бөлінген дыбыстардың жоғары-төменгі дәрежелерін көрсететін сандық қатынастары, шамамен алғанда перне араларының қатынасы — қашықтық интервалы — ноталық құрылыс болып саналады. Біз оны қысқаша көпке түсінікті болу үшін ноталар санаты атадық. Әл-Фарабиің осы жөніндегі жаңалығын түсіну үшін онан бұрынғы Пифагорлық ноталық сандар қатынасымен әл-Фарабидікі салыстырып қарайық:

Ноталар саны	Пифагор саны	Әл-Фараби саны
До — С	1	1
Ре — d	9/8	9/8
Ми — e	81/64	5/4
Фа — f	4/3	4/3
Соль — g	3/2	3/2
Ля — a	27/16	5/3
Си — h	243/128	15/8
До — С'	2	2

Келтірген кестеден көріп отырсыздар. Пифагорлық нота сандарында 5 саны қатынаспаған. Оның ертеден келе жатқан ғұрпы бар. Барлық дүниені құрушы бес түрлі зат бар, олардың геометриялық арнаулы пішімдері бар деген ертеден келе жатқан түсінік. Олар мыналар: 1) оттектестер — түрі төрт жақты, 2) ауа тектестер — сегіз — жақты, 3) жер тектестер — куб (текше), 4) сутектестер — пішімі жиырма жақты, 5) жұлдыз тектестер — он екі жақты — (бес бұрышты). Басқы төртеуі жерлік зат, ноталар сол төрттік сандардан құрылу керек. Бес саңы аспан саны, ол қасиетті тұмар саны, оны нотаға қатыстыруға болмайды деген. Сол бойынша бес саны бар ноталарды қолдауға тыйым салған. Осы ескі әдеттің Европа елінде орта ғасырға дейін сақталғаны мәлім. Соған дәлел ретінде Гетенің “Фаус” атты драмасынан бір сөзді еске саламыз. Фаустың үйінде болған Мефистофель есіктен шығуға қорқып, пештің мұржасынан шықпақшы болады, өйткені есікте бес бұрыш (пентаграмма) суреті бар...

Әл-Фараби оның жалған түсінік екенін дәлелдеп, ноталық сандарды жаңа жолға, таза жолға қойған, табиғи сандардың үздіксіз санатын қолданған. Осы жаңалық барлық халықтардың музыкалық мәдениетіне әсерін тигізді. Ноталардың үздіксіз (таза) санаты дегеніміз осы.

ЕСКЕРТУ: Әл-Фарабидің музыка саласындағы ұлы еңбектері біздің қолымызда екені айтылды. Бірақ олар әлі толық зерттеле қойған жоқ. Бұл арада тек ғұламаның басты тұжырымын ескертіп отырмыз. Біз берген түсініктер, оның атаулары кейін толықтанар, дәлелденер. Бұл музыка мамандарының үлесі.

Осы сияктанған жалған ырымдарға әл-Фараби басқа салаларда да соққы берген. Айтайық алхимия мен астрологияда. Алхимияда бір заттың екінші затқа айналуы деген түсінікке әл-Фараби негізінен қарсы емес. Бірақ ол қолдан келе қоймайды, өйткені ол заттар космостық — жұлдыздар араласулар заманында пайда болған. Ондай жағдай жер бетінде жоқ. Сондықтан алхимияның мақсаты алтын жасау емес, басқа түрлі керекті қосындыларды жасау болады, табиғи заттарды, соның ішінде алтынды басқа қоспасынан тазартып, айырып алу деген. Алхимиктер дәуірлеп тұрған кезде бұл сияқты күрделі шындықты айту тек әл-Фараби сынды адамдардың қолынан келді.

Астрологияда сол сияқты жер мен көктің тығыз байланысты екені, біріне бірі әсер ететіні рас. Бірақ оның қалай, қашан, қай түрде болатынын айырып, адам баласын

адастыруға болмайды. Ондай өнер тек кейбір тандаулы адамдардың ғана қолынан келмек. Бірақ мұның ықтималдығы аз, алма-ғайып нәрсе. Сол себепті оған сүйеніп, халықты шатастыруға болмайды деген.

Әл-Фарабидің Жеті хат көктің орталығы, олардың қозғалысын реттеуші, оларға өмір беруші Күн екенін бірнеше жерде баса айтады. Осы жағынан қарағанда Н. Коперник қағидасы әл-Фараби қағидасына үндес, сәйкес келетіні көрініп тұр. Н. Коперник өзінің еңбегінде араб астрономдарына сүйенгенін ашық айтқан.

Жалпы алғанда әл-Фараби ғалами заңға, оның негізгі басқару қуатына сенді, оның тәңірін тану негізі осында. Бірақ ол сол жоғарғы ғалами түсінікті қолдан жасаған ғұрыпқа, жалған жолға, кәсіпке айналдыруға қарсы. Бәріне апаратын жол шындықта, ғылымда, дін де, адамдық ар да сонда.

Олай болғанда халықты әділетті билеуші адам ірі хакім болу керек... Сонда ғана әділет болады. Оның: “Қайырлы қала тұрғындарының көз қарасы” деген еңбегі осыған арналған. Араб ғалымдарының зерттеулері бойынша әл-Фарабидің осы еңбегі Томас Мордың “Утопия” еңбегіне негіз болған деседі.

Қорытындыда айтарымыз: біздің қазіргі толқын-толқыны көп заманда әл-Фараби сияқты әділетті жандардың жаққан шам шырағына қарай бет бұру. Адастырмас сара жол әл-Фараби жолы. Біз белгілі ұрпақ ұландарының ішінде оның жолын қуған, онан тағлым алған Абай.

Әл-Фараби жолы шындық пен өмір сүру жолы, шындық іздеу жолы, адамдық ардың жолы, әділетті нысап жолы. Әл-Фараби жолының мәңгілік сыры осында. Сол үшін де оны дүние жүзіндегі адам баласы жоғары бағалайды.

Әл-Фарабиді зерттеумен айналысып жүрген біздер ғана емес, барлық халқымыз болып сол тойға дайындалған сияқтымыз. Жолыққан адамдар маған: “Әл-Фараби асы” қашан болады, деп сұрайтын болды.

Әл-Фарабидің бірсыпыра негізгі еңбектерін қолға түсіріп алған соң, халқымыздың ынтасын білген соң, Москваның тілектестігін біліп, араб елдерінің бізге таласпайтынын білген соң біздер енді мәселені батылдау қоятын болдық. Әл-Фарабистердің саны көбейді, істеріміз де мықтап алға баса бастады. Ендігі жерде біздер жалғыз жарым емес топтанып жүретін болдық. Соның арқасында біздер қатысқан мәжілістерде әл-Фарабиге арналған жеке

мәжіліс симпозиум ұйымдастыратын дәрежеге жеттік. Сол карсанда, яғни біздер 1100 жылдық әл-Фараби жайына дайындалған кезде бірнеше той кат-қабат келіп қалды. Кезектесе келгенде олар былай бөлінді:

1. Самарқан қаласының 2500 жылдық тойы, 1970 жыл.
2. Ғылымдар тарихына арналған халықаралық ЮНЕСКО конгресі. 1971 жыл.
3. И. Кеплердің 400 жылдығы, 1971 жыл.
4. Николай Коперниктің туғанына 500 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференция. 1973 жыл.
5. Абу-Райхан Берунидің туғанына 1000 жыл толғанына арналған халықаралық ғылыми конференция. 1973 жыл.
6. Азия мен Африка жазушыларының конференциясы 1973 ж.
7. Абу Насыр әл-Фараби туғанына 1100 жыл толғанына арналған халықаралық ғылыми конференция. 1975 жыл.

Біз бәрінен гөрі сәл артта қалғандай болдық. Дауластық. Ақырында келісім болды. Осы конференциялардың барлығын ортақ конференция деп есептеп, біріне қатысқан адамдардың бәріне қатысуға еркі болсын дестік.

Екінші жағынан байқасақ, қанша тырысқанмен де біздің дайындығымыз басқалардан әлі кейін жатыр еді. Олардың қолдарында көп томдық жаңа кітаптары бар. Бізге тағы бір керек жері — ЮНЕСКО-ның қаулысын алу керек болды. Сонда ғана біз әл-Фараби конференциясын халықаралық дәрежеде өткізе алмақпыз.

Айтылған конференциялардың бірі — Азия мен Африка жазушыларынікі, Алматыда өтетін болсын. Сол конференцияның бір күні әл-Фарабиге арналсын. Соны пайдаланып сіздер әл-Фараби тойына асықпай дайындалыңыздар дегенді айтты.

Осы мақсаттарды іске асыру үшін алдымен өзіміздің Қазақ ССР Ғылым академиясында әл-Фарабиге арнап дайындықтар жүргізу керек болды.

1967 жылдың аяғында Қазақ ССР Ғылым академиясының президиумында бізді тыңдады. “Әл-Фарабидің ғылыми мирастарын зерттеу мәселесі” деген баяндама жасадық (академик Ж. С. Тәкібаев, А. Ж. Машанов).

Президиум тиісті қаулы қабылдап: әл-Фарабидің 1100 жылдық мерекесіне дайындықты арнаулы комиссияға жүктеді.

Осы қаулы қабылданумен байланысты әл-Фараби тану ісі ресми түрде жолға қойылды деуге болады. Қаражат бөліну, әртүрлі мамандар шақырып әл-Фараби еңбектерін аудару, баспаға дайындау мәселесі қолға алынды.

Самарқанның 2500 жылдығына арналған конференцияға (1970) Қазақстан фарабистері мынадай тақырыпта баяндама жасауы сол даярлықтың бастамасы еді.

“Әл-Фарабидің космологиясы”, “Әл-Фарабидің ғылымдарды топтастыру негізі”, “Әл-Фарабидің геометриялық еңбектері”, “Әл-Фарабидің музыкалық акустикасы”, “Әл-Фарабидің жалпы есеп ғылымына қосқан үлесі”, “Әл-Фарабидің әртүрлі өлшеу аспаптарын жасаудағы еңбегі” тағы басқалар.

Көріп отырсыздар, қазақстандықтар әл-Фараби мирасын меңгеруде ешкімге дес берген жоқ. Тек Өзбекстаннан ғана бірлі-жарымды қысқа хабар болды.

Ғылымдар тарихының халықаралық кезекті (XIII) конференциясы Москвада болатын хабарды естіп біз оған ерекше дайындалдық. Сол мәжілісті ғылыми ұйымдастыру ісі Одақтық академияның “Табиғат тану тарихы” атты институтына тапсырылған екен. Біз солармен байланыс жасап, әл-Фарабиге арналған симпозиум ұйымдастыруды талап еттік. Сол мақсатымыз негізінен орындалды деуге болады. Әл-Фараби мәселесін: “Орта ғасырдың ғылымы”, “Шығыс пен Батыстың қарым-қатысы” деген мәжілісте өткізетін болдық.

Ондағы біздің жасаған негізгі баяндамамыз: “Ғылымның даму тарихында әл-Фарабидің орны”. “Осындай кең тақырып көлемінде біз әл-Фараби мирасының негізімен тарихшыларды таныстырдық. Ол халықаралық мәжіліс, оның шешімі бізге өте қажет. Сол мәжілісте әл-Фараби мирасына ортақтаспақшы болғандармен таластар да туды. Ирактың өкілі әл-Фараби негізгі ғылымын Бағдадта жасаған. Оның мұрагері біз боламыз дегенді айтты. Сириялықтар да сол сияқты таласуға тиісті еді. Әсіресе әл-Фарабидің мүрдесі соларда. Олар таласпады, тегінде біздің сол елде болып, мәселе көтергеніміз себеп болса керек. Мұнан кейін өзбек ғалымдары мәселе көтерді. Әл-Фарабиді біз де зерттеп жатырмыз. Оның тойын Ташкентте өткізу керек, деп тәжік ғалымдары әл-Фараби тойы бізде өту керек, өйткені ол Самани кезінде бізде істеген, оның ілімін Авиценна дамытқан дегенді көлденең тартты.

Біз олардың бәріне сабырлы түсініктер бердік. Біздің істеген еңбегіміз бәрінен артық екенін, әл-Фарабидің туған жері Қазақстанда екенін дәлелдедік.

Адамды түсіндіру, адамды түсіне білу деген нәрселер білімнің басты шарты. Бос ұранмен, кеудемен қызыл ауызды қызумен іс бітпейді. Әл-Фараби мирасына ортақтаспақ болып отырғандарының бәрінде де белгілі негіздер бар. Біз Қазақстандықтар солардың бәріне рахмет айттық. Себебі олардың бәрі біздің ұлы жерлесімізді құрметтеп, өздерінің адамындай ішке тартып отыр. Оған қуандық. Бастамамыз көп адамдарды оятқанын сездік. Тек осындай адал ниетті түсініс болмаса мәселе шешу қиын еді. Бұл мәселеге тоқтап отырған себебім, менің алдымда жарыс сөзге шыққан біздің елдің бір жігіті мәселені бүлдіріп ала жаздады. Ол мінбеге шыға сала әл-Фараби мирасын зерттеуде біздер алдыңғы қатарлы материализм-марксизм әдісін қолданамыз дегені ғой. Солақ екен араб елінің ғалымдары айқай көтерді: “Бұлар әл-Фарабиді материалист, марксист етпекші. Оның кім болғанын біз білеміз” деп. Оларды батыс елдерінің, Американың ғалымдары қолдады. Залдағы адамдар тік түрегелді. Біздің “шешен” мінбеден түсіп жоқ болды. Осы жағдайды өзгерту үшін мен араб ғалымдарына өздерінің араб тілінде бір-екі ауыз сөйлеп, әдепті сәлем жолдап, әл-Фараби мұсылман адам, оны ешкім басқаша бұрмаламақшы емес деп ашуын басып, сонан кейін барып шет елдердің фарабистеріне алғыс айтып, оларды біздің тойға Алматыға қонаққа шақырдым.

Осындай жылы лебізді сөзден кейін ғалымдар әл-Фарабидің мұрагері шын мағынасында қазақ халқы екенін білді. Басқарып отырған адамдар басқаларға: сіздер де зерттей беріңіздер, материал, тәжірибе алмасыңыздар. Бірақ қазіргі жағдайда қазақстандықтардың еңбегін бағалау керек деді.

Ғылымдар тарихының кейінгі замандағы ең ірі зерттеушісі, білгір қайраткері Сартр болып табылады. Сол кісінің атындағы алтын медаль сол конгресте Хартнер Вулға берілген болатын. Осы кісі біздерді құттықтап, қазақ ғалымдарының қолдарын алды. Бұрын ЮНЕСКО тарапынан бірде бір ұланының аты аталмаған қазақ халқы үшін мұның өзі зор дәреже еді.

Осы сағаттан бастап Қазақстандықтар әл-Фарабидің 1100 жылдық мерекесі бізде өтетініне толық сенді.

Айтылған XIII конгрестің бітер кезінде оның коллеквиумы Иоганн Кеплердің 400 жылдығына арналды. Бұл

мәжіліс Ленинградта ашылатын болды. Себебі өткен заманда Екатерина патша болып тұрған кезде И. Кеплердің барлық қолжазба еңбектерін сол кісі саттырып алып, академияға тапсырған екен. Сол себепті Ленинград И. Кеплердің еңбегі сақталған орын болып табылады. Ал, біз болсақ И. Кеплердің оптика жағынан, геометрия жағынан, музыка жағынан әл-Фарабимен жанасатын жерлері бар екенін сезетін едік. Сол себепті мен Ленинградқа, И. Кеплер мәжілісіне келдім. Сол мәжілісте айтылған мәселелердің әр қайсысынан жақсы мәліметтер алып қайттым. Әсіресе И. Кеплердің фокус деген түсінікті арабтың “мухарақ” деген сөзінен алып аударғаны, сол түсініктің Европа еліне сонан кейін тарағаны айқын белгілі болды. Осы “мухарақ” от орыны деген қағида әл-Фараби еңбегінде бар. И. Кеплердің астрономиядағы тапқан теориялары осы фокус түсінігімен байланысты екенін еске алатын болсақ, бұл мәселе бізді талай жерге апарды. Бүкіл оптика ғылымының түйіні осында. И. Кеплердің геометриялық кескінді салудағы, оларды табиғат дүниесімен салыстырудағы еңбектері әл-Фараби еңбектеріне сонша ұқсас. Ал И. Кеплердің “Аспан музыкасы” аталатын бір еңбегі бар. Сондағы оның келтірген суреті әл-Фарабидің ноталарды өрнектеген суретіне дәл келеді. Осыларды ойлап қарағандай И. Кеплер әл-Фараби еңбектерімен таныс болу керек. Оның Ленинградта жатқан еңбектерін зерттеу қажет деген ой келеді...

Азия мен Африка елдерінің жазушыларының симпозиумы да Алматыда да болмақшы. Солар өздерінің бір күнін әл-Фарабиге арнамақ. Ол мерекелік күн болмақ. Алдымен біз осыған дайындалдық. Ол мәжіліс қыркүйектің 11-де 1973 жылы өтті. Ақындар өздерінің сол күні бабамызға арнаған өлеңдерін оқыды.

Сонан кейін кешікпей екі үлкен мәжіліске қатыстық. Абу-Райхан Берунидің мың жылдығы, Николай Коперниктің бес жүз жылдығы. Бұл екеуіне де әл-Фарабидің тікелей қатысы бар. Әл-Беруни әл-Фарабиден бір ғасыр кейін шыққан, бір елдің адамы. Ол кісіге әл-Фараби үлгі ұстаз болған адам. Бірнеше жерде екеуінің ортақ қорғаған мәселелері бар. Мысалы астрономия, медицина, география-геология жағында. Әл-Фарабидің бастап кеткен кейбір мәселелерін әл-Беруни онан әрі дамытып, өз дәрежесін көтерген. Кен ғылымы, дәрі жасау жөнінде осыларды айтуға болады.

Берунидің 1000 жылдық мерекесіне біздер белсене қатыстық. Берунидің тау-кен ғылымы жайындағы еңбектері туралы мен баяндама жасадым. Берунидің астрономиялық еңбектері сөз болғанда біраз таластар туды. Сол мәселенің әл-Фараби еңбектеріне де толық қатысы бар.

Араб тілінде жазылған астрономия кітаптарында аспан шырақтарының қозғалысын бақылауда, Күн мен Жердің арасын өлшеуде олардың қайсысы қайсысын айналып жүр деген сөзге көп мағына бере қоймайды. Өйткені айтылған өлшеулерде ол қозғалыстың әсері болмайды. Жер қозғалмайды, Күн айналады десе де, Күн қозғалмайды, жер айналады десе де есеп өзгермейді, өйткені екеуінің ара қашықтығы ол қозғалыстан өзгермейді. Осы түсінік арғы кездегі әл-Хорезми еңбегінде, әл-Баттани мен әл-Фараби еңбегінде тағы басқаларының еңбектерінде бар. Беруни онан кейінгі ат-Туси, Ұлықбек еңбектерінде де солай. Бірақ өзбек ғалымы осы көзқарасты тек Беруниде ғана бар деп дәлелдемек болды, ол: Беруни Н. Коперниктің үлгі алған адамы деп баяндаған. Біз оны түзетіп, жалпы араб тіліндегі астрономия Н. Коперникке үлгі болған жалғыз Беруни емес, араб астрономы Аль-Баттанидің де еңбегін пайдаланғанына көзін жеткіздік.

Расында Н. Коперник іліміне араб елдері ғалымы қарсы болған жоқ. Бұл дүние жүзіне белгілі нәрсе.

Берунидің мың жылдығында Ташкентте көтерілген осы мәселе Н. Коперниктің 500 жылдық мерекесінде Москвада және Вильнюста сөз болды. Біздің пікіріміз дұрыс екені дәлелденді.

Н. Коперник мерекесінде біздің бір білген мәселеміз ол кісінің бірсыпыра ғылыми еңбектері, кітапханасы Швед қаласында Упсалада сақталады екен. Әл-Фарабидің математикалық бір еңбегін біз содан тапқан едік қой. Сөйтсе Упсалада Н. Коперник еңбектерінің бару себебі швед Королі Густав и Адольф (1592—1632) бастаған отыз жылдық соғыста Н. Коперниктің туған қаласы Краков шведтер қолында болған кезде Н. Коперник еңбектірін олар өзіне алып кеткен.

Европаның Н. Коперник идеясына қарсы болған адамдары оны кеміту үшін сол кезде оны “Сармат астрономы” деп мұқатады екен. Бұл күнде біз ол сөзді дұрыс деп табамыз, Сармат астрономдары әл-Хорезми — әл-Фараби — әл-Берунилер Н. Коперникке ой тудырған, жол

көрсеткен. Ендеше бұл мазақ мағынасында емес, Шығыс пен Батыстың жақсы қарым-қатынасының айғағы.

Сонымен белгіленген күні, 1975 жылы 8 қыркүйекте, әл-Фарабидің 1100 жылдық мерекесі Москвада, Одақтың үлкен Колонна залында ашылды.

Сол мәжілісте барлық республиканың өкілдері болды. Солардың ішінде қазақстандықтар басым сияқты. Біздер — ұйымдастыру комиссиясының мүшелері сонда болдық. Залда отырған адамдардың ішінде қазақстандықтар басымдық байқатты.

Жиналысты ашқан және сөз сөйлеген академиктер, қонақтар әл-Фараби мейрамы жалғыз біздің ғана емес, бұл барлық адам баласына ортақ мейрам. Тарихтан бұл сияқты кең өрісті, терең ойлы адам табу қиын. Бұл нағыз энциклопедист адам деп таныстырды. Қонақтардан бірінші сөйлеген ирак делегатының басшысы доктор Салех Махди Аммаш. Онан кейін ирандық қонақ Бадри Атабай, тағы басқалары.

Алматыда болған мәжілісте шет елден келген қонақтар арасында Қазақстанға арнап, әл-Фарабиге арнап және Абайға арнап сөз сөйлегендері болды, өлеңдерін оқыған ақындар болды.

Алматыдағы той жақсы, көңілді өтті. Бір өкініштісі біз әл-Фарабидің туған жерін, Отырарды, атақты Түркістанды қонақтарымызға көрсете алмадық. Оның себебі белгілі: сол кезде Отырар орын көрсетерлік түр жоқ, күр күм төбелер болатын.

Бізден кейін әл-Фарабидің 1100 жылдық мерекесі Иракта (Багдадта) өткізілді. 1977 жылы Халықаралық ғылым тарихының конференциясы Шотландияда болды. Сонда әл-Фараби жөнінде баяндама тыңдалды.

Бізде де, шет елдерде де әл-Фарабиге арналған ғылыми зерттеулер, хабарлар, пікір ауысулар болып жатады. 1984 жылы Кувейтте шығатын “Ал-Фараби” атты журналда (№ 308) әл-Фараби жөнінде біздің не істеп жатқанымыз хабарланды. Сөйтіп Ұлы баба әл-Фараби елге оралды, ендігі әңгімені әл-Фарабиге Абай тұлғасын қатар қоя жалғастырамыз.

II бөлім

ҰЛЫ ҰСТАЗ АБАЙ

Қазір Абай қазақ халқының ұлы ұстазы десек артық айтпағанымыз. Біздер ес біліп, әріп тани бастаған кезімізде 1915 жылдары қазақтың екі адамының атын білдік. Оның бірі Ыбырай Балғожаұлы Алтынсарин, екіншісі — Абай Құнанбайұлы. Біріншісінің хрестоматиясы қолымызда болды, екіншісінің өлеңін жатқа айтамын.

Сол кезде бізге Абай өлеңін үйреткен, жаттатқан ешкім жоқ. Оны біз өз бетімізбен жаттап алған сияқтымыз. Басқаша айтқанда Абай өлеңдері өзінен өзі бойға сіңіп, ойда қалып қойса керек. Осының себебі не? деген ой келеді.

Қазіргі кезде ойлап қарасақ ол халқымыздың қамын ойлаған қамқоршы екен. Сонымен қатар ол барлық адам баласына әділетті жол көрсеткен, өмірден шындық іздеген дана екен. Осынау ұлы мақсаттың ұйқас ырғақпен, шебер үндестікпен, келтіргенде өзінен өзі ойда қалмай, көңілге қонбай қайтушы еді!

Халқымыздың басынан кешкен жақсы-жаман тағдыры Абай жырынан орын алған деуге болады. Халқымыздың тілі де, өнері де, тарихы да, діні де, ғылымы да, тіршілік қарекеті де, ойы да, бойы да Абай жырынан елестейді. Абай жыры халық дастаны.

Абай жыры адамның ар ұятын оятатын нұр сәулесінің шапағаты. Қазақ “Талапты ерге нұр жауар” десе, сол жауатын нұрдың көзін біз Абай даналығынан табамыз.

Осыдан көп жылдар бұрын бір сауатты апайдың айтқаны ойымда. Соғыстың аяғы қазақстандықтар Абайдың жүз жылдығын өткізуге дайындалып жатқан кез (1944 жылдары). Бір кездескенде ол кісі маған: “Мынау Абай кісі өлтіреді” дегені. Мен жұлып алғандай: “Ол қалай?— дедім. Сонда ол кісі маған былай түсіндірді:

— Мен Абайды көп оқимын, әр сөзіне ой жіберемін. Сол кезде байқап қарасаң көп сөздері өзіне тікелеп, мірдің оғындай қадалады. Осындай жерлерін ойлағанда ұйқым бұзылатын болды”, — дегені. Әмина апай, әдебиетші емес, ақын емес, жай сауатты, табиғат тану саласында маман ғана. Абайдың: “Ұятың, арың оянсын, Бұл сөзімді ойлансын...” дегені сол ғой, адамдық арды ойлаған жанды Абай сөзі тебіrentпей қоймайды.

Абайдың туғанына жүз жыл толған мерекесін өткізу кезінде халқымыздың басында ауыр ауыртпалық бар еді, ол соғыс кезі болатын. Солай бола тұрса да Абай тәйына ерекше көңіл бөлінді. Халық Абайдай данасынан қысылған жерде ақыл сұрайтын сияқты, оның даналық шуағынан жылу алуға қажет сияқты.

Сол кезде Қазақстанда Бүкілодақтық Ғылым академиясының бөлімі (филиалы) болатын. Соғыс аяқталысымен сол филиал өз алдына отау тікпекші.

Абайдың жүз жылдығын өткізу үшін арнайы комиссия құрылды. Абай дастаны ертеден әдебиет, өнер саласынан орын алып келгені мәлім. Сонымен қатар, академия Абайдың басқа саладағы еңбектерін еске алды. Абай шығармасы әдебиет шеңберіне сыймады. Оның ойшыл философ екені мәлім. Және де табиғат дүниесіне көзқарастары да көрсетілуі керек деген пікір болды. Осы кейінгі мәселе жөнінде маған баяндама жасау, мақала жазу тапсырылды.

Мен сол міндетті орындап, “Абай азат ойшыл” деген мақала жаздым (қолжазба 186 бет). “Данышпан Абай” атымен жүз жылдық мерекеді сөйлеп, баяндама жасадым. Сондағы менің ерекше тоқталғаным Абайдың “Әрбір ғалым хақим емес, әрбір хақим ғалым” деген қағидасы болатын.

Абайдың жүз жылдығына арналған еңбектер жинақталмай қалды. Оның бірінше себебі соғыстың қиындық жағдайы, қағаздың жоқтығы болса, екінші себеп сол кездегі Абайға деген көзқарастың қайшылықтары еді.

Соғыстың қысылшаң кездеріндегі сөздер, ондағы кейбір көзқарастар соғыс аяқталған соң басқаша өлшеуге түсті. Жеңістің желігіне мастанған көп адамдар Абай даналығына құлақ аса қоймады. Әсіресе “Абай азат ойшыл”, “Абай данышпан” деген сөздер көп адамдарға, әсіресе өзінен басқаны адам деп қарауға жағдайы жоқ жандардың жүрегіне ауыр тисе керек.

Осы жағдайды түсінген соң мен айтылған қолжазбаның көшірмесін Абай музейіне жібердім. Түп нұсқасы өзімде жататын еді. Соны қазір қайта қолға алып отырмын...

Менің ұғымымда Абай ұлы данышпан, қазақтың ақылшысы, ұстазы, досы, халқымыздың тірегі, сенімі, ар-ынсабының әділ таразысы. Абайдың:

“Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла...”

дегендегі жұмбағы, біздіңше осы арнада жатқан сияқты. Абайдың бұл жұмбағын тура түсіне білу, батыл, санасы көреген, батыл көзді, ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған дарынды түсіну, ол бір ғана адамның бір саладағы істейтін адамдардың қолынан келмейтін нәрсе.

Абай тану ісіне, оның өзі айтқандай, қырын, қиғаш келмей, тура келу, сыңаржақтамай, айла-қалтқысыз, әділ жүрекпен, таза ниетпен кірісу керек.

Шыншыл ғадалатты Абайдың есімін атақ үшін, мансап үшін пайдалану адамдық ардың алдында зор қылмыс болмақ.

“Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді” деген Абай қағидасын осы тұрғыда түсінсек деймін.

“Отыз сегізінші сөзде” Абай: “Хакім, ғалым асылда бір сөз, бірақ дүние тануда басқаланады”, дейді. Ол басқалану Абайдың түсінігінде бұрыннан айтылып келе жатқан қағидалы өсиет (нақыл) сөзге жүйріктер ғалым аталады. Олар нақылияға ерушілер болмақ.

Хакімдер бұрыннан келе жатқан нақлия қағидаларды, өсиеттерді жақсы біледі. Сонымен қатар сол білумен қоймайды. Дүниедегі заттардың себепсіз жаралмайтынын біледі. Сол себебін іздейді. Бұл табиғат дүниесінен шындық іздеушілер. Бұлар әрнәрсенің себебін білу арқылы шындық пен жалғандықтың арасын айыра білушілер. Сол арқылы олар адам баласын тура жолға салушылар. Сол жолда олар қанша қиындық болса да соған шыдаушылық; олар алдымен көптің қамын ойлаушылар.

Осы тұрғыдан алып қарағанда Абайдың айтқаны: “Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді” дегені. Өйткені анық пен танықтың арасын айыра білмеген адам, білмеген халық адаспай бара алмақ емес. Адасқан адам апатқа ұшырауы оңай.

Абайды әрі қарай оқып көрейік:

“Бұл заманның молдалары хаким атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бәлкі бұзық пиғыл...” Ғылым Алланың бір сипаты... Бастың аты — хақ, хақтың бір аты — Алла”.

Демек, Абайдың ең басты жұмбағының шешуі іздеушілік, зерттеушілік, ол хақимдік, данышпандық — философтық (фәлсафалық) жол. Ол даму жолы, ол ғылым жолы... Демек, мұнан келіп шығады: “Өмірдің өзі ақиқат, өмір жоқ жерде камалат жоқ. ”Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз... Ақыл сенбей сенбеніз, бір іске кез келсеңіз... Надандарға бой бермей, шын сөзбенен өлсеңіз”.

Абайдың өзімен сөзі екі ұдайы емес, екеуі бір жерден шығады. Абайдың даналығы осында. Абайды жақсы білетін бір қарттың айтқаны бар: “Абай сынына толмаған сөзді аузына алмайды”. Басқаша айтқанда Абайдың аузына алған әрбір сөзінің арғы жағында терең тамырлы, күрделі мағына жатады... “Ақыл, Қайрат, Жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек”... Басқаша айтқанда ойлау-зерттеу әрекеті, оны іске асыру, өмірге пайдалану әрекеті, адамдық сезім, әділеттік іс әрекеті. Немесе іздену, өмір, адамдық. Осылар бас қосқан жерден ғылыми шындық шығады.

Ғылым үйрену, өнер үйрену өзі де жақсылық жолы — ихсан. Бірақ ол өнерді адамдық, әділетті жолға жұмсау шарт. Халықтың қамына жұмсау шарт.

“Қазаққа күзетші болайын деп, бізде ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек”.

Сонымен ғылым — өнер үйренудегі мақсат Абайдың қағидасында алдымен надандықтан арылу, шындыққа көз ашу үшін. Онан кейін адамдық әділетті жолда болу үшін. Екіншіден өзінің халқынды жақсылық, адалдық, адамдық, шындық жолға салу үшін. Өз елінді адасудан, апаттан сақтау үшін, соның күзетінде болу үшін.

Ғылым мен өнердің табысы әділет жолға жұмсалып, “адам аулауға, адам алдауға салынатын болса онан келер пайда жоқ, зиян көп”.

Халық қамын ойлаған Абай алдымен бірлікке шақырады: “Бірінді қазақ бірін дос,— Көрмесен істің бәрі бос”.

Осы ұстаздық жолынан Абай жалықпай өтті.

Абайдың алдында тамаша сырлы, ақыл жетпес кең, шебер жасалған ғажайып табиғат дүниесі тұрды. Абай оны сезеді, оған қайран қалады, еліктейді, бейнелеуге, ұғуға ұмтылады. Екінші жағынан адам баласы, оның жаратылысы, дене құрылысы, өмір әрекеті, ғакли істері, жан сезімі, нәзік парасаты, хикметті кеудесі Абайды тағы

таңдандырады. Дүние ішінде дүние болған толған келісімге Абай қайран қалады, ойланады, толғанады, тебіренеді. Күні-түні ғаламның шындығын іздеп дамыл көрмейді.

Даналық көзді тереңге салған Абай:

“Малда да бар жан мен тән,
Ақыл сезім болмаса,
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса?—

дейді.

Шексіз ғаламның сырын білуге адамның қаншама қабілеті, қысқа өмірі жетпейтінін Абай жақсы біледі: “Мақсат алыс, өмір шақ... Кештеп қайтар жол емес, Жол азығым мол емес”... Солай бола тұрса да сен оған қапа болма. Ақылдың жеткен жеріне дейін бар... Арғы жағына қадам баса алмасаң да жүрегің сезеді... соның өзі адамдықтың сипаты — Абай кредосы бұл.

Не нәрсеге болса да талап ету міндет, мақсат адал ниет пен талапта:

“Дүниенің көрілген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды”.

“Адам жанының құмары — білмекке құмар”.
“Адам баласының ең жаманы талапсыздық”.

Адам өмірі жан мен тәннің бас қосқан “майданы” деп түсіндіреді Абай. Жан хайуан малда да бар дейді екінші жағынан. Мұндағы Абайдың хайуан жан деп отырғаны тән тілегіне қызмет ететін тіршілік — нәпсі. Ал адамдық жан болса, ол жанның нәпсіліктен жоғары дәрежедегі сатысы, ол ғақли жан, ол рухани түсінік.

Адам табиғатында осы екі тілек майдандасқан. Адамның ғақли қабілеті осы екі бағыттағы тілекті ғамалаттікке бағыттап басқара білуде.

“Тән сүйгенін бермесе,
Жан шыдамас жаны ашып.
Бере берсең, бер десе,
Әдет етер таласын”.

Мұндағы “тән сүйгені” кең мағынада алғанда: тамақ, киім, бақ, ойын күлкі, атақ, мансап...

Нәпсінің барлық тілектерін тойдырам десең басқа рухани дүниеге орын қалмайды.

Нәпсі тілегіне беріле берсең, ақырында ол өзінді билеп алып түбіңе жетеді:

“Үш төрт жылғы әдетің,
Өзіңе болар жендетің”.

Рухани талаптан айырылған адам, нәпсі тілегіне билеткен адам — ол.

“Адам бір боқ көтерген боқтың қабы.

Боктан сасық боларсың өлсең тағы”.

Абайдың осы сөзін алдыңғы қатардағы азаматтың бір себеппен нәпсінің алдауына еріп, кейбір маскүнемдікке салынған адамдарды елестетеді.

Абайдың ғылым жолдары жөніндегі өсиеттері көптеген өлеңдерінде бар. Ол кісінің 17 және 31—32-інші сөздері түгелдей осы мәселеге арналған.

“Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек...” Талаптың өзіндік шарттары бар:

Абай шарттарының қысқаша мазмұны мынадай:

Бірінші шарт: Білім-ғылымды ізденуде күнделікті ұсақ іске жарата қою үшін, немесе біреуден артылу үшін, ерекшеленіп мақтану үшін іздену болмау керек. Ғылымға алдымен берік ынта-ынтықтық, білмегенді біле беруге құмарлық, махаббат керек. Білмегенді білген сайын сол құмарлық арта береді, жүрегің қанағаттанып, көңіл орнығып, сенім арта бермек. “Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды”.

Екінші шарт. Ғылымнан ақиқат табу мақсатын қою. Өз айтқанымды ғана болдырам деп, бос сөз таластыру үшін, бақас үшін ғылымға қол созба. Пікір таластыру өзі де ғылымның бір жолы, таластан пікір ашылады, шындық ашылады, көңіл бекиді. Бірақ ол таласта тек өзімдікі ғана дұрыс деп қатып қалу жаман. Ондай өз сөзін ғана іске асыру мақсатын қоюдың түбінен ғылыми шындық тумайды, өзімшілдік, күншілдік туады. Оның ақырынан адамдыққа да, ғылымға да зиян келеді. Осы арада еске ала кететін нәрсе Абайдың “Мутакаллим, мантиғын бекер босқа езе дүр”, қағидасын осы мағынада түсіну керек. Бұл мәселеге кейін ораламыз.

Үшінші шарт. Әрнәрсенің шындығына өз көзің толық жеткенде ғана, сенімің берік болғанда ғана, соны ғылым тұт. Сенімің берік болмаса ол ғылым емес. Ақиқатына көзің жетсе, онан ешуақытта айырылма.

Төртінші шарт. Ғылымды үздіксіз зорайтып, молайтып, көріктеп отыратын нәрсе керек,— ол ақыл ойдың ісі. Ақыл ой арқылы көркейіп отырмаса ғылым дамымайды, өспейді, өшеді.

Бесінші шарт. Ғылымда салғырттықтан, еріншектіктен сақ болу керек: Білгендерінді іске асыру керек, ол үшін

еңбек ету керек. Сол іске асыруда белгілі болған жақсыларын әрі қарай дамыта беру керек, жарамсыздарын тастау керек.

Алтыншы шарт. Ғылым-білімде ұстамдылық қажет, ақыл ойдың, мінездің беріктігі керек, ол үшін қайрат керек. Ғылымды да, ақылды да сақтайтын сауыт сол ұстамдылық, табандылық мінез.

“Сол мінез бұзылмасын, көрсе қызарлықпен, жеңілдік я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ, қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын. Ол бір ақыл үшін, ар үшін болсын.

Сонымен Абайдың ғылыми жолы: құмарлық — махаббат, шыншылдық әділет, берік сенімділік, ғылымды дамытатын нұрлы, ойлы парасат, жақсыны іске асырып отыратын батыл еңбек, шындықты сақтайтын ұстамды қайратты мінез: Абайша айтқанда: “Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста”, “Ғылым сол үшеуінің жолын білмек” дегені осы айтылған шарттардың көркемдік бейнесі болса керек...

Жоғарыда айтылған білім-ғалым шарттарын орындау көрінген адамның қолынан келе бере ме? Тәрбие арқылы адамды тура жолға қоюға бола ма?— деген сияқты мәселелерге Абайдың беретін жауабы бірнеше сатыларға бөлінеді. Алдымен Абай тәрбие ісіне зор мән бергені мәлім.

“Мен, егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім”,— дейді Абай.

Бұл тұжырымға келгендегі Абайдың табиғи тірегі адамның табиғи қасиетіне сену. “Аз ба, көп пе білсем екен, көрсем екен деген арау (тілек), бұлардың да басы жибли (табиғи тілек). Ақыл, ғылым — бұлар кәсіби (еңбекпен табылатын нәрсе)”.

“Кейбіреулер айтады: ақыл жибли болмаса да, талап — жибли. Талап берген адам ақылды тапты. Талапты кімге аз берген, таба алмайды дейді, ода бекер: талап әр балада бар, оған талас қылуға болмайды. Бағана айттық қой: жан қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, ескерсе, күтіп айналдырса, зораяды деп. Жан қуатыменен адамның тапқан өнерлері де, күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып

алған өнерінің өзі жоғалғандығын және өзінің ол мезгілден бір басқа адам болып кеткенінді білмей қаласын”.

“Талап ұғым махаббаттан шығады. Ғылым — білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен”, яғни жақсы сөзімнен, деннің саулығынан және айналандағы үлгі тәрбиеден болады”.

“Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды, басында зорлықпен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе, өзі ізденгендей болғанша, қашан бір бала ғылым-білімді махаббатпенен көрсетерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады”.

“Өнер мен ғылымда осы да болады деген сөз болмау керек”,— дейді Абай.

Абайдың тәрбие ісіне зор мән беруінен көрінген адам ғалым бола алады деген түсінік тумаса керек. Тәрбие ісінің өзі алдымен айналандағы тәрбие үлгісіне байланысты деп отыр ғой. Екінші жағынан тәрбие ісі ұстазсыз болуға мүмкін емес. Демек Абайдың тәрбие жөніндегі пікірі ұстаздың ісіне жатады. Ол Абайдың өз басының ісі. Басқаша айтқанда, Абайдай дананың қолында заң қуаты болса, еркі болса, жағдайы жақсы ерікті ел болса, онда қазақ халқын жолға салуға әбден болар еді...

Ғалымды бағалайтын заман болса басқалар сондай ғалым болмағанымен, соған ұқсап баққан болар еді. Ол ұқсауда алдымен әркім өзінің қолынан келген еңбегін істеп, адал жол мен табан ақы, маңдай терімен еңбек етіп, күнін көрген болар еді.

“Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей”— дегені мәлім. Адам екенінді ұмытпа. Еңбегінді сат, арынды сатпа, арың таза болсын, сонда ғана сен адамсың,— дейді ұстаз өзінің халқына. “Малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой”,— деді емес пе?

“Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолы өнерлі — қазақтың әулиесі сол”.

“Қазақтың жамандыққа үйір бола беретінінің бір себебі жұмысының жоқтығы. Егер егінге салынса, не саудаға салынса, қолы тиер ме еді?” “Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп адам саумақ,— өнерсіз иттің ісі...”

“Қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау; еңбек қылсаң, қара жер де береді, құры тастамайды”.

“Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,
Қардың суы секілді тез суалар”.

“Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,

Аздырар адам баласын...
Егесіп босқа, жау болып досқа
Кор болып құрып барасын...

“Бірінді қазақ бірін дос,
Көрмесең істің бәрі бос”.

Халқының ел болуын арман еткен данышпан өзінің 39 сөзінде елдіктен кетіп бара жатқан жаман ниетке талдау жасаған.

“Рас бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайы тілі, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінез бар еді. Сол екі ғана тәуір мінездерін жоғалтпай тұрсақ, бізде ел қатарына кірер едік. Енді сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, сайтандыққа тартып барады; жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол. Ол екі мінез қайсы десек: әуелі ол заманда, ел бастайтын, топ бастайтын кісілер болды... “Қой асығын қолыңа ал, қолыңа жақса сақа ғой”—“бас-басыңа би болсаң Манар тауға сый-массың, бас алқаңыз бар болса, жанған отқа күймессін” деп, мал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды соған бердік. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен... Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, олардың қамын жемей қайтеді”.

“Екіншісі: Намысқор келеді екен. Аты аталып, аруақ шақырылған жерде, ағайынға өкпе, араздыққа қарамас екен, жанын салысады екен. “Өзіне ар тұтқан, жаттан зар тұтады”— деп “аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді” деп, “ағайынның азары болса да безері болмайды” деп; “алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді” десіп, “жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар” десіп.

“Кәнеки енді осы екі мінез қайда? Бұлар да, арлылық, намыстылық табандылықтан келеді. Бұлардан айырылдық. Ендігілердің достығы бейіл емес, алдау. Дұшпандығы кейін емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық”.

Әлеуметтік ойын қорыта келіп Абай артындағы ұрпаққа аманат артады: “ей, жүрегімнің қуаты перзенттерім “Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша біткендігенен емес, дегенді айтады: Мен бастадым, сендер әрі іске асырарсыңдар”;— дегені.

Елдіктен кетудің тағы бір мінезін Абай ескертеді: “Жаттың бір тәуір кісісін көрсе “жарықтық” деп жалбы-

рап қалып, өз елінде сонан артық адам болса да танымайтындығын” айтады.

Данышпан ұстаздың осы ауыр аманатын мойынға алу, соған еңбек ету, соған тілектес болу, сол жолдағы адамға қол үшін беру бәріміздің адамдық міндетіміз деп білемін.

Екі ұлы ұстаз әл-Фараби мен Абай қазақ жерінде қайта бас қосып отыр.

Екі ұстаздың бас қосқан жері

Ел басына күн туған кездер қазақ халқының екі данышпан ұлының есімдері біздерге рухани демеу болары талассыз. Олар: бірінші әл-Фараби, екінші — Абай. Осы екі адамның екеуінің де ғылыми мирастарын зерттеу ісіне менің тікелей қатысым болды: Абайдың ғылыми мирастары жайында оның туғанына 100 жыл толуына мақала жазылды, баяндама жасалынды. Сонан кейін әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толған тойын өткіздік, оған арналып көп еңбектер жазылды. Бірақ Абай тойы толық болмады. Осыған байланысты Абайдың алдағы 150 жылдығына дайындалу ісі қолға алынуда. Осы тойдың қарсаңында екі ұлы ұстаздың арасын жалғастыру маған борыш сияқты. Бұл мәселені мен көптен-ақ ойланған болатынмын. Оның үстіне өткен қыста Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық еңбектері жарық көруі осыған түрткі болды. Оның себебі айтылған Ахат Шәкәрімұлының маған жазған хаты. Ол хаттың көлемі кішкентай, сөзі аз болғанымен мазмұны терең, көп сырдың түйіні бар. Сол себепті осы арада оны тағы да толық келтіріп, талдау береміз.

“АҚЖАН!”

“Әл-Фарабиді еңбек етіп, ол діншіл еді деп таласқандардан, оның ғалымдығы күшті деп, ақтап шығып, түріктің, оның ішінде қазақтың әл-Фарабині тірілттің. Сол әл-Фарабиді оқыған, тағлым алған Абай мен Шәкәрім туралы үн қатпай өттің, бұл қалай?”

Ахат.

Ахат ақсақал бұл хатты маған 1976 жылы, 8 июнь күні Алматыда болған Мәдени мұраларды қорғау съезінде жазған еді. Сол мәжілісте мен әл-Фарабидің кім екенін, оны қалай ашқанымды, оның 1100 жылдық мерекесін қалай өткізгенімізді баяндап сөйлегем. Сонымен байланы-

сты Түркістан, Отырар ескерткіштерін жөндеу, зерттеу қажет екенін айтқам. Сол жолда маған көп бөгет жа-сағандар айтылған. Хатта соны еске алып отыр.

Екінші жағынан Ахат Абай музейінің директоры.

Менің Абайдың жүз жылдығына арнаған қол жазбам сол музейде, сол кісінің қолында. Әкелері Абай мен Шәкәрімнің әл-Фарабиді оқығанын, әсіресе онан мол тағлым алғанын Ахат жақсы біледі. Ал енді әл-Фараби мен Абайдың ғылыми мирастарын бірдей зерттеген адам осылардың арасындағы байланысын неге атамай кетеді. Міне Ахат ақсақалдың маған қойып отырған талабы осындай.

Мен сол мәжіліс арасындағы үзілісте келіп ол кісіге түсіндірдім. Кейін ол кісінің қойып отырған мәселесіне өз алдына оралу керек екеніне тоқтадық. Ол кезде Шәкәрім ақталмаған. Оны сөз етуге болмайды. Ал Абай мен Шәкәрімнің ғылыми мұраларын бірінен бірін ажырату тағы қиын. Шәкәрім өлеңдерін біз жас кезімізден Абай өлеңдерімен қатар жаттап алып айтатын едік. Біздің әкелеріміз Қарқаралының Қоянды жәрмеңкесінде Шәкәріммен жылда сәлемдесіп, өлеңдерін көшіріп алып келетін еді, елге тарататын. Сол кезде Қоянды жәрмеңкесі халықтың басын қосқан мәдениет, әдебиет, өнер таратқан орын болғаны мәлім. Сол кезде Қояндыда, Қарқаралыда, Семейде болып өнер көрсеткен адамдар кейін де бүкіл Қазақстандық көлемдегі ірі қайраткерлер болғаны мәлім. Солардың бірнешеуін атай кетелік: Қалибек Қуанышбаев, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Ғазиз Файзоллаұлы, Майра Уалиқызы, Әсет ақын, Шашубай Қашқарбайұлы, Қалқа Жаппасбайұлы, Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Естай ақын, Жүсіпбек Елеубекұлы, Қуан Лекерұлы, Манарбек Ержанұлы тағы басқалары.

Абай елі біздің Қарқаралы адамдарымен, соның ішінде біздің аталарымызбен ежелден араласқан, сүйек шатыс. Абайдың әкесі Құнанбай бір кезде сол Қарқаралыға дуанбасы — аға сұлтан болды. Сол кезде ол үш жерге мешіт салдырған: Қарқаралыда, Семейде, Меккеде. Абай Қарқаралыда болған. Семейде оқыған. Ал Шәкәрім 1905 жыл Меккедегі Құнанбай мешітінде (Қонақ үй — Тақияда) болған. Мұның бәрі дәлді тарихи шындық. Қазіргі кезде Құнанбай қажы салдырған мешіттер қайтадан жөнделіп бітті. Енді бір ойлап қаралық: Ахат маған хат жазған кезінде (1976 жыл) бұл шындықты біз

ауызға ала алмаған едік. Міне, қазіргі шындыққа көшкен дәуірде біздің қолымыз осыған енді жетіп жатыр.

Осымен байланысты тағы бір шындық есте болсын. Құнанбай мешіттерінің алғашқы имамдары Қазаннан оқып келген татарлар болған. Олар медресе ашып бала оқытқан. Абай сонан оқыған. Ал Қазан медресесі ол кезде Ресей патшалығында бүкіл ислам еліндегі оқу орындарының ең алдыңғы қатарынан орын алған. Оның себебі Шығыстану ғылымдарының туын жоғары көтерген ірі ғалымдар он тоғызыншы ғасырдың орта кезінде көбінесе Петербург пен Қазанда бас қосатын. Олар Петербург Ғылым академиясының мүшелері (академиктер, корреспондент-мүшелер): Вельяминов-Зернов В. В. Барон Тизенгаузен В. В., Радлов В. В. тағы басқалары.

Бұлар жалпы шығыстануда, соның ішінде Орта Азия мен Қазақстан жерінде көптеген еңбек еткен, ғылыми мирас қалдырғандар. Мысалы Радловтың ғылыми істерін қарайық. Ол бүкіл өмірін түркі нәсілді халықтар тілін зерттеуге арнаған. Көп томды еңбек қалдырған адам. Оның еңбектері тюркологтардың бас құралы болып саналады. Ол кісі өзінің осы еңбегін жинауда, яғни түркі тілдер мирасын жинауда, алдымен Алтайдан, Қазақстан жерінен бастаған. Сонан кейін сол еңбектерін әрі қарай дамытуды, талдауды Қазанда аяқтаған. Радлов В. В. есімі шет елдерге әйгілі. Оның көп томдық еңбегі: “Опыт словаря тюркских наречий” Санкт-Петербуркте 1893 жылы басылып шықты.

Радловтың алдында және артында сол Қазанда және соған байланысты істеген тағы бірнеше ірі ғалымдарды атай кету керек. Олар Будаков Л. З., Ильминский Н. И., Потанин Г. Н., Шахабуддин Маржани, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Аристов Н. А., Березин И. Н., Гасперинский С. тағы басқалары болған.

Осы ғалымдардың еңбектерін оқыған адам Абайдың ой өрісінің қайдан дамығанын түсінеді. Солардың ішінен біздің өткен ғасырдағы және үстіміздегі ғасырдың бас кезіндегі қазақтың зиялы адамдарының ұстазы ретінде ең ірі біреуін алып қарайық. Ол Шахабуддин Бағаутдинұлы Маржани. Бұл кісі Қазан қаласына 50 шақырым жердегі Маржан атты қалада хижраның 1233 жылы дүниеге келеді, 1306 жылы қайтыс болып Қазанда жерленеді. Қазіргі жыл санау бойынша ол 1818 жылы туған, 1889 жылы қайтыс болған. Бұл кісінің үлкен әкесі — бабасы Сухбан деген адам тарихи материалдарды өте көп жинаған адам екен. Ол

кісінің көп айтатын мақамы: “Өткенді білгендіктен жинаймын, келешекке, білмегендіктен ұмтылмаймын”. Осы мақал оның немересі Шахабуддиннің ғылыми еңбектеріне арқау болған сияқты. Басқаша айтқанда Маржани татар халқының, сонымен байланысты бұлғар халқының, қала берді барлық Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихына негіз салған адам.

Маржанидің “Бұлғар мемлекеті мен Қазан хандығының тарихынан” деген еңбегін В. Радлов 1877 жылы орыс тіліне аудартады. Ол еңбек “Россиядағы Археологиялық IV съездің жинағында Қазанда басылады (1,2. 1884 жылы).

Маржанидің екінші бір тамаша еңбегі “Мұстафад Әлахбар фи ахвали Қазан ва Бұлғар” атымен татарша және араб тілінде шықты. Осы еңбегінің ішінде оның Батый хан ұрпақтарына, Сарай билеушісі болған Шайбани әулетіне арналған тараулар бар. Сонымен қатар Орысхан, Тоқтамыс хан, Қасым хан әулетіне арналған соны материалдар көзделді. Ақ Орда хандығы, Сібір хандығы жөнінде айтылады. Демек Маржанидің бұл еңбектері тікелей қазақ халқының тарихына қатысты.

Осы айтылған тамаша бай материалдарды жинаудағы Маржани ісі бізге үлгі боларлықтай. Осы жөнінде Маржани алдымен қазақ жерін көп аралап, шежіре жинаған, атақты адамдармен кездескен, олар туралы дәйектер қалдырған. Мысалы ол өзінің тарихи еңбегінде Шоқан Уәлихановтан алған мәліметтерін келтіреді.

Маржанидің екінші бір пайдаланған тамаша мәліметі атақты Ахмад ибн Фадланның “рисаласы” (қол жазбалары).

А. ибн Фадлан оныншы ғасырдағы арабтың атақты саяхатшысы, ғалымы, бұл әл-Фарабидің замандасы. Бұл кісі Бағдат халифасының елшісі ретінде Еділ бойындағы Бұлғар хандығына барып қайтқан адам. Бұл кісінің жазған жол жазбалары толық сақталмай, әр жерге, әр елде, әл-Фараби еңбегі сияқталып тарып кеткен. Маржанидің тамаша бір ісі сол ибн Фадлан еңбегін алғаш рет тауып, ашып, аударып, соның мәліметтерін өзінің тарихи еңбегінде пайдаланған.

Маржани еліне Бағдат елшісін басқарып келген адамның аты Сисан ар-Раси. Ал Ахмад ибн Фадлан сол елшіліктің ішіндегі ғалымы болу керек. Олар хижраның 309 жылы, сафар айының 11 күні Бағдаттан шығып 310 жылы мұхарам айының 12 күні Еділдегі Бұлғарларға келген. Қазіргі жыл есебіне айналдырсақ 921 жыл июнь

(маусым) айының 21 күні, келгені 922 жылдың 12 май (мамыр) айының 12 күні. Яғни олар жолда он ай шамасындай болған. Олардың жүрген, соққан, тоқтаған жерлері: Хамадан, Рей (Тегеран) Нишапур, Мерв (Иран — Азербайжан елдеріндегі) Бұхара, Әмудария бойы, Хорезм, Арал теңіз жағасы, Үстірт, Жайық жағасы, Еділ бойы.

Осы жол бойындағы елдердің тұрмысын, табиғатын, мәдениетін — бәрін А. ибн Фадлан жазып отырған. Соның ішінен Маржани біздің халқымыздың тарихына қатысты мәліметтерді теріп алып пайдаланған.

Маржанидің дүние жүзіне атын шығарған жеті томдық ірі еңбегі араб тілінде жарық көрген. Оның аты қысқаша айтқанда “Вафиат Әл-Аслеф” (“Өткен бабалар өмірінен” деген мағынада). Бұл еңбекте Шығыс халықтарының белгілі адамдарының, ғалымдарының, өнерпаздарының өмірбаяны: оларға ескертулер, түсіндірулер берілген. Бұл еңбектерде де қазақ халқына қатысты материалдар көп. Оны қазақша аудару өте қажет.

Бұл арада біздің алға қойып отырған мәселемізде нағыз керек жері әл-Фараби туралы. Маржани әл-Фарабиді терең зерттеген, түсінген, оны дүмшелерден ақтаған адам.

Ислам дініндегі халықтар арасынан шыққан ғалымдар көп екені белгілі. Бірақ солардың арасында исламның ғылыми негізін көтерген, басқаша айтқанда, ислам қағидаларын ғылыми тұрғыдан таныған адамдар санаулы. Солардың ішінде ең көрнекілерінің бірі әл-Фараби. Оның ғылыми идеяларына қарсылар көп болды. Мысалы атақты ғалым әл-Ғазали әл-Фараби мен Абу Ғали ибн Синаға қарсы кітап жазған. Бұл өзі ислам дініндегі, ислам ғылымындағы ежелден келе жатқан талас. Бұл талас тек исламда ғана емес, басқа діндерде де болған және бүгінге дейін бар нәрсе. Осындай күрделі мәселені шешуде Маржанидің қандай жолмен барғанын қысқаша шолайықшы. Біздің қолымызда татар тілінде 1915 жылы Қазанда шыққан бір үлкен том кітап бар. Ол Маржанидің туғанына жүз жыл толуына арналған. Сол кітаптан аздаған мағлұмат.

Ш. Маржани В. Радлов сияқты шығыстанушы ғалымдармен жақсы таныс болды. Солар арқылы бұл кісі Европа елдеріне де мәлім, батыс елдердің энциклопедиясына ислам мәдениеті жайында көп мақалалар жазған және жазғандарға көмектескен. Өзінің халқын өнер үйренуге, ғылым үйренуге, орыс тілін үйренуге шақырған.

Сонымен байланысты оны ислам жолынан тайдырушы миссионер де шығарған кездер болды. Осы жөнінде Маржани былай деген: “Өзінің дінін, тілін, елін білгендер ғана орысша оқыса, ол жақсы. Оны білмей, орысша оқыса онан қайыр күту қиын”.

Бұл пікірдің Абайдікіне дәл келетіні көрініп тұр.

Ш. Маржани әуелгі оқуды өзінің ауылында оқыған. Сонан кейін ол кісі көп саяхаттар жасаған. Көп уақыт Бұхарада, Самарқанда мұнан кейін ол кісі көп уақыт Таяу Шығыста, араб елдерінде, Стамбулда болған. Көптеген кітаптар оқыған, материалдар жинаған, таластарда, айтыстарға араласқан.

Еліне оралғаннан кейін ол кісі медреселер ұйымдастырған. Атақты медресесі Ғалия сол кісінің ұйымдастырған медресесі. Революциядан бұрынғы қазақ халқының көптеген азаматтары сонан оқыған-ды. Сол сияқты медреселер қазақ елінде де болған: мысалы, Қарқаралыда, Семейдегі медреселерде Маржанидің өзінен тікелей тәлім алған адамдар оқытқан. Абай Семейде сол Маржани шәкірттерінен оқығандардың бірі. Абай еңбектерінде Маржанидің қозғаған мәселелері көп кездесетіндігі осыдан. Бұл туралы сәл кейін айтамыз.

Маржани еңбектерінде шығыс ғалымдарының тарихта аты барларын тегіс қамтылған деуге болады. Ол Араб мәдениетінде философиялық, діни, ғылыми ойлардың таласы Әл-Мутин халифа заманынан бастайды. Сол кезде ислам елдері бірнеше мазхабар болып бөлініп, әртүрлі ағымдардың шыға бастаған кезі. Әсіресе Бағдат халифаларының ғылымды жоғары мадақтағандары көптеген діншілдерге жақпағаны бар. Екінші жағынан сол ғылыми жолдардың өздері де бірнеше тарауларға, ағымдарға бөлінетіні бар. Оның үстіне көп ұлтты елдердің ежелден келе жатқан әдет-ғұрпы тағы әртүрлі. Осыларға байланысты құранды әртүрлі түсіну, хадисті (өсиет сөздерді) түрліше талқылаулар көбейіп кеткен.

Осындай таластың салдарынан кейбір жағдайларда шындыққа нұқсан келген, нақақ таяқ жегендер көп болған. Мың жыл бойындағы осындай дау-шарды түсіну, тура жол табу, оңай емес еді. Маржани осындай ірі мәселеге барған адам, сонан әділетті жол тауып, бағыт сілтеген адам. Сол үшін де оны исламның ұлы реформаторы мұсалих атаған. Бұл түсінікті қазақша жарастырушы деуге болар еді, өйткені ол кісі дауласушы адамдардың әрқайсысының

мақсатын, түсінігін, оның себебін дәл тауып, әділетті орнына қоятын сияқты. Бірер мысал.

Атақты халифа әл-Мумин мен ірі ғалым Ахмад ибн Ханбал арасында болған зор тартысты Маржани ғылыми таразысына салып талдайды.

Халифа маңындағы ғалымдар билікті өз қолдарына түгелдей алу мақсатында болып құранның мазмұнын өздерінше талдап, ертеден келе жатқан әділеттік өсиеттерге көп құлақ сала қоймай бастаған. Оларды мұтазилит атаған. Соның арқасында әділетсіздік көбейіп, халық арасында наразылық басталған. Осы жөнінде халифа әміріне Ахмад ибн Ханбал сияқты ірі хәкімдер көнбеген. Олар қуғынға ұшырайды. Көптен соң ақталады.

Әл-Мумин халифа мен ибн Ханбалдың арасындағы таластың негізін қысқаша айтқанда құранды қалай тану түрі. Халифаның жақтаушылары құран араб тілінде жазылған. Оны ерікті түрде талдауға болады деген. Ибн Ханбал оған қосылмай, құран алланың қаламы — сөзі деген. Бұл таластың арғы терең мағынасында үлкен сыр жатыр. Құранға басқа тарихи кітаптарша қарап зерттеуге бола ма, болмай ма? Әл-Мумин болады, ибн Ханбалша болмайды. Кейінгі зерттеуші ғалымдар шындық осы екеуінің ортасында деп табады. Ғақли құран сөз түрінде берілген болса ол сөз жаратушының өзі емес, бірақ сонымен қатар ол оның жаратқан заты да емес. Сөз жаратушының сипаттарының бірі. Ол сипаттын өлшеуші бөлшегі адамда да бар. Адам өзара сөйлесе алады. Сол себептен адам аз да болса, шама келгенше құранды сөз етіп түсінуге мүмкіндігі бар, құқы бар. Бірақ оның барлық сырын ашуға адамның қабілеті жетпекші емес. Ш. Маржани осы мәселеге тамаша талдау береді. Абайдың 38 сөзінде сегіз сипат мәселесінде берген талдауы осыған қабысады.

Сонымен Маржани мен Абайдың ислам тарихындағы ең терең таласты қалай тамаша шешкенін көресіз. Басқаша айтқанда Ш. Маржани осы адамның екеуін де ақтайды. Әл-Мумин ғылымға тамаша жол ашты деп оның іс әрекетін мақтайды. Екінші жағынан ол рухани өсиет жолға нұқсан келтірді, оны Ибн Ханбал түзетті дейді. Егерде ибн Ханбал әл-Муминнің ғылыми ісіне жетік, оған жәрдемші болса, ол оқиға болмас еді, екі жағы тең болып отырар еді деген ойға келетін сияқты.

Екінші тамаша мысал Маржанидің әл-Фараби мен әл-Ғазали арасындағы талас тұрғысындағы пікірі.

Әл-Фараби ертедегі ежелгі ғылыми табыстарды қабылдап, грек ғалымдарынан үлгі алып, олардың

ғылымын дамытқан, сол үшін ол екінші ұстаз атанғаны мәлім. Басқаша айтқанда, әл-Фарабидің екінші ұстаз аталудағы ныспының мағынасы исламнан бұрынғы ғылымдардың табыстарын қабылдау, соны үйрену, үйрету және ары қарай дамыту. Айтайық ол Сократтың, Платонның, Аристотельдің барлық ғылыми салаларын, математикасын, физикасын, музыкасын, философиясын, логикасын жоғары сатыға көтерді.

Әл-Фарабидің бұл сияқты батыл жаңалық, ғылыми табыстарын жақтаушы ғалымдар да көп болды. Ал оған қарсы шыққан әл-Фарабиді дін бұзушылар қатарына қосқандар онан да көп болған еді. Әл-Фарабидің кейінде Бағдадтан ығысып, Сирияға келуінің бір себебі де осы болған.

Әл-Фараби сынды исламды ғылыми тұрғыда танушыларға қарсы шыққан діндарларды софылық бағыт деп атауға болады. Арабша оны Тасууф, яғни суф кигендер деген мағынада. Ал суф — малдың жүні немесе сонан жасалған түкті (жүндес — барак) жамылым немесе тоқыма киім. Қазақша оны кебенек немесе шекпен деп түсінуге болады. Олар осылай жұпыны киініп, бұл дүниедегі өмірдің қызығынан безіп, ол дүниені ғана ойлап, барлық өмірін дұғада, зікір салуда өткізетіндер. Олар көп өмірін үңгірлерде кешкен. Олардың түп мақсаты дүниеге алданбай, нәпсінің арбауынан аулақ болып, рухани дүниесін жетілдіру арқылы жаратушыға (Тәңіріне) жақындау, хақтың жолын табу. Бұлардың арасында нағыз адал, ғалым әулиелері де болған. Мысалы Хасан әл-Басри, ибн Рабиа ибн Хайсам дегендер. Олардың софылық жолды ақтаған, оның ережесін (тәрк дүние атты) жазған еңбектері болған.

Софылықтың өз ішінде бірнеше тараулары болған. Олардың кейбіреулері Тәңірді сүю оның жаратқан дүниесін сүюге апарған. Сонан барып диуана жынды болып, тауға безген. Белгілі ақындардың жырларына сол идея өрнек беріп, махаббат идеясы ғашықтар поэмасына әсер еткен (мысалы, “Ләйлі Мәжнүн” сияқты).

Софылардың ішінен шыққан кейбір ғалымдар ғылыми жолға мән берген; олар сүнниттің тура жолына тоқтаған адам ақылы жетпейтін жаратушы бір басқа, оның жаратқан дүниесі бір басқа деген. Адам ақылы сол екіншісін жаратылған заттарды зерттеуге тиісті деген тұжырымға келген.

Софьлықтың осы түрлерінің бәрі де кейін Орта Азия мен Қазақстан жеріне кең тараған. Бәлкім жердегі “Зеңгі баба”, “Қошқар ата”, “Баба түкті шашты әзіз” деп келетін әулиелер сол софьлар болар деген ой келеді. “Түкті — Шашты” деген сөз сол кебенек кигендер болар. Олар елден қанша безгенімен тірі адамдар, келіп-кетіп жүреді. Қазақтың “Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді” дегені осыған меззейтін сияқты.

Әбу-Хамид әл-Ғазали әл-Фарабиден 180 жыл шамасы кейін Бағдадта ұлы ғалым — хақим болған адам, нәсілі ирандық, негізгі философиялық бағыты софьлық. Бұл кісі ғылымға негізінен қарсы болмаған, бірақ ғылымды-білімді тек исламдық жолдан іздеу керек, басқа елдерден, әсіресе бұтқа табынған гректерден ғылым іздеу, оның логикасын, философиясын, ғылымын қолдану исламды бұзады деген пікірде болған. Осы тұрғыдан алып ол кісі әл-Фараби мен ибн Синаға қарсы шыққан. Оларды дін бұзушылар деп айыптаған.

Әл-Ғазали осы талас қақында көп еңбектер жазды. Мұнда ғылыми, философиялық, діни, табиғи ойлар терең талданған. Соның нәтижесінде әл-Ғазали идеясы ислам елдерінде кең тараған-ды. Әл-Фараби еңбектерінің көп заман көлеңкеде қалып қоюына әл-Ғазалидің қатаң сыны себеп болған сияқты.

Әл-Ғазалидің артынан ілесе шыққан ибн Рушд, ибн Туфейль сияқты ірі ғалымдар әл-Фарабиді ақтап, әл-Ғазалиге қатты соққы берді.

Ибн Рушд әл-Ғазалидің “Философтарға қарсы” дегеніне қарсы: “Қарсылыққа қарсылық” деген еңбек жазды. Ол бүкіл Еуропа елдеріне тарап, зор әсер етті.

Ибн Рушд өзінің еңбегінде әл-Фараби идеяларын онан әрі қарай дамытады. Әл-Фараби “Табиғат матбуғат”, яғни табиғат кітап баспасы, адамның ғылым-білімнің көзі десе, ибн Рушд: “Жаратылған дүниені танымаған жаратушыны да тани алмас” деген қағидаға барған. Әл-Ғазали жолындағылар оны қудалаған. Ол өмірінің ақырын Мароккода өткізді.

Ибн Рушд Абул-Валид Мұхаммад ибн Ахмад — латынша аты Аверроэс. Ол арабтың европалық халифатында — Кордовада 1126 туган. Кейінде 1198 Мароккода қайтыс болған.

Ш. Маржани осы сияқты барлық елдерде дүние жүзілік күрделі таласты мәселеге терең бойлап, өзіндік баға берді.

Әл-Фараби мен әл-Газалидің еңбектерін салыстыра келіп Ш. Маржани мынадай қорытындыға келеді. Бұл екеуі де ғылымда, адамдық жолына, гадалатқа, шындық іздеуде біріне бірі үксас, бірін бірі толықтыратын ғұлама. Екеуі де бағыттары басқа бола тұрса да ұлы ұстаздар. Әл-Газалидің әл-Фарабиге тым қатаң сөздер айтуы, оның адамдық басына емес философия атына деп білу керек. Бірақ философияны сынап, оған қарсы бола отырып әл-Газалидің өзі сол философияға зор қызмет көрсетті.

Ш. Маржанидің осы пікірін оқығанда әл-Фарабидің Платон мен Аристотель арасына айтқан пікірі ойыма түсті. Платон мен Аристотель біріне бірі қарсы болғанымен екеуінің түпкі сабағы бір. Дүниені екеуі екі жолмен танығысы келеді, сол жолдарымен барып ақырында олар бір ғана шындыққа тоқтайды деген. Дәл сол сияқты Ш. Маржани де әл-Фараби мен әл-Газалидің іздегені бір шындық, оған екеуі екі жолмен келіп тоғысады деп түйіндейді.

Әл-Фараби мен ибн Синаның еңбектеріне сүйенген кейбір ғалымдардың еңбектеріне Ш. Маржани талдау жүргізеді, оны тексереді, толықтырады, түзетеді. Мысалы Жалал ад-Дин әл-Дауани еңбегіндегі философия ғылымының ислам іліміндегі орны жөнінде Ш. Маржани терең мағыналы тұжырымы. Бәлкі әл-Дауани әл-Фарабиді жете зерттеп терең камти алмаған болар деген ойға келесің. Бір тамашасы осы жөніндегі Маржанидің әл-Фарабиден келтірген сөздері Абайда кездесетіндігі. Мысалы “ғақли”, “нақли” түсініктері тағы басқалары. Есте болсын Абай әл-Дауани еңбегімен таныс. Әл-Фарабидің ғылым іздену адамның адамдық борышы деген сөздерін Ш. Маржани осы арада бірнеше түрде қайталап, баса айтады.

Араб ғалымдарының астрономия, математика жөніндегі еңбектерін салыстыра келіп Ш. Маржанидің: “Аһли ғылым Ай басында” деген тамаша сөзі бар.

Абайдың “Ғашарани уа мубашарани” деп келетін қағидасы Ш. Маржанида айтылған. Ш. Маржани өнерді, музыканы жарататын адам болған. Ол өзі жасында гармон тартады екен. Музыка жөнінде исламдағы үлгі әл-Фараби деп жазуы ол осыдан болса керек. Осы жөнінде ол кісі пайғамбардың өзі де музыка мен өленді теріс көрмегенін дәлелдейтін мысалдар келтіреді. Осы мағыналы тұжырым Абайда бар.

Ш. Маржани еңбегінде атакты Ақсақ Темірдің өз қолымен жазған “Түзлукты” оқығанын айтады. Бұл өте сирек нәрсе.

Ұлықбек еңбектерін Ш. Маржани жоғары бағалаған. Оған қарсы болып, оның ісін жойғандарды Ш. Маржани надандықтың құрбаны деп санайды.

Бүкіл араб елдерін, қала берді бүкіл шығыс елдерінде, бәлкі дүние жүзінде бұл күнде Ш. Маржани еңбегі аса жоғары бағалануда. Осыдан біраз жыл бұрын бұл кісінің 150 жылдық тойын дүние жүзі атап өтті.

Ш. Маржани өз заманында шындық іздеген адам. Шындықты ол тарихтан, ғылымнан, діннен өзінің адамдық арынан, халқының гүрпынан, тілінен іздеген. Ол кезде патшалық Россия бұратана елдерге, соның ішінде мұсылман дініндегі халықтарға зорлық, қатты қысым көрсеткен. Яғни татар, башқұр, қазақ, қырғыз сияқты халықтардың шұрайлы қоныстарын тартып алып, еріксіз шоқындыру мақсатын көздеген болатын. Дінге ену өрескел зорлықпен емес, шындық жолымен өтетін процесс екенін Ш. Маржани ғылыми дәлелдеуге тырысқан. Әр діннің өзіндік ғылыми шындық жағы бар да, жалғандық дүмше жағы бар. Шоқындыру әрекетін қолдаушы, әрине, христиан дінінің дүмшелері, олар бақ құмар, мансапқор әкімдері. Соны түсінген өмір шындығын іздеген даналар сол дүмшелердің арам пиғылын әшкерелеп, олардан безді. Мысалға Ш. Маржанидің замандасы Л. Н. Толстойды алайық. Ол кісіге әділеттілігі үшін шіркеу адамдары қудалау салды. Ал шындық іздеген Ш. Маржани мен Л. Толстой сыйлас, тілектес жандар болатын.

Абай мен Шәкәрімнің Маржани мен Толстойды жоғары құрметтеуі, оларды бірдей ұстаз тұтуы сол шындық іздеу жолындағы ортақ пиғылдарының дәлелі. Бұл даналардың діні шындықта.

Ш. Маржани медреселері Қазақстанға үлкен ағартушылық қызмет атқарды. Тек бұл емес В. Радлов маңында болған басқа да шығыстанушы ғалымдар қазақтан шыққан талаптыларға зор әсер етті. Мысалы, айтылған Шәкәрім Құдайбердіұлы жоғарыда айтылған шығыстанушылардан көп тәлім алғанын, әсіресе, өзінің шежіре кітабын жазарда оларды пайдаланғанын айтады.

Екінші жағынан Қазақстанға діни ұстаз-имамдар молдалар Орта Азия, Бұхара мен Ташкент жағынан келетінді. Бұлардың дені исламның ғылыми-ғәкли жағы емес, нақли-гүрпы жағында тәрбие алғандар болатын. Расында Ұлықбек дәуірінде ғылыми-ғәкли бағытты құлатқан елдің сонан кейінгі ғылымы сыңаржақ нақли, софылық немесе бос бакыс, сөз таластық, жаттанды түрге айналғаны

белгілі. Абай мен Шәкәрімнің қарсы болатын, “күранды теріс оқитын” дүмше молдалары сол Орта Азия жағынан келгендердің ішінде немесе солардан тәлім алғандар. Абайдың “Бұл заманның молдалары философияға қарсы болатыны бұзық пиғыл” деп отырғаны солар. Оны әл-Ғазалиден қалған дәстүр деуге болады.

Сонымен Қазақстан жерінде Абай заманында исламның екі түрлі ағымы майдандасты деуге болады. Оның бірі әл-Фарабиден — Ұлықбектен — Маржаниден бағыт алған ғәкли ислам: екіншісі әл-Ғазалиден — Бақырганиден Софы Алдиярдан бағыт алған накли ислам.

Қазақстанда Абай бағытында осы екеуін де сыңар жақ болмай, қатар ұстау жолы болған. Абай жолы накли-ғәкли исламның бас қосқаны, немесе ғылымның, ғадалаттың ақыл, қайрат, жүректің бас қосқан жолы.

Әл-Фарабидің туған жеріне оралғандағы Абаймен кездескендегі орыны осы. Қазан ғалымдарының, соның ішінде әсіресе Ш. Маржанидің Абайға көрсеткен жолы осы.

Абайдың “Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” деген еңбегінде Ш. Маржанидің “Қазан уа Бұлғар” тарихы атты еңбегінің сарыны айқын байқалады.

Абайдың “Қазақтың асыл түбі татар, қытайша оны “татан” деп жазады деген қағидасын Маржанидің пікіріне түйіседі деп білуге болады. Бұл екеуі де татар деген сөзді кең мағынада түркі нәсілдес жергілікті халықтың атасы мағынасында алады.

Кейінгі төрт-бес жыл ішінде біз бірсыпыра арабтардың ғылыми, діни қайраткерлерімен кездесе, сұхбаттаса жүріп, мынандай пікірге келдік.

Әдепкіде ислам мәдениеті барлық ғылымға жол беріп, дамытқан-ды. Кейінде ғылыми бағыттан гөрі діни, накли бағыт, үстемдік алып, көп ғасырлар бойында ислам мәдениеті кешеуілдеп қалды. Бұл софылық, дәруіштік, шырақшылық әдеттер үстемдік алған кезең сол кездерде әл-Ғазали сияқты адамдар бірінші орынға шықты да әл-Фараби сияқты ғалымдарға көңіл бөлінбей келді. Ал қазіргі ислам ғалымдары керағар көзқарастарын қайта қарастыруда. Біз өзіміздің елдігімізді софылық жолмен қорғап ала алмаймыз, тек ғылыми жолмен ғана қорғануға болады дейді олар. Арабтар кәзір әл-Фарабиді ең алдыңғы қатардағы ғалым деп құрметтеп бұл қатарды әл-Хорезми, әл-Беруни, Абу Али ибн Сина, ат-Туси, Ұлықбек, Маржани, Абайлармен толықтырады. Мен бұл арада Абайды өз жанымнан қосып отырғаным жоқ. Абай өлеңдері арабша

аударылған ғой. Сол бойынша олар Абай біздің арабтың философы екен деп танып отыр. Сонымен бір кезде әл-Фараби араб елінен ғылым үйреніп, оны дамытып дүние жүзіне ұстаздық етсе, соның ғылымынан тағлым алған Абайды араб елінің тануы екі ұлы баба арасының байланысты дәлелдесе керек.

Арабтар пайғамбардың бір хадисын олар жаңа заманда қайта көтеріп отыр: Ман ахаб әл-ғылым уа әл-ғулама фаһуа рафики фи әл-Жаннаты”, яғни, “Кімде кім ғылымды және ғалымды сүйсе, ол жаннатта менің көршім болады”.

Ғылыми ислам дүниесі қазір осы дәрежеге көтерілуде.

Қазақ жерінен шыққан осы екі ұлы ұстаз әл-Фараби мен Абай жаңа заманда қайтадан адамдық туын көтереді. Сөйтіп Ш. Маржани арқылы әл-Фарабиді тапқан дана Абай өзінің философиялық ғылыми қағидасын тұжырымдауда ұлы бабасынан тағылым алды деп нық айта аламыз.

Елді осы екі ұстаз бабалар еңбектерінен өзара үндесетін, қабысатын, әуендесетін жерлерінен мысалдар келтіреміз.

Ғалам бақыс хикаясынан

Шығыстың көне мәдени лұғаты бойынша “Ғалам бақыс” деген сөзді дүниенің жаратылуы жөніндегі маслихат” деуге болады. Осы мәселемен көп шұғылданған, көп еңбектер жазған, өмір бойы талай жағдайларда есіне алған ұлы данышпан хакім Абу Наср әл-Фараби екені мәлім. Осы саладағы әл-Фараби еңбектерін қысқаша бір сөзбен айтар болсақ, оның атын космология (Құзмулогия) дейік.

Әл-Фарабидің космологиясы дүние жүзінде кеңінен тараған нәрсе. Оны Орта Азия мен Қазақстан ғалымдары жақсы білген. Оны талай ғалымдар көшіріп таратқан. Сол еңбектің басы ғаламның жаратушы иесі Тәңірім ең әуелі кішкене нұр жаратқан деп басталады.

Сол нұр көп замандар бойында кішкене орында болған. Сол нұрға Тәңірім қозғау салып, кеңейткен... Барлық ғалам сол басқы нұрдың кеңейю, қозғалу, таралу, шоқтану; араласу, шарпылу, ажырау, шағылу, қосылу сияқтанған толып жатқан әрекетінен өрбіген. Сол ғаламды бір кезде қайтадан сол бастапқы қалпына келтірем десе, ол да иесінің құзырында делінеді. Біз бұл арада көпке түсінікті болу үшін жеңіл тілмен беріп отырмыз. Біздің берген түсінік бәлкім дәрежілеу долбар болар. Ал әл-Фа-

раби сияқты ғалымдардың түсіндірмесінде айтылған әрекеттер тамаша, нәзік, талдаумен, терең дәлелдеумен беріледі. Мысалы үшін айтайық, аспан денелерінің, жұлдыздардың, жеті хат көк, Ай, Күн, Шолпан, осылардың бәрі өздерінің жолымен біріне бір үн қосқандай кесіліп, ғажайып құрылыс жасап, өмір сүруі ешбір адамның қолынан келмейді, ақылына симайды. Бұл бір ғана ғалам. Сол сияқты он сегіз мың ғалам бар... Ойлап қарасаңыз... Ғаламы сан жетпес көп... Иесі жалғыз...

Осыдан барып халық арасына “Дүние бір тарының қауызына сияды” деген мақал болған. Осы мақалдарды Абай қалай талдаған?

Ғажайып ғаламның сырына адамның ақылы жетпейтінін Абай талай жерде айтады. Бірақ сол ақылдың сол ғажап дүниенің барлығын сезінуінің өзі оның тамаша жетістігі ғой. Сократтың “Менің білгенім еншәрсе білмейтінім” деген сөзін Абай осы мағынада ұғады. Әл-Фараби космологиясы да соған келіп соғады.

Космология жөнінде даналардың пікірі осылай болған да, бұл мәселеге надандар қалай қарайды? Наданның ең басты белгісі “бәрін білу”... Оның білмейтіні жоқ. Ол барлық дүниені өз пайдасына қарай бейімдеп шешуге тырысады. Ал оның пайдасының көлемі ішу, жеу, ұйықтау, көбею, мақтану,...

Егерде осындай надандардың қолына билік тиетін болса, олар дүниені ойран етер еді; өздері де ойран болар еді... Міне әл-Фараби мен Абайдың кездескен болмысы осындай ойлар төңірегі.

Сонымен Ғалам бақыс дегеніміз даналық пен надандық майданы.

Осы майданның бір көрінісі Абай заманында дүние жүзілік тұрғыдан алып қарағанда батыс елдерінің шығыс елдерін отарлау әрекетімен ұштасты. Отарлау саясатында зорлық-зомбылық, жалғандық молынан өріс алғаны белгілі. Отаршылдар жалған отаншылдықпен, жалған діншілдік ұрандарды көтеріп, зұлымдық — көлгірлік пен момын елге “қамқоршы” болып, көріне аңқау елге арамза молда болды.

Сол кездерде, “отаншылдардың” зұлымдық қиянатына шыдай алмай, оларға қарсы шыққан, өмірдің шындығын іздеген даналар болды. Ондайлар әр жерден, әр елден көрініс берген ерлер еді. Олардың бір-екеуін еске алайық. Европадан Лев Толстой (1828—1910) мен Азиядан Махандас (Махатма) Ганди (1869—1948). Осы екеуінің ортасын-

да біздің Абай Құнанбайұлы (1845—1904) тұр. Халықтың ғадалатты арын сақтаушылар осылар.

Европа елдерінің аласұрып, бүкіл дүние жүзін бөлісіп алуға дайындалып жатқан кезі, бірінші дүние жүзілік соғысқа дайындалып жатқан кезі. Соған қарсы дауыс көтерген Лев Толстой ғадалатты адамдарға ұстаз болды. Абай да, Ганди да Л. Толстойды өздеріне үлгі ұстаз тұтты.

Россия патшалығы Толстойдың бұл әрекетіне қарсы көп шаралар қолданғаны белгілі. Оны шіркеуден аласты — анафема (қарғыс) жариялады.

Сол шіркеудің өкілдері сол кезде отар елдерін аралап дінін уағыздап — миссионерлік әрекеттер жүргізді. Басқаша айтқанда олардың мақсаты қазақ халқын ислам дінінен ажыратып, христиан дініне көндіру болды. Солардың бір басты тобы Абаймен бақыстасқан.

Абайдың миссионермен кездесуі деген оқиға сол кездегі қазақ халқының алдына қойылған бір тарихи сын еді.

Қазақтың бетке ұстаған данасы Абай миссионерлерден жеңіліп қалса халықтың тағдыры не болғай!? Осы ой сол кездегі саналы қазақтың жүрегін қозғамай қоярма?

Сол кездесуде Абайдың сүйенгені әл-Фараби ілімі болған. Екінші жағынан миссионердің алдына Абай Лев Толстойдың пікірін тартқан. Бұл өзі сол кезде, онан бергі кезде халық арасына жайылып, аңызға айналған. Сонан бірер мысал.

Миссионер Абайға: “Сіздің ”Дүние бір тарының хауызына сияды” дегендеріңіз ақылға симайтын нәрсе ғой”, — деген. Сонда оған Абайдың берген жауабы:

— Сіз бен біз мынау жарық дүниені көріп отырмыз. Аспандағы Ай мен Күнді, жұлдыздарды да көреміз. Осы көруде көздің қарашық қылауы тарының хауызымен мөлшерлес деуге болады.

Демек көздің зередей қарашығына осынша әлемді сиғызған тәңірім шебердің ісіне шек келтіруге бола ма? — деп жауап берген. Бұл сөз әл-Фарабидің жарық сәуле жөніндегі қағидасында бар.

Абай даналығының қадамын аңғаран Миссионер оны үгіттеудің орнына онан тағылым алуға айналған. Осы оқиға сол кездегі халық арасына кеңінен тараған. Абайдың даналық дәрежесі бұрынғысынан да жоғары көтерілген.

Абайды жоқтаған халық ақыны: “Абайдай ұл тумаған алмағайып. Өсиет өнер шашқан жұртқа жайып. Сөзінің шындығына қарағанда. Әулие, я машайық деуге лайық” — дегені соны көрсеткен.

Мұндағы тамаша нәрсе әл-Фарабидің айтқан қағидасының біздің заманымызда қазіргі ғылым толық растап отыр.

Қазіргі ғылымның табысына қарағанда бір кезде, осыдан көп миллиард жылдар бұрын барлық ғалам бір ғана шоқ зат түрінде болып, соның жарылуынан әлем пайда болған дейді. Сонымен әлемнің өмірге келу басын сол алғашқы ұлы жарылыстан деп табады.

Сол үлкен жарылыстан бастап әлем дүниесінен даму жолында қандай ірі оқиғалар болғаны талданады. Айтайық Күс жолдары (Галактикалар), жұлдыздар тобы, Күн жүйесі, планеталар, жер, химиялық заттар тағы басқалар қалай, қашан пайда болғаны қазіргі ғылымның алға қойып отырған мәселелері. Әлемнің кеңдігіне адамның ақылы жетпестей ғажап екеніне көз жете бастады. Бір мысал.

Алыс аспандағы қозғалмай тұрған жұлдыздар жерден қарағанда өзінің түрін сәл өзгертіп отырады. Оның себебі Жердің күнді айналған жүрісіне байланысты. Мысал бір жұлдыз жаздағыдан қыста сәл басқа түрлі болып көрінеді. Сол өзгерісті ғылымда пармакс деп атайды. Арабша ол Ихтилаф әл-Манзір (түрлену) аталады. Ол өзгеріс жұлдыздың алыстығына байланысты. Басқаша айтқанда Жер — Күн — Жұлдыз үшеуі тік бұрышты үшкіл бейнесін жасайды. Бұл бұрыштың ең қысқа қабырғасы (катеті) Жер мен Күн арасының қашықтығы. Бұл өзі астраномиялық бірлік өлшеуіш болып саналады, ол $149600000 \text{ КМ} = R$.

Үшкілдің сүйір басы жұлдызда. Сол жұлдызда тұрып қарайтын болсақ жердің орбита радиусын (R) көрер едік. Сол көрудегі бұрыш сол жұлдыздар түрленуі — параллакси болмақ. Бұрыш өлшеуші градус — арабша дәреже — басқыш, яғни шеңбердің 360-қа бөлгендегі бір бөлшегі. Ол градусты 60-қа бөлеміз, ол болады минут, арабша дақиқ (кіші). Ол минутты 60-қа бөлсек, ол болады секунд — арабша сание (екінші кішкене).

Түрлену (параллакс) бұрыштың бір секунды бірлік өлшеуі ретінде алады. Оны қысқаша парсек (пс) атайды.

Жарық сәуленің жылдамдығы мөлшермен алғанда секундтың 300000 км. Осы жылдамдық пен жарық сәуле бір жылда 9460000000000 немесе $9,46.10^{12}$ км жол жүреді.

Ол болады 0,3069 парсек. Жарық жылы деген астраномиялық бір өлшеу осы. Әлемнің қазір ғылымға белгілі шегі осы өлшем бойынша көп миллиондаған парсек жол екені мағлұм болды. Ойлап қараңыз қандай сан шығатынын...

Сократтың — әл-Фарабидің — Абайдың ғаламның сырына адамның ақылы жетпейді деген қағидасына адамның көзі жаңа жете бастады. Өткен күндердегі “бәрін білетін” тақафар надандықтың қандай апатқа ұшыратқаны жөнінде бірер сөз.

Л. Толстой мен Абай бұл дүниеден өткен соң олардың болжап кеткен апаты басталды. 1914 жылы дүние жүзілік соғыс басталды. Оның ақырында социалистік мемлекеттер дүниеге келді... Орасан көп өзгерістер болды. Отар елдер бостандық алды. Жаңадан көп мемлекеттер дүниеге келді. Соғыс қарулары онан әрі қарай жетілді... Сол қарсаңда Индия елінен шыққан, ертедегі Азияның көне даналығында тәрбие алған М. Ганди сияқты адамдар жарыққа шықты. Екі соғыстың арасындағы жылдарда Европа мен Азия бұрынғы отарлық тілде емес, теңдік, ақылдасушылық қатысқа көшті. Сол кезде Индия елін аралаған Европаның жазушысы Р. Роллан еңбектерін бірер мысал келтіреміз.

Ол М. Ганди мен және оның Вивекананда сияқты достарымен кездескен. Олардың адам баласына ортақ шындық іздейтін жолдары, сонымен қатар Европа елдерін сынайтынын жазады. М. Ганди бір сөзінде: “Европа-християнқа емес. Ол Маммонаға шоқынады” деген. Басқаша айтқанда Европа Ғайса пайғамбардың жолын тастап, дүние қорлық бүтқа табынатын болды дегені.

Тағы бір сөзінде ол:— қорқақтық әлсіздіктен, ал қорқақтықтан сенімсіздік туады,— дейді.

— Бірлікті күшпен орнатуға болмайды, мақсат шындыққа сүйенген келісімге келуде,— дейді.

Көп уақыт бұрын айтылған осы сөздердің мазмұнын біз қазір ғана түсіне бастадық.

Тағы бір орында оның досы Вивекананда онан да әрі кететіні айтылады. Оның сөзінде дүниенің күнделік қызығына мәз болған Европа өзі босатқан жынға ие бола алмай, өзі жасаған қару жарактың әрекетіне өзі құл болып, қазір қатты сасуда,— дейді.

Р. Роллан осы сияқты Шығыстың ертеден келе жатқан даналығының көзін қайта ашу екенін айтады.

Соңғы оншақты жыл ішіндегі ғалымдардың көтеріп отырған мәселесі өз алдына. Бірер мысал.

Өзінің жетістігіне мастанған адам табиғат анадан алыстап кеткенін, сондықтан әлсірей бастағанын кейінгі кезде айқын сезгендей болды.

Екінші жағынан ғылымның жетістігі табиғат дүниесінің қазынасына жол ашты. Үшінші жағынан сол табиғат дүниесінің бірімен бірі тығыз байланысты екені, адам өмірі сол әлем өміріне сабақтас екені айқындалды. Сонымен адамзат баласы табиғатпен жаңадан қайта тілдесуге оралды. Белгияның белгілі ғалымы И. Пригожиннің бір еңбегінде дәл солай айтылған (Қоқыстан құрылысқа, Адамның табиғатпен жаңа тілдесуі, М., 1986 ж.)

Ол кісі өзінің еңбегінде ерте замандағы халықтар табиғат дүниесімен үнемі қоян-қолтық өмір сүрген, табиғи жолмен сырласқан екенін еске алады.

Шумерлерден жазу өнері қалғаны айтылады. Шумер ғалымдары (абыздары) айналасындағы табиғат дүниесінде өмірдің болашақ сыры нысана таңбалармен белгілеген, жазылған деп түсінген дейді. Олар сол сырдан іздеп өздерінше ереже әдістер шығарған, балнамалары болған. Шумерлердің табиғат дүниесін тануы әл-Фарабидің “табиғат матбұғат” деген қағидасына жақын дер едік біз.

Ньютон заманынан бастап ғаламның адам мен тікелей қарым-қатысы бұзылды, аспан мен жер арасы ажыратылды дейді Пригожин.

Ол ғана емес, Мұса пайғамбардың орнына Ньютонды қойып, Европа елі дінді бұзды, дейді ол. Тек кейінгі кезде ғана, біздің заманымызда, атомды жарған дәуірде аспан мен жердің арасына адамның өзі қолымен жасаған бөгетін өзі бұзып отыр. Сонымен біз табиғат ғаламына қайтадан маслихат жасау үшін жаңадан тіл тауып отырмыз деді ғалым. Сол жаңаша тілдің ең бір дәлелі ретінде И. Пригожин бірнеше заңдарды келтіреді. Сол заңдармен байланысты Планк, Эйнштейн, Л. Бройль, Н. Бор сияқты ғалымдардың есімдері аталады. Оның бәріне бұл арада тоқтауға орын тар. Солардың бәрінің басын қосатын ең кейінгі бір жаңалық реликт (қалдық) сәуле ашылуы.

Қалдық сәуле дегені дүние жаралғанда, ту баста алғашқы үлкен жарылыста пайда болған нүр — сәуленің қалдығы. Сол өте нәзік. Бүкіл ғаламға ортақ, бірдей тараған қалдық сәуле тек біздің заманда, кейінгі кезде, өте дәл, электрондық өлшеулер арқасында табылып отыр. Бұл өзі ғылымның тамаша табысы деуге болады.

Бір үлкен сауал: Сол қалдық сәуле барлығын әл-Фараби және сол сияқты оның арғы-бергі жағындағы

ғалымдар білген бе? Сізген бе? Жауап: олар сол қалдықтан кейінгі ұрпаққа сақтау үшін тасқа жазылған таңба ретінде түсіндірген. Оның атын олар әл-Мисақ деп атаған.

Бұл сөзді еске алудағы мақсат оқушыларға ой салу. Өз ойына келгенді ортаға салу. Әл-Мисақ сөзіндегі араб тілінің есімше-көсемшенің (артикулін) әл-ді былай қойғанда Мисақ — шарт, мөр, таңба мағынасында. Оның пайда болуы ғаламның алғашқы ұлы жарылысы кезінде болған. Сол кезде адамның рухы жаратушы Тәңірін ием деп таныған. Сол танудан танбасқа шартты уағда еткен. Әл-Мисақ сол. Сол әл-Мисақ қазірде Меккедегі Қағбадағы қара таста сақталуы деседі. Демек, әл-Мисақ таңбалы тас. Қазақ ең айқын мәңгілік шындықты: “тасқа таңба басқандай” дейді. Адам баласының еңбегі (миы) тілі “тас” деген сөзге келгенде катады дейді. Ойлап қарасаңыз мұның арғы жағында терең сыр жатыр. Оны қозғау үшін өз алдына зор еңбек жасау керек. Ойда болсын: адам топырақтан жаралған. Топырақтың арғы атасы, анасы тас.

Қалдық сәуленің сандық мәнін алып, оны әл-Фараби санымен байланыстырып дәлелді есептеп шығаруға болатын көрінеді. Мұны кейінге қалдыра тұрамыз. Сонымен Ғалам бақыс мәселесі біздің ауылға жақындайтын түрі бар. Абай заманында “әл-Мисақтан бері мұсылман” деген сөз иманның бір шарты болған. Оны біз қазіргі заманда ғылыми тұрғыдан аламыз.

Қорыта келе айтарымыз, қазіргі ғылымның дамыған заманында біздердің шындық іздегендігі таразымыздың бір басы осы ғылымда болу керек. Айтылған әл-Мисақ мағынасын терең ғылыми, космологиялық, табиғи, тарихи сенім мағынасында түсіну керек. Айтайық барлық жарық сәуле магнит қасиетіне соғады. Ол магнит қасиеті алдымен темірде. Қағбаның қара тасы темір метеорит екенін білеміз. Осы жағынан ойлап қарағанда алғашқы сәуле қалдығын темір магнит қасиеті арқылы тануға болады деген ишарат болар деген ой келеді. Оқушы да ойлансын.

Адам баласы қазір ғажап асудың алдына келіп тірелді: Шындық іздеу ғана, шындық жолға түсу ғана оны алып шығады. Сол шындықтың бір көзін Абай мұнарасынан іздейміз.

Мәдениет тарихынан

Аспан шырақтарының үздіксіз айналысы бойынша уақыт есептеледі деді әл-Фараби. Сол айналыстың әсерінен қыс пенен жаз, Күн мен түн алмасады,— деді Абай. Мұны еске алудағы мақсат аспан шырақтары адам баласының барлық білімінің — ғылымының басы және аяғы болып табылатындығы.

Сол себептен Жер мен Көктің ара қатынасын айыру барлық білімнің мықты қазығы болмақ. Осы сырды ертеде түсінген бабаларымыз Аспанның айналыс кіндігін темірқазық атапты.

Бұл тамаша ғажайып сыр. Оны бабаларымыз қалай ашқан? Қашан? Кәзір осы сұрақтың қойылуы зор игі іс деп білу керек. Өйткені мәселені шешудің басы сол сұрақ қоюдан басталмақ.

Халқымызды әл-Фараби мен Абай сынды ұлы ұстаздарды сөз еткенде соларды дүниеге келтірген өмір тарихына көз жібермей болмайды, өйткені айтылған Темірқазықты айналмаған адам жоқ.

“Темірқазық” деген сөздің толып жатқан түсінігі бар. Кейбір әдебиетшілер өзінің көркем суреттік ойларына баламаіспетінде алады, шығармаларын да солай атайды. Ал біз Темірқазықты өзінің ежелгі табиғи, тарихи-болмыс, ғылыми мағанысында қарастырмақпыз:

Біздің Мұрат тауына, ондағы Мұрат мұнарасына апаратын жол нысана осы Темірқазық болмақ.

1988 жыл ұлу жылы болды. Бұл ең елеулі, бақыт жылы, ұлы жыл деседі шығыс елдерінде. Сонымен қатар жыл басы тышқан дейміз. Мұның себебі не? Ол ғана емес, жалпы алғанда жыл қайыру, он екі мүшел қалай, қашан шыққан? Міне тағы бір жұмбақ.

Он екі жұлдыз, жеті қат көк. Пешене тек деген сөздің, сандардың тамаша сырын қозғады. Сол арқылы біз осыдан көп мыңдаған жылдар бұрын болған оқиғалардан хабар аламыз.

Арғы жағынан қозғайтын болсақ әл-Фараби өзінің космологиясында ғаламның жаратылыс сатысы 12000 жылдық дүркінді болған дейді. Онан кейін жыл ішінде 12 ай есебі алынғаны белгілі. Соған байланысты 12 жыл бір мүшел болып саналған. Апта ішінде жеті күн, соған сәйкес Аспанда жеті қат көк. Оған бес қоссақ болады мүшел саны он екі.

Осы сандар әл-Фараби еңбектерінде негізгі орындар алады, мәселен жеті саны оның музыкалық ноталар саны,

бес саны оның барлық дүниені құраушы тектер саны, пешене — құт саны: от, су, жел, жер, әсір (жұлдыз — эфир). Бұл тектердің алғашқы төртеуі жер саны, кейінгі бесіншісі аспандық. Қазақтың пешене — бес ана деп келетін түсінігі осы басқы — алғашқы табиғи тек саны мен байланысты деп білеміз. Оны ертеде құт дейді екен.

Осы сандар Абайда бар, мысалы, Шыңғысты хан көтеруге қазақтың он екі атасынан он екі адам келген. Ол кездесу қай жерде болғаны мәлім емес. Ескі аңыздарда ол кездесу сол Абайдың өз мекенінде болуы ықтимал, өйткені оның әскері жатқан өзеннің Қарауыл аталуы, таудың Шыңғыс аталуы, оның биігі Хан аталуы сол кездесуге байланысты деседі. Сол арада Шыңғысты әлгі он екі адам ақ киізге салып хан көтерген деседі. Он екі кісінің сөзіне ие болған бас бидің аты Майқы екен. “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы майқы би” деген мәтел сонан қалған дейді Абай өзінің қазақ тарихына арналған мақаласында. Абайдың айтуынша қазақтың асыл түбі “татар”, қытайша “татан”. Тағы сол сөзінде Абай мүшел жылдарды атап кетеді. “Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зенгер тоғыс болды”.

Осы айтылған деректерде терең сырлар жатыр.

Жазба тарих жиналмаған жерде ауызша шежіре алысқа бара алмақ емес. Сол себептен біздің қазақ халқының шежіресі Шыңғыс ханның төңірегінен әрі ұзамайды.

Оған керісінше ауыз әдебиеті, ертегі аңыздарды алатын болсақ, онда халықтың көне тарихынан сақталған қазынаның ізін көреміз. Сол себепті аңызға, оның ішіндегі сөздерге, атауларға тесіле қарауымыз керек.

Екінші ескерткіш жер бетіндегі заттар: таңбалы тастар, қазылған кен орындары, металл қорытқан, құмыра өртеген тандыр ошақ орындары, онан шыққан заттар, ертеден қалған құрылыс-ғимарат орындары — осылардың бәрі де біздің Қазақстан жерінде және оның көршілес аудандарында көптеп кездеседі. Демек тарихи заттар, материалдар көп. Біздің міндет соларды көре білуде, оқи білуде, ғибрат алуда. Сол арқылы елдік, адамдық қасиеттерді сақтауда, дамытуда. Осы ойымыздың нақтылы мысалы халықтарымыздың арасына, қазақта кеңінен тараған Өгізхан аңызы демекпін.

Аңыздың қысқаша мазмұны. Өгізхан туған күннен бастап ерекше қасиет көрсетеді. Ол бір жасқа толғанда “Менің атым” “өгіз” деп өз атын өзі қояды. Ай орағынан садақ жасайды. Аспаннан түскен Нұр қызына үйленеді,

онан үш ұлы болады: Күн, Ай, Жұлдыз атты. Айдың көлдің бәйтерегінен шыққан қызға үйленеді. Онан да үш ұлы болады: Көк, Тау, Теңіз.

Әр ұлдан төрттен немере болады. Оның он екісі Аспан анадан, он екісі Жер анадан тарайды.

Өгізханның мөртаңбасы Ай орағы. Оның Қыпшақ атты батыры, Қаңлы атты шебері болады. Және оның қасында Ұлық Түрік атты ақылшы биі болады. Бұл кісінің түс көретін сәуегейлік қасиеті болса керек. Ол бір күні түсінде алтын жақ (садақ) және үш күміс оқ көреді.

Алтын жақ Күн шығыстан батысқа қарай жайылған, үш күміс оқ түн жағына қарай созылған.

Алтын садақты Өгізхан Аспан ана балаларына, күміс оқтарды Жер ана балаларына үлестіріп береді. Сол бойынша олардың нәсілдері Бозақтар, Үшоқтар болып аталады.

Өгізхан ертегісін талдап оқығанда оның аспандық астрономиялық мазмұнға арналғаны көрініп тұр. Сонымен қатар оның мүшел жұлдызы Сиыр-Сәуір жұлдызы екені байқалады. Мұны түсіну үшін мүшел кестесін келтіреміз.

Аспан кестесі

Жұлдыздар	Жеті қат көк		Жұлдыздар
⁴ Коян Саратан (Шаян)	Ай ¹ Қамар Месяц	Күн ⁴ Шамси Солнце	Ұлу ⁵ Асад (Арыстан)
³ Барыс Жауза (Егіз)	Болпан ² Ғұтрад Меркурий		Жылан ⁶ Сүнбіле Бикеш
² Сиыр Сәуір (Өгіз)	Шолпан ³ Зухра (Венера)		Жылқы ⁷ Мизан (Таразы)
¹ Тышқан Хамал (Қошқар)	Аңырақай Марих Марс		Қой ⁸ Ғақраб (Бүйі)
¹² Доңыз Күт (Балық)	Шоңай ⁶ Маштари Юпитер		Мешін ⁹ Қаус (Мерген)
¹¹ Ит Далу (Көнек)	Санжар ⁷ Зухал Сатурн		Тауық ¹⁰ Жади (Серке)

Аспан кестесін түсіну оңай. Оның үш тарауға бөлінген себебі ортасына жеті хат көктің атын қойып, екі жағына алтыдан он екі мүшел жұлдыз алынды. Оның мәнісі мынау: Ай мен Күн екі ұлы шырақ, біреуі түнгі аспан қожасы, біреуі күндізгі аспан қожасы. Олардың жұлдыздары бірден: Айдікі — қоян, күндікі — ұлу. Басқа бес көк түндік, күндік болып екі реттен қайталайды. Сонымен байланысты олардың әрқайсысына жұлдыздар екіден келеді. Болпандікі — барыс — жылан, Шолпандікі — сиыр, жылқы, Анрақайдікі — тышқан — қой, Шоңайдікі — доңыз — мешін, санжардікі — ит — тауық.

Жеті қат көк аттары үш тілде берілді: қазақша, арабша, орысша (латынша). Мүшел жұлдыз аттары екі тілде қазақша; арабша аттар жұлдыздық ай аттары, ал қазақша мүшел жыл аттары. Осы екеуінің арасын салыстырып қарау үшін берілді. Кестенің әрбір ұяларында көктің, мүшелдің рет сандары қойылған.

“Жыл басы болуға жануарлар таласқан” деген аңыз бар екенін білеміз. Сонымен байланысты: “Түйе бойына сеніп жылдан құры қалған дейді. Тышқан түйенің төбесіне шығып, жылды бұрын көріп, жыл басы болған” деседі. Осы аңыздарды түсініп қаралық.

“Ұлыстың ұлы күні” деп “Наурыз” мейрамын атайды деген Абай. Жыл басы дегені сол наурыз. Демек жануарлар таласы Ұлыстың ұлы күніне басшы болу, яғни таққа міну.

Астрономия ғылымының тарихында жыл басы көбінесе жазғы көктемде күн мен түннің ұзақтығы бірдей болып теңелуден есептеледі. Ол теңелу кейінгі уақта 21-інші мартта деп алынған. Бұл жердегі есеппен табылған нәрсе. Ал оны аспан шырақтары бойынша қалай белгілеу керек, қалай айыру керек? Мәселе осында.

Жердің Күнді бір айналып шығатын бір жылдық жолы — жұлдыз жолы, құс жолы — эклиптика. Сол жол он екіге бөлініп, әр қайсысына белгі ретінде бір жұлдыз тобы алынған, мүшел жұлдыздары сол. Солардың әрқайсысының белгіленген аттары бар. Олар жануар аттары. Жыл басы болуға таласу деген сөз сол он екі топ мүшел жұлдыздың қайсысы бірінші болады. Сағат бетінде бірінші санда қай орыннан белгілеу деген сияқты. Мысалы ілулі тұрған сағат бетінде бірінші санды қай жерінен бастау керек? Жоғарыдан ба, төменнен бе? Оң жағынан ба, сол жағынан ба? Сол секілді. Олай болғанда сағаттың тілі

болу керек, ал тілді бекітетін орталық шеге — қазық болу керек. Олар да аспанда дайын. Көк — Шөміш, Жетіқарақшы аспан сағатының тілі, оны бекіткен қазық аспан төбесі Темірқазық.

Жетіқарақшы — Көк Шөміштің мандайындағы екі жұлдыз арқылы сығалағанда Темірқазық жұлдызы табылады, яғни аспанның көк төбесі табылады. Мақсат сол, әлемнің мұнарасы сол, соны тапқан адам мақсатқа жетеді, адаспай мұратына жетеді. Оны табудың нысанасы Жетіқарақшы, сол себепті халқымыздың “Жетіқарақшыны таныған жеті қара түнде де адаспайды”, — дейтін мақалы осыдан.

Сонымен аспан сағатының тілі (сызығы) Жетіқарақшы Көк Шөмішінің басындағы мандай сызығы мен Темірқазық жұлдызын жалғастырады.

Күн мен түннің теңелген наурыз мейрамында осы аспан сағатының тілі он екі мүшел жұлдыз тобының қайсысына дәл келсе, сол жұлдыз тобы, сол мүшел жануар жыл басы болмақ. Мұны қалай айыру керек?

Күн мен түннің теңелген жыл басы күні Күннің алғашқы сәулесі таңертең көк жиектен көрінген нокат жыл басының нокаты болады. Осы нокаттың айналасында қандай мүшел жұлдыз тобы көрінсе, сол жыл басы болмақ.

Басқаша айтқанда Күн он екі мүшел жұлдыз тобының наурызда қайсысының түсында болса, сол мүшел жыл басы болмақ. Жыл басын көру деген сөз Наурыз күні шыққан күннің алғашқы сәулесін көру деген сөз. Оны алдымен тышқан көрді деген сөз сол сағатта таңғы күн сәулесі мен Тышқан мүшел жұлдызы қатар көрінген. Олай болғанда жыл басына талас неден туады? Оның мәнісі Наурызда теңеліс нокатының тұрақты емес, ақырындап жылжып орынын ауыстырып отыруында. Күн өзінің жолымен (эклиптика шеңбері бойынша) Батыстан Шығысқа қарай айналып отырады, ал теңеліс нокаты соған қарсы шығыстан батысқа қарай жылжып отырады. Ол жылжуды прецессия — ілгерілеу деп атайды. Мұның себебі Жердің Күнді айналатын жолымен оның өзі кіндігін өзі айналу бағытында шалыстық бар. Яғни бұл екі бағыт аралығында $23^{\circ} 1/2$ градус шамасындай қиғаштық бар. Басқаша айтқанда жер осі горизонт жазығына тік емес, $23^{\circ} 1/2$ қызыр. Жыл маусымының ауысуы осыған байланысты. Қыста Темірқазық эклиптика шеңбердің сыртында, шілдеде ішкі жағында, күзгі және жазғы теңеліс кездерінде Темірқазық эклиптика сызығының үстінде болады. Жердің осындай айнымалы қозғалысының салдарынан

айтылған теңеліс нокат ілгерілеп жылжып отырады. Ол жылжу өте баяу, солай бола тұрса да оны халық ерте замандардан байқаған.

Теңеліс нокат сол ілгерілеуде эклиптика шеңберін 25725 жылда бір айналып шығады. Осы санды он екі мүшелге бөлсек болады 2143,75 жыл. Қысқасын айтқанда теңеліс нокаты әр-бір мүшел жұлдыз тобының аясында 2143,75 жылдай болады. Сонан кейін ол нокат екінші мүшел жұлдыз тобына ауысады: демек жыл басы нокат екінші мүшел жұлдыз тобына ауысады. Демек жыл басы басқа мүшел жұлдызына ауысады.

Енді мақсатқа ораламыз. Сиыр атты мүшел жұлдыз тобы қашан жыл басы болған? Басқаша айтқанда “Өгізхан” қашан таққа мінген?

Қазіргі біздің заманымызда теңеліс нокаты Доңыз жылында, яғни бұл күндегі жыл басы Доңыз. Біздің қазіргі жыл басы Тышқан деп жүргеніміз осыдан кемінде 2500 жыл шамасы бұрын болған оқиға. Ал Сиырдың жыл басы болғаны онан да әрі, ол тегі 5000 жыл шамасы бұрынғы оқиға.

Енді сол кездегі дүние жүзіндегі мәдени белгілерді еске алайық. Өгізхан елі едәуір өнерлі, мәдениетті болғаны аңыздан байқалады. Мысалы оның Қанлы атты шебері арба жасағаны айтылады. Жиделі Байсын жерінде сол кезде салынған Қойқырылған атты қала астрономиялық обсерватория екені бүгінде айқындалып отыр. Сол секілді құрылыстар сол кездегі Мысырда (Египет) болған. Сол Мысырда өгізді қадірлеу әдеті болғаны мәлім: әулие егіз Аписты еске алыңыз. Апис Өгізханның сыңары деуге болады. Сиыр малын әулие тұту сол кезде көп елдерде болғаны мәлім. Будданың Бхартасы, Шумердің Гильгамешінің досы — Өгіз арфасы, Иранның Митрасы, Европаны ұрлаған Өгіз суретіндегі Зевс тағы басқалары.

Демек Өгізхан дәуірі дүние жүзіне мағлұм болған нәрсе, басқаша айтсақ қазақ халқының сол кездегі мәдениеті алдыңғы қатарда болған деп білеміз.

Өгізхан заманының бер жағынан және аржағынан мысалдар келтіреміз.

Біздің Тышқан жылымыз арабтардың, мысырлықтардың тағы басқаларының Хамал-Қошқар (Қой) жылына дәл келеді (кестені қараңыз). Осымен байланысты Хамал заманында Мысырдың таққа мінген патшалары бастары қошқар (Қосмүйіз) тәж киетін дәстүр болған. Оны біз Александр Македонский тарихынан білеміз: оны

Зұлкарнайын — кошқар мүйізді деп атағаны мәлім. Бұл оқиға 2500—3000 жыл шамасы бұрын болған. Демек айтылған жобаға дәл келеді.

Өгізхан заманының арғы жағына көз жібереміз. Ол жөнінде дәлді тасқа жазылған мәлімет бар. Осыдан 5000—6000 жыл бұрын Шумердің тас кітабында мынадай мәлімет бар: “Қазір жыл басы Сиыр, онан бұрын, өткен замандарда жыл басы Егізде (Барыс) болған. Әрбір екі мың жыл шамасында жыл басы бір мүшелден екінші мүшелге ауысып отырады”.

Осы сөзде тамаша мағлұматтар жатыр. Алдымен ілгерілеу (прецессия) заңын шумерлер сол заманда жақсы білген. Екіншіден Егіздердің жыл басы болғанын ашық, дәл айтқан. Мұндағы тағы бір есте болатын нәрсе: жыл басы, оның ауысуы деген түсініктер шумерлер мен қазақтарда ұқсас мағынада айтылады. Басқа елдерде ол түсінік басқаша, немесе мүлде жоқ.

Шумерлер өздерін Кенгірлер деп атаса керек. Шумердің тілі басқа тілдерден гөрі қазақ тіліне (түркі тілге) жақын екені мәлім. Сонымен қатар Өгізхан аңызы мен Гильгамеш аңызы арасында ұқсастық көп.

Егіздерден (Барыстан) ілгері тұрған Қоян жылы. Бір кезде Қоян да жыл басы болған шығар деген ой келеді. Қоянның жыл басы болуы осыдан 10000 жыл шамасы бұрын деп жобалауға болады. Қоян Айдың жануары (кестені қараңыз). Екінші жағынан қазақ ертегісінде Қоян Қарынбайдың түйесі деседі. “Түйе бойына сеніп жылдан құры қалды” деген аңыз Қоянның дәуірі өткенін көрсетеді деп білу керек.

Әрі қарай тағы бір секірейік. Онда ұлу жылы, ол күн жұлдызы. Осыдан 12000—13000 жыл шамасы бұрын жыл басы ұлу болған деп жобалауға болады.

Наурызды ерте заманда “Ұлыстың ұлы күні” дегені мәлім. Соған сәйкес ұлу күн жұлдызы, жыл басы (ұлы жыл). Осы екі сөз бір мағынадан шыққан, ұлу жылы — ұлы жыл болмады ма екен?— деген ой келеді. Халқымыздың мәдени тарихында бұл ғажап емес. Өйткені ол тарихтың басы 40000 жыл бұрын басталды ғой.

Ұлы баба... Ұлы Абай — заманымыздың соңғы мың жыл ауқымында ұлтымыздың маңдайы жарқырай туған сәнбес жұлдыздары емес пе.

III бөлім

БАБАЛАРДАН БАТА

Ғаламның ірге тасы болатын, өмірдің өркен басы болатын бір кездер болады. Сондай бір тамаша кез 1993 жылы наурыз айының кейінгі күндерінен басталды. Жаңа жылдың басы, күн мен түннің теңелген тоғыс айы 22 наурыз болса, 25 наурыздан ораза айы да соған жалғасты.

Демек сирек кездесетін екі ұлы мейрам қатар келді. Халқымыз бір сілкініп қалды. Нағыз ұлыстың ұлы күндерін өткізген кездерде адамның ойына алуан түрлі оқиғалар оралады екен.

Түркияның президенті марқұм Тұрғыт Өзал мырза Қазақстан парламентінде сөз сөйледі. Ол өзінің сөзінде шын қандастық адамдық, мұсылмандық таза сезіммен жақсы тілектер айтып, батасын берді. Онан кейін ол кісі Түркістанда болып Ахмед Иассауидің кесенесінде болып, құран оқыды. Ондағы университетте сөз сөйледі. Сол сөзінде ол кісі: “Барша түркі әлемі қадір тұтатын шайырдың; яғни Ахмед Иассауидің жылы Түркияда биыл арнайы аталып өтуде.

Бізге ұлы ғұламалар, ұлы бабаларымыз Әбу Насыр әл-Фараби, Ахмед Иассауи мұралары, ауыз әдебиетінің жәдігерлері ортақ екенін көрсетеді. Қазақ елімен қарым-қатынасымыз ұлғайып келеді. Иншалла бұның өзі біздің ұрпақтарымызға да мирас болса екен”, — деді.

Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына Түркиядан кісі қатыстыра алмағанбыз. Ол да сол кездегі саясатқа байланысты екені мәлім. Бұл күнде Түркияның перзенті келіп, өз аузынан Әбу Насыр әл-Фараби мен Ахмед Иассауи екі елге ортақ ғұламалар деуі мені қатты тебірентті. Бір кезде бірлі жарым адамдар ғана білген Қазақстандық әл-Фарабиді бұл күнде дүние жүзі танып отыр. Осыған шүкіршілік демекпіз.

Алматыдағы қазақ мемлекеттік университетіне әл-Фараби есімі берілді. Ол жерде әл-Фараби танудың дүние жүзілік орталығы болмақ. Олар әл-Фарабиден Абайға дейінгі халқымыздың мың жылдық мәдени тарихын зерттеуді мақсат етіп отыр.

Қазақ мәдениетінің ертедегі бір орталығы болған Қарқаралы қаласында Абайдың әкесі Құнанбайдың заманында салынған мешіт қайтадан жөнделіп, қалпына келтірілді. Осымен байланысты еске ала кететін нәрсе, сол мешіттің салынуында біздің бабамыз Машан да Құнанбаймен бірге еңбек еткен. Қарқаралының соңғы ханы Тұрсын (Жамантай) Бөкей нәсілі мен Құнанбай аға сұлтандыққа, дуан басылыққа кезек сайланып жүрген кез. Машан Бәйтемірұлы Тоты сол Жамантайдың ең сенімді адамы болған, уәзірі, биі болған. Жиырма екі болыс Қаракесектің орталығы болған Қарқаралының көп мәселесі сол Машанның қолынан өткен. Айтылған мешіттің салынғаны жөнінде бала кезімізден құлақта қалған көп мәселелер бар. Сонан бір мысал келтіре кетейін.

Балқаш маңындағы тобықтыдан шыққан Манжығұл атты бір батыр жігіт барымтаға қатысып, ел арасында тентек, мазасыз болған. Соны ұстап әкелуге кісі жіберіледі.

Манжығұл алдымен Қарқаралы билерінің алдына келіп ақылдасады. Сонда оған Жанқұтты деген би мен Машан былай ақыл береді:

Сен өз бетіңмен Құнанбайдың алдына кіріп, мешіт салып жатқанына қайырлы болсын айт. Соған ат салысуға келдім де. Бұрынғы істеріңе кешірім сұра...

Осыны айтып Манжығұл Құнанбайдың алдына барады. Ол кісі кешірім етеді. Манжығұл сол мешіт біткенше аянбай көмегін беріп сонан былай түзеліп кеткен екен дейді. Көрген адамдардың айтуына қарағанда бөрененің жуан басын ылғи Манжығұл көтереді екен.

Сол мешіттің аяқ асты болғаны біздің жанымызға қатты бататын. Соны орнына келтіру мәселесін көптен бері қойып жүруші едік. Сол мақсат енді ғана орындалып отыр. Ол ғана емес Қүнекеңнің Семейдегі мешіті Меккедегі тақиясы (қонақ үйі) жөнделуде. Осының бәрі халқымыздың рухани сана сезімінің оянғанын көрсетеді.

Әл-Фараби мен Абайдың рухани байланыстарын зерттеу ісі енді ғана қолға алынып отыр. Біздің бұл еңбегімізде осы бағыттағы алғашқы қадам деп білу керек.

Бұл арада еске алатын бір мәселе барша түрік тілді халықтардың бесігі, екі дүние есігі болған қара шаңырақ

Түркістан біздің қазақ халқының жерінде. Демек мұның өзі біздің бүкіл ғалам алдында жауапты екенімізді білдіреді.

Әл-Фараби мен Абай сол үлкен, дүние жүзілік орданың шаңырағын көтерген, соны тіреп тұрған тұлғалар. Осыған байланысты бұл дана бабалардың лайықты өрісін шолып өту қажет. Ол өріс бүкіл табиғат дүниесінің өрісі, адам баласының өмір сүрген өрісі. Сол өмірдің өзекті жерлеріне даналар көз жіберген сол жөнінде әртүрлі мирастар қалдырған. Біздің мақсатымыз сол мирастарды шама келгенше тірнектеп жинау, мұқият ойластыру, өмірде болған шындықпен салыстыру, ғаділет таразысына тарту.

Осы мақсатпен Зұлқарнайын секілді ғаламды шарлаған жиһанкездер жөнінде мәселе қозғаймыз. Сонымен қатар оның ар жағында болған, бер жағында болған ірі оқиғалардан мирастар келтіреміз.

Біздің заманымыз, ғылымның дамыған заманы, адам баласының рухани, діни ой-өрістерінің оянған заманы. Сонымен қатар адам баласы шындық іздеу жолына түскен заман. Даналардың даналығы, әулиелігі сонда, олар сол шындық іздеу жолында болған, сол жолда мирас қалдырған. Демек, даналар біздің замандастарымыз, ақылшыларымыз, басалқы айтатын батагөйлеріміз. Бабалардан бата дегеніміздің мәнісі де осында.

Ескерте кететін бір нәрсе қазақта бір мақал бар:
“Еңбек аздан өнбек аз”— деген, Абайша айтсақ:

“Еждиһатсыз, михнатсыз
Табылмас ғылым сарасы”.

Шындық жолын табу оңай деп, жеңіл деп қарамау керек.

* * *

“Зұлқарнайын” арабша екі мүйізді деген сөз. Құранда айтылатын Зұлқарнайынның атын ислам тарихшылары көбінесе Ғабдолла дейді. Мысалы Рабуғузидің пайғамбарлар тарихында солай атаған. Оны Иемен патшасынан шыққан деп санайды.

Екінші жағынан Македония патшасы Александрды (Ескендірді) Зұлқарнайын деп тағы атайды. Көп жерлерде осы екеуінің арасын айырмай, бір ғана адам деп қарайтын жағдайлар бар. Олай болғанда құранда айтылған Зұлқарнайынның жақсы қасиеттерін дәріптеп, Ескендірге

кір жұқтырмау керек. Бірсыпыра атакты ақындар солай істеген. Мысалы атакты Фердауси “Шахнамада” Зұлқарнайынды солай сипаттаған. Низами “Ескендірнамасында” солай жазған. Әлішер Науаи өзінің “Ескендір қорғаны” атты шығармасында Зұлқарнайынды осылай сипаттаған.

Абай олай емес. Ол өзінің “Ескендір” поэмасын былайша бастайды.

“Осы жұрт Ескендірді білеме екен?
Македония шаһары оған мекен.
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншак адам екен”.

Демек, Абай шығыс елдерінің бетке ұстап отырған ұлы ақындарына қарсы шығып отыр. Олардың шығармаларымен Абай жақсы таныс болған. Солай бола тұра шығыс ақындарының Ескендір жөніндегі пікірлеріне мүлде керісінше жазуының мәнісі қалай? Осында бір сыр бар сияқты. Абай оны өзі бізге ескертетін сияқты:

“Аз-ак сөз айттым, бітті бұл әңгіме,
Мұны бір өзге сөздің бірі деме.
Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін,
Тоймас көзің толар деп қайғы жеме”.

Мұнда басқа терең мағына жатыр: “мықты болсаң, өзіңнің нәпсінді жең”.

Ескендір Зұлқарнайын қысқа мерзімде дүниенің көп бөлегін өзіне қаратып, халықтардың арасына, мәдени ауыс түйіске жол ашқан адам. Ол адам баласының тарихи өрлеуінде үлкен із қалдырған адам. Ол өзі грек мәдениетінің дамыған кезі болған. Оның ақылшы ұстаздары Платон, Аристотель сияқты данышпандар болған.

Солардың ғылыми мирастарын талдаған, дамытқан адам әл-Фараби болды. Осы жағынан алып қарағанда Ескендір арқылы әл-Фараби мен Абай тікелей рухани сабақтасып жатыр деуге болады. Мұның өзі өте күрделі, зор ғибаратты нәрсе. Сол себепті бұған біраз тоқталып өту қажет.

Атакты Шығыстанушы ғалым академик Бабажан Гафуров пен грек елінің маманы Цибукидистің “Александр Македонский и Восток” деген кітабы бізге негізгі мәлімет береді. (М.: “Наука”, 1980).

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы 356 жылы жаз айында Македонияның сол кездегі астанасы болған Пелла қаласында Александр (Ескендір) дүниеге келген. Оның туған әкесі Филипп II ертедегі Македония патшасы Каран

нәсілінен. Онан Қаранды апарып ата тегін аңыздағы батыр Гераклге тірейді. Гераклді кейде Ираклий түрінде жазады және оның шын аты Алкид екен. Геракл (латынша Геркулес) Гераның қудалауынан қойылған ат десе­ді. Оның әкесі Зевс, шешесі Алклина Ахилл нәсілінен саналады.

Сонымен, қысқасынан айтқанда, Ескендірдің тегі Олимп тауының басындағы гректердің тәңірі тұтқан аспан шырақтарына жалғасады.

343 жылы Филипп 13 жасар Александрды атақты философ Аристотельге тәрбиеге береді. Аристотельдің әкесі Никомах бір кезде Македония патшасының дәрігері болған.

Александр жас кезінен-ақ соғысқа бейімі бар екенін көрсете бастайды. Ол өзінің әкесімен қатар жүріп талай жорықтарда жеңіске жетеді.

Аристотельдің ұстазы Платон (427—347) мемлекеттік құрылыс қалай басқарса дұрыс болатынын дәлелдеген. Оның ойынша халық билеуші дана болу керек, оның кеңесшісі ғалым болу керек. Оның тірегі әскер болу керек. Оларға қаражат табушы, өнерші шеберлер және олардың малайлары — құлдары болу керек.

Александр тегінде осындай құрылысты қабылдаған сияқты. Бірақ Платонша мемлекет шағын ғана, бір рудың, бір тайпаның, көп болғанда бір ұлттық көлемінде болмақ, ал Александр Македонский ол ұғымды кеңейтіп, Македония ғана емес, бүкіл Грек еліне, онан әрі қарай барлық Кіші Азия (Анатолия) аймақтарына дейінгі аралықты мемлекет қарамағына кіргізді.

Ол ғана емес, барған сайын араны ашылып, грек елі (Эллин-Юнан елі) барлық дүниені билеп, басында ғалами патша Ескендір отыруы керек деген мақсат қойды. Осындай іске аспайтын бос қияли, өркөкірек ұранның немен аяқталғаны белгілі. Солай бола тұрса да сол ұранмен аттанған Ескендір қолы талай жерге жетіп барып, тоқтады.

Аз уақыт ішінде Қара теңіз бен Жерорта теңізі арасындағы көптеген елді өзіне қаратты.

Онан әрі қарай теңіз жағалауы мен Африкаға — Мысыр (Египет) жеріне өтті. Біздің жыл санауымыздан 332 жыл бұрын Мысырдың ертедегі орталығы Ніл бойындағы Менфис (Маниф) қаласын алды. Жаңадан Александрия портын салдырды. Ол елдің ертедегі әулиесі Амон храмына барды.

Ескендірдің Зұлқарнайын (екі мүйізді) аталуы осы сапармен байланысты. Мысырдың қуатты зор ел екенін бейнелейтін Амон әулиенің басына киген тәжы кошқар мүйіз түрінде болған. Сол бойынша Мысыр елі Ескендірді патша сайлау үшін (хан көтеру үшін) оның басына кошқар мүйіз (қос мүйіз) тәж кигізді. Сонан былай Ескендір Зұлқарнайын аталды. Басқаша айтқанда, оны әулие Амонның нәсілінен деген түсінікке апарды. Сонымен Ескендір өз елінде әулие Зевс — Ахилл нәсілінен деген аңызға ие болса, бұл арада, Мысырда Амон нәсілінен деген атаққа ие болды. Осымен байланысты Мысыр мен грек аңыздарын, біріне бірін байланыстыру басталды.

Бұл арада айта кететін бір мәселе Мысыр ете ерте замандардан бері дүние жүзілік көне мәдениеттің орталығы болғаны мәлім. Осыны өзіне бағындырған Ескендір енді бұрынғысынан бетер дүние жүзін жаулап алу саясатын жеделдетеді.

Гректердің Мысырды жаулап алуы олардың көп заманнан бергі арманы болатын. Өйткені грек ғалымының атасы болып саналатын Фалестен бастап Пифагор, Платон, Аристотель тағы басқалары Мысыр мен Вавилон елдерінен тағылым алғандар. Осы жөнінде тарихтан бір мысал келтірейік.

Иран патшасы Кирдің баласы Камбиз біздің жыл санауымыздан бұрынғы 525 жылы Мысырды жаулап алғанда атақты ғалым Пифагор сол елде оқып жүрген екен. Оны Ирандықтар Вавилонға жібереді. Сонан кейін Пифагор Мысыр, Иран, Вавилон елдерінен ғылым үйреніп, соны Италияға және гректер арасына таратқан.

Мысырлықтардың Ескендірді жақсы қарсы алуына бір себебі олар Камбиз заманынан бері Иранның отарында болып келгендігі. Ескендірді олар сол отарлықтан құтқарушы ретінде қабылдайды. Онан әрі қарай Ескендір Иранның өзіне тікелей шабуыл жасап, оны түгелдей өзіне қаратты. Онан әрі қарай Ескендір ежелгі мәдениет орталықтарының бірі Вавилонияға өтті. Вавилонияны өзіне тегіс қаратты. Вавилонияны, Ассирияны Иран шахы Кир біздің жыл санаудан 538 жыл бұрын жаулап алған болса, оны Ескендір 336 жылы бағындырды. Сонымен қатар Ескендір Азияның орталығына қарай бет алды. Ол Хорасан — Самарканд өлкелерін тегіс жаулап алып Үндістанға қарай оралды. Оның қолы Инд өзені бойымен келіп Араб теңізін, Персия шығанағын жағалап Вавилонияға келді. Сол Вавилонияда ол біздің жыл санауымыздан бұрынғы 323

жылы қайтыс болады. Оның жаулап алған жері екіге бөлінеді. Бірінің орталығы Александрия (Мысырда): оның патшасы Ескендірдің бір қолбасшысы Птолемей болады. Екіншісінің орталығы Вавилония. Оның патшасы тағы бір қолбасшы Селевкий болады. Сонымен ертедегі екі мәдени орында гректердің екі мемлекеті пайда болды.

Солтүстік шығыс жақтағы Ескендірдің тоқтаған жері Отырар деп білеміз. Ол канша әрекет етсе де Отырарды ала алмайды. Онан бұрынғы Иран шахы Кир де сол арада жеңіліс тапқан. Екінші жағынан ертедегі Арабстан жеріне Ескендір кіре алған жоқ.

Демек, ол әулие суының шыққан көзіне жете алмады деп білеміз.

Тағы бір еске ала кететін нәрсе Ирандықтар Ескендірмен достасып, оны өзінің бір тумасы ретінде тануға тырысты. Абайдан бұрынғы ұлы ақындардың Ескендірді мадақтауының басты себебі осында жатса керек.

Иран елі ежелгі мәдениетті мемлекет. Ол кейінгі ислам халифаттары кезінде де олармен қарым қатынас жасап, ықпалын тигізгені мәлім. Сонымен байланысты олар пайғамбар нәсілімен туыстық жасап, ислам мирастарына ортақтасқаны және бар.

Орта Азияда Бұхараны билеген Самани нәсілдерін және басқаларын алатын болсақ, Ескендірді мадақтаудың себебі түсінікті болып шығады. Бұл мадақтауда ислам ақындары Ескендір Зұлқарнайынға құранда айтылған Ғабдолла Зұлқарнайынның қасиетін, істерін қосып күшейтіп жіберген. Демек олар екі Зұлқарнайынды қосып, өзінше жаңадан әдеби қаһарман Ескендір жасаған. Осыған мысал: “Низамидің” “Ескендірнамасында” Ескендірдің ақылшысы Қыдыр болып саналады. Олар тіршілік көзін (“Ғайын ал-хайат”) іздейді. Ол көздің белгісі өлген балықты салса, тіріліп кетеді. Қыдыр оны табады. Бірақ Ескендір қайта іздегенде таба алмайды: Сол іздеу жолында ол бір тамаша асыл тас тауып алады. Онан көп ғибарат шығады.

Пайғамбарлар тарихында Қыдырдың қызыл тасы айтылады. Ал өлген балық тірілетін қасиетті су құранда Мұса пайғамбарға кездесетін нәрсе. Оны Низами Зұлқарнайынға жалғастырған. Құранда 18-сүреде, Мұса пайғамбар Қыдырды іздеп шығады. Сонда Қыдырға кездесетін жерде өлген балық тірілетін су бар деген. Оны тапқан, екеуі кездескен. Зұлқарнайын жорықтары жөнінде сол 18-сүреде соның артынан айтылады. Демек, Низами осы екі кездесуді бірге жалғастырған.

Ал Науаи да Ескендірді зор данышпан адам ретінде суреттейді. Көп жерлерді аралағанын, көп соғыстары айтылады. Бұл кісінің бір өзгешелігі, тарихқа жанасқан жері Ескендірді ертуші ақылшысы белгілі грек ғалымдары Платон, Аристотель, Сократ т. б.

Сонымен қатар Науаи Ескендірді құрандағы Зұлқарнайынға жанастырады. Мысалы ол Иеменге барады. Ол жер оны тамаша қарсы алады, жабайы тастар асыл ақық тасқа айналады. Сонан кейін ол Меккеге барып тәуәп қылып, қағбаның қара тасын сүйеді. Бұл арада құрандағы Зұлқарнайын Иемен патшасы деген сөзге жақын келеді. Асыл, ақық тас сол заманда Иемен жерінен табылғаны да ислам ғалымдарының еңбегінен белгілі. Ал Ескендір Македонскийді алатын болсақ, ол бұл айтылған жерлерде ешқашан болған емес.

Ескендірдің Хорасанда болғанын Науаи тамаша көріктеп суреттейді. Самарқанды, Герат қаласын салдырғанын айтады да, оны халық “Герн” деп атайды деп кетеді. Онан әрі қарай оны аспан шырақтарымен салыстырады. Осымен орай мынадай бір ой туады: Ескендірдің арғы тегі Геракл мен Герамен туысады деген едік ғой. Бәлки қала атын қоюда сол тек ескерілген болар...

Мұнан кейін Кашмир қаласына шабуыл жасайды. Бірақ бұл биік таудың жартысының арасына салынған берік қорғанды қала екен. Оның үстіне жасырын тылсымы бар сиқырлы мекен екен. Ескендір оны ала алмай, беті қайтып, даналар кеңесін шақырады.

Ол кеңесте дүние жүзінен жиналған бес жүз ғұлама бар еді дейді Науаи. Олардың ішінде аттары ерекше аталғандары: Фалес, Платон, Аристотель, Архимед, Аполлоний, Порфир, Сократ, Гермес. Олардан басқа рухани қолдаушы пірлері тағы бар. Олар Қызыр, Илияс.

Бұлар әртүрлі қоспалардан жарылатын зат — мылтық дәрісін жасайды. Оған мырыштан, қалайыдан, қоладан, сынаптан, тағы басқа металдардан қапшық, тұтанғыш оттық кендір бау жасайды. Сонан кейін оны алып ұшатын шар жасап ұшырады. Ол барып Кашмир қақпасының арғы жағынан жарылып, оны талқан қылады. Қаланың залым патшасы қашып кетеді, халық Ескендірді қарсы алады. Бірақ соғыс онымен аяқталмайды. Қашқан патша өзінің сенімді нөкерлерімен қаланың астындағы жасырын бекініске тығылып алып, қалаға көп қатер төндіреді.

Олар от пен желдің жүретін жолын — тылсыммен байлап алып, қаланы ауасыз, отсыз қалдырады. Бұл

сиқырдың сырын ашу үшін ғалымдар көп машақаттанады. Олар жұлдыз есебін шығарады, қорған құрылысын зерттейді. Осы жағын да көп еңбек етіп басшылық жасаған Платон болады, оған Аполлоний жәрдем етеді. Бұлар жел мен оттың бекіткен қақпасын тауып, соған Ескендірді ертіп аарады. Ол өз қолымен қақпақты ашып жел мен отты жібереді. Қала өмірі қалпына келеді. Қашқан патша өзі келіп, жеңілгенін мойындап, кешірім сұрайды. Ескендір оны кешіреді. Ол өледі. Оның баласы Ескендірге қосылады.

Мұнан әрі қарайғы жорықты Қызыр даладан су іздейді, табады.

Жорықтар аяқтала бастаған кездерде данышпан ғалымдар Ескендірге бұрыш өлшейтін, жұлдыз бақылайтын аспаптар жасап береді. Астролябия, айна тағы басқалар. Солар арқылы аспанның жұлдыз картасын, жердің географиялық картасын жасайды. Бұл ретте әсіресе тамаша айна жасауды Ескендір шығыс елінен Хаканнан үйренгенін айтады. Басқа да көп нәрсені ол осы жақтан үйренгені сөз болады.

Ескендір еліне қайта оралған жолында оған Кирван елі арыз айтып, яжужден қорғаныс салуды сұрайды. Ол ғалымдарды, геометрлерді, жұлдызшыларды, архитекторларды, тасшыларды, құрылысшыларды, ұсталарды қатыстырып іске кіріседі. Осы арада Науаи: Ғұтарад, Зухал көктерін еске алады. Оларды зергерлік, ұсталық істердің пірі ретінде келтіреді. Жеті металдың қорытпасынан қорғанның іргесін құяды.

Ескендірдің өлімін Науаи иесіз далада, шөлде, құмда болды деп жазады. Ол әлсіреп атынан түседі. Қайта көтеріле алмайды. Басына ердегі темір садағын жастанды. Бір досы үстінен алтынды қалқанмен көлеңке түсірді. Сол кезде оның ойына бір балгердің: “Жер — темір төсегін болар, төбеңдегі шатырың алтыннан болар” деген сөзі түсті. Ол көзіне жас алып, бетін сумен жуды.

Науаидің “Ескендірнамасы” бес кітаптың (“Хамсаның”) ақырғысы болып саналады. Оның бірінші кітабы: “Әулиелер тілегі” атты философиялық, діни, әсерлерге арналған. Екінші кітабы: “Фархад Шырын”, үшіншісі. “Ләйлі Мәжнүн”, төртіншісі “Жеті хат көк” (“Жеті ару”), бесіншісі — “Ескендір қорғаны”.

Шығыс ғұламалары бес кітап (“Хамса”) жазуды өздеріне бір ырымды өлшеуіш етіп алған. Науаи өзінен бұрынғы “Хамса” жазғандарды есіне алады. Олар: Жами, Низами, Хосрау.

Сол бестіктің ақырғысы тегінде өмірдің қорытындысы ретінде болса керек. Әлішер Науаи өзінің осы “Ескендір қорғанында” өте көп нәрселерге көңіл бөлгені, көп еңбек еткені, қаншама тарихи, ғылыми, діни зерттеулер жүргізгені көрініп тұр. Бұл еңбек тегінде өз алдына аударылып, зерттелетін болар. Біз тек бұл арада Абаймен салыстыру үшін кейбір үзінділеріне тоқталдық.

Ерекше бір еске ала кететін нәрсе бұл кісі өзінің еңбегінде нақты ғылымдардың негізін салған даналарға көңілді көбірек бөлген. Бұл кісінің әсіресе Гермеске бірнеше жерде тоқталуы өте құнды нәрсе. Ол Гермес (Ғұтарад — Айқыз — Тот — Меркурий) дүние жүзіне ортақ, көптеген нақты ғылымдардың негізін салған адам. Оны ислам ғалымдары Ыдырыс пайғамбар деп есептейді. Астрономия, геометрия, архитектура, алхимия тағы басқа ғылымдардың атасы осы кісі.

Абай өзінің поэмасында ең алғашқы сөзін: “Осы жұрт Ескендірді білеме екен” деп бастауы тегін емес. Өйткені екі Ескендірді шатастыру бар екенін ол кісі жақсы білген. Және шатастырудың арғы жағында зор, ерекше терең мағына жатқанын да ол кісі білді. “Мұны бір өзге сөздің бірі деме” деп отыр. Онан әрі қарай, мәселенің тереңіне кетуге Абай, бәлкім, қауыпсінген болар. Өйткені оның өзі Абай өмір сүрген заманның бағытына қайшы келеді. Бүкіл шығыс елін жаулап алу мақсатымен сол кездегі Батыс империализмі ұстаған жол Абайдың жанына батқан зұлымдық Ескендірдің жорығын айыптау арқылы сипатталып отыр. Ондағы айтылған мынау жолдар:

“Сұмдықпен әскер жиып қаруланды,
Жақын жерге жау алып тура аттанды.
Көп елді күтінбеген қырды, жойды,
Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды.
Жазасыз жақын елдің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандар ақты.
Шапқан жердің бәрін де бодан қылып,
Өктемдікпен қолына тартып алды,
Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойланды”.

Осы жолдардан Ресей империясының Азия елдеріне қолданған әрекетінің бейнесі екені көрініп тұр ғой. Онан әрі қарайғы жерде Ескендірдің қалың қолы елсіз шөлге душар болады, Ескендірдің астындағы аты да шөлден ұша-

ды. Ол атының жалын құшады. Көзіне бір бұлақтың сәулесі көрінеді.

Тамаша бұлақтың суын ішеді. Оған кепкен балықты жудырып жесе исі, дәмі өзгеше болады. Суда ерекше қасиет бар. Осы судың шыққан жерінде бай ел болу керек, соны аламыз деп аттанады.

“Сол әскер суды өрлеп талай жүрді,
Судың басы бір құзар шатқа кірді.
Шаттың аузын бекіткен алтын қорған,
Қақпасы бекітулі көзі көрді”.

Қақпаны аша алмаған Ескендір: Аш!— деп айқайлайды.

“Қақпаның ар жағынан біреу келді,
Күзетшісі сол екен, дыбыс берді.
— Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ,
Бұл Құдайға бастайтын қақпа,—

деді.

Ескендір оған: мен дүние жүзін жаулап алған атақты қаһарман, мықты Ескендірмін, қақпанды аш, сөйлес!— дейді. Оған қақпашы айтады: “Мықты болсаң өзіңнің нәпсінді жең”. Өзімшіл тар ішті жанды бұл жер қабылдамайды дегенді айтады. Ескендір оған мен де өзімше талпынған талапты ермін, ел билеген қолбасшымын. Ең болмаған күнде маған халқыма көрсететін лайықты сыйлық бер дейді. Оған орамалға түйген сүйек лақтырады.

Ескендір ашуменен сүйекті лақтырады. Аристотель алып, оны адамның көз сүйегі екенін түсіндіреді:

Сүйекті таразының бір басына салып, екінші басына қанша алтын мен күміс салса да сүйекті баса алмайды. Оның үстіне барлық қаруларын салады. Сүйек қозғалмайды.

Аристотель хәкім жерден бір уыс топырақ алып, соны салып еді, сүйек жеп-жеңіл көтерілді.

Адам көзі дүниеге өлгенде ғана, яғни көзге топырақ толғанда ғана тояды. Бұл адамның көз сүйегі, сізге ғибрат үшін беріп отыр деп түсіндірді Аристотель Ескендір патшаға. Сол сағаттан бастап Ескендір тәубасына келіп, жорықты тоқтатып, қолын еліне алып қайтады. Онан бұрынғы ақындарда адам көзін қызықтыратын асыл тас деп сипатталған. Абайда асыл тас орнына сүйек алынған.

Ескендірдің беті қайтқан ең шеткі қаласы — қорғаны Абайдың бабаларының мекені Отырар (Фараб) болған. Оның жанынан аққан қасиетті су Сырдария. Аты жақсы

Яқсарт дария ертедегі аңызда ол Сырдария пейіштен шыққан өзеннің бірі деп келеді. Осы жағынан алып қарағанда Абайдың “Ескендірінде” тарихи негіз жатыр.

Еске бір ала кететін нәрсе ертедегі грек мәдениеті ислам ғылымының дамуына зор әсер еткендігі. Сонымен қатар ол ілімнің дінге зиян келтіретін жағын ескерткендерде болған. Осы жөнінде пайғамбарлар тарихынан бір мысал келтіреміз.

Ғайын ал-хайат іздеген жолында Зұлқарнайын бір зор сарай көрді. Оның ішінде бір темір мұнара бар екен. Онда бір құсты тұмсығынан тесіп байлап қойған. Ол сұрайды: тас үйлер көбейді ме?— деп. Көбейді,— дегенде ол үлкейеді. Жалған қуәлік көбейді ме дегенде көбейді — десе, ол тағы зораяды. Иман келтірушілер бар ма дегенде, бар десе ол кішірейеді. Ол Ібліс екен.

Төбесіне қараса бір адам отыр. Ол Суруру үшін әмір күтіп отырған Исрафил періште. Сол кісі Зұлқарнайынға бір тас береді. Ол тас басқа тастың бәрін басады. Тек топырақты ғана баса алмайды. Оның қасиетін Қызыр түсіндіреді, Зұлқарнайын көп орындар салдырған. Соның ішінде бір жұмбағы Стамбулдағы кірпіш (қыш) сарай. Ол жеті хат. Оны біз жеті хат көктің бейнесі деп білеміз.

Осы талас жөнінде тағы бір еске алатын нәрсе әл-Фарабидің грек ғалымдарын зерттеген еңбектеріне қарсы болған ғалым әл-Ғазали. Осы мәселенің Абай пікіріне жалғасатын жеріне кейін тоқталамыз. Ескендір жөнінде айтқан ақындар пікірін қорытындылау үшін тағы бір есте болатын нәрсені көрсетейік.

Әлішер Науаи заманында ислам ғылымы алға басып тұрған кез. Ертедегі грек мәдениетінің орталығы болған — Византия (Рум) астанасы Константинопольді түріктер жаулап алып Исламбол-Стамбул атады (1453 жылы). Оның қақпасына құран аяты жазылған. Оның мағынасы ислам шығысқа да батысқа да ортақ дін дегенге келеді. Тегінде екі мүйіз Зұлқарнайын деген сөздің өзі осы мағынада деушілер де бар. Осы жағынан алып қарағанда Низами, Науаи сияқты ойшыл ақындардың Ескендір Зұлқарнайынды кеңінен мадақтауы түсінікті. Абай заманын алатын болсақ ол бөлек. Ол кезде таразының батыс жағы басып, шығыс елі өзінің еркінен айырыла бастады. Тек кейінгі кезде дүниеге жаңа көзқарас туды. Бұл мәселеге біз “Абай үшкілі” дерегінде тоқтаймыз.

Абай үшкілі

Ұлы бабамыз, данышпан Әбу Наср әл-Фараби Һандаси (геометрия) ғылымын барлық ғылымның негізі деп санайды. Ол кісі осы салада зор мирас қалдырды. Арабша Һандаса (геометрия — жер өлшеу) сөзі Һандай — симметрия тәртібі деген түбірден шығады.

Симметрия деген сөздің арабша екінші түсінігі — қиас. Симметрия грекше өлшемдес, үндес мағынасында: сим — бірдей деген сөз, метр (метрия) өлшеу деген сөз. Сонда геометрия сөзіндегі гео — жер, метрия өлшеу. Айналып келгенде заттардың, денелердің бетін, бейнесін, құрылысын, ауданын, көлемін, формасын өлшеу ғылымы болып шығады.

Әрбір заттың өзіндік өлшемдері бар. Соның ішінде алдымен ол өзінше зат болу үшін оның сыртында беті, былайша айтқанда, оны басқа заттан бөліп, қоршап тұратын қабы, қабығы болу керек. Сол сырт бетті өлшеу геометрия ғылымының негізгі әдісі болмақ. Заттың сыртқы бетін, соның ішінде жердің бетін өлшеу үшін оны үшкілдерге бөледі. Демек үшкіл өлшеу заттардың бет бейнесін өлшеудің әліппесі деуге болады. Сол әдісті қазіргі ғылымда триангуляция деп атайды. Оның мағынасы үшкілден өлшеу болып шығады.

Заттардың жазық бетін бөлшектеуде ең кішкене бөлшек үшкіл түрінде болады. Өйткені үш нокат арқылы тек бір ғана жазық бет өткізуге болады. Сол себептен ерте заманда үшкіл деген сөз заттардың бөлінбейтін ең кішкене бөлшегі — атомы болып есептелген. Мысалы, мынадай есеп бар. Бір бөлшек отқа екі бөлшек ауа (жел) қосса болады тең бір бөлшек суға. Мұны былай түсінеміз: айтылған заттар тектерінің геометриялық формалары түзу үшкілдерден құралады.

От — төрт үшкіл, жел — сегіз үшкіл, су — жиырма үшкіл болады: $4 + 8 \times 2 = 20$. Көріп отырсыздар, осында үшкіл атом мағынасына, олардан молекулалар құралу заңы берілген.

Осы арада бір еске ала кететін нәрсе бар. Айтылған заң ертедегі ғылым тарихында Платон еңбегінде бар. Науан от пен желді сиқырлап тастаған Кашмир тылсымының кілтін Ескендірге тауып берген Афлатон (Платон) еді деп жазған. Ойлап қараңыз? От пен жел болмаса қозғалыс жоқ, жауын-шашын да жоқ, су да жоқ қой!

Әл-Фарабиді екінші Аристотель немесе екінші Платон дейді. Тегінде екеуі де дұрыс, өйткені олар бірін бірі толықтырған ғалымдар. Платон болса ол Аристотельдің ұстазы. Сол себепті әл-Фарабиді екінші Платон деген де дұрыс. Араб елі солай атайды.


Платон болса ол Пифагордың ізін қуған адам. Олар геометрияны барлық ғылымның анасы деп білген. Әл-Фараби осы пікірдегі адам. Сол себепті ол геометрия ғылымын жоғары сатыға көтерді. Астрономия, алхимия, архитектура, музыка — бәрін әл-Фараби геометриялық әдіспен негіздеген. Оның бәрін бұл жерде талдау қиын. Бір ғана ұстайтынымыз әл-Фараби геометрия ілімінің алғашқы адымын үшкілден бастау керек дегенді дәлелдеп, соны дамытқан адам. Үшкіл жазық бет, екі өлшемді онан кейін сызық бір өлшемді, нокатта өлшем жоқ, тек бірлік белгі.

Әл-Фарабиге дейінгі көп ғалымдар, соның ішінде геометрияның атасы саналатын атақты грек ғалымы Евклид геометрия негізін керісінше нокаттан бастаған. Ал ол нокаттың өзін түсіндіру қиынға түседі. Айталық ол жердегі нокат па? Көктегі нокат па? Оларда өлшем жоқ. Оны қалай табуға болады? деген сияқты. Шексіз, белгісіз, бұлдыр адамды шатастырады.

Үшкіл зерттеу деген мәселе менің ой-санама мықты орналасып, алған басты түсінік болды. Оған себеп болған бірінші жағынан әл-Фараби ілімі болса, екінші жағынан менің жер өлшеу; кен өлшеу, тас өлшеу мамандығым болды. Осы әсер бойынша мен осыдан отыз жыл шамасы бұрын “Үшкіл шал” деген шығарма да жазып жарияладым.

Онан бері қарайғы зерттеулердің үшкілдің табандық, жазықтық от ошақтық мағынасы адам ой өрісінің барлық саласында кездесетініне көзім жете бастады. Алдымен үштен бастау құран сүрелерінде, аяттарда бар. Екіншіден пайғамбар хадистарында бар. Үшіншіден халқымыздың тілінде, түсінігінде бар: үш арыс, үш жүз.

Солардың үстіне ертедегі ғылымның негізін салған Ыдырыс пайғамбардың бір аты Мүсалас — үшкіл екен. Осымен байланысты Науaidiң Ескендіріне тағы да оралайық. Ескендірдің пір тұтқан данышпан ғалымдарының бірі Гермес, яғни ол айтылған Ыдырыс пайғамбардың тағы бір аты бұл. Бұл арада мәселе тамаша терең мағынаға бұрылады. Гермес жұлдыз аты, ол екінші аспан әулиесі, ол арабша Ғұтарад, грекше Гермес, латынша Меркурий,



АБАЙ ҮШКІЛІ:

- 3-7 - ҚАЙРАТ (إرادة - 206) - (5,15)
- 7-А - АҚЫЛ (عقل - 200) - (5)
- А-3 - ЖҮРЕК (قلب - 132) - (3,3)

МЫСЫР ҮШКІЛІ:
 7-10 (4) 10-А (3)
 А-7 (5)

ҒЫЛЫМ (علم) (140)

$$\frac{132}{140} = \cos 19^\circ 28'$$

$$538 + 140 = 678$$

$$678 \pm 108 = \begin{cases} 786 \\ 570 \end{cases}$$

$$538 \pm 382 = \begin{cases} 920 \\ 156 = 52 \times 3 \end{cases}$$

1 — сурет. Абай үшкілі.

Мысырша — Шумерше Тот, қазақша Айқыз. Осылармен байланысты Ескендірге ақыл берген Аристотель ғана емес, бәлкі осы “Үшкіл шал”— Ыдырыс болар деген ой келеді. Абайдың көз сүйегі дегені сол үшкіл шалдың ғажайып үшкілі болар? Өйткені Ыдырыс елінің атымен байланысты: Мысыр үшкілі бар екенін білеміз. Тек бұл емес сол көз сүйек Абайдың өз үшкілі болар деген ой келеді.

Абай үшкілі деп отырғанымыз үш саладан бас қосқан нәрсе: Қайрат, Ақыл, Жүрек. Абай өзінің 17-қара сөзінде осы үшеуінің өнерін салыстыра келіп, ғылымға билік айтқызады. Ғылым былай деп шешеді. Үшеуің де бірдей керексіңдер. Бірінсіз бірің жеке тұра алмайсыңдар. Үшеуің бас қосыңдар. Мен сендердің айянда боламын. Жүрекке басшылық беру керек. Мен сол жүректі қолдаймын дегенге келеді.

Ескендір әрекетін алып қарағанда онда қайрат бар. Ол: “Талпын, талаптанған ер”. Оның қасында ақыл бар. Ол ғұлама ғалымдар. Оған жетпей жатқаны жүрек сезімі, аяушылық, кішіпейлдік, өзінің ішкі дүниесіне ой жіберу, қанағат ету, шүкірлік, сабырлық. Ескендірді ойға қалдырған, шынға бетін бұрған Абайдың осы үшкілі деп білеміз. Ғылыми, ғалами шындық осында. Осы айтылғандарды көрнекті түрде елестеу үшін 1-сурет жасадық.

Суреттің сыртқы шеңбері 12 мүшел жыл реті. Оның ішіне сызылған шаршы (3, 6, 9, 12) Тұран қақпасы оның ішіне сызылған. Абай үшкілі (3, 7, А). Оған жапсарлас Мысыр үшкілі (7, 10, А). Шеңбердің ортасында Темірқазық таңбасы (Орхон таңба бойынша). Тұран шаршы ішінде тоғыз орынды тор шаңырақ торы.

Айтылған екі үшкілдің жасалу әдісі сурет астында көрсетілген. Абай үшкілі даналық үшкіл. Оның екінші бетінде:

“Бірінді қазақ бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос”—

деген.

Мысыр үшкілі (Ыдырыс үшкілі) қатар келетін үш санмен шектеледі: 3, 4, 5. Осы үшеуінен тік бұрышты үшкіл шығады: $9 + 16 = 25$. Осы үшеуіне сәйкес 9 орынды, 16 орынды, 25 орынды ғажап шаршылар бар. 9 орынды ұя (тор) айтылған сурет ортасында. Осы тоғыз орын қазақтың 41 құмалақ (ноқат) ашудағы орындарына сәйкес келеді: Оның 12 мүшелге байланысы көрсетілген. Ол шаршылардың ғажап аталудағы себебі айтылған ұяларға сәйкес сандарды орналастырғанда барлық

бағытында жинағы бірдей тұрақты сан шығу керек. Мысалы 9 ұяда. Қай бағытта санасанда үш санның жиыны 15 болады:

$$2 + 9 + 4 = 2 + 5 + 8 = 15.. \text{ т.б.}$$

16 ұясының тұрақтысы болады 34; 25 ұянікі — 65. Үшеуін қосамыз:

$$15 + 34 + 65 = 114 = 19 \times 6.$$

Осы сан құранның сүре санына тең. Ол алты еселі 19. Бұл он тоғыз сан: “Бисми Аллаһ ал-рахман ал-рахим” сөйлеміндегі әріп санына тең. Ол әріптердің АБЖД есебі бойынша сандық мәні 786. (суреттің басында тұр).

Мысыр үшкілінің бұрыштары:

$$36^\circ 52' + 53^\circ 8' + 90^\circ = 180^\circ.$$

Осы үшкілдің үш жағындағы сандар түзу көп жақтылардың жақ бұрыштарының санына тең: үшкіл, төрткүл (шаршы), бескүл. Барлық ғалам дүниесінің бес текті құраушы осы бес көп жақ. Оның үш үшкілдік түрі айтылды, төрт үшкіл — от, сегіз үшкіл — жел, жиырма үшкіл — су. Енді қалған екеуінің бірі текше алты шаршы (төрткүл) жақты жер, екіншісі бес бұрышты он екі жақты жұлдыз. Бұл екеуінің ара қатысы жер мен көктің қатысы болмақ. Ол қатысты біз Нұх кемесінің өлшемі дейміз.

Тұран қақпасына жақын жерде Қазықұрт басында қалған кеменің негізгі өлшемі екі текшеден тұрады. Оның тік бұрыш құрайтын екі жағы 1 және 2, сонда оның ұзын — көлбеу жағы (гипотенузасы) болады. $\sqrt{5}$ яғни: $1^2 + 2^2 = (\sqrt{5})^2 = 1 + 4 = 5$.

Мұның түсінігі 2-суретте берілген. Үстіңгі суреттің астыңғы оң жағын қараңыз (Тұран қақпасы аталған шаршының оң жақ босағасында). Осы үшкілдің сандарынан мынадай өрнек құрамыз:

$$\frac{\sqrt{5}-1}{2} = \sin 38^\circ 10' = 0,618 = \varphi$$



Осы қатынасты әл-Фараби саны деп атаймыз (немесе Нұх саны деуге болады). Осы санның екінші дәреже шаршылық түрі болады:

$$\left(\frac{\sqrt{5}-1}{2}\right)^2 = \frac{3-\sqrt{5}}{2} = 0,382 = \varphi^2$$


Онан шығады: $\varphi + \varphi^2 = 0,618 + 0,382 = 1,000$.

Екеуін көбейтсек болады: $\varphi^3 = \sqrt{5} - 2 = 0,236$

немесе: $0,382 + 0,236 = 0,618$; $\varphi + \varphi^3 = \varphi$.



$104^\circ 44' + 61^\circ 6' = 111^\circ$
 $273 \pm 11 = \frac{284}{262}$



$\frac{132}{140} = \cos 19^\circ 28' = \frac{2\sqrt{2}}{3}$
 $132 + 140 + 200 + 206 = 678$
 $678 \pm 108 = \left\{ \begin{array}{l} 786 \\ 570 \end{array} \right. = 262 \times 3$
 $678 + 348 + 284 = 1310 = \frac{5}{3} \cdot 786$
 $\left[\frac{140}{132} \right] \approx \left[\frac{3}{2\sqrt{2}} \right] = \frac{9}{8}; \frac{9}{8} \cdot \frac{5}{3} = \frac{15}{8}$

2-сурет. Абай саны.

Осындай тамаша үздіксіз үндес қатынас қазіргі ғылымда зор мағыналы екені белгілі болып отыр. Оның оңай түсінігі мынау: бір сызық таяқ аламыз да оны екі бөлеміз. Сол екі бөлшегінің қатынасы біреуінің тұтас сызығымен қатынасына тең. Айталық екі бөлшек $a + b = 1$. Айтылған ереже бойынша мынадай өрнек болады:

$$\frac{b}{a} = \frac{a}{a+b}; \quad ab + b^2 = a^2$$

Осында $a = 1$ десек болады: $b + b^2 = 1 = \varphi + \varphi^2 = 0,618 + 0,382$.

Осы суреттің үстінде тұрған бес бұрыштың қабырғасы a_5 мен оның астындағы шаршы қабырғасының a_4 қатынасы сол әл-Фараби санына дәл келеді:

$$\frac{a_5}{a_4} = \frac{\sqrt{5}-1}{2} = 0,618 = \varphi.$$

Бұл екі қабырға аспандық және жерлік бейнелердің жақтары, сол себептен бұл қатынас жер мен көктің қатынасы болып табылады. Аспандық бескүлдің бұрышы 108° . Осы санды Абайдың төрткүл санына қосамыз:

$$(132 + 140 + 200 + 206) \pm 108 = 678 \pm 108 = \begin{cases} 786 \\ 570 \end{cases}$$

Айтылған бас бата (бисми Аллах) әріп санымен сандық мәні бірдей келіп шықты (19,...786). 2-суреттің астында сол жағынан Абайдың төрткүлі екі үшкілден тұратыны көрсетілген. Оның бірі 108×5 . 1-суретте көрсетілген, екіншісі сол жақта: $140 + 200 + 206 = 540$ Сол секілді үшкілді мынау түрде жасауға болады:

$$\frac{206 + 200 + 140}{2} = \frac{546}{2} = 273 = 91 \times 3.$$

Бұл үшкілдің айнала сызығы: арабша төрт (арбғ) (273) деген сөздің екі есесі болады. Оның алдындағы үшкілдің айнала сызығы бескүлдің бұрыш жиынына тең: $108 \times 5 = 540$.

Демек, Абай үшкілдері дұғамен, сондай-ақ жер және көк бейнелерімен қабысып жатыр. Мұның бәрін әрине кездейсоқ деуге болмайды. Бұл құбылыстардан басқа да талай сәйкестік табуға болады;

Мынау үш санға көз жіберіңіз: $678 - 108 = 570 = 190 \times 3 = 19 \times 30$.

Бұл өзі айтылған 19 санының еселесі, сонымен қатар ол бестіктің үш есе жиын саны $(7 + 26 + 62)2 = 95 \times 2 = 190$

Екінші жағынан бұл сан арабша кәміл сан, яғни ғашар (он) деген сөздің сандық мәні: $t = 70$, $ш = 300$, $p = 200$, жиыны: $70 + 300 + 200 = 570$. Мұны темірдің (арабша ал-Хадидтың) кәміл саны деуге болады: $(31 + 26)10 = 570$. (Құранның 57-сүресін қараңыз).

Абайдың: темір жер қазынасының асылы дегені есте болсын.

Бір тамаша түсінік мына сандардан шығады (1-суретті қараңыз).

$$538 \pm 382 = \begin{cases} 920 = 92 \times 10 \\ 156 = 52 \times 3 = 26 \times 6 \end{cases}$$

Алғашқы сан Абайдың бірінші (бас) үшкілінің саны: $206 + 200 + 132 = 538$. Екінші сан сүр күзетіндегі, Зұлқарнайынға кез болған Исафил (Әсрафил) періштенің сандық мәні: $a = 1$, $c = 60$, $p = 200$, $a = 1$, $ф = 80$, $u = 10$, $л = 30$, жиыны: $1 + 60 + 200 + 1 + 80 + 10 + 30 = 382$. Осы екеуінің қосындысы: $920 = 92 \times 10$.

Кәміл Мұхаммед саны. Олардың айырмасы: 156 немесе: $26 \times 2 = 52 \times 3$.

52 хамды саны, 26... темір саны.

Дүние дұғамен, иман мен түр деген сөзге осы ишарат.

Тағы бір өрнек:

$$273 \pm 11 = \begin{cases} 284 \\ 262 \end{cases}$$

Арабша төрт саны 273. Абай үшкіл саны мен байланысты екенін көрдік. Оған қосамыз Ай санын ($a = 1$, $и = 10$; $1 + 10 = 11$) Онан шығады Ғұтарад — Айқыз — Фараб саны. Ойлап қараңыз Отырардың (Фарабтың) Ескендірге берген сыйлығын. Олардың айырмасы тамаша сан 262, оны үш еселесек басқы бата саны шығады: $262 \times 3 = 786$.

Абай үшкілінің ішіне сызылған шеңбер өрісі: 47,052. Демек оны күміс саны (47) деп алуға болады. Ол Айдың металы, ол Мұхаммед Расул Алла сүресінің саны.

Осы сияқталған сәйкестік мағына суреттердегі бұрыштар арасынан да келтіруге болады. Мысалы:

$$\frac{132}{140} = \frac{2\sqrt{2}}{2} = \cos 19^\circ 28'.$$

Мұндағы бұрыш текшенің орталық бұрышы: $109^\circ 28' = 90 + 19^\circ 28'$. (2-суреттің оң жағын қараңыз).

Мынау бұрышты қараңыз: $104^\circ 44' + 6^\circ 16' = 111^\circ = 6660'$

Оны былай жазуға болады: $109^{\circ}28' + 100^{\circ} + 12^{\circ}32' = 222$.

Осы сияқты өрнектерді көп келтіруге болады. Бұлардың өзі табиғат дүниесінде көп кездесетін кристалдық, симметриялық құрылыстық бейнелердің негізіне соғады. Мысал үшін текшенің орталық бұрышын алайық. Табиғат құрылысы: бір ғажабы араның ұясы болса, соның негізгі құрылысы бұрышы осыған келеді. Текше жердің, темірдің бейнесі. Ол барып барлық кристалдық бейнелердің атасы болып табылады.

Бір тамашасы осы айтылған өрнектер, өлшемдер әл-Фараби мен Абайдың музыкалық еңбектерінің арқауы болып табылады.

Абай үшкілі адам мен табиғат арасының көпірі сынды бір тамаша үлгі. Оны терең түсіну үшін суретін көңілге мықтап орналастыру қажет. Демек оған қоятын орын керек. Абайдың мынау сөзіне көз жіберелік: “Ғылымды, ақылды сақтайтын мінез деген сауыты бар. Білім-ғылымды дәулет деп білсең, әрбір естігенді, көргенді көңілің жақсы ұғып, оның өз суретімен ішке жайластырып алады”.

Абай сөзінің арғы жағында адамның адамдық табиғаты жатыр.

Сабырлы, ұстамды адал мінез ғылымның, ақылдың, адамдықтың, иманның сауыты, рухани қазынаны сақтайтын орыны. Ондай орын болмаса айтылған рухани дәулет пайдасыз желге ұшып, суға ағып немесе отқа өртеніп кетер еді.

Өзін өзі ұстай білу барлық жақсылықтың басы. Мына бір шумақ өленді еске алайық:

“Толықсып төңкерілген жұрт бір сағым,
Шынға шыдап қоса алмас ынтымағым.
Күзетсең көптің аузын күн көрмейсің,
Өзіңді өзің түзет, кел шырағым”.

Жас кезімізде үлкендерден естіген бір сөзді есіме алдым.

Тобықты елімен көршілес төлеңгіт руынан шыққан Меңайақ би қайтыс болғанда Абай аза тұтып дұға оқиды. Артынан жиналған елге: “Меңайақ өзінің атының басын өзі алып жүретін адам — еді” — дейді. Азалы елдің бір үлкен адамы:

— Абай-ау” Ол не дегенің, Меңайақ өз атының ғана басы емес, рулы елді билеген адам емес пе?! — дейді. Оған Абай:

— Елді билеуден адамның өзін-өзі билеу қиын. Жағдайы келген бақ көтеріп, таққа отыру бола береді.

бірақ соның буымен өзін-өзі ұстай алмай, абыройын ашатындар көп. Менайақ сонан аулақ жан еді. Оның зор адамдығының өзі сонда еді,— депті. Екіншіден бұл Абайдың: “Мықты болсаң Ескендір нәпсінді жең”— дегені де сол мағыналас қой. Оларды ескерер болсақ жоғарыда айтылған геометриялық бейнелердің (суреттердің) сандық мәндерінде терең мағына жатқанын түсінуге болады. Осымен байланысты, бір сөзді еске ала кетейік. Құранда ғаламның алты күнде жаралғаны айтылады. Оның терең мағынасын ашу қолдан келмесе де бірер қиас жасамақпыз.

Алты деген сөз арабша сат, оны керісінше оқысақ қазақша тас деген сөз шығады. Қазақта мынадай мәтел бар: баланың енбегі тілі тас деген сөзге келгенде катады деген. Екінші жағынан қазақтың “Алты алашы” тағы бар. Мұның өзі адамның санасы өзінің тастан (жерден — топырақтан) жаралғанын білгенде қатайды деген мағынаға келеді. Жердің (тастың топырақтың) геометриялық бейнесі текше дедік, яғни ол алты жақты (алты шаршы жақ). 1-суреттегі Тұран шаршысы төрткүл сол алтаудың бірі деп білеміз. Бұлардың қатынасы:

$$6 \pm 4 = \begin{cases} 10 = 5 \times 2 \\ 2 \end{cases}$$

$$6 \times 4 = 24 = 12 \times 2; \quad \frac{6}{4} = \frac{3}{2} \quad (\text{Арай нотасы}).$$

Аталар батасы осында, жұп заңы осында, мүшел саны осында. Темір саны, текше саны тағы осында. Хадид — темір: $8 + 4 + 10 + 4 = 26$.

Намаздағы бет бұратын кибла қағба (қағба) тағы сол.

Қағба арабша текше (куб) деген сөз. Бес намаз — пешене бес бұрыш бес, бұрыш — бес тек, бес көп жақ — бес саусақ...

Сат(алты — тас) сөзінің сандық мәні: $s = 60$, $m = 400$; жиыны $60 + 400 = 460 = 92 \times 5$.

яғни тағы да Мұхаммед саны (92) бес есе. Бабалар батасының басы осында (Қағба саны)...

Бұл санды кіші абжд бойынша, яғни $60 = 0$ шеңберлік санат саны ретінде қарасақ болады: $0 + 400 = 400$.

немесе 40,4, яғни қырық деген сөздің мәндері.

қырық сөзі: $100 + 200 + 100 = 400$

оның сандық мәні: — — — — 4

оның кішісі $444 = 111 \times 4$.

Қырық шартты сан. Ол пайғамбарлық киелі сан. Құранда жеке әріп мұқаттағат ретінде А + Л + М 2-сүреден бастап алты рет келеді. Оның саны: А = 1, Л = 30, М = 40. жиыны: $1 + 30 + 40 = 71$. Алты ретіне көбейтеміз: $6(31 + 40) = 186 + 240 = 426$.

Оның екі: $2(31 + 40) = 62 + 80 = 142$

үш $3(31 + 40) = 93 + 120 = 213$

төрт есесі $4(31 + 40) = 124 + 160 = 284$.

142 — Сүмбіле (Бикеш) саны,

284 — Ғұтарад (Айқыз) — Фараб саны.

Осы екеуі (үшеуі) бірдей Тұран қақпасының екі бо-сағасы да екені белгілі (1-сурет, 3-мүшел Барыс) Жау-за — Егіз, және 6-мүшел Жылан (Сүмбіле) аспаны 2-Ғұтарад).

(2-суретте мүшел саны астына аспан сандары қойылған).

Айтылған $A + Л + M = AЛ + M = 31 + 40 = 71$.

Көсемшені (артикілді) жеке алғанда 40 болады, яғни М-40 Мұхаммед Расул Алла саны. Осылар тұрған сүре-лерде ғылымды адал жолға ұстау керек, екені айтылған.

Осылармен байланысты бірнеше қасиетті тастар туралы мәлімет келтірейік.

Ескендір Зұлқарнайын Мысырды жаулап алғанда олар-дың орталық Қаласында Манфиста (Манифта) Тот әулиенің басына қойылған, изумрудтан (зудрудтан) жа-салған бет тасы болған. Оның бетінде әулиелік сөздер жазылған. Изумруд — асыл тас. Оны әркім шағып алып бүлдіретін болған соң, Ескендір ондағы сөздерді гранит тасқа көшірткен.

Тот ислам елінде Ыдырыс пайғамбар екені айтылды, Енді сол кісінің бет тасы изумрудтың химиялық құрамын алайық: $Be_3 Al_2 Si_6 O_{18}$.

Мұны үш тотық түрінде жазамыз:



Бұлардың электрон сандарын есептейміз:

$$\frac{3(4 + 8)}{36} + \frac{(13 \times 2 + 3 \times 8)}{50} + \frac{6(14 + 16)}{180} = 266$$

Осыған төртінші тотықты — магнетит (магнит) тасын қосамыз:

$$266 \pm 110 = \begin{cases} 376 = 47 \times 8 = 94 \times 4 \\ 156 = 26 \times 6 = 52 \times 3 \end{cases} \quad (Fe_3O_4 = 110)$$

(Сегіз Ай — сегіз аяқ).

(Алты темір, үш қамды)

Сегіз Ай дегеніміз 47 — күміс Ай металы. Екінші жағынан бұл санның тамаша тарихы бар. Біз жоғарыда Алтын қима (әулие қатынасы) санын көрдік, оны Нұх кемесімен байланысты айттық (2-сурет). $\frac{\sqrt{5}-1}{2} = 0,618 =$
 $= \sin 38^{\circ}10'$

Осы қатынасты ерте заманда мынандай қатардан шығарады екен:

$$1 + 1 + 2 + 3 + 5 + 8 + 13 + 21 + 34 + 55 + 89 + 144 =$$

$$= 376 = 47 \times 8.$$

Бұл қатарда тұрған әрбір сан алдындағы екі санның жиыны болып табылады: $1 + 1 = 2$; $1 + 2 = 3$; $2 + 3 = 5$; $3 + 5 = 8...$

Осы қатардағы сандардың кейінгілерінің ара қатынасы айтылған әулие қатынасқа жақындай береді:

$$\frac{55}{89} \approx \frac{89}{114} \approx 0,618.$$

Бір жұп үй қояны бір жыл (12 ай) ішінде көжекті осынша (376 бас) көбейді екен деп жобалап, сол бойынша осы есепті қоян есебі атаған. Қоян Ай жануары. Сол себепті мұны Ай есебі деп те түсінеміз. 47 — күміс Айдың металы, сондықтан анау сан сегіз Ай саны болмақ.

Бұл есеп ерте замандардан бастап Шығыс елінде болған (Түранда, Қытайда). Бұл есеп қазақтың “Ат байладым Абаққа” атты аңызымен байланысты, мүшел есебімен байланысты.

Айтылған қатынас сан табиғат дүниесінде зор орын алатыны мәлім болып отыр. Осымен байланысты оны кейінгі кезде батыс елі Фибоначчи саны деп атайтын болды. Оған біз қарсымыз. Себебі Леонардо Пизанский (Фибоначчи 1180—1240) араб мектептерінде (Алжирде, Египетте) оқып, ислам ғалымдарының математикалық еңбектері туралы “Абақ” атты кітап жазған (1202), айтылған есеп сол кітапта болған. Бірақ оның ислам елінен алғанын Фибоначчи жасырмаған. Абақ деген сөзді Европалықтар Пифагордан деп біледі. Расында екеуіде (Абақ та, сан да) біздерден ауысқан түсініктер. Осының мықты бір дәлелі мынау:

$$678 \pm 266 = \begin{cases} 944 = 236 \times 4 = 4\varphi^3 \\ 412 = \frac{2}{3} \cdot 618 = 2/3\varphi \end{cases}$$

Демек Ыдырыс тасы мен Абай төрткүлінің сандары арқылы тікелей әулиеге қатысты санға келдік. Оны біз

Фараби саны дейміз. Оны былай жазамыз:
 $\varphi = \frac{3}{2} (678 - 266) = 618.$

Мұнда $\frac{3}{2}$ Арай ... нотасы.

Екінші тас Ахмет Иассауидің бет тасы иашым (Яшма — нефрит). Оның химиялық құрамын мына түрде аламыз:



Оның электрон есебі мынау:

$$20 \times 2 + \left(\frac{12 + 26}{2} \right) 5 + 14 \times 8 + 8 \times 22 = \\ = 40 + 95 + 112 + 176 = 423$$

Осы санға айтылған күміс (Ай) санын қосамыз:

$$423 \pm 47 = \begin{cases} 470 = 47 \times 10 \\ 376 = 47 \times 8 \end{cases}$$

Айтылған сегіз Ай (қоян) есебіне қайта оралдық. Әулие бабамыздың басына қойылған тас Мұхаммед Расул Алланың сәлемдемесі деп білеміз, өйткені 47-сүре Мұхаммед сүресі, Ай да, күміс те сол кісінің есіміне, ислам белгісіне байланысты екені мәлім. Оны айқын түрде былай жазамыз:

$$\begin{array}{r} 376 + 47 = 423 \\ 376 = 284 + 92 \\ \hline 92 + 47 + 284 = 428. \end{array}$$

Мұхаммед+Күміс+Фараб=Иашым (Иассауи).

Енді Иассауи тасын қағбаның кара тасымен жалғастырамыз. Оның аты ал-Хажар асуд. Оның сандық мәні:

$$31 + 211 + 71 = 242 + 71 = 313 = 2 \cdot 11^2 + 71.$$

Осыны Иассауи тасына қосамыз:

$$423 \pm 313 \begin{cases} 736 = 92 \times 8. \\ 110 = Fe_3O_4. \end{cases}$$

Ескерту: Бұл есепте айтылған тастың құрамындағы өзгермелі зат — сутек тотығы $(OH)_2$ есепке алынған жоқ. Оны қосқан кезде мынадай есеп шығады:

$$423 + 18 = 441 = 21^2. \quad (441 - 313)^5 = 640 \text{ (темір саны).} \\ 441 + 313 + 266 = 1020 = 340 \times 3$$

Камар (Ай) саны, немесе Өгізхан саны 1020. Ойлап қарасаңыз Темірқазық, жыл басы тоғыз айының сандық мағынасы шығады. Сегіз аяқ Расул Алланың есімі мен магнит тас қатар шықты.

Осы санды Абай санына қосамыз:

$$736 \pm 678 \begin{cases} 1414 = 14 \times 101 \\ 58 = 29 \times 2. \end{cases}$$

Он төртіннен толған Ай (101). Айлы түн (ал-Лаил) 92-сүре, ол да Мұхаммед сүресі. 14-Ибраһим сүресі. Ол Расул Алланың бабасы. Ол Абайдың шын аты.

Сонымен Мысырдан — Ыдырыстан бастап Мекке (Қағба) арқылы Шумерге (Вавилонға) жеттік. Бұл шын Зұлқарнайын ізі. Біздің бата алғанымыз аталған пайғамбарлар және аруақты бабалар. Ол Ескендір емес, ол Птолемей емес, ол Селевкий емес.

Демек, Олимп тауының басына жиналған пұттар — суреттер шоқынатын мүсіндер емес. Тәңірінің жарылқаған хақ жолына жеттік. Сол жолдың жыл басы — хижра.

Сол хижраның Тұранға байланысын қараңыз:

$$678 \pm 622 \begin{cases} 1300 = 26 \times 50 = 52 \times 25. \\ 56 = 8 \times 7 = 14 \times 4. \end{cases}$$

Осы өрнектен тағы бір сыпыра мәселе таралатын түрі бар.

Оның бірі мынау $(80 + 50) \times 10 = 1300$.

Мұнда 80 — сынап, 2 — аспан Ғұтарад (Айқыз) металы, Фараб (Отырар) металы, яғни Тұран қақпасының босағасындағы метал, 50-қалайы, 6-аспан Шоңай металы. Ол Тұран қақпасының төріндегі бұрыштар металы (2-суретті қараңыз). Осы екеуінің, яғни Тұран қақпасының төрт бұрышындағы металдар жиыны болады: $2(80 + 50) = 130 \times 2 = 260$, оны бес еселейміз болады: $260 \times 5 = 1300$

Темір таяқ тебендей, темір етік теңгедей деген қазақта аңыз бар екенін білеміз. Соған Темірқазықты қосамыз болады (темір 640, қазық 208, тебен 452) болады: $640 + 208 + 452 = 1300$.

Осы сан болады тең хижра жыл саны мен Абай санының жинағына.

Ол санның өзі хамды санының айналық сыңарының көбейтіндісіне тең: $52 \times 25 = 1300$.

$$\begin{vmatrix} 52 \\ 25 \end{vmatrix} = 25 - 4 = 21.$$

Мұнан шығатын үшкілдің сызықтары: 5, $\sqrt{21}$, 2
бұрыштары: $90^\circ + 66^\circ 25' + 23^\circ 31' = 180^\circ$

Бұл бұрыштардың қалай қабысатынын оқушы өзі ойла-
нып қарасын.

Бір мысал: $29^\circ 35' \times 2 - 38^\circ 10' = 9^\circ = 9 \times 60 = 540'$.

Һижра сапары Расул Алланың ғажап үшкілінің бар жағы. (Оны басқа жерде талдағанбыз). Бұл арада еске бір сала кететін нәрсе сол сапарда ол кісі (Абу Бакр екеуі) аспанның 12 мүшел жұлдызының ол — Саратан (Шаян — Қоян) атты даңғылы басып өтеді. Ол Қоян 4-мүшел, оның аспаны 1-аспан Ай, демек Қоян Айдың жануары жұлдыз, Қоян Айдың үйі (2-суретті қараңыз). Ай Мұхаммед Расул Алланың аспаны. Осы арада сол даңғылды басып өтудің өзінде тамаша мұғжиза жатыр (Оны талдау қолдан келмейді).

Бұл мәселені бір тамаша өрнекпен аяқтайық. Құранда бір аят бар: “Оған он тоғыз қарайды” — деген (74-сүре, 30-аят). Бұл жөнінде айтылды. Осыған арналған Пакистан ғалымы Ахмад Дидаттың “Құран ең биік мұғжиза” деген кітабы шыққан (1979). Оның ішінде көптеген ғылыми дәлелдер бар. Электронды машинамен есептелген тамаша өрнектер бар. Сондағы бір қорытынды құран сүресінің саны, барлық саны: $114 = 19 \times 6$. Мұнын өзі 6 күнде ғалам жаралды деген сөздің ишараты сынды.

Осы санды Абайдың үшкілімен, төрткүлімен салыстырамыз. “Төртеу түгел болса төбедегі келеді” деген сөзді соған арқау етеміз.

Ойлап қараңыз: Шеңбер саны, Ай саны, қос Ай саны, қағба саны. Күміс саны, Ай металы, Расул Алла сүресі, Ислам белгісі, 94-зам-зим, 6 күн.

Исламның ғылыми мәселесіне Абайдың ой өрісі қалай келіп қабысқанына ой жіберіңізші. Мәселенің жалғасы музыкада:

“Құлақтан кіріп бойды алар.
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй”.

Қайда қозғалыс болса, сонда жарық бар, қайда жарық болса сонда сәуле бар, қайда сәуле болса сонда дыбыс бар. Осы жалпы қағида барлық ғаламнан бастап атом бөлшектеріне дейін қолданылады деуге болады.

Екінші жағынан ол қозғалыс өте тамаша шеберлікпен, көрікті үйлестікпен, қатаң тәртіпті заңға бағаланған. Сансыз көп жұлдыздыр мүшелдік топтар, жеті хат көктер,

олардағы заттар бәрі біріне бірі қақтығыспай, өз жолымен жүреді. Соған сәйкес олардан шыққан дыбыстар да бірімен-бірі әуендесіп, көрікті үндестік хош әуезбен адамға әсер етеді. Адам да өз тарапынан сол ғалами әуезге еліктеп, ілесіп, үндесіп ән мен күй шығарады. Музыка дегеніміз сол. Демек музыканың табиғи — ғылыми тегі бар ғылым. Екінші жағынан ол адамға әсер ететін өнер. Адамның дыбысты қабылдау қабілеті бірдей емес. Кейбір нәзік сезімтал жандар ғаламдағы нәзік дыбыстарды естиді. Өзіде соған еріп ән-күй шығарады. Сондай әдемі ән-күй тыңдағанда ол бойынды алып, көңілге тамаша ойлар салады. Ол кезде адам “дүниені де, өзін де ұмытатын” кездері болады. Ән-күйдің әсерінен көз алдында бүтін болмыс өзгеріп түрленіп ерекше үнге айнала бастайды. Абайдың:

“Әнді сүйсең, менше сүй” дегені осыдан. Дәл сол кезде адамның терең ойлары оянып, дүниені басқаша сезіп, ғажап сырлар ашады. Ән-күй шығарады, көркем бейнелер жасайды, ғылыми жаңалықтар ашады. Темірдің екі басы ыстық дегендей, мұндай жағдайда өз өлшеуін білу керек. Тек ән-күйдің әуеніне еріп, басқа дүниені ұмытып кетер болса, онда тек диуаналыққа соқтырар еді...

Әл-Фараби мен Абайлар ән-күйдің тамаша күдіретін сезген, өмірдің ерекше өрнегін аңғарып, мирас қалдырған. Сонымен қатар ол кісілердің аруақты даналығы сол ән-күй әуеніне даналықтың шын жолын іздеген, ақыл мен қайратты жүрекке тірек етіп ғылым жасаған, хақімдік гадалет жолын көрсеткен. Осыған бір мысал келтіреміз.

Әл-Фарабиге музыкалық мирас болған гректің атақты ғалымы Пифагорды алайық. Оның заманында мынадай аңыз болған. Эфиоп патшасы Мемнон Троян соғысында Ахилден қаза тапқан. Ол Азия мен Мысыр жерінде көп ғимараттар салдырған. Мысырдың патшасы Аменхотеп (III) мүсіні Мемнон атымен аталады. Сол мүсіннен таң алдында сыңсыған адам үні шығады екен. Сол Мемнонның шешесі Эосты қарсы алғаны деседі. Таңғы шық сол Эостың көз жасы деседі. Эос төрт бағыттағы желдің анасы екен деседі. Ол Айдың қарындасы, латынша аты Аврора. Біз оны “Қозы Көрпештегі” Баянның (Айдың) сіңлісі Таңсық, Шолпан деп білеміз (таң-шық, Таңсық немесе Айқыз).

Көріп отырсыздар. Бұл мәселе де Ескендірге соғады. Геракл (Алкид) Мемнонға болысады. Мемнонның таңғы

әуені ертеде музыканттарға құлақ күйі ретінде алынған. Оның тербеліс жиілігі 440 герц болса керек.

Жеті нота жеті хат көкке арналған. Айтылған Мемнон нота б болып саналады, яғни ол Шоңай нотасы (Шоңай — Зевс — Юпитер Мардук Олимптың патшасы).

Енді осы нотаны Ескендір Зұлқарнайынша емес, Зұлқарнайын Ғабдоллаша қарайық.

Ислам ғалымдары жеті нотаны жеті пайғамбарға байланыстырады. Сонда айтылған б-нота Ибраһим пайғамбардың қағбаны салып бітіріп құрбан шалу мәселесіне келген, ол кісі түс көреді. Түсінде періште хабар етеді: Алла әмірі бойынша құрбандыққа ұлы Исмағұлды шалғын деп, Исмағұлдың өзі де, анасы Ажарда Алла әміріне разылық білдіреді. Сонда тасты кескен пышағы Исмағұлдың тамағына өтпей қояды. Қайран қалған Ибраһим жоғары қараса көктен көк қошқар түсіп келеді екен. Алла Ибраһимді сынаған екен. Енді разы болып, құрбандыққа шалғын деп көк қошқар жіберген (міне сізге аспандағы Зұлқарнайын — Қошқар). Осымен байланысты мүшелдегі екі қошқарды қаралық. Оның бірі арабша — Хамал (қазақша мүшел басы Тышқанға дәл келеді), екіншісі қазақша Қой жылы 8-мүшел (1-суретті қараңыз). 2-суретте осы сандардың астында екеуінде де 5 саны тұр. Ол 5 — аспан — Арай (Марс). Оның тегі темір. Шеңбер ортасында Темірқазық. Сонымен темір үшкіл шығады. Оның бұрыштары $15^\circ + 150^\circ + 15^\circ = 180^\circ$

15-тас сүресі. Сонымен осы темір үшкіл Ибраһимның пышағы — қойлар — қошқарлар — құрбандығын, оның құрбандық шалғандағы тасы (15). Бәрі бір жерде — қағбада — ғалами текше де, 15 (тас) санын көбейтеміз мүшел — тәулік санына: $15 \times 24 = 360$, шеңбер саны. Күн сағатының есебі осыған байланысты. Осымен байланысты көптеген мәселелер жатыр. Оларды қоя тұрып музыкаға келейік. Ибраһим пайғамбар Алланың зор рахматына разылық етіп зікір ойнағанда айтылған б-нота шыққан екен.

Енді осы ноталардың аралық қадам есебін, басқаша айтқанда перне есебін, қалай шығарған. Соған келеміз. Бұл арада айтарымыз әл-Фараби өзінен бұрынғы музыкалық мұраны тегіс қамтып, оны әрі қарай дамытып, зор жаңалық қосқан адам. Оның бәрі оның музыкалық ми-растарында бар. Бұл арада біз тек Абайдың үшкіліне қатысы бар жерін еске аламыз, 2-суретте Тұран қақпа шаршы 9 ұяға бөлінген. Оның ортасында 5, бұрышта-

рында жұп сандар, араларында тақ сандар. Тегінде барлық дәйекті сан 9. Қазақтың “торқалы тоғызы”.

Музыкалық кадам (интервал) есебін шығаруда пифагорлықтар айтылған 9 санның айналадағы сегізін алған да, ортадағы 5 санын қоспаған. Оны ерекше аспандық сан деп білген. Әл-Фараби 9 санын тегіс алып қолданған. Соған сәйкес ол домбыра (ал-луд лютня) шегін тақ етіп жасаған. яғни бұрын 4 шек болса, оған қосқан 5, болады: $4 + 5 = 9$, немесе: $4 \times 2 + 1 = 9$

Осымен байланысты атақты ақын Мағжанның бір ауыз өлеңі еске түседі.

“Тұранның кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз шекті домбырасын.
Күңіретіп тоқсан тоғыз күй тартқанда,
Төбіреніп кім төкпеген көзден жасын”.

Осымен байланысты Абайдың сегіз аяғында былай келеді:

Өткірдің жүзі, кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас,
Білгеннен маржан, білмеске арзан.
Надандар баһри ала алмас,
Толғауы тоқсан: қызыл тіл,
Сөйлейін десең өзін біл.

Осы арада тоғыз, тоқсан әл-Фараби — Абай — Мағжан үшеуінде бірдей бар.

Сегіз аяқтың бір үлгісі мынау:
“Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек.
Бұған ұйқас өлең, сөз керек...
Өлең тап ойлап
Буыны сегіз, алтауы егіз,
Ұшан теңіз екеуі...
Кім дәл басты, кілтін ашты
Жақсы ұйқасты нешеуі...”

Осындағы сегіз, алтау, сегіз ұшан теңіз екеуін деген сөздер, музыкалық кадамның (интервалдық) негізі болып табылады. Оны түсіну үшін айтылған есепті қарайық:

$$1 + \frac{a}{8} = \text{нота.}$$

мұнда: $a = 0, 1, 2, 4, 7, 8$.

- | | | | |
|----|--|----|----------|
| 1) | $1 + \frac{0}{8} = 1$ | до | (5) |
| 2) | $1 + \frac{1}{8} = \frac{9}{8}$ | ре | (6) егіз |
| 3) | $1 + \frac{2}{8} = \frac{9}{8}$ | ми | (7) |
| 4) | $3\frac{1}{2} \cdot \frac{8}{9} = \frac{4}{3}$ | фа | (9) |

5)	$1 + \frac{4}{3} = \frac{2}{3}$	соль	(1 + 10)
6)	$\frac{5}{4} \cdot \frac{4}{3} = \frac{5}{3}$	ля	(2) теңіз
7)	$1 + \frac{7}{8} = \frac{15}{8}$	си	(3)
8)	$1 + \frac{8}{8} = 2$	до	(8) сегіз.

Осындағы 5 кірген сандарды Пифагор басқаша, өте күрделі бөлшектер түрінде берген. Оны қолдануға болмаған. Соны тастап, әл-Фараби 5 кірген ноталарды басқы нота ретінде қолданып, музыкалық ғылымды, өнерді жаңа жолға қойды.

Аспан жағынан алғанда үшінші нота үшінші аспандікі, яғни Шолпандікі. Апта жағынан алғанда ол жұма күніне, исламның құрметті күніне дәл келеді. Әл-Фарабиден кейінгі исламның көп адамдарына бестік (Хамса) бір үлгі болған секілді. “Хамса” жазу туралы айтылды.

Осы айтылған нота сандарын енді Абай үшкілдерімен салыстырып қарайық.

Алдымен үшінші нотаны Күн мен Айдың үйлерінің мүшелдегі ретінен шығаруға болады: 4 — Күн, үйі Үлу — 5 мүшел, 1 — Ай, үйі Қоян — 4 — мүшел, қатысы болады.

$$\frac{5}{5} + \frac{1}{4} = \frac{5}{4}.$$

Бұл санды басқа жолмен де шығаруға болады.

Ибраһим нотасы ($\frac{5}{3}$) Абай санымен әл-Фараби санына және Фараб санына байланысты бас батадан шығады. 678 — Абай саны, 348 Мұхарақ (әл-Фараби шұғла саны), 284 — 71×6 (Фараб саны), 786 — бас бата (786).

$$678 + 348 + 284 = \frac{5}{3} \cdot 786.$$

Ойлап қараңыз! Фараб саны Ғұтарад саны; ол алты рет А + Л + М сынынан шығады, алтыншы аспан Шоңай-Ибраһим нотасына келеді.

Демек біз бұл арада тағы да гректің Олимп аңызынан Зевстен Мемноннан шығардық. Алдыңғы Шолпан нотасын да осыдан шығаруға болады, яғни: $\frac{5}{3} \cdot \frac{3}{4} = \frac{5}{4}$.

Мұндағы екінші бас нота $\frac{9}{8}$ Абайдың ғылым мен жүрек қатысынан шығады: $\left(\frac{140}{132}\right)^2 = \left(\frac{3}{2\sqrt{2}}\right)^2 = \frac{9}{8}$.

(2-суретті қараңыз) (Әл-Фараби белгісі (6), “Алтауы егіз” сол)

Екінші және алтыншы ноталардан шығады жетінші нота (си)

$$\frac{9}{8} \cdot \frac{5}{3} = \frac{15}{8}.$$

Осы арадан буыны сегіз, алтауы егіз деген түсінік айқын көрініп тұр.

Екінші нота $\frac{9}{8}$ Мұса пайғамбардың Мысыр патшасы Перғауыннан құтылғандағы зікірінен қалған деседі. Мұны Ыдырыс нотасы деуге де болады (Мысыр нотасы).

Сонымен Мысыр мен Вавилон мирастарына шолу жасадық. Ескендірден, басқа мирастан алдық (ескерту: Ибраһим пайғамбардың шыққан жері Вавилония).

Сонымен бір кезде Европа елдерінің зәресін алған “Хамаса” қайта оралып, өзінің орнын алды.

Бес бұрышты жұлдыз салу ертеде жасырын ұсталған. Оны тек тұмар ретінде абыздар таратқан. Ол Пифагорлық қоғамның белгісі болған. Оны есіктеріне жазған. Сонан айқын бір мысалды Алманияның атакты ақыны ойшыл ғалымы Гетеден көреміз. Оның “Фауст” атты драмасында мынадай сөз бар:

Фаустың серігі болған сайтан Мефистофель пештің мұржасынан шығарда оған Фауст: “Есік тұрғанда мұның қалай?— дейді. Ол айтады: “Есіктегіден қорқамын,— деп. Сонда Фауст айтады: “Сен пентаграммадан қорқасың ғой”,— деп.


Әл-Фарабидің музыкалық жаңа еңбегі онан кейінгі көп ұрпақтарға үлгі болып дамыды. Соған бір белгілі мысал ретінде Абдрахман Жамиден сөз келтіреміз. Ол кісі аталған Науаимен дос болған адам. Ол кісінің музыка саласында бір еңбегі бар (“Музыка Хакиды трактат”, Ташкент, 1969, Ғылым академиясы, “Фан”).

Ол кісі былай жазады: “Шекті аспаптардың ішіндегі ең құрметтісі Ғүд (ал-ауыт) болып табылады. Оның ерте заманнан келе жатқан шек саны төрт болатын: бам, мас-лас, масна және зир... Әбу Наср әл-Фараби оған зирдан жоғары бір шек қосты.

Оның атын хадд деп атады. Соған қарай ол айтылған шектердің қай саусаққа арналғанын жазады және суретін береді.

3-суретте әл-Фарабидің мақамы берілді. Онда ноталардың белгісі, сандық мәні жеті хат көкке сәйкес берілді. Сонымен қатар ол көктердің апталық күн аттары қоса берілді. Сол бойынша Аспан-нота-апта аттары біріне-бірі сәйкес келетіні көрсетілді. Енді әл-Фараби үшкіліне көшеміз.

ӘЛ-ФАРАБИ МАҚАМЫ



3-сурет. Әл-Фараби мақамы.

Әл-Фараби үшкілі және оның Абай үшкілімен байланысы

Бұл үшкілді осыдан 15 жыл шамасы бұрын жасаған едік. Оны әулие үшкілі атағанбыз. Сонан бері қарай оған бір сыпыра жаңалықтар қосылды. Бұл үшкіл Абай үшкілімен байланысты екені енді ғана айқындалып отыр. Осымен байланысты оны енді әл-Фараби үшкілі атадық, өйткені даналар ішіндегі бізге ең жақыны осы кісі ғой.

Үшкілдің айнала сызықтары:

$$1000 + 786 + 450 = 2236 = \sqrt{5} \cdot 1000$$

$$786 \pm 4550 \begin{cases} 1236 = 628 \times 2 = \varphi. \\ 336 = 48 \times 7 \end{cases}$$

$$1236 + 1000 = \begin{cases} 2236 = \sqrt{5} \cdot 1000 \\ 236 \quad (\sqrt{5} - 2) 1000 = \varphi^3. \end{cases}$$

$$618 \pm 382 = \begin{cases} 1000 \\ 236 \end{cases}$$

$$618 \pm 168 = \begin{cases} 786 \\ 450 \end{cases}$$

Осында көрсетілген сандардың негізі 786, яғни “Бисми Алла ал-рахман ал-рахим” осы төрт сөздің сандық түрленуінен шығады. Оның әріп саны 19. Оны біз 12 мүшел, 7 хат көк деп білеміз.

$$12 + 7 = 19$$

Оған 7 хат жерді қосатын болсақ: $19 \pm 7 = \begin{cases} 26 \\ 12 \end{cases}$

Темір — текше (қағба) жер саны шығады. Адам қолының саусақтар сүйегі 19, яғни төрт саусақта төрттен, бас бармақта үшеу болады: $4 \times 4 + 3 = 16 + 3 = 19$

Бата бергенде екі қол жаяды, яғни: $19 \times 2 = 38$

Құранда 38-сүресі с(сад) сандық мәні 90, аят саны: $88 = 26 + 62$

Бұл сан темірдің айналық егізі. Ол сан 2-суреттегі Тұран қақпасында көрініп тұр: 2 ... 6 оң жақ 6 ... 2 сол жақ. 38 — Мұхаммед сүресінің (47-сүресін) аят саны. Сад түсінігі болса ол торқалы тоқсан. Айтылған шаршының төрт бұрышына көбейтеміз. Шеңбер саны шығады: $90 \times 4 = 360$

Бұл күллі есептің басы. Оны қазақша темір санына

$$(640) \text{ қоссақ болады: } 640 \pm 360 = \begin{cases} 1000 = 618 + 382 \\ 280 = 70 \times 4 \end{cases}$$

Шындық осында, ақ батаның басы осында, құрбандық осында.

Тапсілердің талдауында $C = 9$ шындық дегені сол.

Сол сүренің басында: “Үгіт толы Құранға серт” деген (1). Аяғында: “Бұл құран бүкіл әлем үшін бір насихат (87). Әлбетте оның хабарын бір заманнан кейін түсінесіңдер” (88).

Сол түсінбеушілік заман өтіп, түсінетін заман туды деп білеміз.

Бас батаның төрт сөзін сандық түрде берсек болады:

$$102 + 66 + 329 + 289 = 168 + 618 = 786.$$

$$\text{Бұлардан шығады: } 618 \pm 168 = \begin{cases} 786 \\ 450 \end{cases}$$

Үшкілдің үш жағы алтын қима (әулие) санының негізі екені белгілі. Оның Нұх кемесінің өлшеуінен шығатыны көрсетілді (2-сурет), яғни $1 + 2^2(\sqrt{5})^2$

Онымен Абай саны байланысты екенін көрдік: $678 + 108 = 786$.

Соныменен, әл-Фараби мен Абай үшкілдері тығыз жалғасады:

$$678 + 1000 + 450 + 108 = 2236.$$

Бұл екеуінің арасын жалғастырып тұрған сандарда сыр бар. Әл-Фараби үшкілінің екі кішкене жағы айтылған 19 санына еселес дәл келеді: $1000 + 450 = 1450 = 19 \times 50$.

Бұл екі сан “Алхимия” атты кітапта талданған. Ол айтылған Сад сүресіне соғады:

$$38 \pm 12 = \begin{cases} 50 \\ 26 \end{cases} \quad 26 + 62 = 38 + 50 = 88.$$

Екінші сан 108 бес бұрыштың, жұлдыздық “Хамсаның” бұрышы. Бұл жыл есептеу дәуірлік санның басы: $108 \times 4 = 432$. (Метон дәуірі аталады). Бірақ мұны да біз “Хамса” дәуірі, пешене дәуірі немесе Қамар (Ай) дәуірі десек дұрыс болар еді дейміз. Өйткені құранда 54 Ай-Қамар (Ah) сүресі. Екі қолды жайғанда қос Ай саны болады. 108 демек пешене (Маңдай - менді + Ай) осы деп білеміз, өйткені бес күлдің бұрышы 108. Марс-Марих-Арай бесінші аспан (пешене). Ол Аймен ұялас, күннен кейінгі бірінші аспан, Күн төртінші аспан. Осы арада айта кетерлік бір ғажап нәрсе тағы бар.

Құранда 91-Ал-Шамси (Күн) сүресі. Осында бір сыр бар, бұл өзі айтылған 19 санына айна сыңар:


$$91 \pm 19 \begin{cases} 110 = 52 \times 2 \\ 72 = 36 \times 2 \end{cases} \quad \left| \frac{91}{19} \right| = 81 - 1 = 80$$

Осы сынды айналық сыңар Ай санына қосамыз болады, 45, яғни

$$\left| \frac{54}{45} \right| = 25 - 16 = 9$$

Бұл Мысыр үшкілі екені көрініп тұр (1-суретті қараңыз). Ол Абай үшкілімен жапсарлас.

ӘЛ-ФАРАБИ ҮШКІЛІ



4-сурет. Әл-Фараби үшкілі.

Ай мен Күннің құрандағы сүре сапаттарын қосамыз:

$$91 \pm 54 = \begin{cases} 145 \\ 37 \end{cases}$$

Екеуі де өлшеуіш сан: 29×5 ; $37 \times 3 = 111$. Мүшелдің қайталау заңы тахул сөзінің сандық мәні $444 = 37 \times 12$.

29 — мыс үшінші аспан металы, Шолпан металы. Оның айналық мәні 92, Мұхаммед:

$$92 \left| \begin{array}{c} 92 \\ 29 \end{array} \right| = 81 - 4 = 74 = 7 \times 11.$$

(Жеті хат көк, Ай (11)).

Осы екеуін көбейтеміз, болады: $91 \times 54 = 4914$.

Бұл санның ғаламдық зор мәніне кейін ораламыз. Қазір айтылған үшкілдің басқа жақтарына ауысамыз.

4-суретте әл-Фараби үшкілінің екеуін айқастырып сыздық. Оның ұзын кергіші 1000, қысқа кергіші 800. Осы екі санның қатыстары болады:

$$1000 \pm 800 = \begin{cases} 1800 = 360 \times 5 \\ 200 \end{cases}$$

$$\frac{5}{4} = \frac{1000}{800}.$$

Осы сандарда көп мән жатыр. Алдымен шеңбер саны, оның өзі пешене түрінде. Екінші 200 санын былай жазамыз: $5 \times 40 = 50 \times 4 = 2 \times 100$. Осы сандарда пайғамбар саны (40), қалайы саны (50), ол алтыншы аспан металы. Жүз саны (Қ — 100): бұл құранда сүре атындағы әріп (мұқаттағат), ол сүре 50, яғни алтыншы аспандық. Осы мағынада алып қарасақ оны былай қоямыз: $100 \times 6 = 600$. Бұл Жебраил періштенің қанат саны деген хадис бар. 200 санын тұтас алғанда екі түрлі мәні бар: ұйыған қан ғалақ саны 200, екіншіден Абай үшкілінен көрдік. 200 ақыл (ғақыл) саны. Ойлап қараңыз: осы екі сөзді құраушы әріптер бірдей, тек орындары ауысқан. Мұны қалай ұғуға болады? Ойласу керек. Құранда 96-сүре аты ал-ғалақ. Оның жалпы аят саны 19, дәуірлік болып табылады. Оның басқы бес аяты ең алғашқы келген аяттар: “Оқы” — деген. Білімге шақырған.

Адам баласына ақылды Тәңірім ұйысқан қанға айналған кезінен бастап, сонымен байланысты жаратқан деуге болар ма? — деп ойлаймыз. Ұйыған қанның өзегі тыныс металы темір тас деп білетін болса қалай болмақ? Құранда А + Л + Р (АЛ + Р) бес жерде келеді: ол айтылған ал-ғалақ пен сандас:

Мұхаммед Расул Алланың бірінші халифасы Абу Бакр есімінің сандық мәні болады 231. Мұхаммед Расул Алла өзінің ғажайып сапарында Абу Бакр мен бір топырақтан жаралған періште дауысын естіген, ол ғарышта болған, осыны ойласу керек.

Кейінгі қатынас $5/4$ әл-Фарабидің бас нотасының өлшеуіші, Шолпан нотасы. Осында тұрған екі санды санаттық рет бойынша қойсақ болады Ай саны (54), Адам саны (45). Оның Мысыр үшкілінен шығатынын көрдік.

Әл-Фараби үшкілінің ішіне сызған шеңбер саны 153. Оны мүшел санын көбейтеміз, шығады протон саны: $153 \times 12 = 1836$

Демек дүниені құраушы атомдардың өзегі оның сыртындағы электроннан 1836 есе ауыр, мұны қалай түсінеміз?

Әл-Фараби үшкілінде тағы бір сызық бар: 487. Бұл санның тамаша қатыстары “Тұран қақпасында”, онан кейінгі кітаптарда айтылған. Осы санның тамаша сырын түсінуге тырысамыз. Бұл сызық үшкілдің доғал бұрышынан бастап оның ұзын қабырғасын екіге бөледі. Оның бір жағы 360, екінші жағы 640.

$$640 \pm 360 \begin{cases} 1000 \\ 180 \end{cases}$$

Бұл екеуінің қатысы Күн нотасының шаршысы:

$$\frac{640}{360} = \left(\frac{4}{3}\right)^2.$$

Айтылған сызықты шеңбер сызығына қосамыз:

$$487 \pm 360 = \begin{cases} 847 = 7 \times 121. \\ 127 \end{cases}$$

$A + L + P$ бес сүреде келеді дедік. Олар мыналар: $10 + 11 + 12 + 14 + 15 = 62$; яғни темірдің сынары. Бесеуін көбейтеміз: $7 \times 11 \times 15 = 240$ Белгілі 7(жеті) көк саны, 11 — Ай саны, 15 тас.

Жеті деген сөздің арабшасы жүрек деген сөзбен сандас: $Сабғ 60 + 2 + 70 = 132 = 62 + 70 = 12 \times 11$. Жүрек — қалаб: $100 + 30 + 2 = 132$. Мұның өзі Ай санын мүшел санына еселеуден шығады.

Абайдың жүректі жоғары ұстауы осыдан мағлұм болса керек. Жүректің атоммен қатынасын, сол арқылы темір мен қатынасын шығару қиын емес: $\frac{1836}{132} = \frac{153}{11}$

$$\text{Екінші жағынан: } 153 \pm 11 = \begin{cases} 164 = 41 \times 4 \\ 142 = 71 \times 2. \end{cases}$$

Мұнда 41 нокат, төрткүл екінші сан ($A + L + M$) Бақара сүресінде тұр. Ол құранның өркеші (шоқтығы) деген хадис бар (Құранның аудармасын қараңыз, Халифа Алтай, 2-бет). Яғни $A + L + M + 71$, оны екінші сүре, санына көбейтеміз: $71 \times 2 = 142$ бұл алтыншы мүшел жұлдыз Сүмбіле саны. Осы араның өзінде екі мен алты сандарын айқындатқан: $2 \times 6 = 8$

Міне сізге “буыны сегіз, алтауы егіз”.

Сегіз аяқ — самами октава.

Бұл екі сан Тұран қақпасында екенін білеміз. Сол қақпаның оң босағасында, Абай айтқан Егіз-Жауза жұлдызы. Оның сандық мәні 17, Аспаны — 2 — Аспан — Ғұтарад — Айқыз — әл-Һармис (Ыдырыс пайғамбар жұлдызы). Оның сандық мәні 284. Бұл сан төрт есе екі есе Сүмбіле (Егіздің сынары) саны, сонымен қатар ол Фараб саны. Демек, Абайдың сегіз аяғынан бастап, жеті хат көктен өтіп әл-Фараби ауылына оралдық.

Екі үшкілдің ішіне сызылған шеңбер өрістерін қосамыз.

$$153 \pm 47 = \begin{cases} 200 = 100 \times 2 \\ 106 = 53 \times 2 \end{cases}$$

Алғашқы сан айтылған ғалак — ақыл саны; екіншісі қос жұлдыз (53-сүре Ал-Жүжм-жұлдыз):

Айтылған сандардың бір тамаша ғажабы темірге байланысты.

Біз жоғарыда әл-Фараби үшкілінен мынадай сан алдық:

$$487 + 360 = 847 = 7 \times 11^2.$$

Осы сан темір атомның салмағының бөлшек жағы, оның бүтін жағы $55 = 5 \times 11$, яғни ол мынау: $A^{Fe} = 55,847$

Осы санға айтылған шеңбер өріс санын (өлшемдестіріп) қосамыз:

$$55,847 + 0,153 = 56 = 8 \times 7.$$

Айтылған сегіз аяқ 7 хатқа еселенді. Екінші жағынан 56 арабша бір күн уақыт мағынасында, яғни иум (56)

Темір атомының бүтін бөлшегі екі еселесе болады: $55 \times 2 = 110$.

Бұл сан темір, магнит тас саны ($Fe_3O_4 = 110$).

Осы бөлшектердің қатысын көреміз: $\frac{847}{550} = 1,54 = \text{tg } 57^\circ$

Осы қатынасты терең сыр жатыр. (Ал Хадид — темір сүре саны). Бәрінен ерте болған деген сөз арабша қадим осының сандық мәні болады 154. Темір ауыр металдардың алғашқы жұлдыздық заттан — плазмадан бөлінген түрі, ең тұрақтысы. Қадим-Қадам, адам. Бұл тіркесте мағына мол. Осы санға темірдің басқа бір жолмен табылған санын қосамыз. Ол әл-Фараби саны аталған.

$$F = \frac{26}{55,847} = 6,758$$

Осы санның логарифмы болады $L_n F = L_n 6,758 = 1,9106$.

Бұны бұрыш өлшеуіші деп білсек ол болады: $109^\circ 28'$ яғни текшенің темірдің орталық бұрышы (2-суреттен қараңыз). Ол Абай үшкілімен байланысты.

Екінші жағынан бұл сан әулие қатысына байланысады, яғни $0,382 \times 5 = 1,91$.

Осы санды былай шығарамыз: $10(678 - 487) = 1910 = 382 \times 5$.

Демек Абай үшкіл санымен (678), әл-Фараби үшкіл саны (487) екеуі әл-Фараби санымен жалғасады. Бұл әрі қарай ойласуды керек етеді.

Осы арада тағы бір тамаша санды еске аламыз. Айтылған Хадиста Бақара сүресі құранның өркеші дегенді келтірген едік. Сол өркеш жалқы түрінде синам болып жазылады. Оның сандық мәні болады 151. Бұл сан Бақара

санының жартысы: $151 \times 2 = 302$. Оны біз былай бір көрдік: $132 + 640 + 208 = 678 + 302 = 980$, яғни Темірқазық санымен Абай саны байланысады. Бұл тамаша нәрсе. Соған қосымша әл-Фараби үшкілінің ішіне сызылған шеңбер өрісін өркеш санына қосамыз.

$$153 \pm 151 = \begin{array}{l} 304 = 19 \times 16 \\ 2 \end{array}$$

Айтылған 19 саны төрттің шаршысына көбейтілген. Екеуі де тамаша сандар. Осы санды 4000 санына қосамыз (40×100) Күн саны, пайғамбар саны: $4000 + 304 = 4304$

Осы санды халифалар саны атағанбыз. Бұл сан мен періштелер саны байланысты (4914). Оны Алла қаласа кейін көреміз.

Айтылған әл-Фараби санымен қадим санын қосамыз:

$$191 \pm 154 = \begin{array}{l} 345 \\ 37 \end{array}$$

оны былай жазамыз: $345 \times 4 = 15 \times 92 = 1380$

Ойлап қараңыз, 15 шеңберлік сан, тас сүресі. Осы санды протон санына қосамыз:

$$1836 \pm 1380 = \begin{array}{l} 3216 = 67 \times 48 \\ 456 = 19 \times 24 \end{array}$$

Ал-Мулк (өкмет) сүресінде жеті хат айтылған. 48 жеті рет қайталаған (40-46 сүрелер)

Ойлап қараңыз! Жердің, басқа ғалам шырақтарының қозғалып тұратыны да сонда айтылған (Тамур 16 аят). Бұл сөздің сандық мәні 646. Әулие бабамыз Ахмет Иассауи басына ғимарат салдырған атакты Әмір Темірдің есімі осы сөзге байланысты қойылғаны тарихта айтылады.

Осы санды Фараб санына қосамыз:

$$646 \pm 284 = \begin{array}{l} 930 = 15 \times 62 \\ 362 \end{array}$$

Темір тас магнит саны шықты. Кейінгі санға әл-Фарабидің шұғыла (мұхарақ) санын қосамыз:

$$362 \pm 348 = \begin{array}{l} 710 = 142 \times 5 \\ 14 \end{array}$$

Сүнбіле саны, пешене еселі немесе Фараб — Ғутарад санымен қатысы:

$$284 \times 5 = 710 \times 2 = 1420$$

Екінші сан жеті хат жер мен көкте екі есе толған Ай, Ибраһим сүресі.

Айтылған үшкілдердің бұрыштары арасында байланыстар бар. Соларға қысқаша көз жібереміз.

Ең басты мықты байланыс болатын текшенің орталық бұрышы, араның бұрышы ($109^{\circ}28'$). Ол айтылған екі үшкілде де бар. Абай үшкілінде ол мына түрде:

$$\frac{132}{140} = \cos 19^{\circ} 28'$$

яғни $109^{\circ}28' - 90 = 19^{\circ}28'$

Әл-Фараби үшкілінде: $104^{\circ} 44' = \frac{109^{\circ} 28'}{2} + 50^{\circ}$.

немесе $109^{\circ}28' + 100 = 104^{\circ}44' \times 2 = 209^{\circ}28'$

Бұрыштардың өзара қатынасы болады:

$$104^{\circ} 44' \pm 19^{\circ} 28' = \begin{cases} 124^{\circ} 12' = 100^{\circ} + 24^{\circ} 12' \\ 85^{\circ} 16' = 50^{\circ} + 35^{\circ} 16'. \end{cases}$$

Кейінгі бұрышты екі еселейміз: $85^{\circ}16' \times 2 = 100^{\circ} + 70^{\circ}32'$.

Шеңберге оралдық: $2(109^{\circ}28' + 70^{\circ}32') = 360^{\circ}$.

Екінші орынды алатын әдемі темір үшкілдің бұрышы:

$$104^{\circ}44' + 1928 + 5^{\circ}48' = 150$$

1-суретте ортадағы Темірқазық пен шеңбердің екі жағындағы $1/5$ — $8/5$ мүшел бекеттерін қоссақ, ол үшкілдің бұрыштары болады 15° , 150° , 15° . Ол мүшел бекеттерінің жануарлары екеуінде де қой дедік (1 — Хамал арабша) қошқар (8 — қой қазақша). Олардың екеуінің де аспандары 5 — Арай (Марс), оның тегі темір. Сонымен үш бұрышында бірдей темір — темір үшкіл болып шығады.

Ибраһим пайғамбардың құрбандығына дәл келетін, аспанның осы үшкілін Ибраһим үшкілі атасақ деп ойлаймыз. Әл-Фараби мен Абай үшкілдерінің бастауы Ибраһим үшкілі болсын. Бұл арада тағы бір қосымша түсінік бар. Шеңберді 12 мүшелге бөлгенде оның бұрыштары тағы сол 150° болады. Ол өрнек мынау.

$$\frac{180^{\circ}(12 - 2)}{12} = \frac{1800^{\circ}}{12} = 150^{\circ}$$

Демек, Ибраһим үшкілі космостық үшкіл, Темірқазық үшкілі. Бұл үшкілдің алтын қима (әл-Фараби) санына байланысы бар дедік. Ол мынау:

$$r = \frac{150\pi}{180} = \frac{5\pi}{6} = \frac{5 \times 3,1416}{6} = 2,618 = \frac{3 + \sqrt{5}}{2},$$

Бұны дәреже көрсеткіші ретінде алсақ:

$$10e^{2,618} = 137,036 \approx 90 + 47 = \frac{hc}{e^2} = 100 + 37.$$

Қазіргі ғылымның тамаша өрнегін біз осылай, Ибраһим бұрышы, күміс (Ай) саны арқылы түсіндіреміз. Онымен қатар 100 және 37 сандары жалпы құрылыс сандар: $100 + 30 + 7$.

Оны былай жазамыз: $45 + 92 = 137$, яғни Адам ата бірінші пайғамбар, Мұхаммед — ақырғы пайғамбар:

Кіші (абжад): $9 + 6 + 7 = 22 = 11 \times 2$.
 Қос Ай саны. Ол: $Ку + Каб : 26 \pm 22 \begin{cases} 48 \\ 4 \end{cases}$

Осылармен байланысты тағы бір үшкілді еске алайық. Мұхаммед Расул Алла пайғамбарымыз Ибраһим бабаның ізімен үш мешіт арасында сапарда болған. Оны хайырлы сапар деп білген. Ол мешіттер Мадине, Мекке және Құдыстағы мешіттер. Осы үш шаһардың жер бетіне орналасу қалыптары бойынша үшкіл жасап көрдік. Ол тамаша үшкіл басқа кітапта талданған: бұл арада соның айтылған бұрыштарға байланысын келтірмекпіз. Оның бұрыштары мынадай:

$$19^\circ 28' + 153^\circ 26' + 7^\circ 6' = 180^\circ.$$

Мұнда екі бұрышы бірдей текшенің орталық бұрышына және Нұх кемесінің бұрышына дәл келетіні айқын, яғни:

$$109^\circ 28' = 90^\circ + 19^\circ 28', \quad 153^\circ 26' = 90^\circ + 63^\circ 26'$$

(1—2-суреттерді қараңыз):

Аруақтар қолдасын! Тағы бір ой келеді. Абайдың атасы қойған есімі Ибраһим ғой, оның сандық мәні 259.

Абай деген сөздің сандық мәні — 14, яғни Ибраһим сүресінің санаты. Осы арада Тәңірінің бір ишараты бар-ау деген ой келеді.

Ол 14 санын біз тамур санымен байланысты шығардық. Оны мына түрде жазамыз: $646 = 284 + 348 + 14$.

Ибраһим қағбаны салды. Құрбан шалды. Ол туралы Құранның Бақара сүресінде айтылды. Енді осы сандарды қаралық:

$$259 + 151 = \begin{vmatrix} 410 \\ 108 = 54 \times 2 \end{vmatrix}$$

Ойлап қараңыз: 41 ноқат, қырықтың бірі қыдыр деген. Алғашқы сан 14 санына айналық сыңар. Оны кәмет еселейді, 140. Бұл Абай бұрышында айтылған ғылым саны. Ол тірек, сақина саны. Оларды былай жазамыз:

$$\begin{vmatrix} 4 & 1 \\ 1 & 4 \end{vmatrix} = 16 - 1 = 15$$

16 — ара сүресі, нұр саны

15 — тас сүресі. Бұрыш саны: $15 \times 10 = 150^\circ$

Айтылған 41 санын күміс (Ай) санына қосамыз:

$$47 \pm 41 = \begin{cases} 88 = 62 + 26 \\ 6 = 3 \times 2. \end{cases}$$

Демек онан темір саны алтыншы аспан серігімен шығады. Ол Тұран қақпасының саны. Ол алтыншы нота Ибраһим нотасының пешенесі: $88 \times 5 = 440$.

Екінші сан бескүлдің бұрыш саны, жұлдыз саны, қос Ай саны. Не деуге болады! Ойланған жанға, санасы барға жетіп жатыр!

Ғалами келісім жолында

Адамның мекен жайы — ғалам, қонысы — жер немесе адамның үйі аспан, төсегі — жер. Осы түсініктер Құран кәрімде көп жерлерде айтылған, сипатталған, дәлелденген, ескертілген. Бұл күнде табиғат зерттеген ғалымдар соған тоқтап отыр, соны дәлелдеп отыр. Антропогендік қағида деген түсінік соған келеді. Антропология — адам тегі деген ғылым, арабша ал-сулалат ал-башария.

Сол ғылымның бұл күндегі тоқтаған жері: ғалам адамға өлшенген, адам ғаламға өлшенген; екеуінің арасында тамаша құрылымдық сәйкестік бар деп біледі. Дүние үлкен ғалам болса, соның ішіндегі ғақли мүшесі адам кіші ғалам болып табылады. Бұл мәселе өте тереңге әкетеді. Ерте заманда “Нұрнама” атты кітаптар болған. Оның мазмұны тәңірім өз нұрының бір кішкене бөлшегінен барлық ғаламды жаратқан деген негізге сүйенеді. Ол нұр Мұхаммед Расул Алланың нұры болған да ол кейін жер тегіне топыраққа келіп тұрақтаған.

Қазіргі ғылым барлық ғаламның ту баста бір кішкене өте тығыз заттың жарылуынан тараған деген түсінікке тоқтап отыр. Екінші жағынан адам мен табиғат арасының қарым-қатынасын зерттеуден айтылған антропогендік қағида туды. Оның толып жатқан есептері, дәлелдері көп. Солардың ішінен бір ғана мысалды еске алайық. Жеті хат көк, жеті хат жер, он екі мүшел жұлдыздар тобы, басқа толып жатқан жұлдыздар — Құс жолы, ғалакишқалар, тұмандықтар тағы басқалары...

Осылардың барлығы өте қатты тәртіпті құрылысқа бағынады. Ол құрылыстың сыры, өмірі, қозғалысы бәрі тек иесіне Аллаға мағлұм. Адамның оған ақылы жетпейді. Адамның ақылына өлшемдес дүниені тәңірім өзінің қалаған құлдарына білдірген, көрсеткен. Соның ішінде ең

көрнектісі, бізге белгілі жақыны ислам ілімінде. Ол құранда, ол хадиста, ол пайғамбарымызға көрсеткен сапарларда. Сол сапарлардағы, асралардағы — миғарждағы Мұхаммед Расул Алланың көргендері, білгендері, естігендері қазіргі ғылымда жаңа ғана түсінікті бола бастады.

Қысқасын айтқанда, антропогендік қағида мен “Нұрнама” негізі біріне-бірі сәйкес деуге болады. Космологиядағы алғашқы үлкен жарылыс ислам іліміндегі алмисак (Алғашқы келісім) түсінігіне дәл келеді.

Сол қағида бойынша аспан әлеміндегі бір шырақтың құрамы, құрылысы сәл басқаша болса, онда адам баласының да табиғаты, ой өрісі басқа болар еді деген негізге келеді. Ғаламның сансыз көп саласын тегістеп, оның әсерін өлшеп білу адам баласының қолынан келмейді. Раббым өзінің білдірейін деп қалағанын ғана қалаған адамы біледі. Ол үшін адам Алладан таза ниетпен тілек ету керек. Екіншіден сонымен қатар Алланың жаратқан дүниесін бақылау керек, өлшеу керек, зерттеу керек. Әл-Фарабидің табиғат матбуғат, табиғат баспа орны, оқулық дегені сол. Соған керекті қабілетті Алла адамға берген. Мұхаммед Расул Аллаға ең алғашқы Хырат тауында келген аят: “Оқы”!— деген “Сондай жаратқан Раббымның атымен оқы! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса ардақты. Сондай қалам мен үйреткен. Ол адамзатқа білмеген нәрсесін (ғылым) үйреткен”. (96 — Ғалақ сүресі, 1—5-аяттар). Осындағы үш сөздің үшкілін сызамыз. Оның төртінші мүше ретінде ғалақ атаймыз.

Ғалақ үшкілінің өлшемдері:

$$\text{Оқы} = 302 = 151 \times 2$$

$$\text{Қалам} = 270 = 54 \times 5$$

$$\text{Ғылым} = 140 = 70 \times 2$$

$$\frac{302 + 270 + 140}{2} = \frac{712}{2} = 356.$$

$$r = 54 \sqrt{\frac{86}{89}} = 53,07.$$


$$\text{Бұрыштары: } 89^\circ + 63^\circ 22' + 27^\circ 38' = 180^\circ$$

Оған ғалақ санын — ғақыл санын қосамыз:

$$712 \pm 200 = \begin{cases} 912 = 19 \times 48 \\ 512 = 256 \times 2. \end{cases}$$

(5-суретті қараңыз).

Осы араның өзінен тамаша санға тап болдық: 19 белгілі сан (бас бата саны); оның еселігі 48 хм жеті есе қайталаған мұқаттағат (40—46-сүрелер). Екінші жағынан



Оқы	آشرا	<u>302</u>	}	Ғалақ — <u>عقل. علق</u>
Ғылым	..	علم	<u>140</u>		
Қалам	—	قلم	..	<u>270</u>		
(Қ)		(ق)		<u>200</u>		

$$712 \pm 200 = \begin{cases} 912 = 19 \times 48 \\ 512 = 256 \times 2 \end{cases}$$

$$912 \pm 348 = \begin{cases} 1260 = 63 \times 20 \\ 564 = 47 \times 12 \end{cases}$$

$$912 \pm 678 = \begin{cases} 1590 = 53 \times 30 \\ 234 = 26 \times 9 \end{cases}$$

$$912 \pm 786 = \begin{cases} 1698 = 566 \times 3 \\ 126 = 63 \times 2 \end{cases}$$

$$89 \pm 11 = \begin{cases} 100 \\ 78 \end{cases}$$

$$\underline{49^\circ 28' + 38^\circ 10' + 27^\circ 38' = 60^\circ}$$

$$73,5 \times 2 + 89 + 4304 = \underline{4540}$$

$$68^\circ 36' + 63^\circ 22' - 32^\circ 58' = \underline{99^\circ}$$

$$99 \pm 11 = \begin{cases} 110 \\ 88 \end{cases}$$

5-сурет. Ғалақ (ғақыл) үшкілі.

Ал-ғалақ сүресі $96 = 48 \times 2$, оның аят саны 19. Ал-ғалақ $200 + 31 = 231 = \text{Ал} + \text{р}$.

Мұқаттағат. Осының бәрі үшкіл санына тамаша үйлесуі муғжиза деп білеміз. Екінші сан екі есе егіз нұр саны (256). Демек осының бәрі нұрлы ақылдың ісі дегенге соғады. Осы ретпен келгенде Абай үшкілі мен ғалақ үшкілі жапсарлас 140, 200 сандар екеуіне ортақ. Соның бір көрінісі болады:

$$912 \pm 678 = \begin{cases} 1590 = 53 \times 30 \\ 234 = 26 \times 9. \end{cases}$$

Ойлап қараңыз: 53 және 30 сандар сүре ретінде жұлдыз (Ал-Нужум) және бап. Екеуі де пайғамбар есіміне байланысты; онан кейінгі сан торқалы темір.

Айтылған үшкіл саны бас бата санымен қосқанда шығатын сандарына көз жіберейік:

$$912 \pm 786 = \begin{cases} 1698 = 566 \times 3 \\ 126 = 63 \times 2. \end{cases}$$

Алғашқы санға Исрафил санын қосамыз:

$$1698 \pm 382 = \begin{cases} 2080 = 52 \times 40 \\ 1316 = 329 \times 4. \end{cases}$$

Хамды саны (52), пайғамбар саны (40), ал-рахман саны (329).

Кейінгі сан Мұхаммед Расул Алла жасының екі есесі 63×2 .

Үшкілдердің бұрыштарын салыстырудан шығатын сандарда да көп мән жатыр:

Бүтін өлшемді 89 бұрыш, оған Ай санын (11) қосамыз, болады: 100

Белделі 100 (к), оның кіші түрі торқалы тоғыз немесе ол арабша сан деген сөзді береді: гадад. Онан әл-Фараби үшкілінің бір бұрышымен ғалак үшкіл бұрышын салыстырып, олардың арасын алтын қима бұрышымен дәнекерлейміз, болады шеңбер бұрышы: $49^\circ 28' + 38^\circ 10' - 27^\circ 38' = 60^\circ$

Ойлап қарасаңыз мұнда терең сыр жатыр. Сол сияқты салыстыруды үш үшкілден жасаймыз: $38^\circ 36' + 63^\circ 22' - 32^\circ 58' = 99^\circ = 9 \times 11$.

$$99 \pm 11 = \begin{cases} 110 & \text{магнит} \\ 88 = 66 + 22. \end{cases}$$

Шыққан сандардың көзбен бір шолып өтсеңіз сыры өзінен өзі айқын.

Тағы бір сан келтіреміз. Онда бұрыштық өлшеуіш-ті халифа сандарымен қосамыз, шығады иман саны: $73,5 \times 2 + 89^\circ + 4304 = 4540$.

Мұнда Мұхаммед Расул Алла деген сөздің сандық мәні 454, 4304 — халифалар саны, басқасы бұрыштар.

Тағы бір еске аларлық нәрсе үшкіл ішіне сызылған шеңбердің өрісі, радиусы — 53. Мұны басқа үшкілдермен салыстырғанда шығады:

$$\begin{aligned} 53 + 47 &= 100, & 53 \times 2 + 47 &= 153 \\ 100 + 53 &= 153, \end{aligned}$$

Осы сандардың темір атом салмағының кетігін толтыратыны бір ғажабы, яғни: $55,847 + 0,153 = 56$.

Осы жөнінде. Бұл бір күн уақыт саны дедік: иум (56)

Осымен байланысты ғалами келісімнің бір мысалын береміз.

Бір күн. Оны былай жазамыз: 91×56 . Мағынасы Күн (Ал-Шамси) Құрандағы сүре санаты 91... уақыт күн 56 айтылды. Екеуінің көбейтіндісі болады: $91 \times 56 = 5096$.

Осы санға жоғарыда айтылған халифалар санын қосамыз, болады:

$$5096 \pm 4304 = \begin{cases} 9400 = 47 \times 200 \\ 792 = 36 \times 22 \end{cases}$$

Халифалар санының өрнегі мынау:

$$2(231 + 661) + 6(310 + 110) = 4304$$

$$4304 \pm 640 = \begin{cases} 4944 = 618 \times 8 \\ 3669 = 229 \times 16. \end{cases}$$

Бұл есеп былай шығады: 2-суреттегі шаршының екі бұрышында 2 (екілік), екі бұрышында 6 (алтылық) негізгі, теміртек сандар (26,62). Солар тұрған бұрыштарға, жүп сандар тұрған, өзімізге керекті сандарды қоямыз да, соларды екі топқа бөлеміз, біреуінің жинағын 2-ге, екіншісінің жинағын 6-ға көбейтеміз. Солардың жинағын шығарамыз. Мысалы сол шаршы бұрышында тұрған сандарды алып шығарайық: $2(2 + 6) + 6(4 + 8) = 2 \times 8 + 6 \times 12 = 88 = 62 + 26$.

Енді жақша ішіндегі төрт орынға төрт халифа есімдерінің сандық мәнін қоямыз:

Абу Бакр = 231, Ғомар = 310;

Ғосман = 661, Ғали = 110.

Осы бойынша халифалар сандары аталатын есеп шықты. Сол санға темір деген сөздің қазақша сандық мәнін (640) қосамыз. Онан шығады сегіз есе ал-рахман ал-рахим, немесе алтын топшы (әулие) саны:

$$8 \times 618 = \frac{\sqrt{5} - 1}{2} \times 800 = 4304 + 640 = 4944.$$

Ол темір санын алғанда болады: 229×16

16 — ара саны, 229 санын мынадай түрде жазамыз:

$$\frac{229}{1000} = \sin^2 28^\circ 35' = 0,229 = \cos 61^\circ 25'$$

яғни, 0,4784

Бұл бұрыш атом өзегінің бір белгілі өлшеуіші. Мұнан мынадай өрнек шығарамыз: $28^\circ 35' \times 2 = 38^\circ 10' = 57^\circ 10' - 38^\circ 10' = 19^\circ$

Белгілі 19 санын бұрыш түрінде таптық, онан мынадай өрнек аламыз:

$$89 \pm 19 = \begin{cases} 108 = 54 \times 2 \\ 70 \end{cases}$$

$$99 \pm 19 = \begin{cases} 118 \\ 80 \end{cases}$$

Бәріде белгілі сандар. Мысалы:

$$118 \times 2 = 236$$

$$382 + 236 = 618$$

Енді негізгі қорытынды мынадай. Жоғарыда шығарылған есепке ораламыз: $91 \times 56 + 4304 = 9400 = 47 \times 200$

47 — күміс сан — Ай металы, Мұхаммед сүресі, саны 200, ақыл (ғалак) саны, $94 = 47 \times 2$ зам-зам саны. “Күн саны”: 91×56 айтылды. Осы сандардың теңелісі халифалар саны арқылы болып отыр. Демек, сол санның дұрыс шыққанын көрсетеді. Бұл арада біз ол халифалар санын жалпы ереже бойынша шығардық. Демек суннит мазхабының түсінігін алдық. Осыны негізге алатын болсақ, шига мазхабының түсінігінде жаңсақ жері бар-ау,— деген ой келеді: осыны ойласу керек.

Айтылған жалпы ереже әдісті тағы бір есепке қолданамыз. Ол мынау: $91 \times 54 = 2(246 + 111) + 6(318 + 382) = 714 + 4200 = 4914$.

Мұнда алдымен құрандағы Күн мен Айдың сүрелер санаттары көбейтілген: $91 \times 54 = 4914$ Осы сан төрт періштенің айтылған бойынша шығарылған санына дәл келеді:

Жебрайл — 246, Микаил — 111, Ғазраил — 318, Исрафил — 382. Біздің қолданған есебіміздің қатесі болса кешірім сұраймын, оқырманнан, бірақ бағытымыз дұрыс деп білемін.

Айтылғанға қосымша тағы бір дәлел. Періштелер саны мен халифалар сандарын теңестірудің тағы бір түрі бар. Ол біздің 60 жылдық мүшел есебімен байланысты. Ол кесте бойынша жалпы қайталау Ай саны болады:

$$\frac{60(60 + 1)}{2} = 30 \times 61 = 1830$$

Осы сан Ай, Күн, жұлдыз шаршыларына былай бөлінеді:

$$590 + 610 + 630 = 1830.$$

Осының ортасында тұрған Күндік сан, орта есебі де сол: $\frac{1830}{3} = 610$ Сол себепті біз осыны алып халифалар саныны қоссақ, ол періштелер санына дәл келеді: $4304 + 610 = 4914$.

Ойлай қарасаңыз ғаламның айналыс қуатын тәңірім қалай тәртіпке салған деген ой келеді. Мұнда зор мұғжиза бар деп білеміз.

Бұл сандардың басқа да кездесетін қабысатын жерлері көп. Соның бірі мынау:

$$4304 \pm 136 = \begin{cases} 4440 = 40 \times 111 = 37 \times 120 \\ 4168 = 521 \times 8. \end{cases}$$

Бұл дәуірлік сан, әл-тарих (86-сүре) саны. Кейінгі 521 санға қосамыз ара санын (һандас санын)

$$119 = 88 + 31, \quad 521 \pm 119 = \begin{cases} 640 & \text{темір} \\ 402 = 67 \times 6. \end{cases}$$

Ал-Нахил

Осы сөздің сандық мәні тамаша: $88 + 31 = 26 + 62 + 31 = 57 + 62 = 119$ Араның ұясы тамаша құрылыс. Демек ол ғимарат шебері — өлшеуі һандас (геометрия).

Арабша геометрия һандас. Осы сөздің сандық мәні 119, демек ал-Нахил Ара-геометрия болып шығады. Осы сан аспан қабаты жетінің он жеті есесі. $17 \times 7 = 119$

Өлшеудің тамаша негізгі осында.

Аспан сатыларының өлшеуіші осы сан десе болғандай. Бұл жақсылық беруші Кафи ал-хасанат санына (661) қосылса, болады кәмелет дережелі сан:

$$661 \pm 119 = \begin{cases} 780 = 78 \times 10 \\ 542 = 271 \times 2 \end{cases}$$

Он жеті саны он тоғыз санының жақын серігі, жеті мен тоғыз да солай: $17 + 9 = 19 + 7 = 26$

Олар Хамд етеді: $17 + 9 + 19 + 7 = 7 + 17 + 19 = 24 + 29 + 52$

17 шаршы түрінде: $17^2 = 289$ — ал — рахим саны. Жоғарыда ал-рахман санын көрдік:

$$\frac{912 - 382}{4} = 329$$

Екеуі болады ал-рахман ал-рахим: $329 + 289 = 618$

Ол белгілі әулие саны: $618 + 382 = 1000$ Арабтарда музыкалық әуен дауысы 17 бөлінеді. Әл-Фараби соны қолданған. Ол мынадан түсінікті: $1 + \frac{9}{8} = \frac{17}{8}$.

Ғимарат өнерінде, һандас ғылымында 17 ерекше орын алады, 17 түрлі беттік өрнек орнамент бар. Сызғышпен циркул қолданып түзу 17 бұрыш салуға болатыны дәлелденген. Сол әдіспен түзу жеті бұрыш және түзу бес бұрыш салу әдісі де белгілі. Бескүлдің бұрышы

$108^\circ = 54^\circ \times 2$. Қос Ай бұрыш. Осы санды 17 санына көбейтсек протон саны шығатыны белгілі: $108 \times 17 = 1836$.

Ай Расул Алла аспаны; 17 — ал-Асра ол кісінің ғалами ғажайып сапары.

17 санының басқа да көп қасиеттері бар. Жоғарыда айтылған әл-Фараби үшкілінің ішіне сызылған шеңбер өрісі 153 тамаша сан дедік. Онан да протон саны шығады, мүшел саны арқылы ($153 \times 12 = 1836$)

Бұл санның темір кетігін толтыратыны айтылды. Онан ғалақ ғақыл саны шығатыны айтылды (күміс — Ай саны арқылы): $153 + 47 = 200$

Енді осы санның 17 санынан шығатынын еске алайық: $17 \times 9 = 153$

Бұл арада үш тамаша сан бас қосты. 17 — ал-асра саны, 9 — торқалы сан, 153 әулие шеңбер саны.

Химиялық саладан алғанда 17 — хлор, ол барлық металдармен жеңіл қосылатын зат. Соның бірі белгілі ас тұзы: $NaCl = 11 + 17 = 28$. Бұл арада 11 — Ай саны — натрий. Оның сыңары болады 19 калий.

$$19 \pm 11 = \begin{cases} 30 \\ 8 \end{cases}$$

Ғалами Сафар 17-сүреден басқа тағы екі сүреде айтылады. 9 — тауба, 70 — алмиғарж. Енді осы үш сүреден кейбір ишараттар келтіріп қаралық.

Алдымен үшеуінің санын қоссақ болады: $9 + 17 + 70 = 96 = 48 \times 2$ яғни жеті рет қайталаған хм (48). 96-сүресі айтылған ғалақ үшкіл санында (5-сурет). Оның басқы 5 аяты ең алғашқы келген дедік. Есте болсын айтылған ғалами сапарда Расул Алла сондағы алғашқы көрген-естігендерін есіне алады. Бір мысал.

9-сүреде үңгірдегі екеуінің Мұхаммед Расул Алла мен Абу Бакрдың сөзі берілген. Айтылған ғажайып сапарда, ғарыштың төбесінде Мұхаммед Расул Алла Абу Бакрмен бір балшықтан жаралған періштенің дауысын естіген.

17-сүреде дертке шипа болатын аят бар (82-аят). Оны Әбу Әли ибн Сина қолданған ("Шифа" кітабынан қараңыз). 17-сүреде құран ең тура жол екені айтылған (9-аят). Ол кісінің сол сапарының өзі де бізге белгісіз ең тура ғажап жол деп білеміз.

70-сүреде ақыл заманда жоғарғы орында періштелер және Жебрайл мөлшері елу мың жылдық сегіз періште көтереді деген. Бұл 50 зор мағыналы. 50-сүре аты "Қ" екеніні білеміз. Ол "ал-химияда" талданған. Кіші АБЖД

бойынша 50 бірлік (1). Елу мың жыл дегенді 1000 жыл мағынасында алуға болады. Ол 1000 әл-Фараби үшкілінің ұзын сызығына тең болса қалай болмақ? Онымен ғалами құрылыс байланысты ғой! Ойласу керек.

Елуге екі он тоғыз санын қосамыз:

$$50 \pm 38 = \begin{array}{l} 88 = 62 + 26 \\ 12 \end{array}$$

Елу санын Мысыр үшкілінің толық жиын саны деп білуге болады.

$$3^2 + 4^2 + 5^2 = 9 + 16 + 25 = 50$$

Ол Мысыр үшкілін Ыдырыс пайғамбар үшкілі деп атаймыз, өйткені ол кісінің бір ныспысы масалас үшкіл болған. Оны біз Абай үшкілімен жалғастырдық (1-сурет). Сол үшкіл түсінігі музыкада да кездесетінін көрдік (екінші ішек). Оның аспаны нотасы екінші хат — Ғұтарад — Айқыз (4-суретті қараңыз). Күні сәрсенбінің сәті.

Ыдырыс пайғамбар барлық ғылымдардың атасы екені айтылды. Оның Ескендір жырында кездесетінін көрдік. Оның жұлдызы Фарабпен сандас. Тұран қақпасының оң босағасы екенін де білеміз. Солармен байланысты ол кісінің бұл күнде бізге ең бір қажет жері Алланың бірлігін аспан ғибаратынан алған. Сол арқылы ол жалған балгерлерге жол бермеген. Осы жағы бізге қазіргі жағдайда аса қажет.

Ыдырыстан ғибрат

Ыдырыстың он түрлі қасиеті (өнері) болған: 1) пайғамбарлық, 2) ғылым нұжым (жұлдыздық), 3) жазушылық (таңбашылық), 4) кемешілдік, 5) соғыс құралын жасау, 6) жасырын соғыс жүргізу, 7) жасырынды қолға түсіру, 8) тоқыма киім тігу, 9) Мұхаммед пайғамбарды тәңірі досы деп тану, 10) Алланың бірлігін аспан ғибараттары арқылы дәлелдеп білу.

Бұл кісі топан суынан бұрынғы, Нұхтан бұрынғы адам. Демек онан қалған мирас топанда жойылған мәдениет қалдығы. Оның бет тасында жазылған сөздер соны көрсетеді. Оны алхимияның атасы деп санайды. Оның тасын, измурудты Ескендір заманында ауыстырғаны айтылды. Оның үшкіл аталуы үш салада бірдей дана болғандықтан деседі: рухани сала, аспандық сала, жерлік сала. Басқа бір рауат бойынша оның Адам пайғамбардан, Шистан кейінгі әрі пайғамбар әрі ел билеуші үшінші адам болған,

оның үшкіл аталуы сонан деседі. Оның бес түрлі аты болған: Ахнұх, Адрьс (Ыдырыс), харміс, Масалас, Балнағима. Алғашқысы атасы қойған ат: екінші дұрыс істерді көп істегені үшін қойылған. Үшіншісі екінші аспан Ғұтарад жұлдызындай ғылымда жарқырады деген мағынада. Төртінші аты үшкіл айтылды. Бесінші аты құрметті мағынасында.

Ол соңына ерген мың кісіден 7 адамды алып сапар шегеді. Олар қолдарын көтеріп дұға оқиды, бата жасайды. Бабалар батасының алғашқы бірі осы деп білеміз. Оған 30 кітап түскен.

Ол айдың, жылдың күндерін есептеп, оразаның, намаздың уақыттарын белгілеген. Ол кісі әр күнде 12 мың тасбиғ етеді екен.

Әл-Фараби де, Абай да жалған дінге қарсы. Олар аспан ғылымының Ыдырыстан қалған тура жолын таниды.

Абай өзінің 29 қара сөзінде былай деген:

“Алтын көрсе, періште жолдан таяды” дейді.

Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсе қызар сұмдығын костағалы айтады”.

Жоғарыда бесбұрыш (пентаграмма) суретінен қорыққағ Мефистофелді айтып едік қой. Сол періштеден азып, шайтан болған деп біледі айтылған ескі грек аңызында. Ислам ілімі оның бәрін жалғандыққа шығарғанын білеміз.

Әл-Фараби өзінің тоғыз шекті домбырасымен ол мәселені аластады.

Жоғарыда айтылған сурелерде және Ыдырыс пайғамбар тарихында намаз оқуды көп айтады. Осымен байланысты бес уақыт намаздың парыздары мен суннеттерін санап көрдік:

- 1) таң намазда парыз 2, суннет 2
 - 2) бесін намазда -"- 4, -"- 6
 - 3) екінді намазда -"- 4, -"- 6
 - 4) Ақшамда -"- 3, -"- 2
 - 5) Жасығыда -"- 4, -"- 5
- жиыны: $17 + 15 = 32$

Демек, парыз саны айтылған 17, суннеті жердің тас саны. Жиыны $8 \times 4 = 32$. Оны 20 есе көбейтеміз: $32 \times 20 = 640$, қазақша темір саны шығады. Тағы тамаша нәрсе осы екі санды көбейтсек Ыдырыс саны (275) шығады: $17 \times 25 = 275$.

Күн мен түннің теңеліс (тоғыс) ноқаты — наурыз ноқаты. өте баяу түрде жылжып отыратыны белгілі. Ол

мүшел жолын (Құс жолын) 25725 жылда бір айналып шығады. Осыған Ыдырыс санын қосамыз:

$$25725 \pm 275 = \begin{cases} 26000 = 52 \times 500 \\ 25450 = 509 \times 50. \end{cases}$$

Жоғарыда айтылған 50 саны шығып жатыр, сонымен қатар темір және хамды сандары.

Ойлап қарасаңыз мұның өзі ишаратпен берілген мұғжиза.

Осы сандардың басын қосатын бір өрнек келтіреміз:

$$m = \frac{N}{b} + a^2$$
$$17 \times 108 = \frac{25725}{15} + 11^2.$$

$m = 1836$ протон салмағы, $n = 25725$ тоғыс жылжу саны, $b = 15$ “тас” саны, $a^2 = 11^2 = 121$ екі дәреже Ай саны. Барлығы да белгілі тұрақты сандар.

Ай саны оның екі дәрежесі темір атомының салмақ санында бар екенін білеміз:

$$\frac{7 \times 11^2}{5 \times 110} = \frac{847}{550} = 1,54$$

$A^{Fe} = 55,847$ оның кетігін толтырған: $0,153 = 17 \times 9 \cdot 10^{-3}$.
 $55,847 + 0,153 = 56$

Енді осы екі санды қосып көреміз:

$$153 \pm 121 = \begin{cases} 274 = 137 \times 2 \\ 32 = 8 \times 4. \end{cases}$$

Алғашқы пайғамбар саны: $2(90 + 47) = 2(45 + 92)$ кейінгі намаз саны.

Жоғарыда келтірген нәзік құрылыс атты өлшемнің санын біз екі түрде келтірдік. Оның бірі торқалы тоқсанда қостық күміс (Ай) санын.

Екіншіде ең әуелгі және ақырғы екі пайғамбардың есім сандары: Адам — 45, Мұхаммед — 92. Осыларды тұтас алатын болсақ айтылған жинақтың өзі шығады: $90 + 47 + 45 + 92 = 274 = 153 + 121$

Былай ықшамдап жазамыз: $2(45 + 92) = 153 + 121 = 274$. Осы санға намаз санын қосамыз да оны алтыға көбейтеміз; протон саны шығады: $6(274 + 32) = 6 \times 306 = 1836$.

Осы есепті мынадай түрде жазамыз: $12(45 + 92 + 16) = 12 \times 153 = 1836$.

Демек, жоғарыда айтылған әл-Фараби үшкіліндегі үлгіге оралдық. Мұндағы көңіл аударатын нәрсе $17 \times 9 = 153$ саны екі бастағы (басқы және соңғы)

пайгамбар есіміне екі сегіз аяқ қосылған. Оны былай жазуға болады:

$$\begin{aligned}45 + (2 + 6) &= 45 + 8 = 53 \\92 + (2 + 6) &= 92 + 8 = 100\end{aligned}$$

Екінші жағынан 16-Ара сүре саны. Оны еселесе болады: $16^2 = 256$. Нұр саны. Оны қосамыз Мұхаммед санына болады Нұр Мұхаммед саны.

$$256 \pm 92 = \begin{cases} 348 \\ 164 = 41 \times 4. \end{cases}$$

$41 \times 6 = 246$. Жебрайл саны:

348 шұғла саны, бата саны, темір саны үшеуі екі киелі сан арқылы жалғасады: $3(786 + 26) = 7 \times 348 = 2436$

Осы әдіспен осыған байланысты Абай санын жазамыз: $678 + 26 = 704 = 84 \times 8 = 8(62 + 26)$

$$432 + 246 = 678$$

$$\text{Онан шығады: } 7 \times 26 + 8 + 62 = 182 + 496 = 678$$

Осы екі санды өзара қосып қаралық:

$$2436 \pm 678 = \begin{cases} 3114 \\ 1758 \end{cases}$$

Осы санды жоғарыда айтылған санға қосамыз:

$$4914 \pm 3114 = \begin{cases} 8028 = 223 \times 36 \\ 1800 = 360 \times 5. \end{cases}$$

$$6758 - 1758 = 5000$$

$$48 \times 7 + 71 \times 4 = 336 + 284 = 620.$$

4914 — періштелер саны

6758 — Әл-Фараби саны

678 — Абай саны

620 — Тұран саны.

Осымен сандарды тоқтата тұралық. Осы сандар арқылы айтылған ойларды, дәлелдерді сөзбен айтып жеткізуге де болады. Өйткені мұнда сөзбен айтуға қиын ешнәрсе жоқ. Бәрі де орта мектеп білімі барларға түсінікті. Онан төменгі білімдіге де түсінікті тек ықлас қойса болғаны.

Бірақ сөзбен айтар болсақ, оған кемінде көлемі он есе көп жазу керек болар еді. Сол себептен есеп әдісін тек үнемдеу, ойды қысқа түрде жинақтау мағынасында деп білу керек. Бір ғалымның айтқаны бар:

“Есеп ғылымы ол да тілдің бір түрі”,— деп.

Айтылған сандарға һарут, марут, періштелер сандары да тамаша қабысады.

һарут-612, марут-657

Екеуін қосамыз:

$$657 \pm 612 = \begin{cases} 1269 = 47 \times 27 \\ 45 = 15 \times 3. \end{cases}$$

$$612 = 153 \times 4 = 17 \times 36.$$

Екеуін көбейткенде болады: $657 \times 612 = 402084 = 54 \times 7446$.

Көріп отырсыздар күміс саны, Ай саны, адам саны. Ал-асра саны, шеңбер саны — бәрі сәнді, сәйкес шығады.

Айтылған екі періште санының жиынын алғашқысының санына көбейтіп қаралық: $1269 \times 612 = 776628 = 423 \times 1836$

Бұл саннан көптеген өрнек туады. Протон саны 1836 асыл тас яшма санына еселенген. Ол тас Ахмет Иассауи басына қойылған бет тас. Ол тас саны Күміс санының торқалы тоғызы: $47 \times 9 = 423$ Күміс — Ай — Мұхаммед Расул Алла тауба бәрі осында.

Айтылған санды мынадай түрде жазамыз: $94 \times 9 \times 54 \times 17 = 776628$. Зам-зам x тауба x асра! Ойлап қараңыз! Раббымның пенделері үшін жіберген рахматын, сақтандырған ишаратын, жіберген өмір көзін, білдірген мұғжизасын.

Оның бәрін қамту тек бір ғана тәңірінің қолында. Осымен бір бабаның батасын аяқтаймыз.

Ибраһимнен ғибрат

Үшкіл таңбамен қысқа жазып, тас кітап мирас қалдырған халықтың қазіргі ғылымдағы аты — шумер. Олар өздерін Кенгір дейді екен деген мәлімет бар. Шумердің тас кітабы осыдан 6000 жыл шамасы бұрын жазылып, қолданылып, кемінде 3000 жыл бойында кең тараған. Бергін келе олар басқа елдермен араласқан. Шумер елі Бабыл елі — Вавилония атанған.

Ибраһим пайғамбар өнерлі, жоғары ғылымды елден шыққан адам. Ол Азия мен Африканың ғылыми орталықтарын аралаған. Адам Ата пайғамбардың алғашқы жер бетіне түскен жері сол Шам атрабында болса керек. Онан кейін ол кісі Мысырда болған. Әлбетте ол кісі Ыдырыс пайғамбар мирастарын білген. Ыдырыс пайғамбардың өзі де осы ескі Азия жерінен барған адам. Оның атасы Шиш пайғамбардың шын аты Урия, үйрету деген болса керек. Алфавит, есеп ғылымы, кен қорыту сонан басталған деседі. Ол кісі де осы Азияда өмір сүрген.

Тегінде Шиш деген сөзбен Кенгір — шумер деген сөздердің арасында байланыс болу керек деген пікірдің жаны бар. Еске сала кететін бір нәрсе ертедегі шумер тіліне басқа белгілі тілдер ішінде, ең жақыны түркі тілі деп таниды ғалымдар. Осы жағынан алып қарағанда шумер мәдениетінің терең тамыры Тұран мәдениетімен сабақтас деп білеміз. Осы жағынан алып қарағанда айтылған мәдени орталықтардың мирастарында біздің қазақ тілінің жұрнақтары кездессе оған таңдануға болмайды. Құранның өзінде де жеке түркі сөздері кездеседі.

Құранда 14-сүре Ибраһим, 52 аяттан тұрады. Сонан бірер аят келтіреміз:

“Сендерге өнеге мысалдар бердік. Олар (кәпірлер) түрлі мекерлік істеді. Негізінде олардың мекерліктері (зұлымдықтары) тіпті тауды қозғалтатын болса да мекерліктерін Алла іске асырмайды” (46-аят).

Осы өнеге мысал біздің көз алдымызға келді деуге болады.

Абайдың (саны 14) шын аты Ибраһим (саны 259). Сүре санаты мен Абай деген сөздің сандас болуы және аттас болуы тегін емес. Ишараттар бар деп білеміз. Осы екі санды қосқанда болады:

$$259 \pm 14 = \begin{cases} 273 = 91 \times 3. \\ 245 = 49 \times 5 = 35 \cdot 7. \end{cases}$$

Алдыңғы сан 273 арабша төрт (арбағ) деген сөздің сандық мәні. Екінші жағынан ол құрандағы Күн (шамси) сүре санатының үш есесі $91 \times 3 = 273$. Үшінші жағынан бұл заттың қозғалыстан тоқталатын ең төменгі абсолют жылуы (температурасы), басқаша айтқанда Келвин өлшеуіші.

Пайғамбарлар тарихында мынадай сөз бар. “Отқа әмір болды: Әй от! Ибраһим табиғатынан шықты. Сен де, от, табиғатынан шық, Жебраил қанатымен отты сипады. Ол гүл болды.

Алланы сүйген адамдардың көңіл оты дүние отынан күшті болған. Дүние оты жаһаннам отының жеті жүз бөлігінің бір бөлігі”.

Осы сөздерден мынадай ой туады. Ерте замандағы түсінік бойынша от тектес заттардың бейнесі төрт жақты (тетраэдр). Оның саны 14. Бұл арада екі сан біріне-бірі дәл келіп тұр: төрт жақ (арбағ), 14-оның саны және сүре санаты.

Химиялық жағынан алып қарасак, 14 саны силиций сипаты. Ол табиғатта өте көп кездесетін тас құраушы тотықта болады. Айтылған әулие тастарының құрамында

бар. Саны: $SiO_2 = 14 + 16 = 30$ шеңберлік сан. Барлық химиялық элементтерді алып карағанда, атомдардың құрылысындағы электрон қабаттарында электрон сандарының ең тұрақтыларының бірі. Яғни олар мыналар: 2, 6, 10, 14, 18. Ол 14 сан 70 санаттағы Иттербий элементтерінен басталады. Айтылған 700 бөлшекке өлшемдес. Сонымен қатар темір мен төрт есе ай саны арқылы кездеседі: $26 + 44 = 26 + 4 \times 11 = 70$ ("Алхимияны" қараңыз). 70-сатылар сүресі, (ал-Миғарж), аят саны 44 ойлап қараңыз.

Ал — Хажар асуд тасын көтеріп қойғанда Ибраһимның аяғының астына қойған тасын мақам Ибраһим атаған дедік. Осы сөздің сандық мәні Ибраһим нотасына, яғни музыкалық мақанына дәл келеді.

Мақам: $40 + 100 + 1 + 40 = 181$; Ибраһим саны — 259. $259 + 181 = 440 = (62 + 26)5$.

Тамаша ишарат. Ибраһим отқа атылғанда қасында сайраған сандуғаш болғанын еске алайық.

Әл-Фарабидің ноталық бірлік саны: $24 \times 11 = 264$, оны алтын аспан нотасына (Ибраһим нотасына) көбейтеміз. Ол болады: $264 \cdot \frac{5}{3} = 440$.

Енді осы санды көтерген қаратас санына, яғни ал-Хажар асуд санына қосамыз. Ол мынау: $31 + 211 + 71 = 242 + 71 = 313$. Қосқанда болады: $440 + 313 = 753 = 251 \times 3$

Бір ғажабы сол Ыдырыс пайғамбардың бет тасы измуруд. Оның сандық мәні болады — 251

Тастар санына арбағ (төрт) санын қосамыз:

$$753 \pm 273 = \begin{cases} 1026 = 1000 + 26 \\ 480 = 48 \times 10. \end{cases}$$

Қайталама 48 белгілі. Жоғарғы санға һижра жыл санын қосамыз:

$$1026 \pm 622 = \begin{cases} 1648 = 618\frac{8}{3}. \\ 404 = 101 \times 4. \end{cases}$$

101 — Ал-Лайл (бір түн) саны. Ол 92-сүре. Үш күн, бір түн исламның есеп басы, абсолют нөл басы.

Сол секілді бір қысылшаң заманға біз де кез болып, сонан жаңа ғана босағандай болып отырмыз.

Ибраһим сүресінде, яғни Абай аттас сүреде, кәпірлер неше түрлі мекерлік (зұлымдық) жайды. Ол зұлымдығынан тау тігірейді. Бірақ Алла олардың зұлымдық ойын іске асырмайды деген ғой. (14-сүре, 46-аят).

Атомдық ядролық (сутегі тектес) бомбаны Абайдың мекен жайында жарып (сынап) Шыңғыс — Машан, Аб-

ралы — Дегелең тауларын жапырақша дірілдеткені белгілі.

Мұның өзі адам баласының мекерлік (зұлымдық) шегі болар деп білеміз. Өйткені ту баста нұрдан бөлінген алғашқы зат сутегі болса, сонан бері қарайғы ғаламның ұзақ өмірінде сол заттар біртіндеп кобейе береді, күрделене берді. Сонымен байланысты бойына қуат жиған заттар да молая берді. Адам өзі өмірінде сол заттардың қуатын пайдаланып келеді. Енді сутегі тектес бомба жасау, оны адамға қарсы жұмсау зұлымдық айланың ақыры болмақ. Демек біз алғашқы Ал-Мисак нокатына қайта оралған сияқтымыз.

Аспан ғаламының тоғыс айналасы 25725 жылдың жол тахул деген едік. Ол өлі нокатқа келіп қалдық па деген ой келеді. Мынау өрнекке көз жіберіңіз: $440 + 273 + 47 = 760 = 76 \times 10 = 19 \times 40$.

19 — бас бата саны, 40 — пайғамбар саны, қайталаған 48 сүренің басы. Екі пайғамбар санын қосамыз:

$$275 \pm 259 = \begin{cases} 534 = 89 \times 12 \\ 16 = 4 \times 4. \end{cases}$$

Мүшел саны, 12, ерекше төрт — шарты (273). 89 — ҒАЛАҚ үшкіл бұрышы (5-сурет):

$$89 \pm 11 = \begin{cases} 100 = \text{к.} \\ 78 = \text{сан.} \end{cases}$$

Сандар шегі, Қойқап базары.

Айтылған тахул санына Ыдырыс санын қосқанда темір саны, ғалам саны, хамды саны шығады дедік: $25725 + 275 = 26000 = 52 \times 500 = 26 \times 1000$.

Ойлап қараңыз. Жиырма алты хадид — темір саны (Құранда). Ол белделі, қатерлі сан деген басқа діни кітаптарда бар, ойда болсын: $13 \times 2 = 26$.

Оған қосамыз темір санын: $26000 + 64000 = 666000 = 111 \times 6000 = 37 \times 18000$.

18 мың ғалам сапқа тұрған: 14-сүренің алғашқы үш саны болады: $14 + 259 + 231 = 504 = 14 \times 36$.

Осының өзінде зор мағына бар, 14 саны (силиций) химияда тұрақты орын алады. Ол оттек төрт жақты саны деген едік қой. Енді бұл арада ол 36 еселенген. 36-химияда тұрақты инерт газы криптон. Екінші жағынан ол темір текке байланысты: $62 \pm 26 = \begin{cases} 88 \\ 36. \end{cases}$

Темір (хадид) екі тұрақты сан арасында: $36 - 10 = 26$ Темір үшкіл Ибраһим құрбандығы есте болсын. Үшінші

жағынан ол шеңбер саны құранда, ал 36-иасін сүресі, ол құранның жүрегі, ол Расул Алланың бір есімі.

Осы екі санды қосып қаралық:

$$36 \pm 14 = \begin{cases} 50 = 9 + 16 + 25 \\ 22 = 11 \times 2. \end{cases}$$

Алғашқы сан Мысыр үшкіл саны. Құранда “К” сүресі. Оның сандық мәні $100 = 89 + 11$. Екінші Ай (Қос Ай) саны: $11 \times 2 = 22$. Ол Қу + Қаб аспан шырақ саны, темір серігі (24-сүреде). Ол Фараб санының “досы” (284, 220).

50 саны кіші абжд бойынша бір (жалғыз), екінші жағынан ол қалайы саны. Ол алтыншы аспан Шоңай (Мүштари) металы. Ол Ибраһим жұлдызы. Оның нотасы $5/3$. Ол болады: $264 \cdot \frac{5}{3} = 440$.

Басқаша айтсақ Ибраһим пайғамбар жұлдыз ғылымын жақсы білген. Сол арқылы, Ыдырыс сияқты, Алланың бірлігін (жалғыздығын) таныған. Ыдырыстың жұлдызы екінші аспан Ғұтарад (Айқыз), оның нотасы $9/8$.

Осы екі сан (2.6) ғалам кілті, Тұран шаршысы екені айтылды (1-суретті қараңыз). Бұлардың ноталарын қосамыз:

$$\frac{9}{8} + \frac{5}{3} = \frac{270 + 40}{24} = \frac{67}{24}.$$

Күндері: сәрсенбі — бейсенбі (4-суретте тура сызық).

24 — сүре . . . Нүр

67 — сүре . . . Мүлік

Басқаша айтқанда, ғалами Нүр Тәңірінің құзырында деген мағынада деп білеміз.

Айтылған санды ($36 \times 14 = 504$) халифалар санына қосамыз:

$$4304 \pm 504 = \begin{cases} 4808 = 601 \times 8 \\ 3800 = 19 \times 200. \end{cases}$$

Алғашқы санды Отырар санына қосамыз:

$$807 \pm 601 = \begin{cases} 1408 = 88 \times 16 \\ 206 = \frac{618}{3}. \end{cases}$$

Осы сандарда ғалам сырының талай өрнегі бар. Бас бата (19) саны ғалақ санына (200) еселенген. Оны пешене саны түрінде қоюға да болады: $190 \times 200 = 38 \times 100$. $206 \times 3 = 618$ (Ал-рахман ал-рахим үш есе) Құранның 36-сүресінде: “Оларға екі елші жібердік. Сонда олар екеуін жасынға шығарды. Үшінші елшімен қуаттадық” деген. (36-сүре, 14-аят). Осының өзінде айтылған екі сан:

Сонымен қатар ол сан Қайрат (арада: 206) (Абай үшкілін қараңыз).

Басқаша айтқанда, жарылқаған (Ал-рахман ал-рахим) бақытына жетем десен үшеуің қосылып қуаттан, қайраттан дегені. Оны Абай былай деген:

“Бірінді казак бірін дос,
Көрмессең істің бәрі бос”.

Сол сүреде, сол аяттан кейін: “Сендер шектен шыққан елсіңдер” дейді (19).” Қаланың шетінен біреу жүгіріп келіп: әй-қауым! Елшілерге ілесіңдер”,— деді (20).

Осы сүреде Алланың барлық ғаламды жұптан жаратқаны, Айды, Күнді, барлық ғаламды өз өрісімен айналдырғанын; әрқайсысының өлшеуі бар екенін айтылған. Айдың аялдамасы бар екені айтылған (36—40-аяттар). Құранның тура жол екендігі. Жақсы сөз сәлем екені айтылған (58—61-аяттар).

Әулие бабамыз Ахмет Иассауидің бет тасы иашма саны — 423 дедік. Оның өзі күміс (Ай) санының торқалы есесі екені айтылды: $423 = 47 \times 9$.

Осы санға Ибраһим санын қосқанда Ал-Мисақ саны шығады делік.

$$423 \pm 259 = \begin{cases} 682 = 622 + 60 \\ 164 = 41 \times 4. \end{cases}$$

Сол санды алпыстық мүшел саны мен һижра жыл санының қосындысы деп қарасақ қалай болмақ?

Сол санды дәуірлік тахул санына қосып қаралық: $682 = 444 + 119 \times 2$.

Ара саны — һандас (геометрия) саны. Ғаламның барлық құрылысы, ғажайып ғимараты, дәуірлік заңы, тамаша қиасы жазуда, кітапта, есепте.

Бата — ғой сүресінен тағы бірер мысал.

“Аллаға сенім артушылар тәуекел етсін”.

“Әлбетте залымдарды типыл қыламыз” деп; уахи етті (14-сүре, 13-аят).

“Көркем сөз (иман келтіру) тамыры мықты, бұтағы көктегі бір көркем ағаш тәрізді (24). Ол Алланың бұйрығынша, әр уақыт жемісін береді” (25).

“Ол Алла сендердің пайдаларың үшін, тұрақты түрде Күн мен Айды іске қосып, түн мен күндізді де іске қосты” (33).

Осы аяттардың әр қайсысына көп кітаптар жазуға болар еді. Қысқаша айтар болсақ тілекті Алланың өзінен ғана тіле, ешкімге жалынба. Зұлымдыққа ерме. Оған Алла өзі тиым салады деген мағына бар. Көркем сөз тамаша. Оның тамыры терең жерқабатында, құнарлы топырақта,

төбесі аспанға бойлап тірелген. Алланың қалауы бойынша онан әр уақытта тамаша жемістер адам пайдасына дайын болмақ; сенімі жоқ (иман жоқ) адамдардың әрекеті бейне бір тас үстіне желмен ұшып келіп жиналған топыраққа шыққан өсімдік секілді. Қатты дауылды жауын болса, ол өсімдік астындағы топырағы мен түбімен қопарылып, құлап қурап қалмақшы. Демек, онан ешқандай жанға пайда жоқ, бос әрекет.

Бұл түсінікті Абайдың мына сөзімен салыстыруға болады.

“Мүһмин болсаң алдымен иманды бол.

Иман өзі адамға табады жол”.

“Күн мен Айға, түн мен күндізге тұрақты қозғалыс әрекет берілді, олар сендердің пайдаларың үшін” деген сөздің арғы тереңінде зор мағына жатыр. Жоғарыда антропогендік адам тектік қағида жөнінде айтылған түсініктер осыған соғады. Ғалам адамға өлшеніп, адам ғаламға өлшеніп, біріне-бірі сәйкес жаралған. Алланың бірлігін аспан ғибратын алу деген түсінік осыған соғады.

Осы қағида лайықты Абайдан көп сөздер табуға болады. Оның бәрін теруге мүмкіндік жоқ, оның қажеті де жоқ. Білгісі келген жан оны өзі де табады, онысы жақсы да болады. Бір ауыз сөз келтірейін.

“Кез жетті бір қалыпта тұра алмасқа,
Адамды сүй, Алланың қиқметін сүй.
Не қызық бар өмірде онан басқа?!”.

Алланың хикметі дегенді бұл арада Абай барлық ғаламның ғажайып сыры мағынасында алып отырғаны мәлім.

Тұран даласында.

Ескендір — Зұлқарнайын әңгімесі арқылы Абайдың грек елі мәдениетімен таныстығын көрдік. Енді Абайдың өзінің туған елінің — Тұранның тарихына көз жіберген мирастарына тоқтамақпыз.

“Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы” деген мақаласында Абай бірнеше кесек ойлар айтады. Соларды талдап қаралық.

“Есте жоқ ескі мезгілде монғолдан бір татар атанған халық бөлінген екен. Қытай татан деп жазады. Асыл түбі қазақтың сол татар”.

Абайдың осы қағидасының арғы тегінде терең шындық жатыр деп білеміз. Мұндағы ең алғашқы шындық, Сібірдің кең даласына жайылған, Алтайға қоныстанған ежелгі ха-

лықтар біріне-бірі тұқымдас түркі нәсілдес халықтар деген түсінік.

Солардың ішінде көбінесе аңшылық кәсіп еткен, жорықта көп болған, жер шалған, ерлік жасаған бір атасы татар болған. Олар кейін, мал өсірумен байланысты, қоныстарын кеңейте келіп, бір заманда Алатау бөктеріне келіп тоқтаған. Бұлардың арасына ислам дінін жайған Кутайба деген кісі болса керек. Кутайба Ибн Муслим болу керек. Ол кісі VIII ғасырда Қашқарға дейін барған, онан бұрынғы олардың діні ескі шаман діні болған.

“От ана, май жарылқа” деген сынды, “Аруакка шырақ жағу” деген сияқты, “Сүт көп, көмір аз” деген ырымдар сол шамандық әдеттен қалған деп жазады Абай. Қазақтың көшкенін көргенде арабтар “қайтқан қаз секілді тізілген екен депті”. Қазақ аты сонан қалған деген пікірді айтады.

Жазғытұрғы наурыз мейрамын қазақтар бұрын ұлыстың ұлы күні деген. Бұл сөзді кейін құрбан айтына қолданатын болған.

Шыңғыс ханды қазақтар қарсы алып, оны ақ киізге салып хан көтерген. Сол қарсы алуда он екі рудан он екі адам болған. Соны бастап барған кісінің бірі қазақтың Майқы би деген кісісі екен: “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би” деген мақал сонан қалған деседі. Сол кездесу дәл қай жерде болғаны мәлім емес.

Бір аңыз бойынша ол осы Шыңғыс тауында, хан шыңында болған: “Қарауыл” деген жерде оның әскері болған деседі. Шыңғыс әскерінің көпшілігі татардан болған. Қазақтар сол әскерге қосылған. Оны Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы басқарған.

Мұнан кейін Абай қазақтың жыл қайыру, мүшел есебінен бір үзінді мақал келтіреді.

“Жылан жылы жылыс болды,
Жылқы жылы ұрыс болды,
Кой жылы зеңгер тоғыс болды”,—

деген. Онан әрі қарай:

“Самарқанның сар жолы,
Бұланайдың тар жолы”

деген мақалды айтады.

Осының бәрін Шыңғыстың сапарларымен байланысты деп санайды.

Мұндағы Бұланай дегені Гималай болар. Өйткені:

“Бұланайдан үлкен тау болмас;
Бұланнан үлкен аң болмас”,—

деген мақал бар деп жазады Абай.

Абайдың осы келтірген мәліметтерінен көп мәселе шығаруға болады.

Аз сөз болсада оның әр қайсысы тасқа басқан таңбадай ап-айқын, халық қазынасының асылдары.

Татар-татан деген сөздердің арғы тегі аншы — мерген деген мағынаға соғатын түрі бар. Қазақта төте, тете, тетелес деген сөздер бар. Ол түзу, тура, үздіксіз, жалғас, туыс мағынасында. Оның өзі, ойлап қарағанда, индейліктер тілінен келген төтем (тегі) деген мағынаға жақын келеді. Ертедегі халықтардың аңдармен аталас-тектес болып саналғандары болған.

Ертедегі Мысыр елінде Тот деген түсінік Айдын, Айқыздың, Шолпанның әулиесі мағынасында болғанын білеміз. Оны жұлдыз мағынасында Ғұтарад дедік. Бұл екінші аспан. Оның мекендері (үйі) 3-мүшел — Барыс (Жауза-Егіз) және 6-мүшел — Жылан (Сүмбіле — Бикеш) (1—2-суреттерді қараңыз).

Тоттың ертедегі сурет бейнесі (басы) байғыз сынды күс болған, немесе мешін қаус (мерген) түрінде болған. Ол 9-мүшел. Басқаша айтқанда, Тұран қақпасының (шаршының) бір бұрышы Сүмбіле (Бикеш) болғанда, екінші, соған жалғас бұрышы Мешін-Қаус-Мерген.

Қазақ атты халықтың ата тегі осы екі жұлдыз тектес деген аңызға дәл келеді. Оның қысқаша түсінігін еске сала кетелік.

Тұран тайпаларынан шыққан бір ханның жалғыз қызы болады. Ол Қыз сарайда отырғанда ер көрмей Ай сәулесінен жүкті болады. Ол әкесінен қорқып нөкерлерімен қашады. Оған тауда мерген кездеседі. Қыз жағдайын айтады. Ол қыздың сөзі (ісі) рас екеніне көздері жетеді. Қыз босанады, ұл табады. Ол ұлды Аққыздың — қыздың баласы атайды. Соның нәсілі қазақ болады. Мерген қызға үйленеді. Онан туғандар да қазақ болады.

Абайдың “Жылан жылы жылыс” болды дегені сол қыздың үйінен қашуы. (Сүмбіле — Бикештің мүшел үйі — 6 — жылан еді ғой). “Жылқы жылы ұрыс” дегені, жылқының жалпы жүріс-түріс көлігі екенін білдіргені болар. “Қой жылы зеңгер тоғысы” жаңа жыл басының Наурыздың мейрамы, Ай мен Үркердің тоғысы. Үркер Сиыр жұлдыз мүшелінің орталық шоқ жұлдызы. Сол кезде 12 мүшелдің жыл басы сиыр болу керек. Оның сарыны қазақтың Өгізхан атты аңызына тура келетін түрі бар.

Абайдың 12 рудан 12 кісіні бастаған Майқы би дегені соған келеді деп білеміз. Майқы-Мөңке — бұқа-өгіз

мағынасындағы сөз. “Зеңгер тоғыс” дегені зеңгі баба (сиырдың) жыл басы болу тойы. Қойлар соған шалынатын құрбандық (Өгіз хандағы ақ қой, қара қойлар ойда болсын). Тышқан жылы арабша хамал — қошқар жылы.

Қазіргі тоғыс балық (хут-доңыз) жылында. Сиыр жыл басы болғаны осыдан 5000 жыл шамасы бұрын болған (екі мүшел арасы 2140 жыл шамасы).

Абайдың келтіріп отырған үш мүшелі үш арыстың бейнесі. Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс. Аспан жағынан алып қарағанда олар Күннен бергі үш шырақтың үйі: Ай, Айқыз, Шолпан (Таңсық). Екінші жағынан өзі біздің халқымыздың ежелгі тоқсаны — үш ай, тоқсан күн.

Ақ кигізге салып хан көтеру деген сол Наурыз мейрамының, тоғыс мейрамының бейнесі. Шыңғыс дегені Шың (биік), Күн аспан мағынасында. Күннің теңелуі, көтерілуі. Шыңғыс күнтуған мағынасында.

Көп мындаған жылдар бұрын болған естен кеткен ескіні халық білмейді. Тек бергін болған нәрсені ұстап қалып, ескі аңызды соған жапсыра салады. Ол ғана емес, кейде қайталамалы ғаламның біріне бірі ұқсас келетін кездері де болады.

Абайдың сынына толып, аузына алуға жараған сөз тегін емес. Оның ар жағында зор мағына жатқанын ұғу керек.

“Сүт көп, көмір аз” деп шөмішке ақ құйып, күн күркірегенде үйді айнала аластайды” дейді Абай. Бұған біздің қосарымыз бұл да айтылған Наурыз мейрамына жатады. “Сәуір болмай тәуір болмайды” деген қазақ мақалының мағынасы сәуір айында (Наурыз деп кейін) күн алғаш рет жауын — күркіресе, сол жауын ең зор бақыт әкелетін рахман жауыны, нұрлы жауын, жер иіген жауын. Соның тамшысы тамған нәрсе тамаша өрнек алады. Осы түсінікке арналған Ақмолда ақынның бір ауыз өлеңін келтірейік:

“Я Алла қыла көрме әлім нашар,
Алланың рахамынан шайтан қашар.
Бір қатра абрахман тама ма деп
Дарияда жатып садап аузын ашар”.

Қандай тамаша өрнек! Күн жауғанда шайтан аспанға ұмтылады, оны таспен атады (күн күркіреді), ол кашады... Садап қатты қабыршақ сауытты, қос жаппалы теңіз жануары. Олардың қабыршағының іші жылтыр, әдемі меруерт түстес. Онан әдемі ақтана жасалады. Олардың кейбіреулерінің ішінде әдемі меруерт болады. Ол өте құнды нәрсе. Соның пайда болуы айтылған абрахман

катрасына (рахман тамшысына) байланысы. Сол үшін садапта Алланың рахманын үміт етіп аузын ашады.

Абай қозғаған мәселенің бірі халықтың отты қасиет түту әдеті. Отты қасиет түту барлық елдерде бар, барлық діндерде бар.

Ертедегі гректердің аңзын алып қарасаңыз, онда құдайдың оты бар деп санайды. Прометей ол оттан көмір шоқ әкеліп адамдарды от жағуға үйретеді. Гректердің ертедегі аңзы бойынша Прометей, Атлант сияқты алып адамдар — титандар Олимп тәңірлерімен жауласуда болған.

Абай аузына алып отырған шаман дінін алатын болсақ, олар сол оттың өзін адамның анасы деп санайды. Бұл арада оттың аспандық көзі — Күн. Сол бойынша Күнді құрмет ету болған. От май салса күшейеді. Май айы мамыр, май (майа) мейрамы соны көрсетеді. “Қой жылғы зеңгер тоғыс” сол май (мамыр) айына келеді: Наурыз үшінші ай (қаңтардан санағанда). Сәуір — төртінші ай: мамыр (май бесінші ай. Күн — гун бір тамырдан болуы ғажап емес).

Жоғарғы — төбедегі ұлы от Күн болса, оның қысқаша түсінігі, белгісі төбе от — төбет болуы мүмкін. Ол айтылған аңшы татарлардың ежелгі досы иті, жеті қазынананың бірі деген түсінікке соғады. Мүшел есебі бойынша күннің үйі Ұлу — (5-мүшел, Асад-Арыстан). Соған қарама-қарсы Темірқазық арқылы қарағанда бір сызықтың бойында жатқан 11-мүшел жыл аты ит, аспаны 7 — хат (жеті қазына) Санжар (1-суретті қараңыз). Осы Ит мүшел бұрышын шаршының бір бұрышы деп есептесек, оның басқы бұрыштары болады 2-сиыр (аспаны 3-Шолпан): 5-Ұлу (4-аспаны Күн), 8-қой (5-аспан — Арай).

Төбе отты (төбетті) астрономия ғылымының тарихындағы белгілі Ал-Шағырмен, яғни Сириуспен салыстыруға болады. Сириустың латынша аты каникул, яғни маусымдық үзіліс-мейрам. Ал ол өзі үлкен Арлан иттің бас жұлдызы (оң көзі делік). Бұл жұлдыз Мысыр елінде ертеде аспанды бақылаудың ең басты белгісі болған. Нілдің тасуын, уақыт өлшеуішін бәрін сол ең жарық Сириус жұлдызына байланыстырған. Сол елдің аңзындағы тот деген сөздің өзі тегінде сол төбе ит түсінігіне байланысты болуы ғажап емес. Оған төтем мағынасы жалғасуы лайық. Ол төбе оты болғанда оның жердегі орыны үйі айтылған Күн шаршысы болмақ.

Онан келіп төңіректің төрт бұрышы шығады. Осы төрт деген сөздің тамаша тарихы бар. Бізше төрт — латынша — тетра, арабша арбағ (арбағ — арба — төрт аяқ). Төрт — төр — от мағынасында болмақ.

Ертедегі біздің халқымыздың күн сағатымен байланысты: “Тас төбе”, “Тал түс” деген түсініктері де есте болсын.

Қазақша мен латынша атаудың екеуінде де әріптердің сандық мәні болады мың:

$$m = 400, p = 200, m = 400, \\ 400 + 200 + 400 = 1000$$

Кіші абжд бойынша: $4 + 8 + 4 = 16 = 4^2$

АБЖД есептің ең үлкені, алыбы 1000.

Қазақша алып деген (немесе әліп деген) сөздің жұлдыздық мағынасы бар. Жеті хат көктің жалғыз орталық алып көзі — Күн. Сол Күн қақпасынан қарағанда Темірқазық көрінеді. Оны табу үшін Көкшөміштің (Жеті қарақшының) маңдайы арқылы сығалау керек. Сол Жеті қарақшының екінші аты: “Жерге түспес жеті әліп”. Себебі ол батпайды.

Бір тамаша ойласатын нәрсе арабша мың деген сөзді алиф дейді. Арабша “п” әрпі жоқ екенін еске алсақ, қазақша мен арабша алып (әліф) бір мағынада үлкен (ұлы) сан, төрт жер саны. Оны екінші жұптың алғашқы дәрежесі деп қаралық: $2^2 = 4$, онан әрі $4^2 = 16$ (кіші абжд) онан әрі: $16^2 = 256$ (Нұр).

Кейбір жағдайларда “Р” әрпі айтылмай түсіп қалатын кездері болады. Мысалы, Қытайша татар татан болып жазылатынын Абай көрсеткен. Мұнда бір ойда болатын нәрсе, “ар”, “ра”, “ан” (аспан) жоғары, арғы, асулы — аспан мағынасында. Осымен байланысты төрт, тетра, татар, тантан, тартар, титан, титон деген сөздерден тот, тат, тут деген сөздер туады. Мысыр аңызының тот дегені осыған байланысты деп білеміз. Гректердің аңызындағы Титон да соған барады. Оны Эостың күйеуі, Мемнонның әкесі деп есептейді. Осы аңыздар біздің халқымыздың “Қозы Көрпеш Баян сұлу” аңызына сабақтас деп білеміз. Тот болса ол Ай, Айқыз, Шолпан — үшеуіне бірдей әулие. Қозы Көрпеште үш қыз бірге, Баян, Айқыз, Таңсық. Бұларды Ай, Айқыз, Шолпан деп білеміз. Эос — таң Шолпаны, таңғы шық оның көз жасы десе, қазақтың Таңсық дегені соған тікелей дәл келеді.

Осы үшеуі Абай атап отырған үш мүшел жылға дәл келетіні айтылды. Есте болсын, мүшел есебі алпыстық — шеңберлік есеп жүйесі. Онда жылдық, айлық, апталық, күндік — тәулік тіркес қолданыла береді. Осы жағын

алып қарағанда "Қозы Көрпеш Баян сұлу" көші замана көші, жыл басына таласу мағынасында болмақ.

Абайдың айтып отырған Сібір мәдениетінің тамыры өте әріде жатыр. Оның арғы тегі мұз басқан, тас қолданған дәуірден басталады. Ұсталар Алатауы, Кемер көмірі, шаман тасы, тағы басқалары кемінде қырық мың жыл бұрынғы өмірдің ізі деп білеміз. Онда бір кезде Абақ хан болған. "Ат байладым Абаққа" деген аңызды шолып қараңыз. Ол Өгізханнан бұрынғы хан.

Екінші жағынан қазақтың кең даласы малға кең өріс, құтты қоныс болды. Ол Бараба даласы. Суы — сүт, ағы мол, қыдыр дарыған құлынды елі болды. Сонан келіп Бараб-Фараб жалғасты.

"Сүт көп, көмір аз" заманы болды. Абай айтып отырған осы мәтел тікелей Фараб (Отырар) атына жалғасады. Қазақтың қазыналы тілінің тамыры терең: оның бір шеті Американың ежелгі (үндіс) халықтарының мәдениетінде, екінші жағы Мысыр мәдениетінде ізі жатыр.

Адам өмірінің ұзақ көші мындаған жылдарға созылған болса, онда мәдени ауыс-түйіс болуы ғажап емес. Осыған қарағанда адам мәдениетін тар шеңберге тығудың мән-мағынасы жоқ, кең көлемде қарау керек.

Мың деген санның кейбір қасиетін еске алайық. Мың деген сөзді маң — мең деген сөздермен сабақтас деп білеміз.

Араб елінің атақты "Мың бір түні" сол мыңға байланысты. Мұнда арабша "Алиф лайли ау лайлай", яғни мұнда "мың түн және түн" деп, мың жеке бір топ, оған кейін жалғыз түн қосылады. Оны құрандағы бір аятпен салыстыруға болады. Онда былай деген:

"Қадыр түні мың айдан қайырлы" (97-сүре, 3-аят).

Еске ала кетелік, мың бір саны жердің және күннің сандарымен байланысты.

Арабша жер — арыс, абжд — есеп бойынша: $a = 1$, $p = 200$, $c = 800$. жиыны болады: $1 + 200 + 800 = 1001$.

Күннің құрандағы сүре санаты 91, арабша аты Шамси. Осы санатты Ай санына еселесек болады мың бір: $91 \times 11 = 1001$

Күннің нұры Ай арқылы жерге түседі деп оқуға болар деп ойлаймыз.

Екінші жағынан Шамси сөзінің сандық мәні болады: $300 + 40 + 60$. жиыны: 400

Бұл "т" әрпінің саны $t = 400$ төбе-төр төрт (төрт от) болса, оның саны болады мың: $t = 400$, $p = 200$, $m = 400$ болады: $400 + 200 + 400 = 1000$

Осы мың санын Ибраһим есімімен байланысты шығарайық. Ол бір тамаша ойласатын нәрсе. Құрандағы 14-сүре Ибраһим. Басында А + Л + Р әріптері бар, аят саны 52. Соның сандық мәні болады:

$$14 + 259 + 231 + 52 = 556 = 4(92 + 47).$$

Осы сандардың әр қайсысында ерекше қасиет бар екені айтылды. Олардың Абай есіміне байланысы да айтылды. Оған қоса айта кетеріміз жиын сан. Төрт еселеніп қағба, күміс сандарының жиынына тең болады. Қағба деген сөздің саны 92-Мұхаммед санымен тең: Екінші жағынан қағбаның геометриялық (һандас) формасы текше деген сөз. Ол ғылыми қиас (симметрия) басы. Ол жердің тегі, ол темірдің (хадид) саны. Күміс болса оның атомдық электрон саны 47 (химиялық саны). Сол санда құранда Мұхаммед сүресі. Күміс Айдың металы, Ай исламның ту белгісі. Осылардың бәрі келіп Аспан шаршы төрт қабырғалы қағбаға алып келді.

Ибраһим пайғамбарға арналған музыкалық мақам саны: $440 = 5(62 + 26)$ деген едік. Оның нотасын есептеп шығарған әл-Фараби. Ол есептің өзінде талай сырлар жатыр. Есте болсын темір тек бес есе пешене осы, менді Ай осы, маңдай осы. Мың саны да әліф те осыдан шығады.

Менді Ай (маңдай) күннен жоғарыда белгі (Менді)-Ай, яғни ол Арай (Марих-Марс), бесінше аспан пешене. Оны $p = 200$ (бас жоғары-арғы) санына еселесе болады: $200 \times 5 = 1000$ мың, ол адам қанының да саны ғалак (5-суретті қараңыз).

Ол үшін айтылған екі санды қоссақ болғаны:

$$556 \pm 400 = \begin{cases} 996 = 83 \times 12. \\ 116 = 29 \times 4. \end{cases}$$

$$556 + 444 = 1000.$$

Осы екі сан біреуі күннің ар жағындағы, біреуі бер жағындағы аспандармен байланысты деп білеміз. Сонымен қатар бұлар әл-Фараби мен Абай есімдерімен де бірдей байланысты екенін еске алайық.

Ай, Айқыз, Шолпан үшеуі күннен бергі аспандар екені белгілі. Бұлардың металдары: 1) Ай-күміс (47), 2) Айқызсынап (80), 3) Шолпан-мыс (29). Металдарын қосамыз: $47 + 80 + 29 = 156 = 52 \times 3 = 26 \times 6$.

Ибраһим сүресінің аят саны 52, ол хамд тауба саны. Оны үшке көбейтеміз. Болады үш металдың (үш ішкі аспанның саны) немесе алты есе темір (хадид) саны. Мұны үш арыс, алты алаш мағынасында үгу керек. Үштіктің

һандас (геометриялық) негізі айтылды, ол масалас — Ыдырыс есімі...

Үштік негіз Мұхаммед Расул Алланың үш мешіт хадисында бар. Үшпен қуаттандыру құранда бар екені айтылды. Соның үстіне тағы бір дәлел айтылған Ибраһим санынан шығарамыз.

Онан мыс санын айырамыз:

$$29 = \frac{556 - 440}{4}$$

Мыс Шолпан металы, ол үшінші аспан. Үш еселейміз:

$$3 \times 4 \times 29 = (559 - 440)3$$

Онан шығады:

$$12 \times 29 + 40 \times 3 = 556 \times 3 = 1668$$
$$348 + 1320 = 1668 = 678 + 90 \times 11$$

348 — мұхарық (шұғла), 132 — жүрек (калып), немесе жетілік (сабиғ) (132). 678 — Абай саны, 110 — темір тас саны.

Шолпанның үйі Мизан (Таразы)— жылқы жылы. Ол Мұхаммед Расул Алла жұлдызы.

Мұхарақ — шұғла әл-Фараби шығарған ғажап есеп. Екінші жағынан ол Нұрмұхамед есіміне дәл келеді.

Айтылған үш металдың бас орынды алатыны сол үшінші аспан Шолпан металы мыс екенін біздің халық өте ерте заманда білгеніне бір дәлел олардың ертедегі атауында:

“Мысым құрыды” дейді казак.
Мыс негіз. Күміс (ақ мыс — күміс)
су мыс — сұйық мыс, яғни сынап.

Демек негізгі атау мыс — мес — тек. Осыдан келіп Гермес — Ғұтарад — Меркурий. Ыдырыс жұлдызы шығып жатыр. Мыстың тегі темірлік екені есте болсын. Демек ол келіп, Абай саны арқылы темір тасқа — магнитке жалғасады.

Осымен әңгімемізді тоқтатсақ деймін.

* * *

Жас кезін албырттықпен өткізген Абай қырықтан асқаннан кейін ел қамын көп ойлайтын болған. Абайдың сол кездегі білім, ғылым, тәрбие жөніндегі ойларына көз жіберу үшін оның бір ауыз өлеңін келтірейік. Абай заманында орысша-қазақша бастауыш мектеп интернат ашылған. Абайдың соған арнаған: “Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы” деген өлеңін білеміз.

Сол оқуға Абайдың қалай қарайтынын аңғару қиын емес. Ол кісі алдымен ол интернатта шарифат сабағы шала болатынын сынаған.

“Ойында жоқ олардың шарифатқа шаласы” деген. Онан әрі қарай Абай орысша оқығанды мақтан үшін, отаршыларға қызмет ету үшін, бас пайда үшін емес, ар-намыс үшін, білу үшін оқы дейді. Отаршылардың қиянатын сынаған Салтыков пен Лев Толстойды оқы деп ағалық ақыл айтады. Басқаша айтқанда, Абай басқа елдің ілімін сын көзімен қарап, өзінің елдік, исламдық асыл қазына қалпыннан айырылып қалма деп отыр. Европа мәдениетінен тура жолдағы бағыт ретінде Л. Толстойды атауында зор мағына жатыр.

Европа елдерін осыдан мың жылдан бұрын ғылымға, өнерге оятқан ислам мәдениеті екені белгілі. Әл-Фараби заманында Араб халифаты екеу болған. Оның бірі Бағдадта, екіншісі Испанияда. Ол кездерде Европа елінің талаптылары араб медреселерінде оқитын. Бұл ғылыми салада. Екінші дін саласына келгенде христиан мен ислам діндері арасында қайшылықтар болған. Ол да белгілі нәрсе. Ислам ілімінің пайдалы жақтарын шіркеу қайраткерлері өз істеріне пайдалануға тырысты. Бірақ оны олар әрине, исламнан алдық демейді. Сол себепті олар ислам іліміне негіз болған ертедегі ілімдердің тарихына жабысатын болды. Ол тарихта Зұлқарнайын екеу. Біреуі ислам дініндегі Ғабдолла, екіншісі Олимп діні бағытындағы Ескендір-Македонский. Батыс елі осы Ескендір бағытына, грек-рим мәдениетіне жабысып, өздерінің ілімін солай бейімдеуге тырысты. Соның әсерінен ислам ғалымдарының көп еңбектерін Аристотель сияқты атақты ғалымдарға жапсыратын болды. Жалған Аристотельдер көбейді. Мысалы, тастар туралы жазылған әл-Беруни сияқты адамдардың еңбегін Аристотельдікі деп жүргізушілер болған. Ал расын алғанда Аристотель тас туралы жазған адам емес.

Әл-Фарабидің көп еңбектері басқа адамдардың атына ауысып кеткен. Мысалы, астрономия, музыка, архитектура, математика, механика, оптика, медицина, философия-логика тағы басқа салалардағы әл-Фараби мирастарының көбісі басқа адамдар атында болып келгені мәлім. Ол кісінің біздерге тек кейінгі кезде ғана белгілі бола бастау себебінің өзі осында.

Екінші жағынан араб медреселерінде оқыған адамдарға шіркеу екі бағытта қарады. Біріншіден, оларды өзіне тартып, олардың ислам ілімімен алғандарын солардың өздерінікі ретінде көрсетуге тырысты. Екіншіден, егер олай

бейімдеуге мүмкіндік болмаса, оларды қудалауға ұшыратты.

Сол ислам шындығы үшін соққы көрген бірнеше адамдарды еске ала кетелік.

Европада алғашқы университет ашқан екі ағылшын ғалымының ісін көрдік. Оның біріншісі Роберт Гроссетест (1175—1253) Линколн епископы, екіншісі оның шәкірті, досы Роджер Бэкон (1214—1294). Бұлар әл-Фарабидің көп еңбектерін европа тіліне аударып, оқулық ретінде ашық қолданған. Табиғат зерттеу жөніндегі әл-Фарабидің мирастарын олар ғылыми жолдың негізі деп таныған. Әл-Фарабидің оптика жөніндегі еңбектерін олар өздерінің ғылыми бағыты ретінде қолданған. Осыған байланысты олар ғылымның жолы шіркеудің жаттандысында емес, табиғат аясында деген жолда болған. Бэкон өзінің “Негізгі еңбек” (1266—1267) атты кітабында осыны талдаған. Ол кісінің осы еңбегі европа елдерінің XIII ғасырдағы ғылыми энциклопедиясы болып табылады. Шіркеу ісін сынаған. Ол үшін ол көп жыл түрмеге қамалды.

Онан кейінгі кезде Гроссетест пен Бэкон жолын қуған адамдар, “Жаңа астрономия” аталатын бағыттың ғалымдары. Олар Николай Коперник (1473—1543), Г. Галилей (1564—1642), И. Кеплер (1571—1630) Бұлар да қудалаудан аман қалған жоқ.

Сол тартыстың келесі бір кезеңі француздың атақты оқымыстысы Жан Жак Руссо (1712—1793). Бұл кісі тәлім-тәрбие ісінде, адамдық жолында әл-Фараби еңбектерінің ізінде болған. “Қайырлы қала тұрғындарының көз қарасы” атты әл-Фараби еңбегінің негізін қабыл тұтқан адам деуге болады. Бұл кісі де өз елінде қуғын көріп, шет елде өлген.

Сонан кейінгі дәуірде Л. Толстойға (1828—1910) тоқтауға болады. Толстой алдымен Руссо іліміне бас ұрған адам. Сол себепті оны (Толстойды бір кезде) “русское Руссо” деген болатын.

Л. Толстой империялық отаршылдық саясатқа қарсы болған. Сонымен қатар ол шіркеу ісіне де қарсы шыққан. Сол үшін оны шіркеуден аластап, оған анафема (қарғыс) жариялағаны мәлім. Өзі атақты граф, өзі ұлы жазушы, ойшыл болған себепті оған басқа шара қолданудан Россия қаймықты.

Міне Абайдың сілтеп отырған бағыты. Бұл арада әл-Фараби мен Абай арасын жалғастырушы дәнекердің бірі Л. Толстой болып табылады.

Абайдың айтып отырған интернатынан оқып шыққан кімдер болды? Олар біздің халқымыздың өмірінде қандай іс атқарды? Осы жөнінде бірер сөз.

Сол интернаттың бірі Қарқаралы қаласының қасында “Ақтерек” деген жерде болған. Сонан оқып шыққандардың ішінен онан әрі қарай оқып, жоғары сатыға көтерілгендері де болды. Ауыл арасында тілмәш, болыс болғандары да бар.

Сол Қарқаралы интернатынан шыққандардың бір сыпырасы кейін, біздің бала кезімізде “Алаш” партиясын ұйымдастырды.

Солардың ішінде Абайдың ағалық ақылын алған “пайда ойламай ар ойлаған” талапты ерлері де болды. Көптің қамын ойлаған ардагерлер де болды. Бір екі ғана мысал. Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақпаев. Біреуі орман өсіру маманы, біреуі заң маманы. Бірі Алаштың президенті, екіншісі бас прокуроры болды. Бұлар халқын өгіздей өрге сүйреген ерлер еді. Олар адамдық із қалдырды.

Шарифатқа шалалық, исламға селқостық біздің халқымыздың рухани жағынан тоқырауға ұшырауына да белгілі бір дәрежеде себеп болды деп білеміз. Ол олқылық сол кездегі отаршылдық саясатына да байланысты болды.

Бұл күнде біз өз еркімізбен, ислам елдерінің ұсынған қолын қақпай, көмегін пайдалана отырып, сол олқылықты түзетпесек кешірімсіз күнә болмақ.

Осыларды еске ала келгенде Абай жолының негізі қалай болу керек? Абайдың ең басты қағидасына көз жіберелікші: “Адаспай тура іздеген хакимдер болмаса дүние ойран болар еді... Бұл хакимдерден мұрат — мұсылман хакимдері” (38-сөз).

Абайдың мұсылман хакимдері деп ерекше арнап айтып отырған себебін дұрыс-түсіну қажет. Өйткені адам баласының бәрі досың деген Абай бұл арада мұсылмандықты неге алға қойған? Оның себебі ислам діні ең ақырғы дін. Ол адам баласының тарихи, табиғи, ғылыми, рухани, діни өрлеу сатысының шыңына жеткен заманда дүниеге келген. Ол өзінен бұрынғы діндердің адамзатқа ортақ пайдалы жақтарын жинақтаған қорытынды дін, ғылыми дін. Ғылым үйрену исламның зор парызы болып саналады.

Пайғамбарымыз Мұхаммед: “Ман ахаб ал-ғилми уал-ғұламай фаһуа рафиқи фи ал-Жаннати” яғни: “Кімде кім ғылымды және ғұламаны сүйсе, ол менің жанатта көршім болады”, — деген.

Осыған байланысты ислам халифаттарында ғылымның қандай жоғары орын алғаны мәлім.

Ислам ғылымының негізі құран аяттары болып табылады. Онда алдымен адам барлық ғылымды жаратқан Тәңіріне сеніп оның бұйырған шариғат жолын таза ұстап, сонан кейін, сол адал ниетпен Тәңірінің жаратқан дүниесін тану керек дейді. Оны алдымен өзіңнен баста, сонан кейін айналана көз жібер. Тәңірінің жаратқан табиғат дүниесінің сыр-сипаты құран аяттарында берілген және соған қосымша пайғамбар сөздерінде — хадиста айтылған. Сондықтан табиғат дүниесін бақылаудың басын аят пен хадистан бастау керек. Сонан әрі қарай адам қиас, мирас әдістерін қолдану керек. Яғни ол әдістер бақылау, өлшеу, есептеу, зерттеу, салыстыру, тексеру-т. б. ислам ғылымының бағыты осындай.

Табиғаттану мәселесінде алдымен сол табиғаттың өзін тікелей өлшеу әдісі басты орын алады. Айталық Күннің батуы, таңның атуы, Айдың қозғалысы, ауа райы, жыл маусымы деген секілді. Басқаша айтқанда, көрінген құбылысты көрнекі өлшеу. Оның қысқаша атын көрнекі қиас деуге болады. Ғалам құрылысын көрнекі әдіспен зерттеу. Қазақтың жүз естігеннен бір рет көрген артық дегені сол. Расында, адам баласының дүние танудағы ең басты сезімі көру.

Көру үшін ғаламның құбылысын әр түрлі сурет, бейне, сызықтар арқылы көрсету керек. Әл-Фарабидің хандаси-геометриялық әдісі осыған негізделген. Табиғат суретін Абай өлеңмен берген.

Бір мысал:

Безендірген жер жүзін тәңірім шебер,
Меірімандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкендей үстіне аспан төнер.

Қорытып айтқанда, ислам ілімінің үш негізгі тарауы: 1) құран аяттарын түсіну, 2) пайғамбардың хадистерін талдау, 3) табиғат дүниесін ғылыми көрнекі қиас әдісімен зерттеу. Осы үшеуі бір жерден шықса, адамның пайдасына жұмсалса, сол болады ғылыми шындық.

Ислам ілімін Батыс Европа елдері қабылдаған кезінде оның шариғатын, ислами діни тіректерін сыртқа тастап, тек табиғат зерттеу жағын қабыл алды. Осының салдарынан ғылым адамдық жолға қызмет етуден қалып, керісінше, атакқа, байлыққа, мансапқа қызмет ететін болды. Осыны сезген даналар Европа ғылымына сын көзімен қарап тікелей қарсы шығатын болды. Соған мысал жоғарыда айтылған Л. Толстой. Осымен байланысты сол кісінің Криз патша туралы жазғанын еске алайықшы.

Жерорта теңізінің оңтүстік қабағында ерте заман Мидия атты мемлекет болады. Соның атақты патшасы Крив дүние жүзіндегі ең бай, ең салтанатты, ең күшті адаммын деп санаса керек. Сол кездегі гректің белгілі данышпаны Солон деген кісіні Крив қонаққа шақырып, өзінің байлығын, салтанатын көрсетіп мақтанады:

— Менен бақытты жан көрдің бе?— деп сұрайды ол Солоннан. Еске сала кетелік, бұл Солон атақты ғалым Платонның нағашысы, шешесінің бауыры болатын.

Солон оған:

— Адамның бақытты, бақытсыздығы өлер сағатында ғана белгілі болмақ,— дейді.

Сонан кейін кешікпей Иранның шахы Кир Мидия елін талқандап, Кривды қолға түсіреді, өлер сағатында Крив айқайлап Солонды шақырады. Кир себебін сұрайды. Ол болған оқиғаны айтады. Сонан кейін екі патша Солонның бір ауыз сөзі себеп болып, татуласады.

Осы әңгімені Шәкәрім хажы өлеңмен поэма етіп жазған. Осымен байланысты белгілі жазушы Сабит Мұқановпен әңгіме есіме түсті. Ол кісі өзінің “Аққан жұлдыз” атты шығармасы жөнінде менің пікірімді білгісі келді. Мен ол кісіге Солон мен Крив арасындағы әңгімені айтып былай дедім:

— Сіз Шоқанның жас, бала кезін, Европа іліміне еліктеген кезін, орыс мәдениетінің шашбауын көтерген кезін бердіңіз. Оның бәрі қазіргі саяси бағытқа тура келіп жатыр. Кейін сол жастық, мастық кез өтті. Оның шындыққа көзі жетті. Жалған жолды тастап, ауылға барып халқының қолынан жөнелді. Бұл жағын сіз бермепсіз. Сонымен Солон сөзі бойынша өмірдің қорытындысы шындық сырт қалып, жалғаны көрсетілген. Осы жағын қалай ойлайсыз?— дедім. Сабит марқұм оны мойындап, кейін жалғасын берем деп уәде қылды...

Жоғарыда айтылған интернатта оқыған деген мысалдың бір түрі осы ғой. Мұны айтып отырған себебім Европа өнері кейінгі кезге дейін рухани тұрғыдан төменгі сатыда болып, мақтаныш, мансапқорлық, озбырлық жолда болған. Оның себебі ғылымның рухани жағын сырт қалдыруда болып келді. Кейінгі кезде Европа ғалымдарының өздері де мұны сезіп, шындық жолын іздеуде. Мысалы, атақты физик Эйнштейннің қатесін тауып отыр. Шындық жолы Абай айтқан мұсылман хакимдері жолы, әл-Фараби жолы. Сонымен Абай жолы бір сөзбен айтқанда, ғылыми ислам жолы, адамдық жолы демекпіз. Келесі ұрпақ осы жолда болғай!

Өлшеуін білмек ғылымның асыл тегі

Абай өзінің ғаклия сөзінде: “өлшеуін білмек — бір үлкен керек іс”,— деп жазады. Оған нақты мысалдар келтіреді. Адамның сыртқы және ішкі қайраттары (дәулет, ақыл, ғылым)— бәрі де жақсы істер. Бірақ ойларында болсын. Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар. Өлшеуінен асса, жарамайды.

“Ішпек, жемек, күлмек, көңіл көтермек, күшпак, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық — бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асса боғы шығады” (43-сөз).

Осы сөздердің терең мағынасына, табиғи тегіне көз жіберетін болсақ, ғылымның асыл тегі өлшеуін білуде деген қорытындыға келеміз.

Ғалымның табиғат дүниесі Тәңірім шебер безендірген ғаламат сырлы ғажайып құрылыс. Оны қалай өлшейсің? Басқаша айтқанда ғаламның өлшеуіші не болмақ? Оған берілген айқын түсінік бар. Оның аты басқы тектер, олардың кескін бейнелері және түсінуші адамның сезімдері.

Бір тамашасы сол, бұлардың бәріде бестен, қолындағы бес саусағың секілді бес тек: от, жел, су, жер, жұлдыз. Олардың кескінін бейнелеуші түзу көп жақты формалар: төрт үшкіл жақ, сегіз үшкіл жақ, жиырма үшкіл жақ, алты шаршы жақ, он екі бескүл жақ. Демек үшкіл, төрткүл, бескүл. Олардан басқа және олардың түйіндерін белгілейтін шар — шеңбер бейнесі тағы бар. Айталық көрсетілген көпжақтардың жазық беттері үшкіл, төрткүл, бескүл дедік, олардың айнала шеттері немесе қосылған жапсарлары сызық, үш сызық, төрт сызық, бес сызық. Ол сызықтардың түйіскен, айқасқан жерлері ноқат. Ол да өлшеу емес тек қана орын. Сонымен екі өлшемді жазық (ұзыны, көлденеңі), бір өлшемді сызық (ұзыны), өлшемі жоқ ноқат. Бұл айтып отырғанымыз заттың жазық беті. Оны көлемді түрде алсақ, ол болады, үш, өлшемді (ұзыны, ені, биіктігі). Осымен өлшемдердің негізгі түрлері көрсетілді. Мұның бәрі әл-Фараби еңбегінде толық талданған нәрселер. Демек, Абайдың іздеп отырған өлшеуішін әл-Фарабиден табамыз.

Ол үшін, яғни сөз түсінігін өлшеуге алу үшін, ол сөздің сандық мәнін табу керек. Оның мәнісі сол сөзді құраушы әріптердің сандық мәндерін алып, соларды жинау керек. Сол болады сөз түсінігінің сандық өлшемге келтіру жолы. Кез келген сөздің сандық мәнін әртүрлі әдіспен қуа бер-

мек, ол бізді шатастырады. Оның аты өлшеуінен асқандық болады, ол жарамайды, оның арты апатқа апарады. Алатын сөз алдымен аят-хадис сөздері болу керек. Екіншіден, әріп сандары да араб әліппесінен болу керек, яғни құран әріптері болу керек. Тек сонда ғана мағыналы мазмұн күтуге болады. Біз жоғарыда Абай санын келтірдік. Ол сан алланың қасиетті, сипаттарынан құрылған сөздердің сандық мәні: жүрек (қалаб -132) қайрат (-206), ақыл (ғақл -200), ғылым (-140). Жиыны: $132 + 206 + 200 + 140 = 678$. Осы сандардан жазық өлшемдер жазуға болады: үшкіл, төрткүл, бескүл. Солар арқылы тектерге апаруға болады. Демек, сол формалар арқылы табиғат дүниесін құраушы заттарды өлшеуге алуға болады.

Міне, табиғат дүниесін хандиса (геометрия) жолымен зерттеудің жолы Құран кәрімде көп жерлерде ғаламның өлшеумен жаратылғаны айтылады. Ислам ғалымдары соған сүйенеді. Адамның ақылы жетпес ғажайып ғаламның есебі Тәңірімнің қолында. Ол ұлы есептен біз, оның рұқсатымен, аздап баһир алуға тырысамыз.

Аят хадиске сүйенген дәл есеп-өлшеу болмаса, адам шатасады, апатқа ұшырайды. Оның шет-жағасын біздер үстіміздегі ғасырда көріп отырмыз. Мұны талдап отырған себебіміз жоғарыда біз “Бабалар батасында” бірсыпыра есептер келтірдік. Оның бәрі сайып келгенде иманды нығайту жолында, аят-хадистың шындығын дәлелдеуде.

Көп замандар бойында қыздырманың қызыл тіліне қалыптасып қалған көп адамдар ол есептерге үрке қарайтын да болар. Бірақ жалғандыққа ермей, тура жолға шығам деген жанға сол есептер зор таяныш болар деген үміт бар. Бастауыш немесе орта мектеп көлемінде сауаты бар адамдар түсінерліктей есеп қабылдау қиын ба немесе “аңқау елге арамза молда болған надандарға өзінді ата-ананды, бала-шағанды, ұрпағыңды, қорлатып қою жөн бе?

Айту, көрсету міндеті бізде, оны қабыл алу, таңдау міндеті, оқушым, сізде.

Әл-Фараби мен Абай сынды данышпан ұлдары бар ел жарық сәуле жолынан адаспас. “Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң”, деген балаларымыз.

Өлшеуден асып, адамдық шегінен шыққан имансыздардың неге жеткізгенін көрдіңіз. Олар, Абай сөзімен айтсақ, “боғы шығып” тоқтап отыр. Бірақ ол өлшеудің тура жолына түспегендер тағы сол шатасуға қайта оралды. Сол қауіпті, сонан сақ болу керек. Ол үшін ғылыми ислам

жолына — әл-Фараби жолына — Абай жолына мықтап түсу керек.

Латын тілінің метр — өлшеу деген сөзін қазақша темір деп түсінуге болады. Екеуіндегі әріптері бірдей, тек орындары алмасқан. Олардың сандық мәні болады 640. Осы санға бас бата сөзінің әріп санын екі еселеп қосамыз, болады:

$$640 \pm 19 \times 2 = \{ 640 \pm 38 = \left\{ \begin{array}{l} 678 \\ 602 \end{array} \right.$$

Алғашқы Абай санын кейінгі 19-сүре басының саны (19 марим сүресі). $19 + 290 + 195 + 198 = 602$. Ойлап қарасаңыз тамаша дәлдік.

Араб тілінде өлшеуді бізге керек мағынада қиас дейді. Оның сандық мәні болады $100 + 10 + 1 + 60 = 19 \times 9$.

Бұл да айтылған 19 санының торқалы тоғыз есесі. Ғылым деген сөздің алдына арабша жалқылық көсемше қайсақ, ол болады ал-ғылым. Оның сандық мәні айтылған қиас санына дәл келеді.

$$140 + 31 = 171$$

Демек қиас — ал-ғылым.

Басқаша айтқанда ғылымның асыл өзегі қиас. Арабтың атақты теңізші ғалымы — ақыны Ахмад ибн Мажит өзінің “Теңіз ғылымы” атты еңбегінде жазған әдемі өлеңі бар. Оның жобасы мынаған келеді.

“Ғылымның асыл тегі болар қиас.

Бірақ оны көрінген меңгере алмас”.

Тағы қиастың он тоғызбен байланысын көрелік 67-сүреде қозғалыстан (тамур — 646) деген сөз бар. Тарихта мынадай бір мәлімет бар. Әмір Темірдің әкесі Тарақай түсінде исламның алмас болат қылышын ұстаған. Соны жорытуға шейхқа барса, ол кісі құран оқып отыр екен. Сонда тамур деген құлағына шалынады. Сол бойынша ол баласының атын Темір қояды.

Осы тамур деген сөзден тағы 19 саны шығады. $646 = 19 + 34 = 38 \times 17$.

Осымен байланысты тағы бір тарихи жұмбаққа соғуға тура келеді, өйткені ол әл-Фарабидің туған қаласына Отырарға қатысты.

Отырарда әмір Темірдің нижраның 807 жылы қайтыс болғаны белгілі. Отырар атының сандық мәні 807. Осы екеуінің бірдей келуінде бір сыр бар деп сол кездегі ғалымдар пікір жазған.

Енді осы санды темір (хадид) санымен байланысты бір шығарып көрейік, бірден жиырма алтыға дейінгі сандар жиыны болады:

$$\frac{26(26+1)}{2} = 13 \times 27 = 351. \text{ Бұл сан ал-Саратан (Ал-}$$

Шаян-Қоян) саны. Ол өзі пайғамбар жолы — нижра жолындағы жұлдыз — Айдың үйі. (Ал — Сартан — $351 = 39 \times 9$). Екінші жағынан өзі текше (куб) қағба саны. Текшенің бір төбесін жерге тік қадасақ, оның 19 мүшесі көрінеді, 7 мүшесі көрінбейді. Оны былай түсінеміз. Тік төбенің айналасына шеңбер сызамыз. Оның айналасына түйістіріп, шеңбер сызамыз. Олардың сыртынан тағы солай түйістіріп, 12 шеңбер сызамыз, болады: $1 + 6 + 12 = 19 = 7 + 12$.

Ортадағы жеті шеңбердің астында тағы сондай көрінбейтін 7 шеңбер бар деп білеміз. Сонда барлығы текше саны болады $19 + 7 = 26$. Көрінген 19 шеңбер ішіне 19 сан жазамыз, жиыны болады: $\frac{19(19+1)}{2} = 190$.

Көрінбеген астындағы 7 шеңбер ішіне жазылған сандар болады: $\frac{7(26+20)}{2} = 161$. Тексереміз $190 \pm 161 = \begin{cases} 351 \\ 29 \end{cases}$.

Осы кейінгі санды қосамыз айтылған тамур санына,

болады: $646 \pm 161 = \begin{cases} 807 \\ 485 \end{cases}$. Міне сізге Отырар саны —

Тимур (Темір) саны, қағба — текше саны. Онан шығады тағы 19. $807 - 351 = 456 = 19 \times 24$ ойлап қарасаңыз тамаша есептер. Бұл арадан мыс саны шықты. Шолпан металы (9). Оны жалғастыра берсек Үш Арысқа — Мергенге — Айқызға қайта ораламыз.

Отырар санының тағы біртамаша түрін көрейік: Арабша алтын деген сөз құранда бар оның аты даһаб, (707), сандық мәні 707. Осы санды күміс санымен қосамыз:

$$707 \pm 47 = \begin{cases} 754 = 441 + 313. \\ 660 = 60 \times 11 = 110 \times 6. \end{cases}$$

441 — Тұран тасы, 313 — қағба тасы, 110 — магнит тасы. Бұл арада алтын, күміс пен қатар үш тамаша тас бас қосқан. 313 — қағбаның қара тасы (Ал-Хажар асуд), оған байланысты магнит тас 110 және Тұран (Ахмет Иассауи тасы — 441.) Бұлардың аралық айырмасы:

$$441 + (313 + 110) = 441 \pm 423 = \begin{cases} 864 = 54 \times 16. \\ 18 = 6 \times 3 \end{cases}$$

Онан әрі қарай тамашасы: $807 + 701 = 1001 + 507 = 1508 = (707 + 47)$ 2. 807 — Отырар саны, 701 — Ратқа — бірге (жалғас), 1001 — арз — жер; 507 — Самуат — Көк.

707 — алтыны
47 — күміс { Күн мен Ай.

Демек, Отырар — Фараби тамаша қасиетті мекендер — Отырарда отыз бап. Айдың айалдамасы осы мағынада — Фараб болса ($284 = 71 \times 4$) — ол — Ғұтарад, Айқыз — тамаша сан — Ыдырыс жұлдызы. Ол ораза — намаз уақытын айырған. Соған сәйкес:

$807 \pm 284 = \begin{cases} 1091 \\ 523 \end{cases}$. 1091 — рамазан сөзінің сандық мәні.

$523 + 47 = 570 = 19 \times 30$. Отырарда отыз бап.

Абай санында төрт есім. Солардың ішінде Абай бірінші орынға жүректі қояды. Оның арабша аты қалаб, саны $132 = 12 \times 11$. Сонымен қатар жеті деген сөздің де арабша аты — саны 132 — сабиғ. Демек, жеті хат көк әсері адамға жүрек арқылы деген сөзге ишарат секілді.

Екінші жағынан иман келтірудің басы да сол санға дәл келеді. Ғабдолла (Ғабд Аллаһ) Алланың құлы сандық мәні болады: $76 + 66 = 132$.

Зұлқарнайын екеу дедік, Оның біреуі Ғабдолла, екіншісі Ескендір. Абай Ескендірді (Александр Македонскийді) өзінің шындық тарихи орнына қойып, оны мақтаудан, мадақтаудан аулақ болғанын білеміз. Сонымен қатар Абай Ғабдолланы — жүректі жоғары ұстаған. Ол кісінің “Муьмин болсан әуелде иманды бол. Иман өзі адамға ашады жол” дегені сол жүректі басшы орынға ұстау болып табылады. Осы жағынан алып қарағанда Абай құрандағы аталған Ғабдолла Зұлқарнайын ісін жақтаушы болып шығады. Ол ғылыми ислам жолындағы қайраткер. Сонымен ислам ғалымдары (Әл-Фараби — Абай т. б.) Ғабдолла Зұлқарнайын жолында, батыс елдері — христиан елдері Ескендір Зұлқарнайын (Македонский) жолында болып шығады.

Осы мәселемен байланысты қазақтың (барлық Тұран елінің) аңыздағы қайраткері Өгізхан мен Ғабдолла Зұлқарнайынды салыстыру бір керекті нәрсе.

Зұлқарнайын сөзінің сандық мәні болады $700 + 441 = 701 + 441 = 1142$. Өгізханды ислам ғалымдарының атауы бойынша Ауғуз түрінде жазамыз. Оның сандық мәні болады 1020. Осы сандарды салыстырып бір қарайық. Бұларды салыстыруды ортақ бірзат бар. Ол Тұранның (Ахмет

Иассауидың) бет тасы, яшма. Оның толық минералдық саны болады — 441.

Осы санды Ауғұз (Өгізхан) санына қосамыз, болады: $1020 + 441 = 1461 = 487 \times 3$. Осындағы 487 сан әл-Фараби үшкілінде кездесетін бір тамаша сан (4-сурет, 141-бет). Ол үшкілдің ішіне сызылған шеңбер өрісі — 153. Соны қосамыз айтылған санға, болады: $487 + 153 = 640$. Демек, қазақша темір, саны шықты. Екінші жағынан оған қосамыз шеңбер санын, болады: $487 + 360 = 847 = 7 \times 11^2 = 77 \times 11$. Бұл санды 153 санына қосамыз, болады: $847 + 153 = 1000 = 640 + 360$.

Демек, 487 саны үшкілдің ұзын сызылған екігі бөлген. Оның бірі темір саны, екіншісі шеңбер саны. Сонымен қатар ол өзі шеңбер өріспен байланысты, темір атомының бөлшек санымен байланысты. Ол жоғарыда айтылған әл-Фараби санымен байланысты, яғни темірдің атом салмағы: 55,847. Оған 0,513 қосамыз, болады: 56 яғни темірдің ең ірі изотоп түрі. Айтылған атом сандарынан шығарған: $\frac{847}{550} = 1,54 = \text{tg}57^\circ$; 57 — алхадид онан әрі қарайғысы басқа жерде талданған.

Енді Зұлқарнайын жағына келер болсақ, онда да Тұран тасы түр: $701 + 441 = 1142$. Оның басқы саны 701 — ратқа (бірге) деген сөз екенін білеміз. Екінші саны 441 — Тұран тасы. Ол Өгізханда да бар, ортақ. Демек, осы арада келіп Өгізхан мен Зұлқарнайын бас қосты. Қай жерде, Тұранда. Бір керекті мәселе осында болып тұр. Ол Тұрандық Зұлқарнайын, онан шығады: $1020 + 1142 - 701 = 1461 = 487 \times 3$ немесе: $1020 + 1142 = 1462 + 701 = 4627$. $701 + 487 \times 3$. Ойласып қаралық.

Әл-Фараби үшкілінің ішіне келіп екі қайраткер Зұлқарнайын мен Өгізхан бірге орналасып қабысқан, бірге (ратқа — 701) болған. Олар төңіректің төрт бұрышын шарлаған (487×3). Әл-Фараби үшкілін алатын болсақ, ол бас бата сандарымен қоршалған, текше (қағба) бұрыштарына қабысқан, онан протон саны шығады, ол мүшелмен байланысты ($12 \times 153 = 1836$). Толып жатқан жарастық, толып жатқан өлшемдестік. Ғаламның өлшеуішінің түрі осында. Осы кітапта келтірілген барлық суреттер Абай айтқан өлшеуіштің үлгілері.

Біздің әл-Фараби мерекесіне арнап жазған “Әл-Фараби” атты кітаптан:

“Абунаср әл-Фараби Мұхаммед Ихшид Ибн Тұғыт әмірдің қонағы. Ол өзі асқан батыр, түркі халқынан

шыққан қол басшы. Ислам дініне берік, әулиелерді, ғалымдарды сыйлайды. Пайғамбардың әулеті Хасан, Хусайын нәсілдері оның жақын досы, кеңесшісі.

Осының алдында бір аз бұрын Самарада халифа сарайында әл-Фарабимен кездескен. Сонда ол өзіне қонаққа шақырған. Сол мәжілісте исламның жолын бұзған қарматтарды жеңіп қайтқан батырларды қарсы алу тойы болған. Меккеге халифа елін жібермей он жыл бойы жол кесер болған дұшпанды Тұрандық жігіттер бір түнде талқандаған, сондағы қолбасшылық еткен ең ірі қолбасының бірі осы Ихшид. Халифа сарайының қол басшысы Тұрсын екеуі 400 жігітпен 3000 қолды қиратқан. Тұран жігіттері айсыз түнде Ефрат өзенінен аттарын жүздіріп өтіп, жаудың басқару штабын басып алған. Аттарын, қаруларын қолға түсірген, оның әскері беталды қашқан, қырғынға ұшыраған. Сол жолы халифа өзі келіп Ихшид батырға құрмет көрсетіп, сыйлық берген.

Әл-Фарабидің екі жағында екі Сайд-зада отыр, Ғабдолла мен ал-Хасан.

— Бұл күнде ең қажетті мәселе ислам дүниесінің бірлігін сақтау. Ол үшін мазхабтар арасын жақындату дейді әл-Фараби.

Саид-задалар өздерінің істерін айтып отыр. Олар өздерінің әмірі Ихшид пен Сирия әмірі Сайф-ал-Даула арасын достастырғанын айтады. Сонан кейін олар былай деді:— Бабаларымыздан қалған өсиетте түркі халықтары әделетті делінген еді. Сол сөздің шындығын біз қазір қолмен ұстап, көзбен көріп отырмыз — Саид-задалар әл-Фарабидің қолын алып, арқасынан қағып, баталарын беріп жатыр” (Мысыр сапары, 189-бет, “Әл-Фараби”, 1970 жыл).

Осы сөзді жазғанда мен қандай мәліметке сүйендім. Өйткені Сайд-задалардың бабасынан қалған өсиет — ол пайғамбардың хадисы болу керек. Ондай хадис бар ма? Осыны менен сұраушылар болар деп ойлаған едім. Ол болмады. Енді оны өзім айтайын XI ғасырдың атақты ғалымы Махмұд Қашқаридың: “Девони лұғат ат-түрк” (Түрікше сөздік) кітабында “түрік” деген сөзді жазған. “Жунда самит һум ал-түрк” яғни: Алладан хабар болған мен өзім түрік атты сарбаз жараттым. Оларды күн шығысқа жайластырдым. Қай жерде бұзықтық болса, соларды жіберіп жазалайын”. (Ташкент, 1980, 1 том, 334-бет). Сайд-задалар сөзі етіп, бүркемелеп бергеніміз осыған

соғады. Олай болмаған күнде ол кездегі саясатта бұл сөзді айтуға болмайды ғой.

Енді осы түсінікпен Өгізхан-Зұлқарнайын арасын салыстырып қараңыз. Ол байланыстың Тұран тасына жалғасқанын қараңыз.

Ол таста Мұхаммед (Ғ. С.) жіберген саламы бар, оны апарған Арыстанбап. Ол саламда күміс мөр бар делік. Осы сөздердің сандық мәнін береміз: Салам — 130, мөр — күміс — 47, болады: $130 - 47 = 177$. Оны қосамыз (басамыз) Тұран тасына, болады: $441 + 177 = 618$, яғни ал-рахман ал-рахим. Оны қосамыз Отырар санына:

$$807 \pm 618 \begin{cases} 1425 = 19 \times 75 \\ 189 = 91 \times 9 \end{cases}$$

19 саны — бас бата саны; 91 — күн саны, олар айналық сыңарлар: $\left| \begin{matrix} 91 \\ 19 \end{matrix} \right| = 81 - 1 = 80$. 80 — Айқыз — Гүтарад металы — сынап. Сол ал-рахман ал-рахим санын Абай — санына қосамыз $678 \pm 618 = \begin{cases} 1296 = 54 \times 24. \\ 60 \end{cases}$

Қандай тамаша келісім? 54-сүре ал-Қамар-Ай; 24 тәулік сағаты:

$$54 + 24 = \begin{cases} 78 - \text{сан (гадад)} \\ 30 - \text{отыз бап.} \end{cases}$$

60 — мүшел — шеңбер саны: $30 \times 2 = 60$. Немесе $108 = 54$ Қосай; $108 \times 4 = 432$ дәуір саны. Алты дәуір: $432 \times 3 = 1296$. Ол алты арабша сат, керісінше оқысақ тас. Осы сөздерде сыр бар. $19 \times 6 = 114$ сүре саны. Жаңа жыл басында шығыс елдерінде храмға кірерде 108 мартаба барабан соғады. (Жапония т. б.). Онда адамның сүйегі 108, соны жинаса ол тіріледі деген аңыз бар (Тубада т. б.) Осы санды 17 рет көбейтеміз, шығады протон саны: $108 \times 17 = 1836$. Осы санды Абай санына қосамыз, болады бас бата саны $(786) 678 + 108 = \begin{cases} 786 \\ 570 \end{cases}$ және камалат алхадид, он сан ғашар ($570 = 19 \times 30$).

Жеті хат көктің жеті металы бар. Соларды қосып екі еселесек болады бас бата саны: $47 + 80 + 29 + 79 + 26 + 50 + 82 = 156 + 79 + 158 = 393$. 156 — күнге дейінгі ішкі үш аспандікі, 158 — күннен жоғарғы үш сыртқы аспандікі. Осы санды екі еселейміз (қайталама жеті, жерде, көкте жеті хат), болады бас бата саны: $393 \times 2 = 786$.

Мұны бір тамаша мұғжиза деп біліңіз. Ішкі және сыртқы аспандардың металдары 1) 47 — Күміс — Ай, 5) 26 — Темір — Арай. Бұл екеуі ұялас болып саналады.

Осы аспандар реті бойынша жеті тармақ жұлдыз төбесіне қойылған. Солардың ішкі кергіштері бойынша күн аттары және музыкалық ноталар орналасқан. (3-сурет). Сол ноталардың белгілері әл-Фарабиден алынған. Солардың АБЖД есебін көріңіз. А — 5 — аспан Арай (3/2), Б — 6 — Аспан-Шоңай (5/3), Ж — 7 — аспан-Санжар (15/8). Бұл үшеуі күннен жоғарғылар. Олар күнге жалғасады. 4 — аспан — Күн (4/3). Демек, бұл сөз басы АБЖД. Үш Арыс, орталық қазыққа байланды. Онан кейін екінші сөз нұз. Ол 1 — аспанның — н — Айдан басталған (1:1), онан кейін оңға қарай г — Аспан — Айқыз (9/8) — (У). Онан кейін 3 — Аспан-Шолпан (5/4) (3). Сонымен екінші сөз аяқталды.

Үшінші сөз тағы сол Шолпаннан басталу керек (х). Ол Керіге келеді (Т), ол Арайға оралады (Х) болады ХТИ.

Астрономия мен музыканы қатар дамытқан данышпан бабамыздан қалған мирастың терең сыры қараған сайын ашылуға.

Осы арада, осымен байланысты тағы бір ірі мәселенің шетін көрсетеміз. Ол екі мен алты болады сегіз — сегіз аяқ. Тас — арабша сат алты деген едік. Соған көз жібереміз. Геометрияның бас мүшесі атомы — үшкіл деген едік. Сол үшкілдің өзі алтыдан тұрады. Үш жақ — сызық үш бұрыш, яғни алтау егіз. Оған ғаламның жұп санын қосамыз, болады сегіз, $6 + 2 = 8$, сегіз аяқ осы. Осы түсінік Абай мен Шәкәрімнің жаңа әнінде — сегіз аяқта бар:

“Түрін бұл әннің айтып қарайын,
Сырын сипаттап, тізіп санайын.
Өлең тап ойланып:
Буыны сегіз, алтауы егіз,
Ұшан теңіз екеуі-ай.
Кім дәл басты кілтін ашты
Жақсы ұйқасты нешеуі — ай”.

Екі мен алты аспанның Тұран қақпасында тұр, төрт бұрышын қараңыз (1-сурет); 3/2, 6/2, 9/6 — 12/6 астыңғы аспандар (үстінде мүшелдер). Бұл екі сан темір саны, олар ғаламды құраған бес түзу формадан

шығатынын білеміз. Олар: 26, 26, 62, 62 темір санын және оның айналық сыңары.

$$\left| \begin{array}{c} 62 \\ 26 \end{array} \right| = 36 - 4 = 32$$

$$62 \pm 26 \left| \begin{array}{c} 88 \\ 36 \end{array} \right| = 8 \times 11 \quad 9 - 1 = 8.$$

Онан әрі қарай химиялық элементтердің электрон қабаттарында және оның қабатшаларында сол заң сақталған. Тұрақты қабаттар: K, L, M, N, O, P, Q екіден және алтыдан сегіз яғни қабатшалары: s = 2, P=6. тұрақты, олар болады сегіз 2 + 6 = 8 қабат.

Сол астының саттың қазақша атына келейік, ол тас дедік. Құранда 15 — ал-Хижыр — тас сүресі. Сол тасқа басып пайғамбарлар аспанға көтерілген. Аспан сатысы да тастан. Ол 85-сүре ал-Бруж — бұрыш, басқыш — бұранда. Ол бір жағынан мүшел жұлдыз топтары. Осы екі сөзді салыстырамыз:

$$\begin{aligned} 15 - \text{ал} - \text{хыжыр}: 31 + 8 + 3 + 200 &= 31 + 221 = \\ 85 - \text{ал} - \text{Бруж}; 31 + 2 + 200 + 6 + 3 &= 31 + 221 = \\ &= \left\{ \begin{array}{l} 242 - \\ 22 \times 11 \end{array} \right. \end{aligned}$$

Екеуінің сандары бірдей, тек бірінде 2 + 6 = 8, бірінде тұтас 8. Екеуінен де АЛЖР әріптерін алып тастаймыз:

$$15) x = 8$$

$$85) 6 + y = 2 + 6 = 8.$$

Ойлап қараңыз. Басында бірге еді, кейін бөлінді — сол. Бұл екі сан болады:

$$85 \pm 15 = \left| \begin{array}{c} 100 \\ 70 \end{array} \right| = 50 + 50 = K.$$

70 — Миғарж — аспан сапары. Абайдың өзі айтқан өлшеуі өзінің сегіз аяғында тұр. Ол қағбаның — текшенің — жердің сегіз төбесі — желдің сегіз жағы.

Тұран қақпасы, сол текшенің бір беті ғой. Соған тағы бір оралайық. Өйткені онда 12 мүшелмен байланысты 9 ұялы кесте тұр. Ол өзі ғажайып шаршы. Ол өзі қазақтың 41 ноқат (құмалақ), салудағы 9 орны. Ол тоғыз ұяның айналасында 12 орын (ноқат), олардың қай мүшелге тура келетіні 1-суретте көрсетілген. Демек, біздің халқымыздың 41 құмалақ салу балнамасы астрономиямен, астрологиямен тығыз байланысты. Екінші жағынан сол ұялардың ішіне тиісті сандарды орналастырып, қай бағытта салсаңда тұрақты сан шығатын еткен. Ол әдіс 2-суретте көрсетілген. Онда түзу сызық бойынша қай бағытта алсаңда үш санның жиынына 15 болады: 9 + 5 + 1 = 2 + 5 + 8 тағы басқалары

ғажайып шаршы деген осы. Оның 16 ұялы, 25 ұялы түрлері бар. Олардың тұрақтылары болады: 34 және 65. Үшеуін қосамыз болады: $15 + 34 + 65 = 114 = 19 \times 6$, яғни құранның сүре саны, бас бата саны, 19 тас (сат) саны 6. Көрсетілген 9 ұялы кестенің бейнесін осы күнде, математика ғылымында, табиғат тану ғылымдарында көп қолданады. Оны шаршы (матриц) әдісі дейді. Оның мағынасы үш өлшемді көлемдік есептің белгісіздерін табу әдісін осы шаршы арқылы жеңілдетеді. Оны шығару әдісін 2-суретте көрсетілген есеппен шығаралық. Оның негізі мынау: оң босағадан бастап кергіш сызығын аламыз: ол болады: $6 \times 5 \times 4 = 120$. Оның екі бүйір үшкілі болады: $9 \times 7 \times 8 = 504$; $1 \times 3 \times 2 = 6$. Жиыны: $120 + 504 + 6 = 630$. Сол секілді сол босаға шаршысы: $2 \times 5 \times 8 = 80$. Оның үшкілдері: $1 \times 7 \times 4 = 28$; $3 \times 9 \times 6 = 162$. Жиыны болады. $80 + 28 + 162 = 270$.

Осы санды алғашқыдан аламыз, шығады шеңбер саны: $630 - 270 = 360$. Қоссақ 900. Осы әдісті үйреніп алған, адам матриц есептерін оңай шығарады. Демек, халықтың балнамасы қазіргі ғылымға жол ашады. Осымен бұл мәселені қоя тұрып, қазіргі заманның ғылымы бет алысынан қорытынды бермекпіз. Оның өзі екі Зұлқарнайын арасын ашу және қосу.

Отырар — Фараби ежелден достық орны. Оның досы толық қосай болған, яғни 220 саны Фарабтың досы болған. Оны қалай ұғамыз? Екі сан дос сандар болып аталады. Егерде бірінің бөлгіш сандар жиыны екіншісіне тең болса. Фараб саны 284 мен 220 екеуі солай “дос” сандар екен.

Ерте замандардан бұл екі санның осындай қасиетінде ғажап сыр бар деп келген. Бірақ қандай сыр екені белгісіз. Соны бір ойласып қаралық. Екеуінің жиыны болады:

$$284 \pm 220 = \begin{cases} 504 = 7 \times 8 \times 9 \\ 64 = 8 \times 8 \end{cases}$$

Осы санды халифалар санына қосамыз:

$$4304 \pm 504 = \begin{cases} 4808 = 601 \times 8 \\ 3800 = 190 \times 20 \end{cases}$$

Жаңаша сандар. Оны Отырар санына қосамыз:

$$807 \pm 601 = \begin{cases} 1408 = 88 \times 16 = (62 + 26) 16 \\ 206 = \frac{618}{3} \end{cases}$$

Бұл сандардың тамаша өрнегі белгілі. Айтылған санға жеті рет Хм(48) санын — ал-Һармыс (Ыдырыс) санын қосамыз, болады: $48 \times 7 + 504 = 336 + 504 = 840$, онан әрі

$$\begin{array}{l} 84 \\ 48 \end{array} \Big| = 64 - 16 - 48 \quad \text{үздіксіз.} \quad \text{Бір тамаша нәрсе}$$

$$\frac{360 \times 7 \times 2}{10} - 36 \times 14 = 504 = 252 \times 2. \quad \text{Бұл сан гемоглобин}$$

өзегінде бар. Мұның арғы жағын талдай берсек мәселе алысқа созылады. Айталық ол жеті хат көк, аспан шырақтарына соғады (өйткені $ку + каб = 26 + 22 = 48$). Құранда 24-сүреде айтылған. Демек, осы сандар достық сандары.

Қазіргі ғалам достыққа шақыру ғаламы. Сол достықтың бір ордасы ежелгі Фараб — Отырар — Тұран болмақ. Әмиін! Ол мынау: $2(807 + 111) = 1836$ — протон, $151 + 71 = 222 = 111 \times 2$ инсаф — ғадалет.

807 — Отырар,

807 — Һижра

222 — инсаф

1836

Әл-Фарабидің сәуленің таралу жөніндегі еңбектерін Европа орта ғасырдан бастап қабылдап алған, дамытқан. Сонан осы ғасырдың бас кезінде қайта қарап, жаңадан жол ашпақ болды. Оның негізгі бағытын А. Эйнштейннің салыстырмалы теориясы деп атаған. Әл-Фараби жарық сәулені өзгереді, бұрылады, сынады, жұтылады, шашырайды, шарпиды деп қарайтын болса, А. Эйнштейн жаңсақ жолмен оны өзгермейді деп алған. Соның салдарынан көп қиыншылықтар, жарамсыз бағыттар пайда болған. Эйнштейннің сол қатесін ғалымдар соңғы кезде анықтап тоқтатып, ескі, бұрынғы классикалық жолға оралуды қабылдап отыр. Ал ол бұрынғы классикалық деп отырғаны әл-Фараби жолы. Мен жақында осы екі әдісті салыстырып көрдім. Екеуі бір мағынада, яғни А. Эйнштейннің тапқан жаңалығы шамалы. Тек жарық сәуле жылдамдығын өзгермейді, уақыт өзгереді дегенді алып тастап, әл-Фараби бойынша сәуле өзгереді, уақыт өзгермейді десе бәрі өзінің орнына келеді.

Осы сынды көп мәселені қайта қарау керек. Әсіресе бұл мәселеден рухани жолда ислам ғалымдарының адамдық, имандылық жолы ғана ғаламды сақтап қалады деген қорытынды туады. Әл-Фараби мен Абай жолы — тура жол. Тура өлшеуіш осында.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
I бөлім. ӘЛ-ФАРАБИ ІЗІМЕН.	12
Түркістан — Отырар төбелері — Арыстанбап	15
Іздену сапарлары	16
Таяу шығыс саяхаты	26
Омиядтар мешіті	29
Музей, кесене, сарай	33
Пальмира саяхаты	34
Бейбарыс қамалы. Крак де Шевалье	35
Пальмира — Тадмор — Зенубия	36
Бабаның мәңгі мекені. Баб ас — Сағир зираты	38
Қоштасу кеші	40
Ливан жерінде	41
“Китаб ал-мусики ал-Кабир”	44
Сапардың жалғасы	45
Жаңа бастау	47
Ұлы ұстаздың өмірбаяны	51
Әл-Фарабиден үлгі	59
II бөлім. ҰЛЫ ҰСТАЗ АБАЙ.	71
Екі ұстаздың бас қосқан жері	80
Ғалам бақыс хикаясынан	92
Мәдениет тарихынан	99
III бөлім. БАБАЛАРДАН БАТА.	106
Абай үшкілі	118
Әл-Фараби үшкілі және оның Абай үшкілімен байланысы	138
Ғалам келісім жолында	148
Ыдырыстан ғибрат	156
Ибраһимнен ғибрат	160
Тұран даласында	166
Өлшеуін білмек ғылымның асыл тегі.	180

